



АЛТЫН
БАҚРАДЕНОВА

МҮБӘРАК
ЖАМАНБАЛИНОВ

(Өмірі, шығармашылығы,
тілдік ерекшеліктері)

МОНОГРАФИЯ



АЛТЫН БАҚРАДЕНОВА

МУБӘРАК ЖАМАНБАЛИНОВ

(Өмірі, шығармашылығы, тілдік ерекшеліктері)

МОНОГРАФИЯ

Павлодар 2009

ББК 83.3 Каз

Б 21

Кітап Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының ғылыми Кеңесінің шешімімен шығарылып отыр.

Пікір білдіргендер:

Алпысбаев Қ -филология ғылымының докторы, профессор
(Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ)

Қапасова Б.Қ.-филология ғылымының кандидаты, доцент
(Павлодар мемлекеттік пединституты)

Б 21 **Бақраденова А.Б. Мүбәрак Жаманбаинов. (Өмірі, шығармашылығы және тілдік ерекшеліктері) Монография – Павлодар: ҒӨФ «ЭКО», 2009. – 188 б.**

ISBN 9965-652-28-7

Монография белгілі балалар ақыны, Журналистер одағының, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Жаманбаинов Мүбәрак Кәрімұлының шығармашылық жолына жасалған жүйелі талдаулардан тұрады. Автор ақынның балаға арналған түрлі жанрдағы шығармаларына, қазіргі жаңғырған ұлттық дәстүрге қатысты үлкендерге ой салатын туындыларына тақырыптық, тілдік сараптаулар жасаған. Еңбек балалар әдебиетін зерттеумен айналысып жүрген магистранттарға, мектепке дейінгі және бастауыштық оқыту мекемелері оқытушыларына, жалпы филолог-ізденушілерге, әдебиет сүйгіш қауымға арналды.

ББК 83.3 Каз

Б 4603000000
00(05)-09

ISBN 9965-652-28-7

© Бақраденова А.Б., 2009
© Павлодар ҒТАО, 2009

Бұл еңбегімді өмірі бейнетпен өткен,
тағылымды ғұмыр кешкен аяулы
анам Шәмшияның рухына арнаймын.

Автор

БАСТАМА

Балалар әдебиетінің танымал жазушыларының қатарында айтулы орынға ие қаламгер - Мүбәрак Жаманбалинов. Шығармашылық жолын педагогтік қызметте жүріп бастаған әрі балалар ақыны, әрі журналист ел азаматы алыстағы өзі қатарлас сөз шеберлерінің ықыласына әрдайым ие болып келеді. Қазіргі балалар әдебиетінің белгілі зерттеушісі Құлбек Ергөбековтің сөзімен айтқанда, «азғантай ақ жүрек талантты» шығармашылардың қатарына Мүбәрак Кәрімұлы Жаманбалиновты жатқызуға болады. Әдеби ортаға 1950 жылдары келіп, бірден балалар ақыны болып танылған Мүкең бүгінде сексен бес жастың асуына шығып отыр. Балаларға ғибрат жырларымен, үлкендерге жылы юморлы сықақ, мысал өлеңдерімен өзі әлі де тұрып жатқан алып Ертіс өзені жағасындағы кеңшарында тәрбиелік ықпалын тоқтатқан емес. Кемел шағында ақылға кемел халқымыздың осы өңірден таралған небір көсемдері мен шешендерінің хикаяларын дастанға айналдырып, бір кездегі балалар ақыны енді ділмар тілді дана ақынға айналған.

«Балаларға жазып жүрген ақындарымыздың бәрі бірдей көпшілікке таныс емес. Мұнда кінә екі жақты. Біріншіден, балалар әдебиеті өкілін танып, бағалау, еңбегін қуалай оқу жағы жеткіліксіз. Тіпті балалардың жан дүниесіне қызықпаушылық, балалар әдебиетіне немқұрайлықтың түптің түбінде жалпы әдебиеттің дамуына, ұлттық болмысымызға кедергі болатынын біле тұра, балалар әдебиетін үлкен әдебиет деп қарамаймыз. Балалар жазушыларын мойындай бермейтініміз де сондықтан. Екіншіден, балалар қаламгерлерінің өздері де бұған кінәлі. «Өздері» дегеніміз, бүлдіршіндер қызығын өз қызығына балаған азғантай ақ жүрек таланттылар емес. Үлкен талапқа жарамайтын, творчестволық мүмкіндігі төмен ақындар балалар әдебиетінде еңбектенуге тиіс деген теріс ұғым бар бізде», - деп

өзінің «Мейірім шуағы» деп аталатын сын еңбегінде сонау 1980-жылдары Қ. Ергөбеков ашық жазған болатын [9,94].

Зерттеушінің екі пікіріне де келісуге болады. Шындығында да, осы 80-жылдардан бастап қана балалар әдебиеті бойынша кандидаттық диссертациялар жазыла бастады. К. Нұғыбаеваның «Жетпісінші-сексенінші жылдардағы балалар әдебиетінің кейбір мәселелелері, тілі» (1984), К. Матыжановтың «Балалар фольклоры» (1990), Б.Қ. Қапасованың «Қазақ балалар лирикасы» (2001), А. Ахтанованың «Қазақ балалар драматургиясы» (2003), Г.К. Қажыбаеваның «Қазіргі қазақ балаларына арналған поэмалар» (2005) тақырыптарына арналған кандидаттық диссертациялық еңбектері мен біраз жинақтардан басқа [24, 28, 29, 30] балалар ақындарының шығармашылығына жасалған толық зерттеу, талдау жұмыстары жүргізіле қоймады. Бұл еңбектерде М. Жаманбалиновтың халқымызға рухани бұлақ көзі болған ауыз әдебиеті үлгісіндегі, баланың нәзік сезіміне мейірім шуағымен әсер ететін өзіндік қолтаңбалары, атап айтқанда, «Күж жалмауыз және Білек батыр» сияқты ертегісі мен бірнеше лирикалық жырлары өз биігінде көрсетілген болатын. Әсіресе, М. Жаманбалиновтың мектеп оқушысына арнап жазса, сыныптағыны дәл тауып, сәбиге жыр арнаса, мейірімі дәл ауып жазатыны сөз болған.

Қазақ балалар поэзиясына өзіндік өрнегін салған, республикаға кеңінен танылған ақынның «Айна бұлақ», «Ашық күн», «Ақын бала», «Батыр ұстаз», «Менің інім», «Толқын», «Балғын гүлдей балақан» т.б. жинақтары балалар әдебиеті қорына қосылған өміршең дүниелер болып есептеледі. Ақынның жас ұрпаққа қатысты мол мұрасынан мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерден бастап жасөспірімге дейінгі балаларға арналған шығармаларды кездестіруге болады. Өлеңді бүлдіршін сөздеріне, оның риясыз сәбилік ойы мен ойынына, ауызекі әңгіме сияқты диалогты өлеңге құрап жаза алған нағыз балалар ақынын бүгіндері оқырмандары ата жолын ұстаған шежіреші, тарихи мұраны ардақтаған, халқына жанашыр қаламгер ретінде де қабылдайды. Өйткені басқа ақындар сияқты Мүбәрак Кәрімұлы балаларға жақын, сүйікті ақыны болумен қатар, қоғамнан тыс тұра алмайды. Балалар әдебиетіндегі мысал өлеңдер жанрының ізімен қоғамдағы жат қылықтарды сынап-мінейтін салмақты жеңіл юморлы, тіпті сатиралық та жырлар жазып келеді. Өткен ғасырдың 80-

жылдарының аяғына қарай қолға алынған тіл, діл, дін мәселелерінде өз сөзін айтуда тосылмады. Өзі тұрып жатқан Павлодар-Ертіс өңірінің тарихын жинастырып, рухани асыл қазынасын жинауға ат салысты. Нақты айтқанда, 1958 жылдан осы мекеннің Ертіс, Краснокутск, Железинка аудандары бойынша өзі меншікті тілші болып аралаған жерлерінің өмірі туралы тарихи деректер, аңыз-әңгімелер, шешендік сөздер, шежірелер жинастырды.

«Балалар хрестоматиясына енгізуге татырлық кішкентай зат тудыру-үлкендерге жазатын жазушыға үлкен сын. Керісінше, тек балаларға ғана жазса, балалар жазушысының жаман болғаны» деген сөздің иесі Ы. Алтынсариннің тұстасы және әріптесі М. Пришвин болатын [2.228]. Мүбәрак Жаманбалиновтың балаға арналған бір де бір шығармасын қызықтамай оқуға болмайды. Ең кіші жанр-жұмбақ, жаңылтпаштары болсын, ірі жанр поэма-ертегілерінде де әр адам назар тоқтата алатын ғибрат тұр. Ақынның өлеңдері бала жасы сияқты тақырыбы, көлемі, идеялық мазмұнына қарай өсіп отырады. Шығармашылығымен бұрыннан таныс бала оқырманы қазір бір-бір ата-ана, ары асқаны мектеп, колледж, жоғары оқу орындарында ұлағатты ұстаздық ұстанымдарында осы Мүкең сияқты ақындардың ғибратты дүниелерімен жас бүлдіршіндерді сусындатуда деуге болады. Мектеп жасына дейінгі сәбилер дүниесін барлап, тақпақ жыр жазуды балалар поэзиясының хас шебері Өтебай Тұрманжанов алғаш рет бастаса, әрі қарай уақытқа сай сұранысты өтеген Ж. Кәрбозин мен М. Жаманбалинов болды десек, артық айтқандық емес. Көптеген эссе-зерттеу мақалаларда М. Әлімбаев, Қ. Мырзалиев, Ж. Смақов, Қ. Баянбай сияқты балалар поэзиясын алдыңғы қатарда дамытқан ақынның тұрғылас қаламдастарының пікірлері осы ойымызды дәлелдей алады. Өйткені дәл осы қаламдас ақындардың шығармашылық лабораториялары өздері қызмет еткен балалар редакциясы олардың шыңдалу мектебі болғандығы мәлім.

М. Әлімбаев «Балдырған» журналы шыға бастаған 1958 жылдан 1986 жылға дейін балалар басылымының бас редакторы болса, Ж. Смақов сол жылдары Алматыда өз жұмысын бастаған теледидар студиясының балалар хабары редакциясында редактор, кейін жас балалар хабарының аға редакторы, Ж. Кәрбозин 1959 жылы «Пионер» журналында, кейін «Балдырған» журналында, Қастек Баянбаев

«Жалын» баспасы бас редакторының орынбасары редакцияларында қызмет еткен балалар ақыны болды. Қазақ балалар поэзиясының көрнекті өкілдері саналатын осы қаламгердердің қай-қайсысы да әдеби ортадан алыста, ал балалардың дәл қасынада жүрген Мүбәрак Жаманбалиновтың туындыларын ерекше бағалап отырды. М. Әлімбаевтің «Өзгемізден гөрі Жәнібек Кәрбозин мен Мүбәрак Жаманбалинов екеуі класс ішінен керектіні іздеген, көбінекей тапқан педагог – ақындар» [13,192], Қ. Баянбаевтың «Міндеті мейлінше ауыр, оқырманы қалың осы жанрдың опалы қаламгері осындай-ақ болар... Мүкең балалар ақыны болып туған және осыдан артық атақты тілемейді де...» [13,194], С. Жиенбаевтің «...өн бойында жақсылық атаулыға деген жан сүйсінісі аңғарылады. Ол ақынның өз жаратылысынан, азаматтық ар-иманынан, үлкен жүрегінен шығып жатса керек. Өзі де қарапайым, өлеңі де қарапайым барлық уақытты бір қалыпты, әдептен озбайтын сырбаз ақын» деген пікірлері [32] оның балалар әдебиетінде сіңіріп келген еңбегін айғақтайды. М. Жаманбалиновтың таңдаулы шығармалары балабақшада тәрбиелеу мен оқыту бағдарламаларына, мектептің бастауыш сынып оқулықтарына, тіпті балалар сахнасы репертуарына да енгізіліп отыр. Балалар әдебиетінің көшбасшысы М. Әлімбаевтің сыни еңбектеріне арқау болған, балалар әдебиеті өзек болған қазіргі ғылыми зерттеулер мен диссертацияларда талай бағаланған М. Жаманбалиновтың жыр мұрасына монографиялық зерттеу жүргізудің уақыты келіп жетті.

Балалар психологиясына тым жақын көзқарасты Мүкеңнің шеберлігіне лебіз білдіре жазған алғашқы мақаламыз 1999 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналының «Ұлағат» атты қосымшасына «Қазақ балаларының Корней Чуковскийі» деген аталыммен басылған болатын. Сол жылдары осы ғылыми мақаладан алынған «Бала сөзбен, дана сөзбен» деген атты үзіндісі М. Жаманбалиновтың таңдамалы шығармалары мен автор туралы жылы лебіз, зерттеулерді жинақтаған «Ақшам» кітабына енген болып шықты [13, 18].

Жоғары арнаулы мамандығымыз - филолог, қазақ тілі мен әдебиеті оқытушысы бола тұра, ұзақ жылдар бойы І. Жансүгіров атындағы қазіргі Жетісу университетінің мектепке дейінгі және бастауыштық оқыту әдістемесі кафедрасында қызметістегеніміз, балалар әдебиетінен дәрістер беру кезінде, І. Жансүгіровтің, М. Әлімбаевтің балаларға

арналған шығармалары жайында ғылыми мақалаларымыздың мемлекеттік баспа беттерінде жарық көруі және қазақтың Корней Чуковскийіндей шығармалары балаларды бауырап алатын жыр әлемін жасаған Мүкеңе деген жылы ілтипатты сезіміміз ақынның қарымды қаламынан туған бар шығармашылығына ауды. «Кітап-білім бұлағы» [25], «Поэзиялық шығармаларға лингвистикалық-стилистикалық талдау» атты ғылыми-әдістемелік құралдарымызда да [26] М. Жаманбалинов шығармаларына ерекше тоқталуды жөн санадық. Бұл монографиялық зерттеу еңбегіміз де ғалымның ақын шығармашылығына деген риясыз таза көңіліміздің жемісі.

Еңбекте ақынның өмірі, шығармашылығы, балаларға және үлкендерге арналған шығармаларының тілі талданады. Зерттеу тарауларында ақынның балаларға арнап жырлар тудырған өмір жолын кезең-кезеңмен берумен қатар, ғұмырының ауыр жылдарында да қайраткерлік танытып, қазақ тіліне, мұсылмандық дініне, ұлттық салт-дәстүрлерге де қатысты үлкендерге арналған туындылар жазғандығын, ел тарихы, нарық заңы қысқан өтпелі кезеңге деген ақын көңіл-күйін білдірген жырларына, нақыл-термелеріне, әзіл-сықақтарына дейін баға беріледі. «Қоғамға келген қиындыққа ақын қарап тұрмады, қомақты еңбек етті» деген ой балаларға арналған ақын жүгін төмендетпейді. Балалар поэзиясында балалармен тіл табысқан ақын халқымен де пікірлес, халқына да – ұстаз. Монографияны жазудағы – негізгі мақсатымыз да – осы ойды жан-жақты ашу. Сол мақсатқа бар мүмкіндігімізбен жетуге тырыстық. Еңбектің әр тарауы ақын жүріп келе жатқан шығармашылық жол тараптарын білдіретін ақынның өзінің философиялық ой-түйіндерін ашып отырады.

Ең негізгісі – болашақта дарындылықпен, шығармашылықпен көріне бастайтын артымызда келе жатқан жас ұрпаққа бұл еңбекті М. Жаманбалиновтың ұлағатты ұстаздық, ғибратты, батагөй, бабалар тілінен мол деректер мен тағылымдар беретін, ақын туындыларының толғаған мәселелерінің өміршендігін дәлелдеген еңбек деп ұсынып отырмыз.

Монография туралы пікірлеріңіз бен ұсыныс-ескертулеріңізді Павлодар мемлекеттік институтының қазақ тілі және әдебиеті кафедрасына, автор атына жолдауларыңызға болады.

I тарау ҰСТАЗ АҚЫН

1.1 Өмірдерек

Әрбір жас бала тыңдағанды ұнатады. Жас шыбық жақсы суарылса, қатаяды. «Өркенің өссін» деген халық сөзі өркен жайып өсетін баланың өмір жолына берілген баталардың ең татымдысы және болашақта халқының қалаулылығының біріне дейін көтерілуіне тілеулес ата-бабаның ақ тілегі. Кереку өңірінде кіндік қаны тамып, сексеннің сеңгіріне дейін өз туған топырағында өркен жайған, қазақ балалар әдебиетінде поэзия жанрын жан-жақты жаңғыртқан ақын Мүбәрак Жаманбалинов осындай ата бабасының батасын алып өскен, белгілі қаламгер. Балалық шағында ол әкесі мен анасының көкейіндегі халық ауыз әдебиеті үлгілерінен нәр алды, Орынбор асып, ауыр жылдардың зардабынан туған жерден алыста жүргенінде, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаевтар сияқты қоғам қайраткерлерінің шығармаларынан сусындады. Ал қазір бір кездегі балалар ақыны облыстың Ресеймен шектес ең шеткі ауданы - Ертіс ауданының орталығы Ертіс кеңшарында ғибраты мол туындылар жазудан танбаған, қаламы мұқалмаған шағында.

Мүбәрак Кәрімұлы 1924 жылы Павлодар облысының Железинка ауданындағы бір шағын «Тәттімбет» деп аталатын ауылда туған. Руы – Қанжығалының Қарасы. Қарадан – Елтай, Елтайдан – Топан, Топаннан тоғыз ұл туған екен. Кәрімнің әкесі Жаманбала Тоғызак деген ең кенжесінен қалған ұрпақ біраз жылдар Тоғызак деп аталған қоныста біраз бірге тұрыпты.

Кәрім арабша сауатты болған, ауыл молдасы болғандықтан, көптеген қуғын-сүргін көреді. Оның ағасы Қайыргелді байларды тәркілеу кезінің құрбаны, екі жылқысы, төрт сиыры болғандығы үшін қамалып, Риддерге жер аударылған. Болашақ ақынның жеті жасқа дейінгі өмірі Тәттімбет деген ауылда өтеді. Кейінірек 1931 жылы ашаршылық безбенінен ығысып, Кәрімнің отбасы Новосибирь облысына қоныс аударады. Отбасындағы баланың үлкені Мүбәрак, қарындастары төрт жасар Биғайша және екі жасар Ме-

руертпен орыс балаларынан артылғанды жеп, әке-шешесінің жұмыс іздеп сандалғанын көзбен көреді. Еңбектене жүріп, ата-анасының бір сиырға қолы жеткенде, сүт дәмінің қасиетіне кенелгендей болғандығын еске ақын жиі алады. Еңсегей денелі қайсар келбетінің, бойындағы қуат-күшінің, мінезіндегі шыдамдылықтың негізгі сырын қаламгердің рухы мықты тұқымнан шыққандығынан деп ұғынуымыз керек. Жаманбалаға жаратушы үш ұл беріпті. Бүгінгі ұрпағының айтуынша, Жаманбаланың үлкен ұлы Әбілқайыр қазаққа аты шыққан балуан, кіші ұлы Қайыргелді өнері асқан темір және ағаш ұстасы болған екен. Ал Кәрім, Мүбәрақтың өз әкесі, қағазға, құран-кәрімге, оқуға жақын болыпты. «Іш жақта жүргенде әкем Міржақып Дулатовтың үш кітабын жатқа айтатын. Олар Орынборда жарық көрген «Оян, қазақ», «Бақытсыз Жамал» және «Азамат» деген кітаптары еді» деп еске алады ақын.

1934-жылы Қазақстанға көшіп келіп, 1937 жылы қайтадан Сібірге қоныс тебеді. Осы себептерге байланысты жас кезінде Мүбәрак Кәрімұлы қазақ мектебінде екі-ақ жыл оқиды. Әкесі Кәрімнің көшіп-қонып жүрген аулында ақын аталғандығы, фольклорға құмар, өлең жазуға икемді болғандығы жас Мүбәракқа қатты әсер етеді. Жастайынан баласына көптеген тақпақтар жаттатып төселдірген әкесі өлең жазудың құпиясын да үйретеді. Көбінесе өлеңді арнайы тақырып беріп жаздырып, өзі оңаша тыңдауды ұнатқан. Отбасы содан кейінгі көшіп барған жері - Новосибирь облысының Венгерovo ауданында бала Мүбәрак орысша сегізінші сыныпты бітіріп, Ордынск қаласындағы ауыл шаруашылық мектебінде оқиды.

1948 жылдың күзінде ол білдей агрономдық кәсіби мамандықты шет жердегі Венгерovo, Татарск аудандарында атқарады. Ал 1950 жылы Омбыдағы орыс-қазақ педучилищесін жұмыс бастылыққа байланысты сырттай бітіреді. Оның ана тілінде оқыған оқу орындары Омбы орыс-қазақ мектебі мен Омбы орыс-қазақ педучилищесі еді. Дегенмен, сол педучилищенің қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі Жакқонақов деген мұғалімнің Мағжаннан оқығандығы Мүбәрак Жаманбалинов сынды салмақты бала жігітке үлгі болса керек. Ол бала жігіт қалпында агрономдығын доғарып, бастауыш сыныптарға мұғалім болуға келісім береді де, Чаны ауданының «Зыбылғы» ауылындағы бастауыш мектебінде үш жыл мұғалім болады. Төрт кластағы отыз

оқушыға жалғыз өзі білім беретін Мүбәрак Жаманбалинов оқуға керек құралдарды Қазақстаннан әкеліп жүреді. Осылайша Ресей жеріндегі қазақ-татар ауылдарының ұлттық мектептері аты бар да, заты жоқ, оқулық, оқу құралдарынсыз жекелеген адамдардың азаматтық борышына ғана кіріптар күй кешеді. Оқушыларға өзі білетін өлең-тақпақтардың бәрін жаттаттып, жас мұғалім оларды қанағаттандыра алмайды. Оның қажетті тақырыптарға өлең-тақпақтар, жұмбақ-жаңылтпаштар құрастыруына тура келеді. Сөйтіп, бастауыш сынып мұғалімі ақындық аулына біржола сапар шегеді. Міне, осылайша Мүбәрак ақын балаларға жыр жазумен қажеттіліктен айналысқан да, кейін өзінің тегіне тартып, табиғат берген дарындылықты айқын көрсете алды.

Ақын алғашқы өлеңдерімен-ақ Қазақстандағы балалар әдебиетінің өкілдеріне, сыншыларына жақсы көзқарас қалдырған.

«Елуінші жылдардың басында «Пионер» журналында талантты жазушы, аяулы аға Мұқан Иманжанов қызмет істеді. Ол кісінің көркем туындылары өз алдында, соңынан ерген жас таланттарға жасаған қамқорлығын сөзбен жеткізу қиын.

Мұқан аға Қазақстанның түкпір-түкпірінде жатқан, қаламының сәл ғана желі бар, сәл ғана үміт сәулесі бар жеткеншектерді өз маңайына жинап еді. Олардың балауса жырларын өндеп-қырлап журналға жариялап, тіпті кей жас талапты Алматыға алдырып еді. Денсаулығының әлсіздігіне қарамастан, оларды қолтығынан демеп, қанаттандырып, құлаш-құлаш хат жазушы еді. Осы күні алпысты алқымдап қалған ақын-жазушылардың біразында Мұқан ағаның хаттары болуға тиіс. Өйткені олардың көбі осы бір қасиетті ұядан ұшып шыққан. Кішкене ғана «Пионер» журналы кішкене Жазушылар одағы сияқты еді. Соған барып, марқайып шығатын. Мұқан аға арқасынан қағып, маңдайынан сипаған - сонау бір кездегі жас талапкер Мүбәрак Жаманбалинов пен Әнуарбек Дүйсенбиев шығармалары бұл күнде қазақ балалар әдебиетінің қазынасына қосылып отыр.

Қазір қайдам, ол кезде газетке не журналға бір жақсы өлең шықса, дереу жаттап алып, бір-бірімізге қуана айтып жүретінбіз. Өлеңі шыққан адамды ерекше көретінбіз. Бір күні:

– Болғанмен күн шуағы,
Жылынған жоқ су әлі.

Үйден шықсаң етіксіз,

Ауырасың өтіп сыз.

-Жоқ, жоқ, апа,

суды мен

Кешем жылы пимамен, —

деген өлең шықты. Жақсы өлең жазған ақынды кәдімгідей жақын тартып, жүрегіміз жылып қалды, өзі сонау Новосибирь облысында тұрады екен», М. Жаманбалиновтың есімі қай уақыттан бері әдеби ортада таныс бола бастағанын ақын Сағи Жиенбаев осылай сабақтаса [32], балалардың сүйікті ақыны, жазушы, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі Е. Ерботин: «Ұмытпасам, 1954 жыл болу керек. («Әдебиет және искусство»- қазіргі «Жұлдыз») журналының кезекті бір санында: Обь тасыды жаз шығып, Суда тұрды жас шілік» деп басталатын өлең сөзінің ойнақы, жеңіл оқылуымен қатар, көктемгі тасыған өзен бейнесін, ондағы су кешіп тұрған жас шілік бейнесін қарапайым да жатық тілмен өрнектегені әсер етіп еді маған», — деп еске алады.

Сөйтіп, М. Жаманбалиновтың балаларға арналған өлеңдері 1953 жылдан бастап «Қазақстан пионері» газетінде, 1954 жылдан «Пионер» журналында жариялана бастайды. Сол жылдары «Жұлдыз» журналында үлкен әдеби ортада тұсауы кесіліп, ақын деп танылған М. Жаманбалиновтың 1956 жылы «Қазақстан мемлекеттік көркем әдебиеті» баспасынан «Айнабұлақ» атты тұңғыш жыр жинағы жарық көреді.

1958-1990 жылдар аралығында Павлодар облысының «Қызыл ту» газетінің меншікті тілшісі, 1990 жылы облыстық «Қазақ тілі» қоғамының өзі тұратын Ертіс ауданындағы ұйымының төрағасы болып сайланады.

1991 жылдың 1 қаңтарынан ақын тұратын Ертіс ауданының бұрынғы орыс тіліндегі «Иртыш» газетімен бірге, 2240 данамен екінші газет-қазақ тіліндегі «Ертіс нұры» жарық көреді. Оның алғашқы редакторы болып, сол аудан бойынша «Қазақ тілі» қоғамын басқарып отырған Мүбәрак Жаманбалинов тағайындалады. Осы газеттің редакциясын ұйымдастыру мәселесін «Қазақ тілі» қоғамы көтерген еді. Қоғамның төрт бастауыш ұйымынан қоғам мүшелері Н. Назарбаевтың атына хат жолдап, сол кездегі аупарткомның бірінші хатшысы В.А. Ермолаевтің «...әр нөмірі «Иртыш» газетінің аудар-

масы болсын» деген ұсынысына қарсы тұрады. Кейін олар «Ертіс нұрының» бірден төрт бет болып шығуына ықпал етеді.

1958 жылдан КСРО журналистер Одағының мүшесі, 1970 жылдан КСРО жазушылар Одағының мүшесі болып бекітілген Мүбәрак Жаманбалинов балаларға арналған он алты жыр жинақтарының авторы. Атап айтқанда: «Айнабұлақ» (1956), «Сәлем» (1962), «Ертіс лебі» (1963), «Кішкене достарға» (1965), «Менің інім» (1970), «Батыр ұстаз» (1972), «Балғын күндей балақан» (1974), Толқын (1979), «Ашық күн» (1984), «Солнечный день» (1987), «Жауқазын» (2001) т.б. кіші-гірім суретті кітаптары әр жастағы балалардың көңіліне жеткен асыл дүниелер. М.Әлімбаевтың бағалауындағы «Аз жазса да, саз жазатын» ақының балаларға арналған жыр қоржыны шағын-шағын, бірақ шынайы оқырмандарының әрбіріне жететіндей басылым тиражы он мыңдап басылып, таратылып отырған. Орталық «Жазушы», «Жалын» баспаларынан шалғайда жатқан Ертіс өңірі халқына бұл үлкен жетістік. Ең басты бақ – Мүбәрак сияқты сөзі дария ақынның өз ауылдастарының ортасында болғандығы, туған еліндегі жас жеткіншектердің мінезін, айналысатын оқуы мен кәсібін, аттаған қадамдарын қызықтап, қателерін өлеңдерімен мінеп, сөзімен түзеп, жөнге салып келе жатқандығы.

1991 жылдан бастап, еліне қамқор ақын аудандық «Ертіс нұры» газетіне редактор болып сайланады. Тоқыраудың ондаған жылдар бойғы қиғаш саясаты астарында қазақтың елді мекендерінің ана тіліндегі оқу-тәрбие орындарынан айрылып, мәңгүрттене бастауына қоғам мен аудандық газет қуатты, идеологиялық құрал болады. Қазақ балаларының түгелдей қазақша оқытылуын армандаған ақын өзі болып, отыз жыл бойы оқу ісі тоқырап қалған мектепте 48 бала қабылдатуға мұрындық болады. Ертіс кеңшары бойынша ашылған 14 қазақ класының саны келесі жылы 24-ке жеткізіледі. Газеттің «Тіл тағдыры -ел тағдыры» айдарында ақын осы күнге дейін қаламын тежеген емес. Ұлттық салт-дәстүрді жаңғырту, қала, жер-су атауларын қайтару, ауданның, қала берді облыстың, әйгілі адамдарының есімдерін мәңгілік ету, тарихи оқиғалар ортасында жүрген Ертіс өңірі би-шешендерін, балуан-батырларының есімдерін ел есінде сақтату, бастарына белгі қойып, тарихи оқиғалардан жас ұрпаққа естелік ескерткіштер тұрғызу ісіне де жан аямай кіріседі.

Талайы тағдырына орай Обь жағалауында балалық, жігіттік шағын өткізіп, сәбилерге шағын жырлар жазып, шығармашылығын шаң жұққызбай жалғастырып келе жатқан Мүбәрак Кәрімұлы өмірінің толысқан, тіл тұғырының туған жерде бекіген шағында Ертіс өңірінің тарихи жолдарын сипаттайтын прозалық туындылармен де айналысады.

1994жылы қазақ жұртшылығына бейтаныс болып келген жайларды баяндайтын тарихи деректері бар «Сөз сүйектен өтеді», 1995 жылы «Ертіс ауданының тарихы», 1998 жылы «Әйгілі аудан-Ертісім» атты өлкетанымдық тарихи кітаптың I томын жазды. Сол кітаптардың мазмұнында Ертіс ауданының өткен ғасырлардағы тарихи беттерін ашып, 1998 жылы «Түгел батыр және оның ұрпақтары» атты кітапты өзінің қаламдас досы журналист Бәделхан Айтбаймен бірлесе, сол өңірден шыққан батырлардың, билердің шешендік сөздерін, толғаулары мен тарихи дастан, шежіре-деректерін баяндайды. 2002 жылы «Әйгілі аудан-Ертісім» кітабының II томын екі тілде жинақтап, өз ауданының тарихы, тұрғындарының ата-тегі жөнінде шежіресі бар, жан-жақты мағлұматты деректер жеткізеді.

Ғұмыр-қашан да қысқа. Сол қысқа ғұмырда бәрін де қамтып қалуды жөн санау еңбекқор жанның жанайқайынан туындайтын жан азабы. Әрине, «Қазақ балалар әдебиетінің бәйтеректерінің бірі» санатындағы М. Жаманбалинов балалар ақыны атымен қалса да болар еді. Бірақ Қазақстанның тәуелсіздік туын өзінің туған жерінде тіккен балажанды ақын халқының болмыс-бітіміне енген өзгерістерді, қазақы рухының жаңғыруын көзімен көрді. Адал бала адалдығын әрқашан білдіреді. 1989-99 жылдар аралығындағы ауылға төнген нарық қыспағына куәгер болғандықтан, үлкендерге басу айтты, ауыл жастарынан бастап бар қауымға арналған ғибрат жырлар жазды, кеңестік дүние белінен басқан елдің дәстүр-салтын түлететін батагөй жырлар жазды. Ақынның үлкендерге арналған осындай өлеңдерінің таңдамалылары 1999 жылы шыққан «Ақшам» деп аталатын жыр жинағында басылды.

Жылдар өткен сайын мәдениет, әдебиет қайраткерлері халқымыздың жоғын жоқтап, барының бағасын асыруды қолға алды. Жұртына жақын ақын бұл бағытты да ұстанды. 2004 жылы өзінің кіндік қаны тамған Железинка деп аталатын ауданының тарихы жа-

йында «Жайнаған өңір, жайнаған өмір» және сол жер тұрғандарының отызыншы жылдары бастан кешірген ашаршылық нәубеті жайлы «Аштық азабы» атты деректі поэмалар жазады.

Қазір «сексен бес» деген сеңгір тастары көп асуда ғұмырын жалғастырып отырған Мүбәрак ақсақалдың қаламынан туған балаларға арналған жырларын сын көзбен қарап, көнерген сөздері мен тіркестерін өңдеп, жаңалап, бүгінгі өмір талаптарына сай тақырыптармен толықтырып, «Көктем гүлдері» деген тамаша жыр жинағына топтаса, замана үнін жеткізетін, үлкендерге, бүгінгі жас ертеңгі ұрпаққа аға болатын буынға арнап жазған ғибрат жырларын «Өсиет» деп атаған жыр жинағына ұсынып отыр.

Адал еңбек, асылы, өз табиғатының ауасымен демалып еткен еңбек ортаймайды, жасқа да қарамай кемелдене береді. «Сөзімен бұрын кездесем де,...» деп балалар әдебиетіне жолын ашқан қаламгер досы Мұзафар Әлімбаев ақын портретін елуге келген шағында дәл сипаттады. Ал қазір тоқсанға таяқ тастам жер қалғанда да, ақын жігері қайтпаған. «Әкейдің ұлы» деп бөлектейтін тұңғыш ұлы Ғылымиден негізін өзі салған «Ертіс нұры» газетінің бүгінгі редакторы, ағасымен тел өскен баласы Талап фототілші, Талап алып Ертістің айнала жайқалған алабын суретке басады, кеңшар еңбеккерлерінің тарихи істерін және әкесі сипаттаған табиғатты, жүздескен жандарды, байыппен байқаған жағдайларды дөп басып, баспадан фотобейне етіп жарияласа, ұрпақ жалғасы болып отырған немересі Қанат атасының көңіліне жақын жырларын жаттап өсіп келеді.

Қария ақын бүгіндері үш ұлдан тоғыз немере сүйіп отыр. Бала жүрегін ұққан отағасына ғұмырлық жар болған бәйбішесі өмірден озса да, өзін сыйлайтын келіндеріне дән риза.

Баппен жазатын ақынның еңбектері әлі де бабында. Жыр жазып қана қоймай, жыр семсері асыл сөздің, ана тілінің шынайы иегері, қамқоршысы Мүбәрак Жаманбалиновтың республикалық, облыстық, әрдайым аудандық мәжілістерде, конференцияларда өз айтары бар. Жылдар бойы айтылған ұсыныстар, тілектері халық қазынасына айналды да.

Ақынның қоғам алдындағы азаматтық борышы үкімет басшылары тарапынан сан мәртебе марапатталды. Оның ішіндегі бірегей лауазымдары: Мүбәрак Кәрімұлы 1987 жылы Қазақстан Республикасының

еңбек сіңірген мәдениет қайраткері; 2001 жылы И. Байзақов атындағы облыстық әдебиет бірлестігінің құрметті төрағасы; 2001 жылдан бастап Ертіс ауданының құрметті азаматы; 2002 жылы ақын Павлодар облысы әкім грантының иегері санатында болуы.

Жүрегі бала деп соққан балаға адал, айналасындағыларға алла-жар болып, ерекше рух беріп келе жатқан ақынның өмір-дерегі — осындай ұлағатты да өнегелі.

1.2 Толассыз жырлар, педагог жылдар

Балалар әдебиетіне өз талын еккен, жауқазын жырларын Ертістің қара суына қандыра отырып, жайқалта алған қаламгер балалар әдебиетіне қойылатын теориялық талаптарды білді ме екен? Ғұмырнамалық деректеріне қарағанда, оның мамандығы - агроном, кәсіби білімі — бастауыш сынып оқытушысы ғана болды. Ыбырай Алтынсарин қазақ балалар әдебиетінің атасы ретінде танылса, ол сол замандағы рухани қажеттілікке орай танылды. ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы алғашқы зиялы тұлға ретінде зиялы ортада қалыптасқан Ы. Алтынсарин орысша-қазақша мектептердің есігін ашуға мәжбүр болды, төл оқу құралдары жоқ қазақ балаларына әліппе құрастырды, «Қырғыз хрестоматиясы» деп аталатын оқулығын жазды.

Ал балаларға арналған туындыларға қойылатын талаптардың түрлері 1940-50 жылдары пайда бола бастағаны кейінгі сын еңбектерден айқын аңғарылады. Кеңес дәуірінің жүріп тұрған кезінде қазақ балалар әдебиетінде түрі ұлттық, мазмұны социалистік шығармалардың тығыздала беріліп, балалар психологиясына тым жақын жырлардың оқулықтардан түсіріліп қалғандығы тарихи шындық еді. Төлтума жырлар тұмшаланды да, тақырыптық тапсырыспен жазылған жырлар насихат сөздерімен, көлемді, майлы бояулы суреттерімен көптеп шығарылып тұрды.

Чаны ауданының «Зыбылғы» ауылындағы бастауыш мектебінде үш жыл мұғалім болған 1951-54 жылдар аралығында Мүбәрак мұғалім оқушы балаларға жүздеген жұмбақтар құрастырып, елуге тарта тақпақ жырлар жазған. Төрт кластағы отыз оқушының психологиясын, қызығатын нысандарын дөп басып, алуан тақырыпқа бара бі-

лу, сөйтіп оқытуға біршама өзіндік дидактикалық жадығаттар табу – мұғалімге тән іскерліктің, ізденгіштіктің, одан да артық болашақ балалар ақынының бойына табиғат берген дарынының нәтижесі. «Балаларға поэзиялық шығармалар жазу - өте жауапты жанр, оған дайындалып, ұзақ жылдардан кейін келу керек» деген екен алдымен балалар тілінің зерттеушісі, содан кейін танымал ақыны болып қалыптасқан филология ғылымдарының докторы Корней Чуковский. «Бала тілі туралы» деген еңбегінде: «Балаға жақын адамдардан жалына сұрайтыным - балалардың аузына тән сөздер мен сөз тіркестерін, сөз орамдарын жіберіңіздерші» деп бала тілінің ерекшеліктерін терең білуді армандаған және бала тіліне тән ерекше тілдік нормаларды сақтауды ұсынған [21].

Балаға арналған шығармалардағы тілдік қолданыстарға қойылатын теориялық талаптар қазіргі кезде нақты-нақты ажыратылды. Атап айтқанда, балалар жазушысының алдымен тіл мәдениетінің жоғары деңгейі, соған орай балалардың көркем сөзге құмарлықтарын арттыратындай болуы ескертіледі. Екіншіден, оның ауызекі тілдік қолданысындағы кәсіби сөз, диалект, архаизм, неологизм т.б. сөздер болсын, мағынаға сай ұқыпты, құнттылықпен қолданылуы, үшіншіден, кез келген тақырыпта автордың сөздің жаны мен тәніне үңіле, тіл астарынан асыл іздеп, таразылап ой толғауы, төртіншіден, бала мен автор, автор мен баяндаушы, баяндаушы мен кейіпкерлер арасында жас мөлшері көрінбей, дүниетанымдық көзқарасы бірігіп, логика, тіл, стиль арасында тұтастық орнығуы, яғни автордың сөзді жасқа сай үнемді жұмсай алуы, бесіншіден, бала кейіпкердің бүкіл сөйлеу мәнері, сөз саптасы мен ой толғамы, тыныс-демі, тіпті интонациясы мен дикциясына дейін автордың өз үнінен бөлектеніп, кейіпкердің мінез-құлқын ашуы, алтыншыдан, автор бала қиялына әсер ететін бейнелі образдар жасауда көркем ойлаудың барша тәсілдерін қолдана алуы, жетіншіден, сөздерден жаңа тіркестер жасап қолдануда автордың сол тіркестегі сөздердің стильдік бояуын, мағыналық ерекшелігін, жұмсалу аясын таразыға салып сараптай білуі туралы талаптар қойылады.

«Сөз өнері, әсіресе поэзия өнері - өнер атаулының ең қиыны» делінеді көптеген зерттеулер мен энциклопедиялық еңбектерде [28]. Жоғарыда аталып өткен талаптарға қарағанда, балаға арнап өлең-

жыр шығару тіптен де қиын. Балалар поэзиясы көсіліп жазуды қажет етпейді, көтеріңкі сөйлеуде, еркін жазуда да өз шегі бар. Жанрлық ерекшеліктерді сақтау, сөздер мен тіркестерді өлең жанрының (мысал, лирика, жаңылтпаш, жұмбақ өлең, мазмұнды өлең, ертегі, баллада) түрлеріне сай жұмсай білу ақын қолданған жалпыхалықтық және өзіндік тілдік амал-тәсілдерге байланысты болады.

Қандай мәселені сөз етпесін, жазушының айтайын деген ойы ашық, айқын, сөздері бір-біріне үйлесіп, бір-біріне қабысып, бірін бірі анықтап, толықтырып тұруы керек. Бұл біздің ана тіліміздің заңдылығы. Біз зерттеуімізге нысан етіп алып отырған жергілікті дарын иесі М. Жаманбалиновтың балаларға арналған бүкіл шығармашылығында осы талаптар бірден көз тартады. Оның зертханасындағы өлең-жырларының тілі осыны дәлелдейді. Корней Чуковскийше, ғылыми негізде балалар тіліне талдау жасаумен айналыспағанмен, М. Жаманбалинов шығармаларын бала тілінің табиғи қалпын сақтап, бала қажетін өтеген: «Ал өмірбаянымда өзгеден айрықша керемет жоқ,-дейді ақын 1974 жылы шығарған «Балғын күндей балақан» атты таңдамалы өлеңдер жинағына жазған авторлық алғы сөзінде, - Семейамыздың (ашаршылық жылдарын айтады) содан кейін көшіп барған жері Новосибирь облысының Венгерово ауданында орысша 8 класс бітіріп, содан кейін Ордынск қаласындағы ауыл шаруашылық мектебінде оқыдым. Участоктық агроном болып шықтым.

Өлең жазу үшін тіл байлығы керек. Орыс селосында өсіп қазақ тілін қалайша ұмытпадың? - деп те сұрарсың.

Бұл жағдай қайта ана тіліне деген құмарлығымды арттыра түсті.,- дер едім.

Қалайша?

– Өзің жақсы білетін бір мысалды келтірейін. Ең сүйікті асың-шоколадты алдына үйіп қойса, армансыз бір тоясың да қайтып беттемейсің. Шоколад та қадірсіз бола бастайды. Ал оны саған андасанда там-тұмдап татырса, құмарлығың арта түседі. Маған да солай болды. Қолыма ана тілімдегі бір кітап түсе қалса, оны кейбір сөйлемдерін жаттағанша қайта-қайта оқитын едім. Сөйтіп қолыма әлдеқалай тие қалған Абайдың, тағы басқа белді ақындардың (М. Жұмабаев, М. Дулатовтарды атамай отыр) өлең-жырларын

түгел жаттап алдым. Ұлы ақындарды құмарта оқу мені поэзияға қызықтырып, жетелеп әкетті» [43,4].

Жалпы поэзия тілінен гөрі балаға арнап жазудың қиындығын бала тілінің зерттеушілері көп сөз етті. М.Жаманбалиновтың қай жинағын алсақ та, бүлдіршін тіліне, оқушы бала сөзіне, жас жеткіншектің өзіндік сөз саптауына кезігіп отырасың. Олар бірінен бірі ажырап тұрады. Тіпті өлеңді жұмбақтары мен ойын өлеңдерінің мазмұнынан, ырғағынан кімдерге арналғаны айқын көрінеді. Балалар тілінің бапкері ретінде М.Жаманбалинов өз шығармаларын жазуда балалар тіліне қатысты елуінші жылдары К.Чуковский ұсынған мынандай [21]. төмендегідей ереже-шарттарды ұстанған сияқты:

1. Балалар өлеңі графикаға, суретке құрылуы керек. Яғни, өлең мазмұны баланың көз алдына тақырыпқа сай суретті әкелуі тиіс.
2. Образдары өзгермелі, құбылмалы келуі керек. Бұл да тіл мүкіншілігімен жүзеге асырылатын талап.
3. Өлең шығарма лирикалы келуі керек, яғни, әр шумағы, әр шоғыры өз ырғағымен, өзінің эмоционалды бояуымен ерекшеленуі тиіс.
4. Өлеңдегі ырғақтың құбылмалы келуі, дәлдеп айтқанда, өлеңдегі негізгі сарын мен ішкі қосымша сарындарын нақтылап алу өлең ырғағын құрайды. Бұл орайда бала ақынының өлеңі іштен балаға деген сүйіспеншіліктен, ішкі ырғақтан туады. Өлең тумай, алдымен ырғақ туатынын әдебиеттанушы, тілтанушы ғалымдар да мойындайды.
5. Бала өлеңінде дыбыстық үйлесімділік керек.
6. Бала өлеңінің ұйқастары өзара жақын болуы, тіпті бастауышы мен баяндауышы да ұйқасып тұруы тиіс.
7. Ұйқас ойдың жаңғырығы іспетті болуы, яғни ұйқас ырғағынан мазмұны естіліп тұрғандай болуы шарт.
8. Өлеңнің әрбір жолы аяқталған синтаксистік тұтастықта болуы керек.
9. Өлеңде сын есімдердің тым көп болмағаны жөн.
10. Өлең тармақтары шалыс, қара өлең, бірыңғай ұйқастарға құрылып, жеңіл құрылуы керек.
11. Ертегі өлеңдерде ғана аралас ұйқастар алынады.

12. Барлық өлеңдер ойын әдісімен жазылып, осы он екінші шартта ғана үлкендерге арналған балалар поэзиясы беріледі.
13. Балаға жазылатын өлеңнің мектепке дейінгі ойын баласынан бастап жас жеткіншекке дейінгі балалар бойына өлеңге деген сүйіспеншілік тәрбиелеу тұрғысында болуы.

Осы аталған шарттардың қайсысы ақынның қай өлеңінде қатаң ұсталғанын жұмыстың келесі тарауларында ашып көрсетеміз.

Балалар поэзиясы – балаға деген сүйіспеншілік сезімнің сыртқа ақын жүрегінен лықсып шыққан пернелі туындысы. Қай өлеңнің тууына баланың бойынан өткізілген бір жағдаяттың негіз болғандығы М. Жаманбалиновтың шығармаларынан айқын байқалады.

20-ғасырдың басында балаларға қарата кеңестік жырларын жазған, қазақ оқушысына «Жақсы деген немене, жаман деген немене?» деген атпен таныс Владимир Маяковский балаға деген туындыларын өзін бір топ балалардың алдында отырғандай күйде отырып жазады екен. Бұған қарағанда, балалар ақыны өз шығармашылығын балалар психикасымен байланыстыруы керек. Әрине, өлең шарттары әр ақын талантының деңгейінде әрқалай көрінеді, жекелеген жанр ерекшеліктеріне орай ұсталынады. Дегенмен, солардың ішінде М. Жаманбалинов сияқты ақынның табиғи дарындылығымен балаларды өз тіліне тәнті еткен амал-тәсілдері оның табиғи талантының, бала тіліне лайық сөз жұмсау талантының көрінісі болмақ.

М. Жаманбалиев 1951-54 жылдар аралығында мұғалім бола жүріп, балалармен бос уақытта жұмбақтар ойластырып, оларды өздеріне шешкізіп ойнатқанды әдетке айналдырады. Оқушы балалармен айналадағы заттарды сипаттау, жұмсақ юмормен олардың бойында ара-тұра кездесетін нашар қылықтарды өлеңмен өрнектеу өнерімен де айналысады.

Мектеп жасына дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларға арналған «Балдырған» көркем-әдебиет журналы 1958 жылы әдемі иллюстрациялармен өрнектеліп шыға бастайды. Жиырма жылдық үзілістен кейінгі «Пионер» журналы қайта өз жұмысын жандандырып, балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармалар көптеп басылады. Мұғалімдікпен айналысқан кезінде М. Жаманбалиновтың өкпе ауруына ұшырауы, 1952 жылы II санаттағы мүгедек тобына енгізілуі оның балалар әдебиетіне өндірі-

те жазуына, 1952-56 жылдары Қазақстандағы «Пионер» газетіне, «Пионер» журналына үзбей қаламгерлік жұмысын жалғастыруына әсерін тигізеді. Кейін жазылып, мектепке мұғалімдікке қайтадан шақырылады. Қазақстанға оқулықтар сұрастырып барып-келіп жүріп, балалар әдебиетінің туған елінде қарқынмен дамуына ықпал еткен жас шығармашы қаламын қолынан тастамайды.

Осы тұстарда Қазақстанның жас оқырмандарына жаңадан шыға бастаған балалар баспасөзіндегі классикалық туындылар етене жақын бола түседі. Олар: Мұхтар Әуезовтің «Көксерек», Бердібек Бақбергеновтың «Менің атым-Қожа» сияқты әйгілі мазмұнды шығармалары; Сапарғали Бегалиннің, Өтебай Тұрманжановтың, Сейітжан Омаровтың, Сәуірбек Бақбергеновтің, Мұзафар Әлімбаевтің, Қастек Баянбаевтың әңгіме-өлеңдері журналдарға толассыз басылып жатады. Жазушы Танаш Дәуренбековтің «Таңсәрі» романынан берілген үзінділер мен Шоқан Әлімбаевтің, Төлеш Сүлейменов, Абдулхамит Мархабаев, Талап Сұлтанбеков дегендердің де ғылыми-фантастикалық әңгіме-повестерімен жасөспірімдер осы жылдардан еркін таныс бола бастайды. Арнайы рубрикамен газет-журнал беттеріне жаңа авторлар таныстырылып тұрады. «Балдырған» журналы редакциясының жанынан ашылған шығармашылық топ алқасы балаларға арналған өлең-әңгіме жазушыларды іріктеп, талдау жұмысын жүзеге асыра бастайды. Қазақстандағы осындай бастамалардан хабардар болған Мүбәрак Жаманбалинов 1958 жылы сол кездегі «Пионер» журналының редакторы болған Серік Қирабаевқа келеді. Жасы 25-26-лардағы жас редактор, сол редакциясының қызметкері Мұзафар Әлімбаевпен таныстырғаннан кейін, оған өз туындыларын табыстауды ұсынады. Осылайша ақынның ең алғашқы туындысы – жұмбақтары баспа бетінде жарық көреді. Атап айтқанда, «Өмірі шықпай үйден бір, өз үйін әзер сүйреп жүр» (Тасбақа), «Ағайынды он, кигені екі тон» (Қолғап), «Біреуге найза түйрейді, өзі содан күйрейді» (Ара), «Жүз адымын бір аттар, аяғында құлақ бар» (Машинаның инесі) сияқты бір-бір тармақтан тұратын жұмбақтармен педагог ақын газет бетінде өз шығармашылығын бастайды. Осы жұмбақтары бала тіліне етене жақын, жатық шыққандықтан, бірден басылғандығы байқалады.

«1953-54 жылдардың бірінде Жазушылар Одағының поэзия секциясында Сырбай Мәуленов отыр екен. Ол әкелген өлеңдерімді қарап, менің үлкендерге арнап жыр жазуымды тоқтатып, тек қана балаларға арналған жыр көшіне көшуімді сұрады. Бір өлеңімді І. Мәмбетоваға табыстап, «Жұлдыз» журналына жариялады. Әбу Сәрсенбаевтің жұбайы Әзиза деген радио қызметкері бірнеше жыр жолдарымды радиоға жазып алып қалды», - деп еске алады М. Жаманбалинов. Сондағы әдеби қауымды дүр сілкіндірген, осыған дейін есімі естілмеген тума талантымен балаларға жақын ақын болып қабылданған мұғалім автордың өлеңдері мыналар еді:

Біз қандаймыз, қандаймыз?

Шұғылалы таңдаймыз.

Күлімдеген күндейміз,

Уайымдауды білмейміз

«А» дегенің –ана ғой,

Ана деген дана ғой.

«Б» дегенің бала ғой,

Жұмсасаң анаң, бара ғой.

Мамасы әкеп Шәріпке,

Ұстатты әкеп әліппе.

Оқу қайда Шәріпке,

Танымайды әріп те.

Қызыққан бір қалыппен,

Қарайды әрбір әріпке.

Әйтеуір бұл «Әліппе»

Қымбат біздің Шәріпке.

«Бөбек жыры», «А» мен «Б», «Әліппе» деп аталған бұл әдемі шумақтар сабаққа баратын баланың оқуға деген алғашқы қызығушылығын дәл жеткізген. Мектеп табалдырығын топ болып, қуана аттаған сәбидің алғашқы еститіні - «сөз», «әріп», «буын» деген сөздер. Бұрын естіп те көрмеген сөздерін сәби бала осы өлеңдерден естиді. Ақынның «Мама» сөзін екі буыннан тұратындығын білдіретін, жеп-жеңіл өлеңі де осы мақсаттан туған секілді:

Бір қатарда «М» тұрды,
Бір қатарда «А» тұрды.
Кездесті де екеуі,
«МА» болып оқылды.

Екеуінің қасына,
Екінші «МА» отырды.
Жалғаса қап қос «ма-ма»,
«МАМА» болып оқылды.

1951-54 жылдары мұғалім Мүбәракқа оқулық тапшы болғаны шындық. Оқу-әдістемелік ізденістерге өлең арқылы бару өзіндік ізденісі және балаларды баурауда таптырмайтын әдіс-құрал болды.

Дала төсінде еркін ойнап өскен балаларға мектеп сабағында төзіп отыру да бастапқыда қиын екендігі белгілі жайт. Жерді шоқып еңбектеніп жемін табатын балапанға теңестіріп, бұл машақатқа төзудің бір жолы да ұстаздық жолдан табылғанға ұқсайды:

Сенің атың –балапан,
Оның аты –балақан.
Балапандар шоқуда,
Балақандар оқуда.

Ұстаз оқушыларын сөзбен демейді, асыл оймен ойға батырады. Айналасындағы заттардың, оқу құралдарының пайдасын, олардың да иелерін сезетіндей қасиеттері бар екендігіне көз жеткізе сипаттайды. Екі алғысы келмей дәптерін жыртып, қағаздарды жұмарлап тастаған Нұралы, баласы үшін есеп шығарып берген ана туралы, диктант жазғанда сауысқанша, бір қарап, бір шоқып тұрған Мараттар жайлы мазмұнды, бірақ көлемі шағын өлеңдер, талдап жатпай-ақ тыңдаушысына бірден әсер ететін, әлі күнге дейін қажетті, өшпейтін өлеңдер. Мұғалім Мүбәрактың бірінші сыныптан бастап, төртінші сынып оқушыларына жан-жақты толығымен қамтыған жырлары көп болды. Ол шығармалар алғашқы өлең жинағына толық енгізілді де. Автордың төмендегі «Алтын із» деп аталатын өлеңін өзі еңбек еткен мектептегі педагог Жаманбалинов салған із бе деп те ойлауға болады. Өйткені бала жүрегіне жырларымен жол тапқан ұстаз жазушыға оқушы бала дәл осылай ұмтылар болар. Өлеңде бірінші сыныпты бітіріп, өзін нелер күтіп тұрғанын іштей түсінетін баланың ішкі

қуаныш сезімі байқалады. Өлең де педагог ақынның бейнелеу тілімен жазылған, ырғағында талапты оқушының білімге құштар адымды екпіні байқалады:

Жайнап кетті атырап,
Жайнап кетті жарқын күз.
Жол бойы-алтын жапырақ,
Жапырақтар-алтын із.

Алтын ізбен Нұрқасым,
Оттай жанып жанары,
Қолына ұстап сумкасын
Мектепке кетіп барады.

1956 жыл. Денсаулығына байланысты мұғалім Мүбәрак жұмыстан қол үзеді. Солай бола тұра өзінің «балаларға арналған жырларды өндірте жазған жылдарым» деп осы 1956-58 жылдар аралығын көрсетеді. «Пима» кейін «Жоқ, жоқ, апа...» аталған бір шумақ өлеңі 1956 жылы «Балдырғанда» алғаш рет жарық көреді. Дәл осы жылы шығып тұрған «Пионер» журналының 12 нөмірінің 11-іне әрбір өлеңі жарияланып тұрған Жаманбалиновты балалар әдебиетіне сол жылдары бас-көз болып, әр жанрында қалам тартып жүрген әріптестері ерекше тани түседі. 1957 жылы «Сәтті қадам» деген тақырыппен «Пионер» қазіргі («Ақ желкен») газетінің бетіне алғаш рет М. Жаманбалинов шығармаларына сын мақала жарияланады. Мақаланың авторы лирик ақын Т. Молдағалиев ақынның бір жыл бұрын жарық көрген «Айна бұлақ» атты алғашқы жинағындағы өлеңдеріне талдау жасайды. «Жинаққа кірген елуге тарта өлеңдердің мазмұнына арқау болған негізгі мәселе мектеп пен оның ішіндегі балалар өмірі.» Ақын өзінің алған тақырыптарын өзі ұғынып, өзі шешіп отырады., - деп «Марат пен сауысқан» «Жоқ, жоқ, апа», «Мойнақ» т.б. өлеңдерін атап өтеді.

– Балалар,
Сауысқанды қарандар,
Марат диктант жазғанда,
Дәл осылай алаңдар!-
Сүйектен сөз өткендей
Қызарқтап тұр Марат.

Сауысқан мазақ еткендей,
Бір шоқиды, бір қарап.

Балалар өлеңінің қиындығын түсінген, өзі де балаларға бірнеше өлеңдер арнаған ақын осы өлеңін келтіре отырып: «Жазуды қате жазғандықтан қасындағы жолдасынан көшіріп отырып, мұғалім көрмесін деп жәбірленген оқушының қылығын сауысқанның тіршілігімен салыстыру әбден орынды. Автордың түпкі идеясы-оқушыны мұндай арзан әдеттен сақтандыру. «Үскірік» деген өлеңде де осындай тамаша идея бар. Мектептен үйге қайтып келе жатқан оқушыны долдана соққан боран кері итеріп, ілгері жүргізбейді. Тіпті қолындағы сумкасын жел ұшырып әкете жаздайды. Бірақ табиғат дүлейінің мазағына өзінің кітаптарын салған сумкасын бермей, оқушы үйіне келіп кіреді.

«Өзінің қайсар жанына
Болды риза бұл Қасым.
Өршеленген дауылға
Бермей қалды сумкасын.»

Автор бұл өлеңде оқушы үшін ең бағалы нәрсе - кітап, «сол кітапты мұқият ұстау керек» деген ой айтады. Өлеңнің бас-аяғы жұп-жұмыр, тартымды», – деп жазады [34]. Сонымен қатар М. Жаманбалиновтың мектеп ішіндегі балалар өмірі ғана емес, мектептен тыс жердегі, үйдегі бала қылықтарын да өлең мазмұнына арқау еткенін айтады. «Тимейді қолым, қайтейін» деген өлеңде лирикалық геройдың бір баланың шашы таралмағанын, мектепке етігін сүртпей келетінін, тырнағының өсіп кеткендігін айтады. Сонда бала:

«Тимейді қолым қайтейін,
Анам қырман басында», –

деп жауап бергендігін келтіріп, сондай жеңіл юмор арқылы баланы ақын қалай күлкі етіп отырғанын, «Есепті шығардым» деген өлеңде үй тапсырмасын анасына орындатып жүрген баланың бір күні маскара болғандығы да тамаша юмормен жеткізілгендігін атап өтеді. Жолы болмай қалаған баланың хал-күйін бейнелеген өлең жолдары толығымен келтірілген.

«Десем де «Өзім шығардым»,
Апа сенің қолыңды
Танып қойды мұғалім,

Есепке екі қойылды»,-

деп бұртияды бала. Мұнда да автор жеңіл юмормен оқушыны бір сергітіп тастайды. Мұндай өлеңдер жинақтың өн бойынан жиі кездеседі. Жалпы алғанда, М. Жаманбалиновтың өлеңдеріне тән қасиет – ол көп сөзділіктен мүлдем аулақ. Айтайын деген ойын сюжетке құрып, әсерлі бере біледі. Бұл тәсіл балалар поэзиясы үшін керекті ережелердің бірі болып есептеледі. Кейініректе Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының секретары қызметін атқарған қазақ әдебиетінде лирикалық өлеңдердің маржанын қалдырған Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының, Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты Т. Молдағалиев жас бола тұрып, шалғайдағы ақынның алғашқы қадамының тұсауын осындай әділетті талдауымен, ашық сынымен кеседі. «Алғашқы кітабы «Айна бұлақтың» ішіне қардүрсіндеу, асығыс жазылған дүниелер де еніп кеткенін ескертеді. Ол өлеңдері – «Обь тасығанда», «Қараша көлі» және кітап атына сәйкес өлеңдер екені көрсетілген. Т. Молдағалиев «Айна бұлақ» деп аталатын өлеңінде ақын сұлу табиғатты әсем суреттей отырып, оның суретін өз арманымен ұштастырып жібергенін байқаған. Табиғат көркін адамның ойы басып жібергенін ескерткен.

Тамшысын да айна ғып,
Мөлдір бұлақ арналы.
Жағалай өскен жайқалып,
Суреттеп тұр талдары.
Тербетті бір ой көңілді,
Мен де бір жаңа сырды ашып,
Бейнелей алсам өмірді
Сол бұлақтай сырды ашып.

Шындығында да, М. Жаманбалинов әдебиет әлеміне бірден балалар ақыны ретінде танылып келген ақын. Өлең құрылымына, тіліне, қозғайтын тақырыбына биік талғаммен қарай білген лирикалық жыр жампозы Тұманбай Молдағалиев балалар ақынын мойындаған және аға жасындағы Мүкеңді сыйлай отыра, сынаған. Сонда да болса, кейін 1980 жылдары «Жыр тасқындасын, Мүке!» деп тілек қосып: «Өлең бәйгесіне елуінші жылдары Мүкеңдей талантты ақынмен қатар келгенімді мақтаныш көремін. Мүбәрак Жаманбалинов сол жылдардан бері бірыңғай балаларға жазып келеді. Жасырары жоқ, бүлдіршін-

дерге өңкей жақсы жыр сыйлап келе жатқан үздік ақынымыз. Мен әріптес ағамның жырдағы табысына әрдайым қызыға қараймын. Қуаныш көріп, табысын насихаттап, арнайы мақала да жазғанмын. 1950-1980 жылдар аралығындағы қазақ балалар поэзиясы әңгіме болған сәтте Мүбәрак Жаманбалинов есімі айырықша құрметпен аталуға тиісті» деген болатын жүрек жарды лебізін білдіріп [13,193].

Жинақтап айтқанда, ақынның алғашқы еңбектерінде мектеп өмірі және мектептен тыс өмір қатар алып суреттелген. «Нұралының айналасы», «Таң қалды», «Бектің бес міні», «Топас», «Үйретті» өлеңдері балаларды мектепте де, үйде де ұстамды, ақылды болуға үйретеді. Аталған өлеңдердің қай шумағында болсын аяқталған бір ой, баяндалатын бір жағдаяттан шығарылатын бір түйін, оқушы үшін бір пайдалы кеңес жатады.

Қарап отырсақ, Мүбәрак ақынның жырларында мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерге арналған шумақтар мол екендігін алғаш атап айтушылардың бірі – осы Т. Молдағалиев. Сәбилерге жыр жазуда алдымен шынайылық, екіншіден қарапайымдылық керек. Кішігірім оқиғаның өзін сәби ақ жүрегімен бағалайды. Жапыраққа қонған құртты көріп, жапырақты аяйтын да, құртты немен қоректенетінін біліп, қуанатын да сол бала. Сәл нәрседен баланың көңіліне қаяу түсетін нәрсені емес, қуанатын жағдаятты баяндасаңыз, сол баладан ертең тамаша азамат шығуы мүмкін. Баланы тәрбиелейтін нәрсе – алдымен сенім. Ол сізге сеніп, сөзіңізден жақсы ой түйе алса, сіздің мақсатыңыздың жүзеге асқаны. 1952-56 жылдары ұстаздық етіп жүрген М. Жаманбалинов осыны - ұстаздық жолына кредо етіп ұстанған секілді. Жас баланың мектепке аңғал күйде келетінін, пәк, таза қалыптан ортаға бейімделіп, түрлі қалыпқа ауысып кете баратынын ақын жаны дәл ұғынған. Тұманбай Молдағалиев жоғарыда талдаған мақаласында «Жоқ ,жоқ апа», «Торғайлар», «Мойнақ» өлеңдерінде ойды ойнақы етіп, ойын баласының мінезіне сай етіп жазуын бағалап, мектеп жасына дейінгі сәбилерге сол өлеңдердегі қарапайымдылық керек екендігін дәл айтқан.

Қазақ балалар әдебиетінің қалыптасу үрдісі Қазақстанда 1950 жылдардан бастап аңғарыла бастағаны белгілі. Ол жөнінде «Қазақ балалар поэзиясы» атты мақаласында С. Қирабаев: «Балалар әдебиетінің дербес жанр есебінде есеюі оның тұрақты маман кадрларының жи-

налуы әрине, Ұлы Отан соғысынан кейінгі мерзімге жатады. Балалар поэзиясының да профессионалды дәрежеге көтерілгені – осы кез» [3;145] деп жазған болатын.

Балалар әдебиеті ақыны ретінде М. Жаманбалиновтың толық қабылданған тұсы 1956-76 жылдар аралығы. Әрине, бұл дәуірдегі балалар әдебиетінің де жанр, тақырып, көркемдік және мазмұны жағынан өркендеу, толысу ерекшеліктері бар. Ең алдымен, бұл кезеңдегі балалар әдебиеті кеңестік патриотизмнің жоғарғы үлгісін көрсететін кеңес халқының аса көрнекті қайреткерлері туралы, азамат соғысы және Ұлы Отан соғысының батырлары туралы биографиялық повестер, поэмалар, өлеңдер бере бастады.

С. Қирабаев қазіргі дәуірдегі балалар әдебиеті деп шартты түрде 1956-76 жылдардағы шығармаларды атағанын білеміз. Әрине, бұл дәуірдегі балалар әдебиетінің де жанр, тақырып, көркемдік және мазмұны жағынан өркендеу, толысу ерекшеліктері бар. Ең алдымен, бұл кезеңдегі балалар әдебиеті кеңестік патриотизмнің жоғарғы үлгісін көрсететін кеңес халқының аса көрнекті қайреткерлері туралы, азамат соғысы және Ұлы Отан соғысының батырлары туралы биографиялық повестер, поэмалар, өлеңдер бере бастады.

1970 жылдарға дейін жазылған ақын шығармаларына талдау жасай отырып байқағанымыз – Мүбәрак аталары балабақша жасындағы балаларға жыр жазуға көп дайындықпен келген. 1962 жылы басылған «Сәлем», 1963 жылғы «Ертіс лебі», 1965 жылғы «Кішкене достарға» деп аталатын жинақтарында бұл жастағы бүлдіршіндерге лайықты өлеңдер жоққа тән, «Айна бұлақтағы» пимамен суға түсетін бүлдіршін туралы «Жоқ, жоқ, апа...» өлеңінен басқалары түгелдей бастауыш сынып оқушыларына арналған. Ал 1970 жылы жарық көрген «Кішкене достарға» деп аталатын өлеңдер жинағында мектепке барар алдындағы сәбидің әрекеттерін сипаттайтын шумақтар кездеседі, атап айтқанда, пәк сәбидің өзінің қай ұлт екенінде шаруасы жоқ «Қазақ емеспін, Қаратаймын» деп жауап беруі («Қаратай»), есекті жылқының баласы деп таласатын сәби («Көшек») бейнесі, бірін-бірі жуатын екі қолына таңданған сәби («Екі қол») сөзі, «бес қап ақылың бар» дейтін әжесіне («Әжеме таңым бар») таңқалған, әрдайым көзінен сүйетін анасына («Түймедей-ақ көзіммен») сүйсінген сәби сөздері берілген өлеңдер.

Педагог еңбегі – сыныпта да, үйде де, тіпті көшеде де, қонақта да біртіндеп жинақталған тынымсыз ізденістен тұрады. Әсіресе, мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы бастауыш сынып баласына қатысты еңбекте баланың кез келген сұрағына сақадай сай болуыңыз керек. Ақынның осы шығармашылық жолының бастапқы кезеңінде ақындығын ұстаздық ізденіспен байланыстырғанын бақаймыз. «Айна бұлақтың» айдынында кейін ақын өзге жинақтарынан алынып тасталған не қайта өңделген дүниелер де баршылық. Новосибирь жерінде балаларға арналған жыр ошағын маздатқан Мүбәрак әріптесінің алғашқы қарқыны туралы Мұзафар Әлімбаев былай жазған болатын: «Бұл «Марат пен сауысқан» өлеңі 1956 жылы жарық көрген алғашқы кітабы «Айна бұлақтан». Соның өзінде де піскен шығарма. Әрі қарапайым, әрі кішкентайларға берер үлкен ғибраты бар: сабақ үстінде сауысқан ұқсап, алақ – жұлақ қарама: сабағына зер сал – осы идеяны автор ұтымды салыстырма арқылы көңілге қонымды берген. Осы кітаптағы «Әлгі», «Сосын» деп желкесін қасып, мелшиген Мұрат («Қоңырау кетті үзіліп») екілік алғанын үй ішіне білдіргісі келмей, күнделікті астына сүңгіткен оқушы: («Нұралының айласы») шешесіне иек артып, үсті – басын күтпейтін салақ бала («Тимейді, қолы тимейді»), есептерін шешесіне шығартып, класта ұятқа қалған кержалақау («Танып қойды мұғалім»), ана тілін шала – пұла білетін ала- құла жазатын оқушы Қасым, былтырғы мұғаліміне сәлем бермеген ізеттен безген көргенсіз бала («Топас»), класта жолдастарының сыбырына сүйеніп, жаман үйренген Нұралы («Сыбыр»), сумкасын шана етіп сырғанайтын «тапқыр» («Есербек»), өзіміздің класта бәрінде жығамын!» деп мақтанатын, сөйтсе әр класта екі жылдан отырған «сабаз» («Мықты») – мектеп өмірін әсерлі жырлаған туындылар.» [13,168]

Байқалып тұрғандай, ұстаздық көрегендікпен ақын әр баланың қылығын бос жібермеген сияқты. Ұстаз ақынның өлеңдері - жадау дидактикадан, ақыл айтудан тұрмайды, балалармен қатар жүріп жазған, тым ащы да емес, тым солғын да емес, бала көңіліне, ар-намысына дөп тиетін жұмсақ юмормен келген ескерту өлеңдер. Педагогтық қызмет еткен жылдары дарынды ақынның тынымсыз еңбек етіп, оқушыларына ғибраты мол ықпалды жырлар жазғандығы анық.

II ТАРАУ БАЛАЛАРҒА ЖЫР-ШАШУ

2.1 Бала тілді, бал тілді туындылар

Болса да күннің шуағы,
Жылынған жоқ, су әлі.
Үйден шығып етіксіз,
Жүрме ауырып, өтіп сыз.
«Жоқ, жоқ, апа,
Суға мен
Түстім жылы пимамен.

Ана мен бала арасындағы диалог қана алынған, ешқандай баяндау, суреттеу жоқ, бірақ өлең бар және ол қандай өлең? Бұл – жас балаға қажетті ақыл сөз бен ақыл тоқтата қоймаған аңғал сәбидің сөзі. Өлең де сол сәби сөзімен «Жоқ, жоқ, апа» деп аталған. Екі адамның бір-біріне айтқан сөзін өлең формасына салған да автор сәнді де мәнді өлең шығарған. Көз алдына риясыз, пәк бала тұра қалады. Өлең мазмұнына оқырман еріксіз жымияды. «Өлең несімен мәнді?» деп сұрақ қойсақ: «Бала анасының айтқанын орындау керек!» деп жауап беріледі. Ал «Өлең несімен тартымды, әсерлі?» деп сұрақ қойсақ, «Бала тіліне құрылуымен, яғни ақынның баланың балдай тілімен сөйлеуімен өлең тартымды шыққан» деген жауап берілуі керек.

Алғашқы жинағы «Айна бұлақтан» кейін «Жазушы» баспасынан М. Жаманбалиновтың 1962 жылы «Сәлем», 1963 жылы «Ертіс лебі», 1965 жылы «Кішкене достарға», 1970 жылы «Менің інім» деп аталатын өлең кітаптары басылып шығады. Жарық көрген осы жинақтардың ішінде баланы үлкендермен сөйлестіру арқылы бала санасында пайда болып жататын сұрақтарға алуан түрлі мазмұн құрған бірнеше өлеңдер бар. Олары – «Қарттық» (-Менің де тісім кетілген, аспай жатып жетіден), «Қаратай» (-Қазақсың ба?- Жоқ, Қаратаймын.), «Жарық жұлдыз» (Неліктен бұл жұлдыз жарықтау өзгеден?), «Екі қол» (Қандай жақсы екі қол бірін-бірі жуады), «Әжеме таңым бар» (Көзіңнің алдында бар дейді ақылың, ...көрмеймін бір қап та...), «Түймедей –ақ көзіммен» (Сол себепті анашым сүйеді ылғи көзімнен),

«Оразада» (Аузын енді қайтадан, жаба салса болмай ма?) деп аталып берілген өлеңдері жеті жасқа тола қоймаған балалардың бейнесін жеткізеді. Жас баланың психологиясын қызықтайтын, мінезді, ситуацияны байқағыш ақынның жинаған сюжеттері қызғылықты, сәби атынан айтылған шумақтар да, ақынның қарапайым баяндауынан соң, өзіндік тамаша ойға кеткен баланың өзіндік ойы тамаша, нені болсын ойлана қабылдайтын қағілез мінезді жақсы бала жетіліп келе жатқандығына ақын оқырманын қатты қуантады.

Ереже бойынша, бұл өлеңдерде балалар әдебиеті тіліне қойылатын 5,6,7-ші талаптар бар. Олар - бала кейіпкердің бүкіл сөйлеу мәнері, сөз саптасы мен ой толғамы, тыныс-демі, тіпті интонациясы мен дикциясына дейін автордың өз үнінен бөлектене берілуі, кейіпкердің мінез-құлқын ашуы және автор бала қиялына әсер ететін бейнелі образдар жасауда көркем ойлаудың барша тәсілдерін еркін де сәтті қолдана алуы. Сонымен қатар, сөздерден жаңа тіркестер жасап қолдануда автордың сол тіркестегі сөздердің стильдік бояуын, мағыналық ерекшелігін, жұмсалу аясын таразыға салып, баланың тіліне келтіріп, сараптай білуі. Бұл ойларымызға 1970 жылы кітапшадағы «Менің інім», «Көмекші», «Шимайшыл», «Өзі жылап жіберді», «Менің інім» атты өлеңдерінің сюжетінде ініге, анаға қамқор, жақын адамына қолқабысын тигізуге әзір балаға, еңбекқор балаға ақынның сүйсіне түскені дәлел болады. Әрине, үлкен адам оқығанда алынатын әсерден басқа әсерді жас балалар – ақынның өз оқырмандары, алады:

Бәрін де өзім жуғанмын,
Аяқ, табақ, кесені.
Әп-әдемі жиналды
Өзім жатқан төсегім.

Отынды да жаға алдым,
Қасына кеп ошақтың.
Демалыс күні мамамның
Сөйтіп қолын босаттым.

Осы өлеңді оқыған 6-10 жас аралығындағы бала сөйлеп тұрған лирикалық кейіпкерге еліктеп, «Мен анама қалай көмектесемін?» деген сұраққа жауап іздеуі мүмкін. Ақынның қаламына тән тағы бір

сипат – баланың аузына нақты қазақы қолданысты сөздерді салуы. Бұл өлеңдегі «ошақ» - ауыл баласына түсінікті, ал қала баласына түсініктеме беруді қажет ететін сөз. «Мама» – бар балаға етене жақын күнделікті қолданым, солай бола тұра өлең ыңғайына қарата автор оны «ана» деген әдеби түрінде де қолданады. «А» мен «Б» әріптерінің бір-біріне жақындығын аңғартып, әріптердің өзінен өлең құрап, ақын тапқырлықпен бала тәрбиесіне ерекше ықпал жасайды:

«А» дегенің ана ғой,
Ана деген- дана ғой.
«Б» дегенің бала ғой,
Жұмсаса анаң, бара ғой.

Алдыңғы өлеңде баланы қарапайым тілмен, аңғал тілмен сөйлетіп қойып, баланың бал тілін жеткізсе, Мүбәрак ақынның осы өлеңінде көрініп тұрғанындай бала психологиясына жақын тағы бір қолданатын тәсілі - сәбилерді еркелетіп, оларға мейіріммен тіл қату тәсілі. Баланы аялау, еркелету әуенінің жеткізуде ақын шумақ басында қайталауды жиі қолданады, баламен еркелету сезімімен сөйлесіп, бағыт беріп отырады:

Жуын, жуын,
Жуынсақ,
Қандай жақсы қуыршақ.
Әйтпегенде *көкешім*.
Кірлеп кеткен *екенсің*.
Қазір *анпақ* боласың,
Қуанады *мамашың*.

(«Тазалық»)

Курсив жазудағы зат, адамға қатысты атуыштардың және адам қимылына қатысты етістік сөздердің (*қуыршақ, көкешім, мамашың*), (*Жуынсақ екенсің, боласың*) сияқты қимыл атауларымен ұйқастырылып алынуы өлеңді қарапайымдата түскен, осылайша ана рөлінде ойыншықпен ойнап отырған бала тілі нанымды шыққан. Ақын өз атынан, ата-анасы, достары, тәрбиешісі, ұстазы, жай таныстары атынан сөйлесін, қайсысының да ойына, талғамына шақ мәтіндер құрастырады. «Жалын» баспасынан 1979 жылы басылған «Толқын» деген кітабында сәби ойына жақындатыла жазылған мынандай да өлең де бар. Ол өлең «Тәтті тіл» деп аталады.

– Тілі тіпті, қарашы,
Тәтті болып барады,-
Деп Күлтайға мамасы
Меіірлене қарады.

Күлтай кейін шегіне,
Тұрды білмей не дерін,
Сезіп қойды деді ме,
Тәттіні көп жегенін.

«Ауыз ашу», «ақыл бес қап», «тәтті тіл», «дауыс беру» деген тіркестерді балалардың бірден тура мағынасында түсінетінін бақылаған ақынның осы тіркестерге бір-екі шумақтан жеңіл юмормен өлең құрастыруы бала ақынына тән шынайы шеберлікті байқатады.

М. Жаманбалиновтың бала тілімен сөз қолдану тәсілдерін әдебиет теориясы және лексикалық стилистика тұрғысында сөз етуге болады. Әдебиет теориясы тұрғысында, ол балалардың ой-қиялына әсер берген біршама образдар тудырған, бала ұғымына лайық метафора, метонимия, синекдохалық тіркестер тудырған шебер суретші. Лексикологиялық лингвистика тұрғысында, қарапайым сөйлеу тілін ақын баламен сөйлесу тіліне салған да, баламен әңгімеге жол ашқан дей аламыз. Бала тіліне алдымен ауызекі сөйлеу тілі жақын. Жоғарыда аталған өлеңдер сияқты кейінгі өлең жинақтарында да баламен қарапайым тілдік қатынасқа түсу, яғни поэзия тілімен сөйлесу түріндегі өлеңдерді ақынның көп жазғандығын байқаймыз. Сөйлеу тілінің өзіндік нормасының бір белгісі эмоционалды сипатының басым келуімен байланысты болады. Ауыспалы мағынада келетін бейнелі сөздер сол сөз болатын зат не құбылысқа адамдардың жағымды не жағымсыз көзқарасын білдіреді де, ал сөздердің үстеме мәнді реңкте келетін түрлерінің сүзгіштен өткізгендей етіліп алынуы өлеңді нағыз бала өлеңі ете түскен.

Тіл мәдениетінің ауызекі сөйлеу түріне арналған еңбектерде [11,31] ауызекі сөйлеу мәдениетін қалыптастыратын коммуникативтік жағдайлардың бастылары ретінде, біріншіден, пікір айту, яғни сөйлеуші мен тыңдаушының жүзбе-жүз отырып, сөйлесуі үстінде болатыны, екіншіден, пікір айту диалог түрінде, яғни екі немесе бірнеше адамның қатысуы арқылы жүретіні, үшіншіден, пікір айту

ешқандай дайындықсыз, *емін-еркін әңгіме үстінде құралатындығы* сөз болады. Осы үш шарт ауызекі сөзге бірдей тән болғанмен, оның лексикалық, грамматикалық ерекшеліктерін қалыптастыруда жағдаят (ситуация) барысында туындайтын соңғы екеуінің мәні ерекше бөлініп айтылады. Осы кітаптағы «Торғай, саған не керек?», өлеңі кішкентай баланың ана торғай мен ана қарлығашпен сөйлесуі түрінде, ал «Тоқылдақ», «Қарлығаш-ау, қарлығаш» деген өлеңдері екі адамға автордың өзі араласуы тұрғысында берілген.

– Торғай саған не керек?

– Маса,

Сона,

Көбелек.

Жем шашсаң да теремін

Бөбегіме беремін.

Бір-біріне жақын екі адамның екі ауыз сөзіне автор үлкен идеяны сыйғызған. Ақынның сөз кестесі екі сабақ жіппен өрілген. Бірінші сабақта баланың сауалы, екінші сабақта ана торғайдың жауабы. Көріктеу құралдары мен көркемдеу тәсілдерін қолданып, таныту жоқ, екінші сөзбен айтсақ, ақын поэзиясының мазмұн мен сол мазмұнның тілдік көрінісін – тілдік механизмін зерттеу қажет емес. Жеке суреткердің идеостилін тануда автор осындай тәсілді баланың өзіне, не өз ойыншығына тіл қату тұрғысында да жасайды. Тіл қату тақпақ түрінде айтылуға икемді, сондықтан да мектеп жасына жетпеген бала қолына алған ойыншығын аялай отырып, тақпақтап сөйлеу арқылы сөйлеуге, сөйлей отырып, тамашалауға, сүйсінуге үйренеді.

М. Жаманбалинов өлеңнің әрбір жолында интонациялық мәнерлілікті бала жасына шақтап құрады. Жоғарыда талданған «Тазалық» өлеңі – тез жатталатын жаттамаққа жатады. Баланы аялау, еркелету әуенімен балаларды еркелете, ойната жазылған төмендегі жаттамақтарының тілі де ерекше.

Құлын, Құлын

Құлыншақ,

Желкілдейді

Тұлымшақ.

Маңдайында –

Жұлдызы,

Құйрығында –
Құндызы.

Балалардың өздері сияқты ойынқұмар, жедел қимылды жануарларды сипаттағанда, ақын сөздерді қысқа да нұсқа қылып алады. Өлеңде құлыншақты суреттеген бірде-бір анықтауыш мүше жоқ. 7 заттық мәнді сөздер мен бір ғана етістік тұлғасындағы қимылды білдіретін сөз ғана бар. Мәтіндегі барлық сөз саны – 9.

Анасының баласына ренішпен сөйлегенін көрсететін төмендегі өлең тіліндегі тұрмыстық қарым-қатынастағы сөздердің ырғақ жасауы нанымды:

*Қарайды ана асыға:
– Қағазды мұнша жұмарлап,
Керуеттің астына
Тығып қойған кім ұрлап?*

*– Ей, Нұралы, мынау нең?
Жата ма екен өтірік,
Бүгінгі жыртып ұрлаумен
Жойыла ма екілік?»*

Баламен осылайша сөйлескен ананың күнделікті өмірдегі сөзі мен бала ұғымына өте жеңіл, бала сөзін дәл жеткізетін осы қолданымдарды «Ақынның бала тілді қолданымдары» дей аламыз. Бірінші өлеңде «кірлеп кету» мен «аппақ болу» тіркестерімен алынған антитеза құраған тіркестер, «Қандай жақсы» делініп келетін таңдануды білдіретін ауызекі тілдегі қолданымдар - бала тілінде жиі айтылатын тілдік құралдар. Ойымызды дәлелдей түсу үшін төмендегі бір синтаксистік тұтастықта берілген бала сөзіне құрылған бір шумақтан тұратын «Танып қойды мұғалім» атты ақын өлеңіне назар аударалық:

*«Десем де «өзім шығардым»
Апа, сенің қолыңды,
Танып қойды мұғалім,
Есепке екі қойылды»,-*

деп жайсыз хабар жеткізген бала тілі ақынның өмірде болып жататын тұрмыстық сөйленімдерді тиімді пайдалануы. Бала жергілікті сөйлеу тіліндені *апа, мұғалім* деген сөздерді қолданады, *қолыңды* сияқты

зат есімнің екі түрлі тұлғасындағы атауыш сөзді қойылды секілді етістіктің ырықсыз етіс тұлғасындағы қимыл атауымен ұйқастырады. Ағаш қаламның: «Автоқалам сорлы ~~бой~~. Немен жүрек жалғайды. Мына мені айт, соңымнан сиясауыт ~~қазыпайды~~», – деп мақтануын да бір-ақ шумақпен жеткізіп, оқушы бала әрекеттеріндегі кейбір шалыс тұстарды сипаттап, талдауға мүмкіндік береді. «Әйтпегенде», «мынау нең», «көкешім», «бүйтіп», «сорлы» сияқты қолданымдар сөйлеу еркіндігі сақталған ауызекі сөйлеу тілі құралдары.

Алдыңғы мәтіндерге қарағанда, төмендегі сатира жанрында жазылған мәтіннің тілі күрделірек. Екі шумақ өлеңнің тілі автордың өз тілі, бала тілін жеткізіп тұрған жоқ. Сондықтан да ол мәтінде халықтық «Немен жүрек жалғайды» деген фразалық тіркес бар. Егер бұл ойды автор бала атынан жеткізсе, «немен тамақтанады» сияқты тіркесті алған болар еді.

«Кішкене оқиғалармен үлкен ойларды уағыздайтын, ойнақы да күлдіргі мазақтамаларды, бала тілімен жазылған бал жырларды тамаша жырлаған ақындардың бірі» делініп [33] берілген баға өте дәл баға.

Туған жер табиғат тамашалары да ақынның ажырамас тақырыптарының бірі, оны суреттеуде де ақын «Табиғат қандай?» деген сын есім сұрағына жауап беретін баланы елестетпейді, өлең мазмұнында балаға оны қызықтыратын, оларды шат-шадыман ететін синтаксистік тұтастықтар құрайды:

Күркіреді күн, күн...
Терезелер шың-шың.
Жауды жаңбыр топ-топ
Шелек-шелек көп-көп!
Жон арқанды тос, тос!
Күнбағыс, тез өс, өс!
(«Күркіреді күн, күн...»)

Қара сөзге айналдыратын болсақ, «Күн күркіреп, терезелер шыңылдап кетті, шелек-шелек жаңбыр жауды, арқанды тосу керек» деген ойды баяндап қана қоймай, автор баланы күннің өзімен, күнбағыспен тілдестіріп қояды. Орыстың «Дождик-дождик, поливай, нам работу не давай!» өлеңінің ойнақы сарыны өлеңде ғажап естіліп тұр.

Жануар түлектерінің ширақ қозғалысын беретін еліктеуіштерден жасалған етістіктер балаларға қиындықсыз еркін қабылданады.

Қутың-қутың,
Қутыңдап,
Тықылдаған тұяқты,
Жүгіргенің бұлтындап,
Би билеген сияқты.
Биле, биле,
Билесең,
«Кірем» дейсің үйге сен,
Қамап сені қоймас ем.
Гүлдеріме тимесең.
(«Лағым»)

Еліктеуіш сөздердің қайталануы сәбилердің көз алдына елестетумен қатар, сол таныс дыбыстарды өз құлақтарымен естігендей әсер қалдырады.

Бақа, бақа, бақ-бақ,
Таңдайлары тақ-тақ,
Бәрі бірдей
Тақпақ
Жатқандай-ақ жаттап.

Қаратпа сөздер (*Құлын, Құлын, Құлыншақ, Бақа бақа*) бала назарын нысанға ерксіз дәл аударса, қайталама еліктеуіш сөздер (*шың-шың, топ-топ, топ-топ, қутың-қутың, бақ-бақ*) ненің қандай әрекетті қалай жасап жатқанын әсерлі жеткізіп, қимыл-қозғалысты әуенімен жеткізіп тұр. Барлық өлеңде де сөзге жан бітіріп тұрған тәсіл – осындай кейде кезекті, кейде жалғасты болып, біркелкі қайталанып келетін осындай ұйқастар.

М. Жаманбалинов – балаға жыр жазғанда бірге қуанады, бірге ойнайды, бірге ойланады, бірге қамығады. Осындай бала жанына тән сезімін жеткізуде одағайларды пайдаланады. Мысалы: «Аңқау аю» өлеңінде «Шөткеме, ойбай, жан бітті» деп айқай салатын бала сөзі диалогты бала тілімен дәл құра білетін, балаға жақын ақынды танытады. Осылайша одағайларды жиренішті жағдайларда, не қуанышты жеткізуде қолданса, ақын еліктеуіштер арқылы табиғаттағы көркем суреттің дыбыспен көмкеріле берілуін қамтамасыз етеді. «Бал бұлақ»

атты өлеңінде «Сылдыр-сылдыр...сылдырап», «былдыр-былдыр...бал құрақ», «күлім-күлім қағады», «түрлі-түрлі...» қайталама қос сөздер қолдана келіп, «Еліктейтін секілді, адамға да бұл өзі» деген жолдармен бал бұлақтың суретін көркемдей түскен.

Ал үнемі күнге қарап тұратын күнбағысты ақын кілең бейнелілікке құраған. Оны шәкірттерге ұқсатып, қатыстық сын есімдер мен теңеу арқылы суреттейді:

Ұқыптар тараған
Әдемі кекілді.
Ұстазға қараған
Шәкірттер секілді.
(«Күнбағыс»)

Мектеп жасына дейінгі және бастауыш сынып балаларына арналған көркем поэзия тілінде диалогты мәтіндер көп кездеседі. М.Жаманбалиновтың балаға жақын кейіпкерлер туралы суретті бейне жасауда диалогты шебер қолдануы байқалады. Диалогтың табиғаты авторлық баяндауға тән өзіндік қасиеттерге байланысты айқындалады, олар:

- а) кейіпкер бейнесін даралайды;
- ә) оқиға дамуын, эволюциясын көрсетеді;
- б) автордың мәселеге қосыла араласуы көрінеді.

Дәл осы қасиеттер М. Жаманбалиновтың диалогты мәтіндерінде өте айқын көрінеді. Диалогта да қаратпа сөздер көп орын алады. Қаратпа сөздерді қолдану балаларды ойға және ойынға бірден жетелеу, бала назарын нысанға тез аудару қызметін атқарады. «Сөйлем стилін түрлендіруде қаратпа сөздердің де қызметі ерекше, олар сөйлемдегі басқа сөздермен синтаксистік байланыста айтылғанмен, мағыналық байланыста жұмсалып, ойды тартымды, әсерлі, дәл түсіндіруге үлкен қызмет етеді» деп берілген «Қаза тілінің стилистикасы» оқулығында. Диалогты мәтіндерде сол сияқты реплика, ремарка, авторлық баяндаулар қайталанып келіп отырады. Балаларға арналған диалогты мәтіндерінде авторлық қайталаулардың төмендегідей түрлерін кездестірдік. Бұл мысалдарда М. Жаманбалиновтың балалар психологиясын әр түрлі жағдаяттарға қатысы тұрғысынан жақсы беруіне байланысты өлеңді нанымды жеткізгені байқалады. «Сұрақ пен жауап» өлеңіне назар салайық:

- Атың кім, балақай?
- Салақбай.
- Қайдан келесің?
- Сабақтан.
- Қандай баға алдың?
- -?
- Неге үндемей қалдың?
- Сонша неге қысылдың,
Ә, енді түсіндім...

Өлеңнің толық ашылмай қалған негізгі идеясын автордың авторлық репликасы жеткізуі керек еді. Бірақ олай емес, осының өзі өлеңнің бағасын арттырып тұр. Баланың аты да Салақбай, оқуға да салақ қарайтыны емеурінмен жеткізілген. Ал осы әдіспен жазылған «Қаратай» өлеңінде де реплика тіпті жасырын тұр. Тыңдаушы өлең соңында еріксіз жымиып, өзі-ақ сол репликаны айта салады. Өлеңнің мәтіні:

- Қазақсың ба, балақай,
- Жоқ, жоқ, жоқ!
- Қырғызсың ба, балақай,
- Жоқ, жоқ!
- Енді кімсің, балақай,
- Қаратай.

– Е, жарадың Қаратай болсаң, болғаны, Онда қара қазақсың ғой? Немесе: – Е, сен қай ұлт екеніңді білмейді екенсің?- деген сияқты тағы да басқа ой-тұжырымдар айтылады, ал автордың аңғартқаны - өжет, өз жауабын өз атынан сенімді беретін болашақта бір тұлға өсіп келе жатқанын байқату. Ақын қолданған әрбір қаратпа сөзінің артында бір-бір ой жатады. Ақын диалог ішіндегі «жоқ», «иә», «бар» сияқты модаль сөздерді толық бір сөйлемнің орнына қолданады. Ақынның «Жоқ, жоқ, апа..» атты өлеңі осыны дәлелдейді:

- «-Болғанмен күн шуағы,
Жылынған жоқ су әлі.
Үйден шықсаң етіксіз,
Ауырасың өтіп сыз,
– «Жоқ, жоқ, апа, суға мен
Түсем жылы пимамен.»

«Бозторғай» өлеңінде бала: «Бозторғай, бозторғай, Жыршы құс жезтандай, Неге ән салғанда, Самғайсың шырқауға!» деген жолдардың әсерлі болу себебі - оған берілетін жауаптан да байқалады.

– Жырлаймын көрікті,
Жер әсем,
Көл әсем!
Жырлаймын ерлікті,
Өрлікті ересен.

Қайталаулардың екі түрлі орайда эмоциялы - экспрессивті рөл атқаратынын бұрыннан айтылып келді. Ал М. Жаманбалиновта жол сайын қайталанатын *анафора*, *эпифора* ғана емес, қайталама сөздер, қаратпалар бір жол бойында жиі кездеседі. Олардың біз бірнеше түрде келуін төмендегідей жүйеде көрсетуді жөн көрдік:

1. Қайталап сұрау, бір нәрсеге қарсылық білдіру мақсатында: Күші ме? Күш жоқ...; Бұлбұл қиқылдамайды, Қырғи қиқылдайды.

2. Автордың ерекше көңіл-күйді жеткізу қызметінде: «Балғын-балғын балалар саялайды бұлақта», «Түрлі-түрлі, не түрлі, Бар-ау қызық мінезі», «О, керемет, керемет», «Керемет-ау қайындар, керемет-ау теректер»;

3. Бір жайтқа назар аударту үшін: «Қызық екен көл деген, Қызық екен су деген», «Қыс келді, Қыс келді» Үкіге, қоянға...» т.б. ;

4. Мәтінге ырғақ, әуен, үйлесім туғызу мақсатында: «Біз қандаймыз, қандаймыз..», «Дауыл, дауыл, дауылда ..»;

5. Әңгіме үстіндегі кейіпкерлердің психологиясын, мінез-құлқын, қуаныш, реніш сезімдерін жеткізу үшін: «-Басым, басым...ох, тамағым...»; «Сары масам, Сары басты, Көрмедім сендей қаңғыбасты!».

6. Қаратпа сөздердің қайталана айтылуы, өзіне тура назар аударту мақсатында; «Үскірік-ау, үскірік, Қалайсың сен қалайсың?», «Шаң-шаң қылып жер-көкті, жұлқып-жұлқып қақпаны...»;

7. Мен кейіпкердің тұжырымдап, нандыра, нақты сөйлеуін жеткізу мақсатында: «Мен қоянмын, қоянмын, Ұзын сирақ ноянмын»

8. Әр кейіпкердің ерекшеліктерін санамалап көрсету мақсатында: «Төрт етікті қоянға, төрт етікті кірпіге», «Бір көбелек Алма гүлі үзілген», «Бір көбелек Көк моншағы тізілген...»,

Еліктеуіш сөздер мен одағай сөздер қолданысындағы стильдік ерекшеліктер Жаманбалиновта жиі кездеседі. Қаратпа сөз орнына шақыру, жекіру одағайларын ауыстыру кейіпкер мінезіне автор қатынасын, көзқарасын білдіреді.

- Әй, ұят-ай,
Әдепсіз боп кеттің-ау.
Ұстазыңмен міз бақпай,
Амандаспай өттің –ау!

Ақын даукес, лас, мақтаншақ балаларды назарынан тыс қалдырмай, зекіп, жекіріп, өткір сынға алады. Даукес Көшектің бейнесін ақын:

Талай-талай күлкілі,
Мінезі бар Көшектің.
Дауласады жылқыны
Папасы деп есектің, -

деп бір-ақ ауыз өлеңмен берсе, «Ласбай» өлеңінде:

«Ласбай бүгін ботқа жеді, -
Дәу қасықпен соқпақ еді...
Бәрімізден бұрын жеді,
Әуелі, бірақ
Ауызы емес, мұрын жеді...
Турасын айтсам – шашы жеді.
Маңдайы мен қасы жеді», -

деп әрі лас, әрі ашқарақ баланы көз алдына әкеледі. Өлең соңы:

Мұрат көріп қап,
– Ей, Ласбай,
Үйінде көже қалды ма? –

деді, – деп түйінделеді. Ал «Қап» деген өлеңінде мақтаншақ Ожар атты баланың бейнесін келісті жасайды. «Менің сумка мықты» деп, достарына сумкасын сілтеп, «күш» көрсеткен Ожар көп ұзамай «көк сияға шылқыған кітаптары мен дәптерін» көргенде «Қап!» деп санын соғады. Ақынның осы өлеңдерін оқыған кез-келген оқушы Көшек, Ласбай, Ожарлардан жиренері сөзсіз...

Қорыта айтқанда, ақынның мысалдары мен мазмұнды өлеңдеріндегі сөз қолданыстары кейіпкердің мінез-құлқына байланысты тілдік құралдардың ерекше тұлғаларымен берілген және олар

ақынның баламен сөйлесуі түрінде немесе балалардың өзара сөйлесуі түрінде беріледі. «Маған бірнеше айқын да дәл нақты да өткір ой түйінін айтып алып ол сөзінің соңында: - Еш уақытта ұмытушы болма, қарағым, балалар жазушыларының кітаптары арқылы әр бөбек оқуды ғана емес, сөйлеуді де, ойнауды да, сезінуді де үйренеді... – деп еске алады С. Михалков С.Я. Маршакпен кездесуін. [8;109]. М. Жаманбалинов сыншы-әдебиетші С.Сарбалаевтың «Сөзстан» кітабында жинақтап, қазақ ақын-жазушыларына жеткізген осы әңгімелерді еске ұстанған сияқты. Ол егеменді өз еліміздің бөбектері мен оқушыларымен сөйлесе отырып, сөзбен ойын ұйымдастыру мен балаларды мағыналы шешімге келтіре алудың небір шебер жолдарын тапқан ақын. Бұл ойымыздың айғақты дәлелі – ақынның 1987 жылы «Жалын» баспасынан «Дятель-врач» [43], «Солнечный день» [44], деген атпен шығамаларының орыс тілінде жарық көруі. Кітаптың кіріспе бетінде: «Веселые стихи и сказки детского поэта Мубарака Жаманбалинова Расскажут о разных, смешных и серьезных историях, которые произошли в лесу, дома и в школе» деп жазылған. Өлеңдер мен ертегілерді орыс тіліне аударғандар орыс балалар әдебиетінің өкілдері Д. Приймака, В. Макрова, Р. Тамариалар. Кітапта бірыңғай мектеп жасына дейінгі балаларға арналған туындылар жинақталған. Қазақ балабақшаларының оқу бағдарламаларына әлі күнге дейін енгізілмей келе жатса да, тілінің қарапайымдылығымен, көңілді оқиғаларының сергек те ойнақы мәнермен жазылуымен ерекшеленетін «Бала пілдің қалаға саяхаты», «Тырна мен жираф», «Есер ханның өмірі мен өлімі» атты ертегілерді орысшаға аударған Р. Тамарина оларды бүлдіршіндерге сәтті ұсынып, қабылдата алған.

«Балалар ақыны – бақтияр қаламгер» деп басталатын М. Әлімбаевтің ақын Мүбәрак жайлы пікірі бірегей пікір. Олай болатыны ақын лабораториясына қарап отырсаңыз, өзіне табиғат берген бақытын ақын бірде жүргізіп, бірде тыйып отырады. «Мыңдаған, он мыңдаған, бәлкім жүз мыңдаған кішкентай оқырманның ілтипатықыласына татыған тамаша жырдың иесі болу - әрине – бақыт. Мүбәрак сондай бақытқа ерте кенелген егде таланттардың елеулілерінің бірі. Ол – бірден жүйрігін жаңылыспай таңдай білген азамат. Сол арқылы тек қазақ балалар поэзиясынан берік орын тепкен бірегей махаббат иесі!» [13,192]. Жерлесі әрі Новосибирь жерінде жүргенде өз орта-

сына шақырып, балаларға арнап қана жыр жазуын сұраған қаламгер інісі М. Жаманбалиновқа «Балдырғанның» жыр атасы осылай баға берген еді.

«Айнабұлақ» жыр бұлағын ағызғанда неше жаста еді, ал қазір дәл сексеннің сенгірінде. Соңғы, соны кітабының аты «Ашық күн». Ал үлкендерге, ауылдас құрдастарына арнап жазған жыр жинағы «Ақшам» деп аталады. Осы екі еңбектің арасындағы жекелеген жинақтардағы жырларды сараласақ, тақырыпты ақын таңдамай, әр заманның баласы таңдаған сияқты. Ал сөздеріне қарасақ, бал тілі де, бала ойы да өсіп қалғандығымен ерекшеленеді. Бұл – бір. Екіншіден, М. Жаманбалинов жыр жолдарын тудырғанда баланың байқағанын, баланың қиялын мазмұнға салып отырғандай. Мысалы, орыстың әрі психологы, әрі тіл ділмәрі, балалар тілін зерттеуші Корней Чуковский «От 2-х до 5-ти» атты кітап жазып, балалар тілі алдымен поэзия тілімен қалыптасады, олар ойнап, секіріп жүріп жыр-өлең, санамақтар тудырып жататындығын талай байқап, талай мысалдармен дәлелдеген. Ақын лабораториясының біркелкі жинақталған тақырыпты қамтымайтындығы, өлеңді жоспарлап жазбай, сәті түскенде, орайы келгенде тудыра салып отырғандығы әр түрлі тақырыптардан байқалады.

«Мүбәрак аз да жазған жоқ, көп те жазған жоқ. Аптықпай еңбектенді, татымды дегенін ұсынды. Қолына түскеннің бәрін көк базарға сүйремегенін мен алыста жатып-ақ сезіп жүремін. Тек, осылай, өзіне қатал қараған қаламгер ғана, халықтың құлағына жағар құнды сөз табады.

Өзгемізден гөрі Жәнібек Кәрбозин мен Мүбәрак Жаманбалинов екеуі класс ішінен керектіні іздеген, көбінекей тапқан педагог – ақындар.», - жазды өзі тәрбиелеп өсірген ақын інісі жайында М. Әлімбаев [13,192].

Айтса, айтқандай, біздіңше, Мүбәрак атамыз педагогтық еңбектен ажырағанша, әр жастағы балаға жырды толассыз жазған. Тіпті бүлдіршін жастағы балаларға арналған шығармаларының тіліне де қарап отырып, М. Жаманбалинов өзінің сөз саптауын бала тіліне шақтап жұмсай алған нағыз балалар ақыны деген түйін жасай аламыз.

2.2 Ақын өлеңдерінің түрі мен тілі туралы

«1960-80 жылдардағы қазақ балалар поэзиясынан фольклорлық үлгілердің жаңаша түрлендіріле жазылған барша түрін кездестіреміз. Фольклорлық көне сюжеттерді балалар әдебиетінде тиімді пайдалану, оларды көркейте шеберлікпен меңгеру, байырғы формалардан жаңа әдеби көркем үлгілер жасау – М. Әлімбаев, Қ. Мырза Әли, Ә. Дүйсенбиев, Ж. Смақов, Ж. Кәрібозин, М. Жаманбалинов, Қ. Баянбаев, Е. Өтетілеуов, А. Асылбеков, т.б. суреткерлердің басты ерекшелігі. Осы кезең қаламгерлерінің шығармашылық ізденіс-жаңалықтары балалар әдебиетінің жұмбақ, мақал-мәтел, жаңылтпаш, мысал, өтірік өлең сияқты жанрлық түрлерінің структуралық-формалық, мазмұндық, тілімдік жағынан құбыла – құлпыра жетілуі түрінде көрініс береді Қ. Мырза Әли – қай тақырыпты болса да барынша індете, өзінше құлпырта жырлауда, фольклорлық дәстүрді жалғастыруда өзінше көркем ізденісімен, жоспарлы жұмысымен таңырқатады. Оған «Жаңғалақтар», «Кішкене қожанәсірлер», «Ноян қоян», «Шымыр жаңғақ» кітаптары дәлел. Баланың әнтек қылық, тентек мінезін сын сүңгісіне ілетін мазақтама өлеңдер М. Әлімбаевта, Ж. Смақовта, Е. Өтетілеуовте мол. Сол кезеңдегі балалар поэзиясында мазақтама-мадақтамалардың жаңаша мазмұнмен, ерекше пішінмен өрнектелген формалық түрі – Е. Өтетілеуовтың «Бай! Бай» және «Пай! Пай!» аталатын бір ырғақты, бір бунақты, үш буынды өлеңдері.» [28,380].

Осы сараптамалық пайымдауда көрініп тұрған жайт – шет жерде жүрсе де отандық әдебиеттен қалыс қалмаған М. Жаманбалиновтың өзінің әдеби қаламының шыңдалу ортасының мықты болуы. Еңбектің тыңғылықты болуын қалайтын қаламгер өз тұстастарынан бір қадам да артта қалмады. Дәл осы кезеңде Мүкең қазақ балалар әдебиеті тілін тыңайтты, түрін жаңғырта алды. Алдымен балалар поэзиясында ауыз әдебиеті фабуласын, сөз қолданысын, дәстүрлі көркемдік ерекшеліктерін сақтай отырып, балалар түсінігіне, психологиясына бейімдеп, ұғымды пайдалануда ойын өлеңдерді, сұрақ-жауап түріндегі жырларды дамытқаны айқын көрінеді.

М. Жаманбалиновтың жыр зертханасында санамақ, бесік жыры үлгісіндегі жырлар бірден келген жоқ. Мұның себебі- Мүкеңнің балаға

арнаған жырларын бастапқыда мектеп қажеттігіне жаратқандығынан деп ойлаймыз. Халық даналығынан М. Жаманбалинов алдымен бала ақыл-ойын, танымын, ой ұшқырлығын дамыту мақсатымен жұмбақтарды қолданады. Жұмбақ – бейнелілігімен, қысқалығымен, нұсқалығымен, ойнақылығымен ерекшеленетін белгілі бір поэтикалық пішінге негізделген көркем әрі ойлы «сұрақ». «Жалпы жұмбақты – сөз образының кілті есебінде тануға болады. Жұмбақ – ақындықтың ұрығы, дәні тәрізді...», – дейді М. Әуезов [1, 140]. Демек, өзі жасырып тұрған құбылысты не затты көркем тілмен, дәл әрі нақты жеткізетін, өзін тудыратын ақыннан ізденімпаздық пен ой ұшқырлығын талап ететін шағын жанр. Осыған орай балалар ақындарының көшін бастаушысы М. Әлімбаевтың да айтқаны бар: «Танымдық мәні бар нәрселерді кішкентайларға поэзиялық шығарма арқылы ұсынған жемістің көп пайдасы бар» [2;52]. Бұл бағытта Мүбәрак ақынның алпысыншы жылдары жазылған өлең кітаптарында («Айна бұлақта»-9 жұмбақ, «Сәлемде» -8 жұмбақ, 3 шарада, 5 жасырынған сөзді «Ұйқасын тап» деп аталатын сөзжұмбақ, «Ертіс лебінде»-9 логогриф»; «Толқында» -26 жұмбақ, 3 шарада, 6 санамақ, 6 жаңылтпаш) мектеп баласына арнап өлең жазумен қатар, жұмбақтар, шарадалар, логогрифтер, жаңылтпаштар сияқты балалардың көркемдік әлемін ғана емес, сонымен қатар, ойлау қабілетін, таным белсенділігін арттыратын шығармалар жазғанын айта аламыз. Мысалы: «Өзім судан өнемін, суға салсаң, өлемін.» (Тұз), «Өзгеге «киін» деймін, өзім киінбеймін» (Тігін машинасы), «Алыстан «Айдын көл» дейсің, жақын барсаң көрмейсің» (Сағым), «Ну орманда құйғытады, көтеріп ап қу бұтаны.» (Бұғы). Бұлар халық ауыз әдебиетінің ізімен заман талабына сай өмірдің сан алуан саласын қамтитын түрлі жұмбақтар. «Бұл қандай балықтар?», «Бұл қандай әріптер?», «Бұл қандай құстар?» деген аталымдармен келетін шағын етіліп, баланы еріксіз сөзді ойлап табуға жетелейтін шығармаларда балалар заттардың қарапайым сипатымен ғана таныстырылып қоймайды, оның суретін бейнелі түрде қабылдай алады:

Бір ісім жаман,
Жүрісім шабан.
Табандап қалам,
Тым да ...
(табан)

Бөлеймін ұшсам,
Аспанды жырға.
Мен болам асқан
Сида құс...

(тырна)

Орыс және батыс әдебиеттерінде бар шарада, логогриф, метаграмма сынды сөздік ойындарды ақын жазба балалар поэзиясына көркем түрде енгізе білді. Бұл жанрлардың поэзияға енуіне мұқтаждықтан және «Балдырған» журналының редакторы ретінде атқарып отырған қызметіне орай талап еткен Мұзафар Әлімбаев болатын. Шарада, логогриф, метаграммаларды автор өзі жазып қана қоймай, түкпілдікті мақсаты осы жұмбақ түрлерін өзінен кейінгі ақындарға үлгі-өнеге ретінде көрсету, сол арқылы қазақ балалар поэзиясын жаңа жанрлармен толықтыру еді. Осы үрдісті дер уақытында іліп алып, тәрбие құралына айналдырған М. Жаманбалинов екендігі оның 50-80 жылдар аралығында шығып үлгерген, біріне-бір ұқсмайтын, бірін-бірі онша қайталай қоймайтын, балалар өлеңін түр жағынан да, тілі жағынан да дамытқан өлең кітаптары айғақтай алады.

Ол нағыз балалар шығармашысы ретінде шарада, метаграмма түрлеріне *адасқақ әріптер, адас атаулар* сияқты шағын жыр үлгілерін қосты. Мысалы, 1979 жылы «Жалын» баспасынан шыққан «Толқын» атты өлеңдер жинағында жаттамақ-ойын өлеңдер («Жуын, жуын, жуынсақ»), «Дауыл», «Қызық ойын»), алғаш рет санамақтар («Жаттаймыз», «Бақа», «Баға», «Бесеу», «Беске биыл қараймын»), жұмбақтар (7), шарада логогрифтер (3), мысал өлеңдер (16), мазмұнды келген, ойынды сөзбен құруға бағытталған ойын өлеңдер (4), диалогқа құрылған ойын өлеңдер (5) және ертегілер сияқты балалар поэзиясының жанрлары қамтылған.

Енді ақын шығармашылығындағы балаларға арналған бала тілін дамытуға ықпалы зор, өзіндік жаңалығы бар сөздік жұмбақтар мен тапсырмаларды қарастырып көрелік. *Логогрифтер* дегеніміз сөзге дыбыс, буын қосу немесе алу арқылы жаңа сөз жасайтын жұмбақтың түрі. Демек, логогрифте жұмбақтың шешуі кем дегенде екі-үшеу болады. Жұмбақтың алғашқы бөлігі бір сөзді, ал екіншісі бөлігі сол алғашқы бөліктің шешімі болатын сөзге дыбыс қосу немесе алу арқылы жасалады. Логогрифті шешкенде, ең бастысы -

алғашқы сөзді тауып алу, өйткені келесі жасырынып тұрған сөзді сол арқылы анықтауға болады. Логогрифті шараданың бір түрі деп те қараймыз. Оны құрастырушылардың қатарында Цицерон мен Апулей болғандығына байланысты, ең кіші жанр ретінде ежелден қалыптасқандығына көз жеткіземіз.

Екі жағым «н» болса,
Қасиетті тағамыңмын.
Екі жағым «а» болса,
Ең қадірлі адамыңмын.

Логогрифтің бастапқы екі жолында алғашқы жасырынып тұрған заттың сипаты берілсе, келесі екі тармақта сол табылған сөзге әріп қосу арқылы пайда болған өзге заттың қасиеттері, қызметі сипатталады. Логогриф жауабы –нан және ана. Логогрифтің алғашқы бөлігінде жұмбақталып тұрған нан сөзін табу бала үшін көп қиындық тудырмайды. Жұмбақты шешуді келесі деңгейі - алғашқы бөліктен табылған «нан» сөзіндегі «н» дыбысына өзгертіп екі «а» дыбысын қосу арқылы ең қадірлі адамды табу. Сонымен, логогрифтер бала зейінін, дүниетанымын, аңғарымпаздығын жаттықтырумен қатар, оның сөздік қорын да молайта түседі. Мысалға кітапта шарада делініп берілген, негізінде логогрифке жататын мына шумақтардың мектеп жасына дейінгі баланың сөз қорын дамытуға, сөздердің дыбыстық ұқсастықтарын байқатуға пайдасы мол.

Бастапқы әрпім «қ» болса,
Моп-момақан бір малмын.
«Қ» орнына «т» қойсаң,
Қызығы мол думанмын.

(кой-той)

Бастапқы әрпім «к» болса,
Қиядан көзің шалады.
Бастапқы әрпім «т» болса,
Көзің көрмей қалады.

(Күн-түн)

Метаграмма деген сөздік жұмбақтың түрі логогрифке өте ұқсас, ақын тілінде бұл да жеткілікті. Метаграммада мағыналары әртүрлі болғанымен, дыбыстық құрамында ортақтық бар сөздер жасырынады. Алайда, егер логогрифте екінші жасырынған сөз алғашқы

сөзге бір әріп немесе буынды қосу не алу арқылы жасалса, метаграм-
мада бірінші сөздегі бір әріп келесі сөзде басқа әріппен алмасты-
рылады. Яғни, метраграмма дегеніміз-бір әріп немесе дыбыспен
ғана ерекшелінетін сөздер. Метаграммалар атау септігінде тұратын
зат есімдерді жұмбақтайды. Сондықтан шешуі «күн мен түні»
болғандықтан сөздік жұмбақ логогриф емес, метаграмма.

Сөздік жұмбақтардың қазақ баласын логикалық ойлауға мәжбүр
ететін сөз бен сөздің, тіпті тіркестердің айтылуы, дыбысталуы
жағынан ұқсас келетінін білдіретін М. Жаманбалиновтың «Бұл қай
әріптер?» және «Әріп қатесі» деген аталыммен мектепке баратын
балаға бас әріптерді танытуға және мектеп оқушысына сөз қателерін
іздеттіретін логогрифтің жаңаша, авторлық үлгісі 1970 жылы жарық
көрген «Менің інім» атты кітабына жарияланған. «Екі аяққа ұқсаған,
тобығынан тұсалған.», «Екі «К» кеп күресті, арқаларын тіресті»,
«Қатар тұрған қос қазық, қол ұстасқан достасып.», «Жалғыз таяқ
боп тұр, төбесінде доп тұр.», «Шеңберді әкеп алаңға, байлап қойдым
бағана.» – осылайша сандардың сыртқы сипатын береді, ал оларды
үлкендер «А», «Ж», «Н», «І», «Ю» деп бүгінгі заман талабына тән
балаларға індете іздестіру тәсілімен шешкізеді. Баспаға дайындаған
соңғы бір жинағында балаға әріптердің бас баспа әріппен жазылуын
сипаттайтын сөздік жұмбақ өлеңдерінің саны 33-ке жеткен. «Айрыл-
мас достай-ақ, айқасып тұр қос таяқ», «Тап сақина секілді ем, Оң жақ
бүйірім кетілген», «Тістері тарақтың, жоғары қарап тұр», «Қарны тоқ,
басы жоқ» деп келетін жұмбақтардың мектепке дайындалып жүрген
баланы сөйлем мағыналарына ой жүгіртуге әкеледі, алғыр балалар
бірден ол жұмбақтардың жауабы Х, С, Ш, Ы-жіңішкелік белгісі екенін
тез аңғарады. Ақынның баланы сауат ашуға жетелейтін осы сөздік
жұмбақ өлеңдер- мультфильмнің, суретті кітапшаның бірегейі бола
аларлық балдырғандарға қажет дүниелер.

Метаграмма шалыс ұйқаспен үйлескен 8 тармаққа дейін еткізіліп
те тұрады. Әрбір екі тармақ бір затты жұмбақтап тұрады. Әр құбылыс-
ты сипаттайтын алғашқы тармақтар сөздің қай әріптен басталатын-
дығын айтып, балаға бағыт сілтеп отырады. Жұмбақ шешуін табу
балаға көп қиындық тудырмайды, өйткені метраграммада жасырын-
ған сөздер баланың күнделікті естіп, көріп қолданып жүрген заттары.
Оның үстіне жасырынып тұрған төрт сөздің бірін тауып алудың өзі

жеткілікті, бала сол арқылы қалғандарын да шеше алады. Бұл сөздік тапсырмалар да бала логикасын дамытуға өз үлесін қосады. Енді *шарада* сияқты сөздік жұмбақтардың келесі бір түріне тоқтала кетейік. «Әдеби терминдер мен ұғымдар энциклопедиясында» логикалық тапсырмалардың бұл түрлеріне төмендегідей анықтама берілген: «шарада (фр.charade)- күрделенген жұмбақтың бір түрі: жасырынатын сөз (көбінесе буынға бөлініп) жеке мағынасы бар біренеше бөлікке бөлінеді және олардың әрбіреуі, кейін жұмбақталатын сөз толығымен перифраз арқылы сипатталады» [22;67]. Бастауыш сыныпта төмендегі шараданы ұсынып, балаларды сөздің құрылысына назар аудартуға болады:

Оңға қарай
Оқысаң да - бір халық.
Солға қарай
Оқысаң да – бір халық.
Бір буыным-құс,
Бір буыным-түс.

Анықтамада көрсетілгендей, өлеңдегі «буын» сөзінің орнына «бөлік» сөзін қоюға болушы еді. Шарада алдымен мағыналары бар бөліктерге, сөздерге құрылады.

Бір сөзбен айтқанда, шарада-жұмбақтың күрделенген түрі. Ең алдымен, жасырынған негізгі сөздің жекелеген бөлшектерінің шешімін тауып алу қажет, одан кейін сол жекелеген бөліктерді біріктіру арқылы шарададағы негізгі сөз анықталады. Шарада деген сөздік тапсырмалардың өзі кем дегенде екі деңгейден тұрады: алғашқы сатысы- жекелеген сөздерді табу, соңғысы-сол сөздерден құралған ұғымның атауын табу. М. Жаманбалиновта шарада аз, оның орнына метаграмма мен логогрифтер әріптерді, буындарды ауыстыратын тәсілдер жиі қолданылған.

Ақынның бүлдіршіндерге беретін сөздік тапсырмаларының бірі – *адас атаулар*. Балалар адас атаулар табу арқылы сөздік қорын молайтады және омоним, көп мағыналы сөздермен танысады, әрбіреуінің мағынасына жете мән беруге дағдыланады. Сөздік тапсырмалардың бұл түрі баланың ана тілін жетік меңгеруіне, оның тереңіне үңіліп, тұнығына бойлауына жәрдемдеседі.

Бала дыбысталуы бірдей болғанымен, мағыналарында кейде аздап айырмашылық, кейде мүлде сәйкессіздік бар сөздермен танысу арқылы тілдегі көп мағыналық (полисемия) пен омонимия құбылыстары жөнінде мәлімет алады. Бұл құбылыстардың бір емес екендігін сөздік жұмбақтардың мұндай түрлерін шешу барысында бүлдіршіннің өзі де байқайды. Осыған байланысты адас атауларды жасыратын жұмбақтарды да екіге бөліп қарауға болады. Оның бір тобымағынасында ұқсастық, ортақтастық бар көп мағыналы сөздер нысана болған жұмбақтар мен дыбысталуы бірдей болғанымен, мағыналары мүлде әр түрлі болып келетін омоним сөздерді жұмбақтайтын сөздік тапсырмалар. Көптеген қаламгерлердің шығармаларында *қарама-қарсы сөздер* топтамасындағы жекелеген шумақтар өлең формасында келеді де, бүлдіршін назары өлеңдегі қарама-қарсы мағынадағы сөздерге аударылады. Бұл бағытта М.Әлімбаев шумақтарында нақыл сөздер жиі айтылып отырады.

Еңбекшіл болсаң ерінбе,
Ауырдың өзін жеңіл де.

Қорқақты батырға санама,
Жаманды жақынға санама.

«Адас атаулар» деп атаған сөздік жұмбағы 8 сөзді жасырады, бала мазмұны келісті мәтінді оқып отырып, әр тармақтың іштей жасырған сөздерін іздестіру арқылы әрі терең ойға кетеді, әрі 16 сөздің мағынасына қанығады, әрі ұқсас омоним сөздерді танып шығады. Ал Мүбәрак Жаманбалинов осы өлең түріндегі шығармасын «Аттас сөздер» деп атапты. Омонимді қатарларды нұсқаған өлеңі мектеп баласының өміріне арналған, өзгешелігі омоним сөздерді емес, тіркесімдерді беруінде. Оқып көрелік, өлеңнің жаңалығы бастауышынып оқушысына ғибратын юморлы тілмен жеткізуінде және ұқсас сөзбен жасалған ұқсас тіркесімдерді қабаттастыра беруінде:

Әліпбек,
Алып кеп,
Базардан бір қойды:
– Әттең бұл арық, – деп,
Күрсініп бір қойды.

Мұғалім дәптерге,
Есептен «бір» қойды.
Сол үшін әпкем кеп,
Желкемнен бір қойды.

«Әріп қатесі», «Ойлан, тап!», «Ұйқасын тап» деп аталған сөздікке құрылған өлең топтамаларында ақын сөз айырмашылығын бір ғана әріп бұзып тұрған әр түрлі мәндегі сөздерді іздеткізуді мақсат етіп қойған.

«Ал табындар сөз кемін,
Жырда осындай ойын бар.
Соңғы сөзді өздерін,
Ұйқастырып қойындар», -

деп балаларды өзіне қаратып алады да ақын мектеп өміріне жақын ұғымдарды олардың өздігінен ұғынуына жол ашады. Мектепке жаңа келген оқушыны *қыркүйек, қоңырау, карта, мұғалім, парта, бестік* сөздерінің ұйқасына лайықтап жазылған суреттеме мәтін мазмұны балаларды сол сөздердің мағыналарын тез ажыратып, өзара салыстырып дереу қорытынды ой шығаруға жетелейді. Ақынның сөздерді жұмбақтайтын шығармалары сөздік қорды арттырып қоймай, балалардың байланыстырып сөйлеу қабілеттерін дамытады.

Бала танымын кеңейтумен қатар, онық акустикалық аппаратын жаттықтырып, тілін ұстартып, тіл заңдылықтарын сақтай отырып, дұрыс сөйлеуге үйретуге *жаңылтпаш* сынды шағын жанрдың орны ерекше. Халық фольклорында кең қанат жайған бұл жанр жазба әдебиетте де өз орнын тауып, жекелеген авторлар шығармашылығында кеңінен өркенін жайған. Фольклордағы жаңылтпаштар жазба әдебиетке трансформациялана отырып, көп өзгеріске ұшырамаған. Жаңылтпаштың өзіндік бір ерекшелігі – оның баланы ойната отырып, дұрыс сөйлеуге үйрететіндігінде. Ескерте кететін жайт, жаңылтпаштар – бір-біріне ұқсайтын немесе л, р сияқты балаға қиын түсетін дыбыстардан құралған сөздердің мәнсіз жиынтығы ғана емес, балаға тәрбие берудің бір құралы. Көңіл аударып көрелік:

Лақ бақ,
Баптап бақ!
Бақ лақ!
Бақ баптап.

Құр жыршыл ма?
Шіл жыршыл ма?
Сұр құр жыршыл ма,
Сұр шіл жыршыл ма?

М. Жаманбалинов жаңылтпаштарының біразы нақыл сөз іспетті. Мысалы, өзінің «Шабысты ат шалыс шаппас. Шалыс шапса, алыс шаппас» деген ақын жаңылтпашында үлкен мораль бар. Жоғарыда келтірілген шағын жанр түрінде ақыл айту, салыстыруға, салғастыруға баулу мығым болса, ал соңғы жаңылтпаш сөздерінде баланың сөйлеу дикциясын қалыпқа салу идеясы көзге түседі.

Халық поэзиясының бірсыпыра көне үлгілерін, әсіресе бөбектерге лайықтап беруде М. Жаманбалиновтың жап-жақсы ізденістері байқалады Оның «Қаз-қаз бас», «Тақпақ», «Жаңылтпаш», «Мазактамалар», «Әлди-әлди-әлди-ай», «Бақа, бақа, бақ-бақ» атты шығармалары бөбектерді тіл үйретуге, оларды ұнамсыз мінездерден сақтандыруға тапқырлығымен әсер етеді. Мысалы, «Бақа, бақа, бақ-бақ» үлгісін бала тазалығы жайлы мәселе қозғауға пайдаланады.

Бақа,бақа, бақ-бақ,
Сеніп жүрсем мақтап,
Бетің неге сатпақ?
Бақа, бақа, бақ-бақ,
Жұрт қояды мақтап.
Үстің неге батпақ?
Бақа, бақа, бақ-бақ
Жүру үшін мақтап
Болу керек аппақ!

Жанрдың ішкі мүмкіншіліктерін игере отырып, балалар поэзиясының кемелденуіне едәуір үлес қосқан ақындар ішінде өзіндік орынды М. Жаманбалинов толық иеленуіне хұқылы. Ақын өлеңдері, ой-пікір анықтылығы, жинақылық, тапқырлық, бала сезіміне әсер етер сөз ойнақылығы, бала тілін, ойын байытатын поэтикалық әдіс-амалы жағынан әсерлі, тартымды келген.

Айналадағы заттармен, жан-жануар, құс-жәндіктермен, табиғат құбылыстармен, мамандық түрлерімен таныстыратын «Құлыншақ», «Ұзын құлақ қоянмын», «Шопан», «Сурет», «Шофер», «Бульдозерші», «Шебер, т.б. шығармалары – бір-бір төбе, балаға әр жақты қиялдауға,

ойын мен ой қызығына батуына мүмкіндік береді. Автордың бала қиялына әсер ететін бейнелі образдар жасауда көркем ойлаудың барша тәсілдерін қолдана алуы дәл осы өлеңдерде көрінеді. Балаларға арналған алтыншы және жетінші талаптар, яғни сөздерден жаңа тіркестер жасап қолдану, автордың сол тіркестегі сөздердің стильдік бояуын, мағыналық ерекшелігін, жұмсалу аясын таразыға салып сараптай білуі туралы талаптар ақын шығармашылығында сақталған.

Енді бір байқайтынымыз-М. Жаманбалинов шығармашылығында дәстүр жалғастығы мәселесінің сақталуы. Ақын атаулының шығармашылық негізінің бұлақ- бастауы, өркендеу өзегі ең алдымен төл әдебиет дәстүрінен қуат алып, бүршік жаратыны бесенеден белгілі үрдіс. Шындығында да, халқымыздың сан ғасырлық рухани мұрасына айналған ауыз әдебиеті туындыларынан сусындап, нәр алу- әр қаламгер үшін қажетті, әрі маңызы шығармашылық белес. Халықтық өнерден үйреніп, оның ғасырлар тезінен өткен дәстүрін жаңғырта әрі жаңарта қолдана отырып ақын өзінің шығармашылық көкжиегін кеңейтеді. Жоғарыда талданған санамақ, жұмбақ, жаңылтпаш, ойын өлең, сөздік жұмбақ өлеңдер- балалар поэзиясында бүгіндері берік орныққан шағын жанрлар. Өзінің тәрбиелік, тәлімдік, тағылымдық, мәнін ғасырлар бойы дәлелдеп келе жатқан балалар фольклорының маңызы күннен – күнге артып отырғандығы белгілі. Өйткені фольклорлық туындылардан нәр ала, ауыз әдебиеті жанрларын өз шығармашылығында көркемдік таразасынан өткізе отырып, оларға өзіндік қолтаңба мен даралық дарытады. Фольклорлық дәстүр жалғаса отырып ақын, оны балалар поэзиясына қойылатын шарттармен, орыс және батыс әдебиеттерінің үлгілерінен алған талғамымен, осы саладағы өз ізденістерімен шебер тоғыстырып, өзіндік сара жол салды. Ауыз әдебиетінен қазіргі дәуірге жеткен тақпақтарды Ш. Ыбырайым олардың негізгі тапқырлыққа, шапшандыққа, ептілікке баулитын, қиялына қанат беріп, ойын ұштайтын, сөйтіп өз бетімен баланы іскерлікке, қысылған жерде дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелейтін түрлерін [17,8] көрсетеді. Олар *салт жырлары-бесікке бөлеу, алди жыр, тұсау кесу жыры, санамақтар, қаламақтар, төрт-түлік туралы жырлар*.

Мектеп жасындағы бала тәрбиесінде *санамақтар* үлкен маңызға ие. «Санамақтар әрі сан үйретеді, әрі дүние танытады, әрі бала-

ның қисынды ойлауы мен математикалық ойлау қабілетін дамытады. Санамақтардың түрлері көп, оның үстіне жаңадан қосыла береді», – дейді Ә. Табылдиев [36;15]. Балаларға поэзиялық туындылар арнаған І. Жансүгіров, Ө. Тұрманжановтар осы тұрмыс-салттық жыр дәстүрін ұстанды. «Әлди-әлди...» делініп өлең жолында басындағы, аяғындағы кайталауларды жиі қолдануды өз жырларында алғаш рет ауыз әдебиеті үлгісінде ұсынды. Мысалы, «Бесік бөлеу» өлеңінде І. Жансүгіров:

«Бөл, бөл бөбек, бөл бөбек,
Бөлейін бөбек, кел, бөбек...»

деген жаңа әлди түрін, М. Әлімбаев:

«Төбемдегі аспаным,
Мандайдағы жұлдызым,
Дәйім жырлар дастаным.

Күңгірт тартпас, күндізім!
Әлди-әлди, бөбегім,
Әлдилесін өлеңім», -

делініген қайырмамен келген «Бесік жырын» жазған. М. Жаманбалиновта «Тәй-тәй» делініп қайырылатын баланың қаз басқан кезеңіндегі әр сәтін сипаттайтын өлеңі бар, дегенмен, ол ауыз әдебиеті үлгісіндегі сәбиді жүргізе отырып айтылатын жыр емес. Мүбәрак ақын қаламынан санамақ жыр үлгісі, төрт түлік малдың түлектерімен таныстыру өлеңдері алдыңғы ағаларындай халық ауыз әдебиеті үлгілерінен мол сусындап, үйреніп отырғанын байқатпай қоймайды. М. Жаманбалиновтың балаларға арналған өлең – ертегілерін қарастырғанымызда, ауыз әдебиеті үлгілерін өзінше тарқата, жетілдіре алғанын байқаймыз. 1984 жылы «Ашық күн» атты жинағына енгізілген «Ата тілегі», «Бес саусағым», «Бір аптада» өлеңдерінің құрылысы мен формасы санамақтың авторлық нұсқасын жасағандығын көрсетеді. Ақын 60-жылдары балаларға ауыз әдебиетінен таныс «Бақа» өлеңіне ұқсас, бірақ ол бақадай сыртқы кейпі, отырысы, қимыл-қозғалысы жоқ, сөздерімен ғана ұқсас өз бақасын жасады:

Бақа, бақа, бақ-бақ,
Таңдайлары тақ-тақ,

Бәрі бірдей
Тақпақ
Жатқандай-ақ жаттап.

Өлеңнің тартымдылығы – таңдайлары тақылдап, тақпақ жаттап жатқан баланы елестете алуында, екіншіден, ауыз әдебиеті арқылы жаттаған өлеңнің жаңаша нұсқасы, сондықтан бұл өлең бала тез жаттап айтатын тақпақ болып танылады. «Ата тілегі» өлеңі жас та болса бастауыш сынып балаларына ата ғұрпын білсін деген тілектен туған. Өлеңнің әр тармағында бір-бір шешендік ой-тілек айтылады. Атасының қойдың басын бөлгенде, «Жақсы сөзді тыңдасын» деп құлақ, «Тілмар болсын» деп тіл, «Қырағы болсын» деп көз беріп барлығына тиесілісін бөлгенін, «Милы болсын» деп барлығына бірдей ми татырғанын ретімен жазған.

1980 жылдары балалар әдебиетінің нақты сыншысы болып табылған Қ. Ергөбеков: «Қазіргі балалар поэзиясына жетіспейтін бір көркемдік шарт – форма. Өлең қаншалық ақылды болғанымен мазмұнына формасы сәйкесіп жұтынып тұрмаса, бөбектердің қабылдай қоюы қиын», – деп жазды» [10,115]. Ауыз әдебиетінен келе жатқан санамақ үлгісінде М. Жаманбалиев төрт түрлі санамақ өлеңдер жазған, олардың мазмұны да формасы да әр жастағы балаға лайықтығы аңғарылады.

Жалпы балаға жыр арнайтын, балаларға жақын ақындар эмоциясы – ақынның баланы жақсы көру сезімі өлең әуенінен, ырғағынан байқалып тұрады.

Балабақта жаппай біз,
Санамақтар жаттаймыз.
Қай бал көп жаттаса,
Сол баланы мақтаймыз.

Мектепке дейінгі бала дәл осындай жаттауға жеңіл тақпақтарды қалайды, Санамақтың ерекшелігі-оның да тақпақтап айтылуында. Келтіріліп отырған бір шумақ өлеңді кіріспе етіп алып: «Ал, балалар, енді беске дейін саусақтарымызды сипаттай отырып, санайық!» – деп, тәрбиеші балаларға ақынның бүлдіршіндерге арналған төмендегі «Бес саусақ» санамағын жаттатуына болады:

Мынау саусақ-
Бас бармақ,
Санау содан басталмақ.

Мынау саусақ-
Сұқ саусақ,
Ақыл сөзді ұқ саусақ.

Мынау саусақ
Орған қол,
Орған қолдай болсаң бол.

Мынау саусақ
Аты жоқ.
Қатарда тұр қапы жоқ.
Мынау саусақ шынашақ...
Нешеу болды, санасақ?

Бесеу болды санасақ,
Бесеуі де тамаша-ақ.

«Баға» деп аталатын санамақ үлгісіндегі келесі өлеңінде «Бір дегенім—бір, екі дегенім – екі...» сияқты жолдар орнына «Бір» деген не? «Екі» деген не? т.с. беске дейін әр жол сайын сұралады да, әр жолда ізінше «Бір» деген- сабақтан түк білмеген. «Екі» деген бағаны еріншектер алады. «Үш» деген - әупірімдеп күштеген. «Төрт» деген – кемшілігі жоқ деген. «Бестен баға аспайды, даналыққа ол бастайды» деп санамақ аяқталады. Бірінші сынып баласына тәлімдік мәні зор санамақты, ақын жаңғыртқан жаңа санамақты қажетсіз деп айтуға бола ма? Ақын қазіргі санамақ үлгісін өзінше қырнап, бүлдіршін балаға бес саусақ атын үйретуді мақсат тұтып жазса «Биыл беске қараймын», оқушы ұғымына беске дейінгі баға түрлерін ұғындыруды («Баға»), ал орта сынып оқушыларына беске дейін санай отырып, бес ғибрат сөз айтады («Бес саусақ»).

Бас бармағым,
Бақташы бол.
Қырағы көз
Сақ малшы бол!
Сұқ саусағым
Сауыншы бол!
Өнеріңе
Табынсын ел.

Орған қолым,
Орманшы бол!
Күллі орманға
Қорғаншы бол!
Аты жоғым,
Аспазшы бол!
Өз қолыңнан
Дәм татсын ел.

Шынашағым,
Бақшашы бол.

Жемісінді мақтасын ел.

Әрине, бұл орайда айтарымыз - ақын әр жастағы балаға әр түрлі формада: балабақша баласына тақпақ түрінде, бастауыш сынып оқушысына байыппен түсіндіру түрінде, одан да жоғарырақ еңбекке, шаруашылыққа араласа бастаған орта сынып оқушыларына балаға айтылған ақыл-кеңес түрінде жазған. Жинақтай айтқанда, санамақтарды бала тілінде бастап, баламен бірге санап, баба тілінде жинақтап, данагөй ақсақалша сөйлей жазған.

«Бүгінгі балалар поэзиясының жанрлық баюы дәстүрлі формалдық жаңа мазмұнмен жаңара дамуынан молырақ көрінеді. Бұл тұрғыда жоғарыда аталған ертегі сюжеттеріне құрылған поэмаларды (Ә. Ахметов, Қ. Боранбаев, Қ. Мұқышев), бесік жырының санамақ, жаңылтпаш, жұмбақтардың жаңа үлгілерін (Т. Молдағалиев, М. Әлімбаев, І. Мәмбетов, М. Жаманбалинов, Ә. Асылбеков, Ж. Смақов) айтуға болады. Ақындарымыз сол көне формаларды бүгінгі дәуір талаптарына лайықтап, осы заманның балаларын тәрбиелеу ісіне орынды пайдаланып отыр.

60-жылдардан басталған сюжеттілік, көркемдік, әр шумақты белгілі бір оқиғаға құру, әр тармақты ұтымды ету өлеңнің образдылығы мен суретін құлпыртты. 1950-60 жылдардан бастап, балалар әдебиетінің көркем өнер ретіндегі қоғамдық-әлеуметтік мәні артты. Қаламгерлер былайғы көзге елене бермейтін бала қылығын немесе кейіпкер сезімін, көңіл-күй, эмоциясын ашуға талпыныс жасады.» Мысалы, Қадыр Мырза Әлидің «Жаз» өлеңі. Балаларға тән ондай ішкі сезім интуициясы мен интонациясы өз нәтижесін берді, жасөспірім тіліне, психологиясына сай көркем нақышты туындылар жарыққа шықты. ...60-жылдардағы балалар поэзиясында дыбыстық әуезділік арқылы эмоцияға жол ашу, сюжет желісінің көркемдігімен өлең құрылысын сәулеттендіру Қ. Мырза Әлидің, Ә. Дүйсенбиевтің, М. Жаманбалиновтың жырларында жиі кездеседі. Ж. Смақовтың «Күйе-күйе, күйе ме?», «Опай-сопай», «Тамшы», «Кім күшті, кім мықты?» сияқты ертегі- поэмалары мен өлеңдерінде дыбыс үндестігі, ұйқас әуезділігі өзгеше ырғақты әуен тудырып, жырға ерекше ритмика, айрықша көрініс, ойнақы сипат беріп тұр. Ж. Кәрбозиннің «Көш-

пелі тымақ», «Ескі балта», «Хайуанаттар концерті» ертегілеріндегі хайуандарға тіл бітіру – эпикалық шығармалар мен ертегілерге тән дәстүрлі тәсілді әрлендіре түседі. Әзіл- оспақ, сын-сықақ өлендер жанрында О. Әубәкіров қызметі ерекше болды. Бұл тұрғыда Қ. Мырза Әлидің де балаларға арналған шығармаларының дені юморға өте бай», -деп жазды ғалым-сыншы [10,116].

1960 жылдардан бергі балаларға арналған поэзиялық туындыларлы зерделесек – М. Жаманбалиновтың балалар психологиясына ден қоюы, Қ. Мырза Әлидің балаларға аса қажет танымдық, интеллектуалдық мән-маңыз саласына ерекше көңіл бөлуі, Қ. Баянбаевтың балалар әлемін үлкендер образдарымен біріктіре-кіріктіре қарастыруы, Ж. Смақовтың балаларды өз ортасындағы табиғи қылықтары мен әректтері арқылы шынайы суреттеуі – сол кезеңдегі балалар әдебиетіне тән талғамды ізденістерді дәлелдесе керек.

1960-80 жылдар аралығындағы балалар лирикасының жай-күйін, тақырып аумағын, көркемдік ерекшелігін танытуда әдебиетке А. Сопыбеков, Н. Айтов, Е. Ерботин шығармалары келгендей еді. А. Сопыбековтың «Біздің семья» атты өлеңінде суреттеу, бейнелеуден де баяндау көп. Лирикалық қаһарманның бала екенін есепке алсақ, әкесінің, апа, аға, жеңгесінің, атасының мамандығына, одан да гөрі еңбегіне, өнеріне мақтанған сезімі балалық бақыттылық, қуанышпен сабақтасқан. Отбасындағы үлкендер еңбегін мақтаныш еткен бала, сол еңбекті барлық адамдарға атқаруға тиіс санайтын міндет деп те қарайтындай («Отырмаймын мен текке»), осы жолдардағы лирикалық әсерді күшейтіп тұрған «отырмаймын» етістігінің болымсыз формада тұруы дейтін болсақ, айтылу, оқылуда «отыр» түбір тұлға мен жіктік І жақ -мын жалғауын жалғастырып тұрған «-май» жұрнақтардан құралған форма бөлек айтылады, жай ғана айтылып қана қоймайды, ерекше әдеппен бірігіп, бала тілін нақты көрсетеді.

«Қолына қалам ұстаған қырық жылдай уақыт ішінде әдебиеттің өзге ешбір саласына ат салып көрмеген Мүбәрак Жаманбалиновтың қазақ балалар поэзиясына деген адалдығы қайран қалдырғандай. Міндеті мейлінше ауыр, *оқырманы қалың осы жанрдың опалы қаламгері* осындай-ақ болар. Оның баспасөз бетінде жарияланған «Апа, суға мен түстім жылы пимамен» дейтін жолдарын оқып

жымиғанда, біз мектеп партасындағы шәкірт едік. Сол тырнақалды туындыларынан бері үзбей жазып, үздіксіз өсіп келе жатқан ақын оқырмандарына көптеген кітап берді. *Бір тамыры тереңдегі ауыз әдебиетінде* нәр тартқан Мүбәрак өлеңдері бұл күндері балалардың аузында, оқулықтардың бетінде.

Кемеліне келген қаламгер қай тақырыпқа да еркін жазады, бірақ кімге жазып отырғанын әсте есінен шығармайды, *кішкентай бөбектердің, естияр балалардың талғамын тап басады*. Үстіміздегі жылы жарыққа шыққан «Ашық күн» атты кітабына енген таңдаулы өлеңдерін қайыра оқып отырғанда, осыған анық көз жетеді.

Мүкең балалар ақыны болып туған. Және осыдан артық атақты тілемейді де деп ойлаймын» - деп бағалаған екен М. Жаманбалиновты балалар ақыны, «Жалын» баспасы бас редакторының орынбасары Қастек Баянбаев [13,194].

«1956 жылы «Айна бұлақ» деген атпен жарық көрген алғашқы жыр жинағынан бастап бүгінге дейін отызға өлең-поэма, ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш кітаптарын шығардыңыз. Әсіресе, «Сәлем», «Ертіс лебі», Кішкентай достар», «Ашық күн», «Менің інім», «Батыр ұстаз», «Толқын», «Балғын гүлдей балапан», «Жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер», «Ақын бала» кітаптарыңыз бал қылықты балғындардың сүйікті дүниесіне айналды. Өйткені ол кітаптарда елін, жерін сүю, адалдыққа, ізгілікке деген ынтықтық барынша ыстық сезіммен жырланған», – деп балалар ақыны Мүбәрак Жаманбалиновтың 70 жасқа толуына байланысты Қазақстан жазушылар одағы басқармасының секретариаты осындай әділ бағасын береді.

Байқалып тұрғандай, қатарлас қаламгерлері де, Одақ тарапынан да М.Жаманбалиновтың талантына қызыға қарады. Қатарлас қаламгерлер оның бала талғамын дәл басып жазатын шеберлігіне таңданады. Ақынның бала ақыны ретіндегі шеберліктеріне кішкентай оқырмандарына лайықты жыр жаза алғандығын, баланың байқағанын дәл баса білгендігін, балалар психологиясын жете зерттей жазып, өлеңдерімен бөбектерді қуантып жүргендігін атап-атап көрсеткен.

Біз тұрғыластары бағалағандай, оның шынайы балалар ақыны екендігін дәлелдейтін тілдік құралдарындағы бірліктерге тілдік талдау жүргізуді көздедік.

Ақын шығармаларында балалар поэзиясына тән өлең, тақпақ, ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш, қысқа поэма сияқты жанр түрлері мол қамтылған. Ал олардың тақырыбы да алуан-алуан болып келіп, тәрбиелік те танымдық мәнімен ерекшеленеді. Ақын қай туындысында болсын, халық ауыз әдебиеті үлгілеріне мол сусындап, үйреніп отырғанын байқатпай қоймайды.

Балалар фольклорының үлкен саласы – ойын өлеңдері. Тілі шығып, сөйлей бастағаннан, кәмелетке толып, есейген шағына дейін баланың жасына лайықты сан-түрлі ойын ойналған және олардың басым көпшілігі өлең-тақпақтармен бірге жасап, бірін-бірі толықтырып отырған. Алғашқыда балалар үлкендердің көмегімен, кейін біртіндеп ойын тәртібін игере келе сөздерін өздері шығарып айта бастаған.

«Ашық күн» деп аталған жинағында автор өлеңінің түрлері де, көлемі де көбейте түскен. «Бақытты балалық» атты бөлімінде балабақша бүлдіршіндері мен төменгі сынып оқушыларын қызықтыратын, жақсы оқушы, ақылды азамат болып өсуге баулитын өлең-тақпақтар, «Табиғат сабағы» бөлімінде оларды айналасы танып-білуге бағыттайтын алуан тақырыпты өлеңдер, «Кім кінәлі?» деген бөлімінде тәлім-тәрбиелік мысал шығармалары, «Ерте, ерте, ертеде» делініп аталған бөлімінде ақынның жылдар бойы жазып келген ертегілері мен аңыз өлеңдері жинақталған. «Бұл не?» деген сұрақпен аяқталған бөлімінде қаламгердің ең кіші жанр түрлері – жұмбақ, сұрамақ, жаңылтпаштары, метаграмма, шарадалары берілген.

Біз қандаймыз, қандаймыз,
Шұғылалы таңдаймыз.
Күлімдеген күндейміз,
Еш уайымды білмейміз.

Алғашқы бетте ашық күндей жарқыраған «Бөбек жыры» тақпағы отанының ерке ұландары әнге қосып айтатын әннің шумағы іспетті. Бірақ қысқа да нұсқа жазатын Жаманбалинов бақытты балалар бейнесін төрт-ақ жолға сыйғызған. Артық бір де бір жол өздігінен сұранып тұрған жоқ. 1984 жыл - кеңес үкіметінің тәртібімен жүрген кезең болғандығы 2-3 өлеңнің мазмұнынан ғана сезіледі. Санамалап айтқанда, «Көсем мүсіні», «Бірінші май бүгін», «Жақсы оқушы» өлеңдерінде ғана Ильич ісіне деген адалдық бала сезімімен

жеткізілсе, «Ескерткіш» атты өлеңде қолдарында пионерлер жалауы бар балалардың сертінде тұрған батырға жасаған тағзымы сипатталады. Атап өтерлік ерекшелік - екі жүзден аса туындылар қамтылған кітаптың өн бойында әр түрлі жанрдағы (тақпақ өлең, мысал, мазақтама, жұмбақ, жаңылтпаш) жыр жолдары еш боямасыз тәлімді, тәрбиелі бала атынан не ақыл – кеңесі мол дана адамның атынан беріліп отырады.

Бала өзі сөйлегенде, әрине даналыққа жол берілмеу керек. Кейбір туындыларында жіберілген қателіктер де кездеседі. Мысалы, «Түймедей-ақ көзіммен» деген өлеңінің екі шумағында бала сөзі нанымды шыққан да, үшінші шумағына ақын эмоциясы бой алдырған. Түймедей көзімен мамасын, папасын, ауылын, ай-күнін түгелдей көре алатынына қуанған бала үшінші шумақта данагөйлікке салынып кетеді:

Не сиқыры бар оның,
Таң қаламын өзім де!

Қасиеті ме анамның
Шаттығым да көзімде.

Әрине, ақын азын-аулақ осындай ауытқулар болып кететінін кеш те болса, түсінеді. Кейінгі жинақтарда бұл шумақ былай аяқталатын болған:

Сол себепті мамашым,
Сүйеді ылғи көзімнен.
Жасболмасын көзім де,
Жыламаймын өзім де.

Бастауыш сынып балаларына еліктейтін, тезірек оқуға баруға, жазуға үйренуге талпынбайтын бала болмайды. Бала әрқашан да қиялшыл, әрқашан да сергек, алға ұмтылғыш. М.Жаманбалиновтың өлеңдерінің әрбірінде сурет, суретке сыятын қысқа сюжет тән. «А» мен «Б», «Әліппе» бір қарағанда, сюжетсіз-ақ жазылатын тақырыптар, бірақ автор осы тақырыпқа да мазмұн береді. «А» мен «Б» жұмсайтын ана мен тіл алғыш баланың әркеті, әліппеге қызыққан Шәріп әрекеті өлең мазмұнын құраған. Ақын бір ғана шумақтан тұратын тақпақ өлеңінде де даналыққа мегзейді.

«Сенің атың – балапан,
Оның аты – балақан,

Балапандар шоқуда,
Балақандар оқуда.»

Ы. Алтынсариннің «Сиса көйлек үстінде, оқуменен табылған. Сауысқанның тамағы оқуменен табылған» делініп келген әйгілі, сауаттануға шақырған насихат өлеңі емес, өткен ғасыр тілінде пысықтап, шегелеп айту қажет болса, бұл ғасырда жанамалап еске салу үшін осы «Балапан» өлеңінің әсері де жеткілікті. Төмендегі өлеңдерді балалар өмірін аудармай сипаттаған туындылар деп шыннайы бағалай аламыз, бұлардың әрқайсысын үлкеннің жетектеуімен оқып отырып, түпкі идеясындағы тәрбиелік мақсатты жас балаға не оқушыға бірлесе талдап түсіндіру ерекше шара болмақ.

Жылжыды ол ептеп,
Барады еңбектеп.

Атам мәз:

Бөбекке

Бұл да зор еңбек!-деп.

(«Еңбек»)

Жылап тұр бөбек, жылап тұр:

Күннің көзін әпер,-деп,

Әжесі оны жұбатты:

Әлі-ақ қолың жетер!-деп.

(«Жұбатты»)

Күйсеп тұрды бір өгіз,

Салды Рустик айғайды:

Дәп-дәу болып бұл өзі.

Сағыз неге шайнайды?

(«Сағыз»)

Қазақ ақынының қай өлеңінде де тікелей мақтау аз келеді. Мазақтамалар қай ақында болмасын кездесіп отырады. Мүбәрак ақынның сөз лабораториясында баланың ұғымына тез ықпал ететін қысқа ғана мазмұннан үлкен ғибрат тарқатып айтуға болатын жоғарыда келтіргендей әрі нәзік юморлы әрі терең мазмұнды шумақтар көп. Бұлар - автордың жете меңгерген әдісі мен шындалған шеберлігінен туған туындылар және олар ақынның бала әрекеттерін дәл байқағыштығының даналыққа ұштасуы арқылы ғибратты ойлар түйіндетеді немесе оқушысын терең ойға батырады:

Бармаса да оқуға,
Зерегін-ай, зерегін,
Келтіреді оп-оңай
Шимайын да, ирегін.
Қарындаш та таңдайды,
Қаламды да таңдайды.
Бірақ оның жазғанын
Ешкім оқи алмайды.

(«Шимайшыл»)

Осы өленді қызықпай оқи алмайсыз. Неліктен? Біріншіден, ақынның өмірге енді көзін аша бастаған сәбидің әрекетін жібермей, дөп басып жырлап беруіне таңданасыз. Екіншіден, жазғанын ешкім оқи алмайтын бүлдіршінге деген ыстық ықыласынан үлкен ой шығып тұрғандығы, яғни еңбекке, білуге құмартып тұрған сәбидің болашағынан көп үміт күтіледі. Өлеңнің құрылысы да ерекше, ақын бала бейнесін бірден сипаттайды. Бастапқы салалас компоненттегі шартты және себеп-салдар салалас сөйлемдер бір-бірімен жымдаса байланысып, болашақтағы зерек бала образын ашуға қызмет етіп тұр. Соңғы шумақты құрап тұрған қарсылықты салалас сөйлемдердің құрамындағы басыңқы компоненттің қайталамаға құрылуы, баланың алған ісінен қайтпайтын қайсар екендігін дәл жеткізеді.

«Зерегін-ай!», «Таңдайды» деген қайталаулар кейіпкер әрекетін қоюландырып, әсерлі ете түскен. Мәтіндегі қайталамалар ойды байланысты жеткізуге қызмет етіп тұр.

Кереку өңірі – кезінде өнер мен мәдениеттің орталықтары нығайып, ошақтары маздай жанған, қазанында небір татымды тіске басар азығы түгесілмей үлестіріліп жататын Алматыдан алшақ мекен. Даласы да кең, асу-белдері де баршылық ауасы салқын да сарабдал болғандықтан да болар және жалғыз тауы Баяны да, демалыста болмаса, Мүкең бара қоймайтын жері екен. Дәл осындай қырлы, қыратты, кең далалы өлкенің Кереку сияқты облысында үш балалар ақыны дүниеге келген екен. Атап, арнайы айтар болсақ: Маралдыда – Мұзафар Әлімбаев, Железинкада – Мүбәрак Жаманбалинов, Баянда – Есентай Ерботин. Осылардың арасында жарқ етіп, жоқ болған, бірақ есімін балалар поэзиясында бір тұғыр етіп қалдырған ақын Есентай Ерботин қаламдас ағасы жайлы былай толғапты:

«Мүкең жазған оннан аса өлең жинақтарының екеуі ғана ересектерге арналса, қалғандары түгел балаларға арналған. Егер осы жинақтар өлеңқұмар, ақындықты армандаған шәкірттердің қолында болса, олар өздері аңғарып, байқай бермейтін мінез – құлықтарын, күлкілі қызықтарын сезініп, жақсылыққа ұмтылар еді. Өлең құрылысы, оқиғасы жайында мағлұмат алып, ойларына түрткі болар жайларды кезіктірер еді. Мұндай балаға әсер ететін өлең мысал түрінде жазылады. Балалардың мінез- құлқын жақсы білетін Мүбәрак Жаманбалинов ақын шығармаларында ондай мысал өлеңдер көптеп кездеседі.»

«Ошақан мен қошақан» өлеңін оқып шығайықшы:

Сүйкеп өтті Қошақан
Іліп қалды ошаған .
Өршеленді Қошақан:
– Өш, алам, – деп, – өш алам.
– Басын шайқап: «Ме – ме мелеп»,
– Қойып кетті Қошақан
– Өне бойын шеңгелдеп,
– Жауып кетті ошаған.
– Бұдан туған кеңес не?
– Тек тұрғанмен егеспе!

Осы өлеңді былайша түсінуге болады. Сотқар бала жай тұрған баланы қаға-маға, тиісе өтсе, анау да сыбағасын жібермей, аяқтан шалары даусыз. Өзіне қарсылық көрсеткені қорлағандық деп сотқар төбелеске бұрады.

Бірақ өршелене ұмтылғанына кедергі – басым күш бұл өлеңде – ошаған. Сондықтан басым күш алдында қошақан су сепкендей басылады. Осы мазмұннан шыққан түйінді ойды түсіндіруді автор мұғалім үлесіне қалдырған.

Мүбәрак Жаманбалинов ақынның өлеңдерінен тәрбиелік, яғни еңбекқорлыққа, тапқырлыққа, қоршаған ортаны танып білуге бағытталған туындыларды молынан кездестіреміз. Біраз мысал:

– Қайда болдың бал ара?
– Жүрдім бақта далада.
– Неге жүрдің далада?
– Қонақтадым аралап.
Күллі-күллі атырап

Жайыпты гүл – жапырақ
Жауқазын дәм татырды,
Райхан гүл де шақырды.
Раушанның, алманың
Бәрін – бәрін шарладым,
Бәрінен де бал алдым.
Жомарттығы – ай даламның !

Міне, еңбекқор бал арасымен екеуара болған әңгіме осындай. Баланың қойған сауалына араның жауабынан көп мағлұмат аламыз. Өлеңнің мағыналы ой түйіні даланың жомарттығына тіреледі. Ал араның еңбекқорлығын өз аузынан есіту балаға үлкен ләззат береді. Жай әңгімелегеннен гөрі өленді анағұрлым тартымды етіп құру негізі араның монологында тұр. Сөз дәмдісі араның өлеңінде қолданылып тұр. Халық тілін жақсы білетін ақын сөздерді тиісті орнына қиюластыра қойып өлеңге көрік, ойға бояу беретіндей ұйқас шығарған. Ара сөзі арқылы балаларды еңбексүйгіштікке бағыштаған ой көңілге қонымды.

«Той мереке. Салтанат.
Думанды шартарап.
Келіп қалды Жаңа жыл
Тартуларын арқалап».

(«Жаңа жыл»)

«Жапырағы салалы
Бейне қаздың табаны.
Гүлі сары алтындай
Көзі тартады жалтылдай.
Жемісін ел қарайды.
Қара көзге балайды».

(«Қарақат»)

Жоғарыда аталған пікірімізге осы жыр жолдары шынайы жауап бере алады деп ойлаймыз. «Жаңа жыл» өлеңінен келтірілген шумақ – сурет. Көз алдымызға шат-шадымен жай елестеп, табыстарын арқалап жыл келе келе жатқаны ғажап.»

Ақынға даралық, ақынға даналық тән. М. Жаманбалиновты өзге ақындарға ұқсатпай дара етіп тұратын өлеңдерінің бір саласы табиғат, қоршаған орта туралы жырлары. «Асылы Мүбәрак Жаманбалинов

ағайымыз өлеңіндегі жемісті еңбегін құрметті демалыста жүріп те жалғастырып келеді. Ақын ағаны өзі тұрып жатқан Ертіс қаласының балалары арасынан жиі кезіктіреміз. Кейде балағын түріп, қолына қармағын алып, балалар арасында өзенге кетіп бара жатқанын көзің шалады. Балалармен бірге Ертіс өзеніне де шомылып жүргеніне куәгер боласың. «Мұныңыз не?» десеңіз, «Балаларға өлең жазады екем, тақырыптың өзі солардың өзі ғой. Олардың ойы- әңгімесі, мінез-құлқы – зерттейтін объектім. Әңгімелерінде естімеген, тіпті ескермей жүрген сөзді естимін, тың ойлар туындайды», - дейді Мүкең. Бұған келісесіз. Өйткені дәлелді. Нәтижесі ақын шығармаларында айқын көрініп, мәлім болғаны анық» деп жалғастырған «Ертіс бойлап ертеңіне озған ақын» деп атаған мақаласында [37]. Бүгіндері өзі өмірден озған Есентай Ерботин өшпестей етіп, қаламдас інісі ретінде ағасының шығармашылығына дән ризалық білдірген, артына жоғарыдағыдай тамаша ойларын қалдырыпты.

Енді бірер сөзбен ақынның Ертіс-Кереку өңірінен нелерді көзбен көріп, нелерді жүректерге тоғытуды ойлағандығына тоқталмақпыз.

Табиғат туралы татымды дүниелерін тақырып жағынан топтасақ мынандай жүйе шығады:

1. Жыл мезгілі ішінен қысты ерекше жырлауы: «Алғашқы қар», «Үскірік», «Рахмет», «Шеберін-ай аяздың», «Шаңғышыға», «Ел ырысы шалқысын»;
2. Табиғат құбылыстары туралы жырлары: «Күн күркіреп, жар салды», «Бұйра бұлттар», «Күркіреді күн, күн...», «Жаңбыр», «Бұйрық», «Дауыл»;
3. Табиғаттағы еңбек жайлы өлеңдері: «Ит мұрын тергенде», «Балақан мен долана», «Алма ағаш», «Терекке тілек», «Табиғаттан үйренген», «Ақ қайран»;
4. Тоғайда өсетін шөптер, ағаштар, жемістер, жидектер туралы: «Шілік», «Терек жыры», «Қарақат», «Ошаған мен қошақан», «Қаңбақ пен дауыл», «Қымыздық», «Лимон», «Ақ қайың»;
5. Қырда, орманда тұратын аңдар, құстар, жәндіктер туралы: «Торғайлар қуанышы», «Қарлығаш», «Тырналар», «Шағала», «Бүркіт», «Торғай саған не керек?», «Қара қарға», «Сауысқан», «Ләйлек», «Суық торғай», «Қаршыға», «Жылқышы-құс»,

- «Әупілдек», «Пингвин», «Бал ара», «Кесіртке», «Кірпі», «Ондатр үйі», «Тартар»» «Гүлге ұқсай қалады»;
6. Үй хайуанаттары жайында: «Құлыншақ», «Бұзау», «Күшік», «Түйе», «Қаздың жауабы», «Лағым»;
 7. Туған жер табиғаты мен туған елге махаббат туралы: «Туған жерге жетпейді», «Ертісте», «Шопан», «Ол жылқышы ағамыз», «Арқа».

«М.Н. Эйнштейннің: «Табиғат құбылыстарының мәнін меңгерген поэзия философиялық... болып саналады» [10;20], – деген пікірін және жалпы балалар өлеңдеріне қойылатын талаптарды ескерсек, балаларға арналған табиғат лирикасының ойлылығы деген мәселе туындайды. Ал орыс жазушысы А. Ивич бұлдіршіндер үшін жансыз, қозғалыссыз пейзаждық суреттеулерді қабылдау қиын дей келіп, С. Маршактың «Жыл он екі ай» топтамасындағы табиғат көріністерінің барлығы бірдей динамикалы екендігін ерекше атап көретеді. Табиғатты осылайша көркем, әрі жанды баяндау қазақ балалар қаламгерлерінің шығармашылығына да тән. «Бәрі де қозғалысқа, дыбысқа, бояуға қанық» [13;18]. Көркем шығарма адамды тәрбиелеумен қатар, дүниені танытумен қатар, оны шыннайы эстетикалық рақатқа бөлеп, көркем сөзбен көмкерілген адам жанының, ой-аманының, болмысының терең де нәзік қалтарыстарын әсерлі жеткізуімен де ерекшеленеді. Осы мәселе төңірегінде Б. Ыбырайым: «Рухани дамуға эстетикалық тұрғыдан әсер ету- тәрбиенің ең игі де тиімді жолы. Өйткені, рухани есею-түйсіну, сезіну мен қабылдау-адамның табиғи тіршілігінің алғышарты» [6;2], - дейді. Адамның жан-жүрек тебіренісін, ой-арманын, сезім арпалысын дөп басып, сырлы да сымбатты сөзбен әсем суреттеген шығарма оқырман жүрегіне жол табары сөзсіз.

Түр, мазмұн, көркемдік жағы жалпы әдебиеттің қай тегіне болмасын тән. Алайда, бұл кезеңдегі қазақ балалар әдебиетінің түр, мазмұн, көркемдік ерекшеліктері айрықша өркендеді.

Т. Молдағалиевтың «Бағбан», М. Әлімбаевтың «Монтер ағай», Қ. Ыдырысовтың «Аспаз», Ж. Әбдірашевтің «Шофер» т.б. өлеңдерімен бірге, балалардың өздерін еңбекке қатыстыра отырып бейнеленген М. Жаманбалиновтың «Итмұрын тергенде», Қ. Ыдырысовтың «Кезекшіміз-бәріміз» т.б. сияқты шығармалары бар. Қ. Мырза Әли

«Етікші», «Жұмыстың жылуы», «Тазалық» атты өлеңдер мен «Мешін және Адам» атты өлең-ертеңдерінде еңбектің қоғамдағы, жеке адам өміріндегі рөлін жас ұрпақтың ой-өрісіне, тіліне лайық поэтикалық тәсілдермен әдемі бере білген. М. Жаманбалиновтың «Шофер», Қ. Баянбаевтың «Дәрігер» өлеңдеріндегі сюжеттер мен образдар ойын арқылы еңбектенуді үйренген кеіпкерлерді бейнелейді. Мамандық тандау мәселесінде Ө. Тұрманжановтың – «Мен дәрігер боламын», Ф. Дінісламовтың – «Кім болғың келеді?», А. Оразақынның «Жас бағбан боламын» өлеңдері атап айтуға тұрарлық. Қ. Мырза Әлидің «Мен жасаған машина»өлеңі – балаларды жастайынан конструктор мамандығына баулитын жыр, «Сабақ» жинағындағы сегіз өлеңнен тұратын циклды өлеңдері- мамандықтың қадыр-қасиеті мүлде тың образдармен тиянақты өрілген поэтикалық бір-бір портрет.» Осы ғылыми талдауды түгелдей енгізіп отырудағы мақсатымыз-М. Жаманбалиновтың әдеби ортада жүрмесе де, өзі қалап, туған жерінің табиғатынан бір сәт алшақтамай, оның жанға сая, көңілге дәру әрбір қасиетін ардақтап жазып, балаларға аянбай ұсынып келе жатқандығын, солай ете тұра сыншы, зерттеушілер қаламына ілікпей қалмайтынын дәлелдеу.

1979 жылдары Мүбәрак Жаманбалинов журналистік қызметінде Ертіс өзені бойындағы Краснокутск (қазіргі Ақтоғай), Железинка және Ертіс аудандары бойынша облыстық «Қызыл ту» (қазіргі «Сарыарқа самалы» газетінің жергілікті тілшісі болған. Газет бетіне өмірдің әр саласындағы еңбектің майталмандары туралы, олардың ерен еңбектері жайында жазу міндетін арқалаған ақын әрі журналистің бармаған жері, баспаған топырағы болмаған да болар. Әрине, халық тіркесіндегі «тау» бұл жақтарда жоқ. Жоғарыдағы тақырыптар ішінде тау тақырыбы да жоқ. Бұл ақынның тағы бір ерекшелігі - өзі тұрған мекеннің тұрғындарын, өз аяғы басқан жердің өзенін, оны жағалай өскен тал-орманын, оның гүлдерін, ағаштары мен аң-құстарын өлеңге қосып, балаларға түсінікті тілмен жырлағандығы.

Ақын табиғат аясында өмір сүретін табиғи өсімдіктерден бастап аспан әлеміндегі құбылыстарға дейін, көзге көрінер-көрінбес жәндік атаулыдан бастап дүлей күш иелері сусиыр, пілге дейін қатты қызықтыратынын жақсы ескереді. Қазіргі компьютерленген заманда қай жастағы баланың болсын алатын ақпараттық деректері шамадан

тыс жоғары. Десек тағы теледидар мен компьютер экрандарынан өтіп кететін бір сәттік әсер қайта-қайта қарап, тамсана отырып бірнеше рет қайталап оқуға болатын кітаптан артық емес. Әдеби тілмен көркемделген, көз алдына жүрегіңіздің түбіндегі ойды қозғайтын әсем суреттерді тұрғыза салатын туындылар – олар сізге де, сіздің бала-шағаңызға да, қазақтың бар баласына түгелдей жететін асыл мұра болып қалмақ.

Мүбәрак Жаманбалиновтың «Ашық күн» деп атаған 1984 жылы «Жалын» баспасынан жарияланған жинағындағы «Табиғат сабағы» деп ат қойылып, арнайы енгізілген бөлімінде барлық саны жетпіске тарта шығарма жинақталған. Бұл мөлшер ақынның балаларды айналамен тереңдей таныстыруды ерекше мақсат етіп қойғандығының белгісі. «Балалар өлеңі графикаға, суретке құрылуы керек, яғни, өлең мазмұны баланың көз алдына тақырыпқа сай суретті әкелуі тиіс» деген қағидаға сүйенер болсақ, ақынның суретті образдарын талдап, түсініп алуымыз қажет. Әдемі табиғатты сипаттаған суреттеме өлеңнің қай-қайсысы да ақынның құбылысқа ақынша қараған көзімен өрнектелгені көрінеді. Өлеңдердегі теңеу, эпитет, метафора және басқа суреттеу, бейнелеу құралдары балалардың бойына эстетикалық сезім иірімдерін орнықтырады, яғни бала танданады, қуанады, тамсанады, сүйсінеді.

О, керемет, керемет!
Бейне аппақ көбелек.
Қар ұшқындап, көлбеңдеп,
Қонып жатыр жерге кеп.

«Ақша қар» өлеңінде бір теңеу (бейне көбелек), үш синтаксистік қайталама (қонып жатыр), бес лексикалық қайталама (керемет, кеп) және қардың жаууын көркемдеген үш эпитетті тіркес, бір перифраз бар. Бірінші, екінші шумақта қардың қаптап кеткен көбелек сияқты жаууы 3-жақта сипатталып жеткізілсе, үшінші шумақ соңында қардың аузына: «Енді қайтып ұшпаймыз, осы жерде қыстаймыз» деген сөз салынған. Осы өзгерісті де біз бала мінезіне сай алынған тәсіл деп білеміз, Өйткені бала психологиясына әсер ету үшін екінші ереже бойынша: «Образдар өзгермелі, құбылмалы келуі керек.» Ақын тіл мүмкіншілігімен жүзеге асырылатын осы талапты өлеңде

сәтті қолданған. «Қарақат» өлеңінде теңеудің бірнеше түрі бір ғана жемістің сипатын ашқан, өлең әрі сурет, әрі жұмбақ өлең.

Жапырағы салалы,
Бейне қыздың табаны.

Гүлі сары алтындай,
Көз тартады жалтылдай.

Жемісін ел қалайды,
Қара көзге балайды.

Осындай кілең теңеу арқылы «Қарлығаш», «Күнбағыс», «Ләйлек», «Әупілдек», «Сауысқан» деп аталған өлеңдері де жазылған. Теңеулердің морфологиялық қосымшалар арқылы да (*Қанаты қияқтың ұшындай, аппақ қарағандай аппақ қар, әупілдектей емес пе*), синтаксистік жолмен шылаулар мен көмекші сөздер жалғану арқылы да (*қайшымен қиылған сияқты, ұқсаймыз тырнаға, әсемдеп байлаған галстук сияқты*) жасалған түрлері құстардың суреттерін дәл берген. Графика – салынатын суреттің сұлбасы. Аталып отырған өлеңдердегі әр суретті сөзбен сәндеп келтіру үшін автор сол суретке ұқсас екінші суреттің графикасын-сұлбасын көз алдына әкеледі. Ғажабы – өзінің идеясын баланың жүрегіне сол дәл табылған сұлба арқылы жеткізуде. «Күнбағыс» өлеңінде сурет жасаған тілдік құралдар шебер өріліп берілген: 1-ші шумақта күнге қараған күнбағыстардың ұстаздың бір сөзін жібермей тындап отырған шәкірттерге ұқсауы, 2-ші шумақтағы күнбағыстар бейнесін шығару үшін ақынның бір сөйлемнің бойына сыйыстырған эпитетті тіркестеріне «шәкірттер секілді» деген тіркестің жалғануына байланысты. Өлең суретінде күн-ұстаз, күнбағыстар-оқушылар. Түйіні: Күнбағыстар сияқты ұқыпты, ыждаһатты болу керек.

Орман құстарын, дала жануарларын таныстыруда М. Жаманбалинов екі әдісті қолданған: біріншісі – суреттеу, екіншісі – баяндау. Суреттеу әдісінде көріктеу құралдары бала қабылдауына шақтап қолданылады:

Қанаты үп-үшкір,
Ұшындай қияқтың.
Қайшымен тегіс бір
Қиылған сияқты.

Төсінде жайнаған
Алқызыл шумақ тұр.
Әсемдеп байлаған
Галстук сияқты.

Қарлығаштың суретін беруде қияқтың ұшын алуы, қайшыны қосуы, кеудесіндегі галстукке ұқсаған таңба-белгіні алқызыл галстукке тенеуі автордың образдап жазудағы жеке табыстары. Осыған ұқсас бас-аяғы түгелдей бейнелеу құралдарымен келген төмендегі жолдар - ақынның суреттеу шеберлігін байқатады.

*Тырнағы өткір орақтай,
Тұмсығы имек қармақтай
Қауырсыны құндыздай,
Қос жанары жұлдыздай.*

*Біз-даланың қыраны,
Жауынгердей қырағы.*

Үш шумақтан тұратын «Бүркіт» өлеңі осындай авторлық және жалпы халықтық бірыңғай теңеулерден басталған да, әр шумағы бейнелі беріліп, шумақ сайын айтылып отыратын қайырма жолдар сол шумақта ерекше бағаланатын бүркіттің қуат-күші, қадыр-қасиеті үдетіле көрсетіледі. Үш шумақтан, үш қайырма екі тармақты шумақтан тұратын өлең күрделі эпитеттерге бай. Эпитет- суреттей бейнелеудің тиімді құралы. Бүркіт бейнесі «даланың қыраны» сияқты эпитетті метафора және эпитетті теңеумен (*Жауынгердей қырағы*) және есімшеден жасалған эпитеттермен (*құтқармайтын қыр аңын, тұлкі көрсе шүйілген, екпінді жел үйірген, қасқырды да бас салған, батырлары үлгі алған, ақындарға жыр болған*) көмкерілген де ерекше ашыла түскен.

Бірінші шумақтағы тұғырында отырған бүркіт суреті екінші шумақта аң аулау кезіндегі екпінінде көрінеді, ол шумақ: «Біз-даланың қыраны, құтқармайтын қыр аңын» деп аяқталады, үшінші шумақта бүркіт бейнесі адамдарға жақындатылып, тіпті асырылып та кетеді. «Еңіреген ерлерін де адам бізге теңеген» деген жолдарда елі үшін еңіреген ерлер образы тұр. Ондай адамдар аз, бар болғанда да, олар бүркітке ұқсас халықтың қамымен әр уақытта биікте көрінеді. «Біз даланың қыраны, шың шырқауы - тұрағы»-энге, ерекше маршқа

қосыла жеткізілетін соңғы тармақ жол үлкен идеяны жеткізеді. Ол елге, туған жерге қызмет ететін тұлға болу керек деген идея.

Осындай табиғаттың ерекше жаратылысы - бүркіттің бейнесі адамзаттық философиямен астасқанда, бүгінгі заманның басты талабы-тәуелсіз Қазақстанның патриот азаматын тәрбиелеу мәселесінің шешімі шығады. Елтаңбамыздың символикалық белгісі болып отырған қыран құсты М. Жаманбалинов 80 жылдары жырлапты. Үңіле қарағанда бейнелілік жағынан келісті бұл жыр - өлеңде бір кемшілік бар сияқты. Ол әр шумақтағы шақ, жақ жағынан ерекшеленген синтаксистік тұтастықтар. Бірінші шумақ –нақ осы шақтағы құс қалпын суреттейді. Екіншісі - өткен шақтағы қимыл-қозғалысты, ал үшінші шумағында бүркіттің қасиет-белгілерін өткен шақ пен ауыспалы осы шақты синтаксистік құрылымда ашқан. Бірақ, К. Чуковскийдің балаларға арналған поэзияға қойған талабы бойынша, мұндай құрылымға кінә тағуға болмайды да. «Өлең шығарма лирикалы келуі керек, - деген зерттеуші,- яғни, әр шумағы, әр шоғыры өз ырғағымен, өзінің эмоционалды бояуымен ерекшеленуі тиіс.» Шындығында да дәл осы өлең лирикалы. қайырмасында әр шумақтың өзіндік эмоционалды түйіні ерекше лебізбен, ерекше үнмен қайталанып отыруы өлеңді әуезді де лепті ете түседі.

Табиғаттағы аң-құстарды сипаттауда М. Жаманбалинов өзіндік әдіс-тәсілдер ұстанған тәрізді. Біріншісі – объектіні - өлеңге айналып отырған нысанды баламен бірге тамашалай жазу. Мына өлеңде оңаша жерде бала мен ақын сырласып отырғандай:

Аппақ болып тізіліп,
Отырғанда жағада,
Қарадың ба қызығып:
«Ғажап-ау, - деп - шағала!»

«Шағала» атты өлең балаға осындай сұрақ қоюдан басталады, әрі қарай тағы бір сұрақ не жауап тұрғандай. Өлеңнің ырғағы әлі бар, аяқталмағандай қалыпта. Ойды ойып-ойып қысқа да нұсқа беруді қалайтын бала жанын түсінетін ақын енді басқа ырғаққа түседі. Өлең осы бір шумақпен күрт тоқтатылады да, шағалалардың монологы басқа ырғақта түзілген:

Ұшсақ, көкте зулаймыз
Төменде әсем көк теңіз.

Балықты да судан біз
Іліп алып кемеміз.

«Пингвин» өлеңінде де осылай, алдымен авторлық суреттеу:

«Қара қанат, ақ бауыр,
Жарасымды, тәп-тәуір».

Әрі қарай пингвиндердің монологы:

Форма киіп кілең біз,
Оқшау жатқан бір елміз...»

Бойларын тік ұстайтын, сары аязбен тыныстайтын, мұз-қарда шынығып, ызғарда шомылатын ерекше құстарға балалар қызықпай тұра алмайды. Пингвиндердің:

«Тек біз ғана
Полюста
Тұра аламыз қоныстап»

дегеніне әр бала шаттанады. Сол құсқа ұқсағысы келгендері шыныға бастайды. Бір өлеңнің басынан аяғына дейін суреттелген пингвиннің мықты түр-тұрпаты баланың көз алдына келіп, тап-таза демі құлаққа естілгендей әсер қалдырады.

Аң-құстарды сырттай зерттеп танып, табиғатты жіті көзбен бақылаудан жиған тәжірибесімен жан-жақты сипаттап жазу – ақынның қолданатын екінші тәсілі. Суық торғайды, қаршығаны, кесірткені сипаттауда ақын қарапайым әдіс қолданады. Ол әдіс – ешқандай суреттеусіз, әңгімелеу формасында баяндап айту әдісі.

Бейнелеп айтуға, сұлу сурет жасауға бейімділік – өлең тіліне тән қасиет екені белгілі. Алайда, суреттеу, баяндаудың көрнекілігі, дәлдігі нақтылы ой айтуға сәйкес келуі балалар поэзиясында үлкен рөл атқарады. Ой дәлдігі мен сөз дәлдігі ұсталынған жағдайда ақын мақсатына еркін жете алады. Орманда, қырда емін-еркін тіршілік етіп жатқан құстарды жіті бақылай алған ақын олардың сипаттарын әуелі қара сөзбен құрастырып алып, сосын қара сөзді өлең қалыбына салғандай. Мысалы: Жасыл бауыр, көк қанат суық торғай - бұл ақынның суреттеуіндегі дәл қолданылған эпитетті тіркестері. Ал, оның қыстап қалатыны, қыс кезіндегі әрекеттері де мағыналық дәлдікпен алынған етістіктермен берілген. Олар: *жапырласады, тербеледі, сенделеді, желпінеді, дірілдейді, сілкінеді* сияқты етістік тұлғалар.

«Қаршыға» деп аталған өлеңінде құстың сыртқы сипаты *қыран құстың біреуі қылыш қанат қаршыға*, оның қимыл-әрекеттері *жаттарады, басқаны да жаттықтырып, өзі дағы жаттығады* деген күрделі тіркестермен берілген. «Кесіртке» өлеңінде «жер бауырлап жүретін, өзін бір жәндік жұтамын деп келсе, өз құйрығын өзі кесіп тастайтыны қызық» деген қарапайым ғана баяндауды өлең қалыбына салып, ырғақ әуенімен өлеңге айналдырған:

«Жер бауырлап күнде,
Қыздырынар күнге.
Қуып жетіп «мықты аң»,
Десе: «Оны жұтам.»
Құйрығын өзі үзіп,
Тастайтыны – қызық.»

Бір де бір артық сөз жоқ, дәлме-дәл алынған сөздер мен тіркестер кесірткенің суретін де, автордың балалармен таңдана жеткізетін ойын да айқын жеткізген. Африкадан біздің жаққа жаяу келетін тартарды, кәдімгі жылқышы – құсты, әупілдекті, ләйлекті таныстырғанда, М. Жаманбалинов өлеңдерді әр түрлі ырғаққа құраған. Мұның сыры, біздіңше, құстарды ажыратып тұрған ара салмақ пен қимыл-қозғалыстарына байланысты болуы керек. Өлең ырғағын негізгі сарын мен қосымша ішкі сарындардың үйлесімді алынуы құрайды. Балалар ақынының өлеңі жырлайтын объектісіне қатысты іштей қызығушылықтан және сол объектінің қозғалысына, бітіміне байланысты ішкі ырғақтан туады. Өлең тумай, алдымен ырғақ туатынын әдебиеттанушылармен қатар тілтанушы ғалымдар да мойындайды. Тартар көп қиыншылық көретін құс, алыс жолға шыдамды:

«Туған жерге бет ала,
Тартты жаяу тартар да.
Өтеді ұшып тек қана,
Тірелсе, көл, жар, тауға.
Жалықпайды жанды аяп,
Алда-туып-өскен жер.
Зырлайды аяқ талмай-ақ.
Ілеспейді ескен жел.»

Осы өлеңге қарама-қайшы «Әуілдек» өлеңін алайық:

Бар өңешін ол керіп,
Әуілдейді кейде кеп.
Сонда ол:
– Жерді өңгеріп
Кетеіін бе?-дейді екен.

Жақындап кеп байқадық.
Титімдей-ақ, сида құс.
Оның өзін
Шайқалтып,
Көтеріп тұр ши қамыс.

Өлеңдердің композициялық құрылысында, тармақ сандарында, алынған ұйқастар бойынша туындаған интонациялық ырғағында өзгешелік бар. Әр өлеңнің тақырыбына, жеткізілмек идеясына байланысты формасы сақталған. Тартар туралы естіген бала туған жерін сүйетін, алған бетінен қайтпайтын шыдамды мықты құс туралы әсер алса, әуілдектің атын естімей жатып, балалар көз алдарына әлін білмей, әлектеніп жүретін адамды елестетін бейнені келтіре алады. Салмақты құстың жаяу жүруі, көл, жар, таулардан ғана ұшып өтетіні салмақты сарынмен келеді де, негізгі идеяны жеткізерде, яғни соңғы шумақта, автор басқа сарынға ауысады. Ол – қуаныш сарыны, яғни жолда қаншалықты бейнет көріп жетсе де, туған жеріне жетісімен тартар сайрай жөнеледі.

Бұд әдіс екінші өлеңде - «Әуілдекте» де шешімді ерекше шығарудың бір әдісі. Өлеңнің алдыңғы екі шумағынан алған сурет әсерінен балалар мүлде арылып, ішкі қосымша сарынның (кекету) әсерімен мүлде басқа әсерге көшеді:

«Жөн-жосықсыз көсіліп,
Мақтанғанда кей еспе,
Ойлап қой,
Ол осы бір
Әуілдектей емес пе?»

Жұмсақ юмор, жұмсақ айтылған ой балалардың ғана емес, тіпті осы өлеңді бірге оқып отырған үлкеннің де шымбайына тиетіндей тәрбиелік ықпалы күшті болып шыққан.

Әдетте, көпшілік жағдайда балаларға «Үлкенді сыйла, кішіні құрметте, мектебінді сүй» деген жалаң үгіттен, жалпылама, ақыл айтудан аса алмайды. Мұндай өлеңдердің бала жүрегін баурап алуы екіталай.

Ал М. Жаманбалиновтың ақындық мүмкіндігі жоғары. Ол оқушыға жалаң үгіт, жалпылама ақыл айтып кеңес беруден әсте аулақ. Не айтса да, бала ұғымына сай етіп, оның қызығушылығын оятып, сол арқылы санасына сіңіре айтады. Мәселен «Апрель» өлеңінде «Еркін ескен ызғырық, түн қойнына тығылды» деген жолдардан қыс бойы бет қаратпай еркін есіп келген ызғырықтың көктем туа күндіз беті қайтып, түн қойнына «тығылғанын» әсерлі суреттейді. Әдетте, тілдік нормада «тығылу» сөзі адамға бағышталып айтылатынын ескерсек, ақынның ызғырыққа жаңа сипат, яғни жанды сипат бергенін аңғарамыз.

Ал мына «Тартар» (Африкадан жаяу келетін құс) өлеңі:

Бұлтты серпіп тастады.
Көктемнің көк аспаны,
Жаздың хабаршысындай
Құстар келе бастады, –

деп көктем айын, құстардың келе бастағанын сөз етуден кейін:

Туған жерге бет ала,
Тартты жаяу Тартар да.
Өтеді ұшып тек қана,
Кездесе өзен, жар, тауға.

Туған жерге жетуге асығып, жаяу тартқан Тартардың жанкешті «мінезін» алдымызға жайып сала отырып, оның «өзен, жар тауға» кездесе қалса, қанатына кезек беріп, қалықтап ұша жөнелетін «өнерден» де құр алақан емес екенін қисынды сөз етеді.

Жалықсын ба жанды аяп,
Алда –туып өскен жер.
Ілеспейді ескен жел,
Ормандарда қар жатып,
Су ақса да сайда әлі,
Бар құмарын тарқатып,
Тартар келе сайрайды.

Осы екі шумақта ақын Тартардың туған жерге деген өзіне ғана тән сағынышы мен махаббатын әсерлі суреттеген. Алда туған жер мен қауышу қуанышы Тартраға жалығуды, шаршауды ұмыттырып жіберген. Оның жанын аямай, аяқтарының талмауы, ескен желге ілестірмеуі, бар құмарын тарқатып келе сайрауы – міне, осының айғағы.

Балаларға табиғатта еркін байқалатын жайттар үлкендердің назарына алынбай да жатады. Балалар ақынының балаша байқағыш болуымен қатар, үлкендерше ой түйі астасып байланысқанда, өлеңнің өзіндік интонациялық мәнері құрылады. Балаға арналған поэзия тіліндегі бұл ерекшелікті бір ұстаным ереже еткен зерттеуші лингвистің «Өлеңдегі ырғақтың құбылмалы келуі, дәлдеп айтқанда, өлеңдегі негізгі сарын мен ішкі қосымша сарындарын нақтылап алу өлең ырғағын құрайды» деуі сондықтан. Бұл орайда да М. Жаманбалинов өз қаламдастарынан озықтық танытады. Озықтық деп табиғаттың аң-құстарымен таныстыра отырып, мысал өлеңдеріндегідей юмор құруын айтып отырмыз.

Тартар мен әуілдекті автор өз танымы мен ішкі пікірі арқылы таныстырса, келесі бір әдісімен оқиғаға балалардың өздерін араластырады. Мысалы, «Ләйлек», «Кірпі», «Тырналар», «Қара қарға», «Жылқышы-құс» атты өлеңдерінде құс-жәндіктер өз аттарынан сөйлейді, олардың әрқайсысы балаларға жақын дос ретінде көрініс береді:

Менің атым-жылқышы,
«Қайда,-деме жылқысы?»
Мен өйткені малшы емес,
Айдын көлдің бір құсы.

Сондықтан жай ән шырқап,
Жүрсем: «Құрау-құрау» -деп,
Қарамандар таңырқап:
«Жылқы бағып жүр-ау», -деп.

Өзін таныстырған адамға құлақ қойып, оның атын есте сақтауды әр адам ойлайды. Ал аты қызық-жылқышы құсты есте қалдырудың төте жолы оның «Құрау-құрау» деп дыбыс шығаратынында. Осыны білгізу үшін ақын құсты балалармен тілдестіріп қойған. Сөйлемейтіндерді сөйлету, жансызға жан бітіру - кейіптеу олицетворение әдісін

М. Жаманбалинов осы табиғат иелерімен таныстыруда бала тілінде өте сәтті қолданады.

«Ұзын сирақ тырнамыз,
Бай келеміз жырға біз», -

деп тырналар ән салып тұрғандай болса:

Құс ішінде,
Бір ғана.
Біз ұқсаймыз тырнаға», -
деп ләйлек өлеңін бастайды.

Қара қарға-атымыз,
Момақандау затымыз.
«Қауырсыны қап-қара,-
Деп, сен бізді даттама.
Ол - тек біздің түсіміз,
Адал бірақ ісіміз.

Ал кірпі ше? Ол өзін таныстырып қана қоймайды, кіп-кішкентай болып алып, жауларынан қалай сақтанатынын мақтан ете сөйлейді:

Тонымды үрпі-түрпі
Тұмсығымен түртіп
Бір байқаса,
Түлкі
Маңайламайды үркіп.
Жеймін десе жұлқып,
Қалам тонды сілкіп,
Арландар да сонда
Алады аузын жыртып.

М. Жаманбалинов бала тілімен сөйлету арқылы кейіпкерлерінің ерекше белгілерін тез қабылдатады. Тырналардың оңашаны сүйетіні, барлығы жиылып билеген билеріне жұрттың қызыға қарайтыны, биік ұшатыны, биікке ұшқанда аспанда ән де шырқайтыны қарапайым тілмен жеткізілген. Қара қарғаның қасиет белгісі достықтарында екен. Бір ағашта бірнеше ұя салатындықтары, бір орманда бір қала сияқты, қаладағы базар сияқты азан-қазан болып жататындықтары да өзінше сәнді, балалардың балабақшадағы, мектептегі қылықтары сияқты жақын сурет, жаңалық емес, балаларға етене жақын, өздеріне бейім орта. Түрлі құстардың, жәндіктердің өздері жайлы өз аттарынан

баяндай айтылатын қарапайым шумақтарды балалар тез жаттайды, кейіпкерлендірілген персонаждар атынан сөйлеуге үйрене отырып, олар туралы көп деректер білетін болады.

«Балалар өлеңінің танымдық сипаты мол болуға керек. Айтуға оңай болғанымен, орындалуы қиын талап. Сәл ірі айтсаң, есейтіп жібереді, сәл сыбырлап айтсаң, балаға жетпей қалады. Мүбәрак ақын қиын мәселенің күрмеуін өзінше шешіпті. Ол табиғат құбылыстарын жырлағанда суреттей отырып суыртпақтап ой айтады. Ол аң, құс, жан-жануарлар жайында өлең жазғанда, танымдық сипатты тәрбиелік оймен бір қосып жымдастырып жібереді. Тағы да бір табысы - бірін - бірі байытар, бірін-бірі пән ретінде аша түсер екі құбылысты өзара шендестіріп, салыстырып бейнеледі. Табиғаты бір болғанымен, орындалуы әр басқа өлеңдерді мысалға тартамыз:

Папам менің ойланып,
Боямақ боп қақпаны,
Ақтарды да қойманы,
Бір құты сыр таппады.
Жап-жасыл ғып қояды,
Бүкіл орман, даланы
Соншама мол бояуды
Көктем қайдан алады?

(«Көктем қайдан алады?»)

Өлеңде қақпа бояуы мен дала бояуы сабақтастырылып, балақай папасы мен көктем келбеті салыстырылып отыр. Қақпа-нақты зат, дала-кең байтақ, табиғат көрінісі. Әкесі қақпа боярлық бір құты сыр таппады, ал кең дала көктемде құлпырып шыға келеді. Ақын жалқы, нақты затты айту арқылы жалпы құбылысты назарлап, бейнелеп отыр. Екінші өлең – «Күнбағыс».

Бақшаның сәні де,
Көркі де – күнбағыс.
Күн ұзын бәрі де,
Қарайды күнге алыс.
Ұқыптап тараған,
Әдемі кекілді.
Ұстазға қараған,
Шәкірттер секілді.

Қапелімде ойға орала қоюы қиын екі құбылыс ұштастырылған. Күнге қараған күнбағыс, ұстазға қараған шәкірт. Бірін-бірі аша түсерлік ұқсас құбылыстар. Өлеңде танымдық сипат та (күнбағыстың күндіз күнге қарап өсетіні) ұмыт қалмаған. Ұқсас құбылыстардың ұқсастырылуы, салыстырылуы арқылы жазылған «Күнбағыс» сырт баяндауға құрылса, «Көктем қайдан алады?», өлеңінде бала мінезі, сәби тілі, таңданысы да қамтылған.», - деп жазады «Балалар әдебиетінің бір бәйтерегі» деген мақаласында әдебиет сыншысы Құлбек Ергөбеков (9,175).

Балалардың жас ерекшеліктеріне қарата өлеңге сюжет тандауда балалар ақыны көп ізденіске баратыны белгілі. Бұл екі өлеңнің жазылу әдісі (ұқсастыру, сабақтастыру) ұқсас болғанмен, тыңдаушысы әр жастағы бала.

«Көктем бояуды қайдан алады?» деп мектеп оқушысын таңғалдыра алмайсыз. Табиғатты, онда өмір сүретін өсімдіктер әлемі мен аң-құс, түрлі жәндік, хайуанатардың тірі организм ретіндегі тіршілік харакеттерін баяндауда не әсірелеп сипаттауда ақын балалардың жас мөлшерін ескерген.

«Қазір дүние жүзінде адам да, табиғатта өзгеріп жатыр. ...Өткен ғасырдың 1983 жылдары «Болашақта дүниеге ерекше қабілетті балалар келеді» деп айтқанмын. Бүгінде бұл болжамның шындыққа айнала бастағанын көзім көріп отыр. 1990 жылдардан бері өмірге келген балалардың көбі ақпарат пен техника үстемдік алған ғасырдың жаңалықтарына өте бейімделгіш. Қазіргі балалар аяғын апыл-тапыл баса салысымен компьютерде де, басқаны да тез игеріп алады. Ұғу, қабылдау, зейін қабілеттері жоғары. Адамға берілген генетикалық кодтың жұмыс істеу күші 64 болса, біздің бойымыздағы гендік қабілеттің 20-сы ғана жұмыс істейді. Ал олардың бойындағы генетикалық қабілеттің күші бүгінгі таңда 32-37-ке барып қалды. Болашақта одан да жоғары деңгейге жетеді. Олар мына ластанған табиғаттың қиындықтарына төзгіш, денсаулықтары мықты және ерекше қасиеттерге ие...Бастысы оларды дер кезінде танып, қамқорлыққа алғанымыз абзал. Алла тағаланың құдіретімен адамзаттың келешек ұрпағына жаратылыстың, ғаламның өзгерісіне шыдайтындай, тіршілік етуге бейімді қабілеттер берілген», - осы керемет болжам-пікірдің иесі жұлдызшы Назарбек Қожамсейітов. «Қазақ

әдебиеті» газетінің № 12 (3068) нөмірлі 2008 жылдың 21-27 наурыз айы күндері жарияланған санындағы осы мақаланы оқып отырып, М. Жаманбалиновтың табиғат жайлы кей өлеңдері дәл осындай ерекше балаларға арналған ба деп қаласың. Мысалы, тілі дамып, айналаны құныға бақылап келе жатқан сәби балаға мына өлеңді жаттату арқылы оның білуге құмарлығын әрі қарай да арттыруға болатын сияқты. Өлең «Көлшік» деп аталады, жаттауға жеңіл тақпақ үлгісінде жазылған:

Жауды жаңбыр,
Есіктің алды
Кішкене айдын,
Көлшік боп калды.

Жүрдім мен қорқып,
Жоламай көп күн.
Жиегін жол ғып,
Жағалап өттім.

Не болдым егер,
Андамай бассам.
Астында терең,
Заңғар көк аспан.

Осында кішкентай көлшіктің төңірегінде ой тастап отырған ақын мектепке дейінгі жастағы баланы ойлантады, ал жоғарыда сыншы сөз еткен «Күнбағыс» мектептегі оқудың маңызын түсінген балаға жақсы қабылданып қана қоймай, оқуға деген ынтасын арттыра түседі. Күнбағыстың күнді сүйетін табиғатын балалардың білімге деген құштарлығымен салыстыру әдісі арқылы ашса, «Шілік» атты өлеңінде шөпті сипаттау арқылы ізденімпаз, тапқыш ақын болашақтың мықты баласын сөйлетіп тұрғандай:

Мен бәріңе білікті,
Солқылдаған шілікпін.
Қаймықпаймын дауылдан,
Күзгі нөсер жауыннан,
Мына мені қайта сен,
Сондай күні байқасаң.
Өнерімді жұмсаймын,

Акробатқа ұқсаймын:
Мың иілсем, қыңбаймын,
Жүз бұралсам, сынбаймын.
Өмір бойы себебі,
Жаттығумен келемін.

Екі тармақты алты шумақты бір шоғыр өлеңді тұтастай оқып шыққанда, онда сипатталып тұрған шілік шөп денесін күнде шынықтыратын, суықтан қорықпайтын баланы елестетеді. Осы өлеңнің әсерімен кез келген жастағы бала әрі табиғаттың ерекше бір жаратылысымен танысады, әрі оның сипаттарын тыңдай отырып, өзі де білікті, шыныққан шіліктей болуға ұмтылады.

Айтар дана ойларымен табиғат сырларын суыртпақтап таныстырған ақынды табиғаттың шынайы бағбаны дей аламыз. Табиғаттағы тіршілік иелерін сипаттаумен қатар М. Жаманбалинов олардан келетін пайданы сараптайды: мысалы, араны жомарт даланың төсінде бау-бақшадан бал жинаған ерке баладай, бал бұлақ түрлі-түрлі мінез көрсететін адам тұлғасында. Күннің күркіреуінде, ізінен жауған жауын нөпірінде, одан соң аспанда кемпірқосақ ілінетінінде де небір сыр бар екендігін күнді сөйлету арқылы жеткізуі де үлкен тапқырлық:

– Шомылдырам баршанды!
Шырша,
Терек,
Қайындар,
Бәрің душқа дайындал! –

деп, күн бұйрық береді күн. Жансызға жан бітіре сөйлету тым әсерлі. «Бала өлеңінің ұйқастары өзара жақын болуы, тіпті бастауышы мен баяндауышы да ұйқасып тұруы тиіс» деген қағида бойынша осы шумақта *қайындар* мен *дайындал* сөздері ұйқастырылып алынғандығы өлеңге ерекше мәнер беріп тұр, тіпті баяндауышының көптік формада келуінің қажеттілігі сезілмейді де. Өлеңнің келесі шумақтарында ақын елікке, арқарға, қояндарға тондарының шаңы бар екендігін ескертіп, жуынғаннан кейін бойларынан су сорғалайтынын, сілкініп қою керектігін айтады.

Күн монологының бірінші шоғырында бұйыру үні, екінші шоғырында өтіну, үшінші шоғырында ескерту, төртінші шоғырында

нақ шешімін кесіп айту үнімен берілуі балаға табиғат құбылысының қыр-сырын ретімен ұғынылуын қамтамсыз етеді және бұл жердегі ырғақтық өзгешеліктер әр шумақтағы қосымша сарындарында балаларды құбылыс ерекшеліктеріне тәнті ете түседі. Өлең басында «Шо-мылдырам баршанды!» деп жар салған биік күн соңында:

Көк аспанды тілемін,
Кемпірқосақ ілемін.
Бұлт көбесін сөгемін,
Шуағымды төгемін.» -

дейді. Күркіреп шыққан күннің осындай күшін риясыз сеніммен қабылдаған бала кемпірқосақтың қатты жаңбырдың ізінен болатын басты құбылыс екенін түсінеді.

«Ұйқас ойдың жаңғырығы іспетті болуы, яғни ұйқас ырғағынан мазмұны естіліп тұрғандай болуы шарт.» делінеді балалар поэзиясына қойылған талаптардың бірінде. Ерекше дарынды балалардың қиялы аспанды шарламай тұра алмайды. 1976 жылы жазған «Луноход пен ай» деген өлеңінде аспан әлемінен жерге естілген диалог бар:

«-Әй, сен кімсің?
Төсімде жол салып,
Тасыма қол салып,
Не іздеп жүрсің?», -

бұл өзіне жол салып барған автоматқа айдың қойған екінші сұрағы. «Экспедиция, лаборатория, геолог» деген сөздердің мәнін түсінбеген ай олардың метеориттей оқ, күн көзіндей от еместігіне көз жеткізеді де айға жүргізілетін зерттеулерімен танысады. Ай тағы да:

Ә,-ә...
Онда сен адамзатсың ба,
Әлде басқа ғаламзатсың ба?,-

деп тағы сұрақ қояды да, ізінше:

- Ғаламат!-
Деді автомат,-
Бірақ адам жасаған
Адам тапсырған аманат.

Ғас мүсінді луноходтың ай төсіндегі жұмысы қай жастағы баланы болсын қызықтырмай тұрмайды. Оның даусынан айналада жасалып жатқан талай ғаламат істерді естіп риза болған ай жер халқына сәлем

жолдайды. Өлеңде автомат ай зерттеушінің (луноходтың) өзін-өзі сипаттауында бірде-бір сын есім жоқ. Ілік септігендегі анықтауыштардың бір-бір тармақта тұрып, өзара жымдаса ұйқасуы (жерімнің, көлімнің; қалалардың, далалардың балалардың жіберген өкілімін), өзін таныстыруында да осылайша әр тармақтық сәтті ұйқастар (Қонақпын, құрышпын, болатпын) ұйқасып келуі, тіпті автордың төлеу сөзіндегі бастауыш пен баяндауыш мүшелері арасындағы ұйқастар өлеңді автордың нық шебер қаламымен жазғандығының айғағы. Жас балаларды табиғат сырларын білуге ұмсындыратын сырына өлеңді әрі қарай оқып қызыға түсесіз:

Осыны айтып автомат,
Біраз тоқтап ап,
Қолын созды,
Ай тозаңын,
Ұстап та көрді,
Уыстап та көрді.
Саусағын сұғып,
Қуыстап та көрді.
Қалтаға да салды,
Содан соң ,
Фотоаппаратын алды.
Оңға қарады,
Солға қарады,
Жонға қарады,
Айды суретке түсірді.
Ойды түсірді,
Қырды түсірді,
Барлық
Жұмбақ сырды түсірді.

«Өлеңнің әрбір жолы аяқталған синтаксистік тұтастықта болу» шарты балаларды осы мәтінді қызыға тыңдауға, «Әрі қарай автомат не істер екен?» дегізіп, құныға оқып шығуға шақырады.

Жер бетіндегі табиғат сырларына үңілте білген М. Жаманбалиннов, міне, осылайша балаларды аспан әлемі бүккен жасырын сырларға бастайды. «Ызғар» деген өлеңінде «Қыста ызғар бетті неліктен қып-қызыл қылып сүйеді?» деп ақылмен болжайтын баланың «Қыс

аязы-киелі, киеге бас иемін» деп тұруы, «Жұлдыздар» өлеңінде *жымыңдайды жұлдыздар, қызығамыз ұл-қыздар, қызығамыз, қараймыз, кереметке балаймыз, бірақ әлі баламыз, өссек ұшып барамыз*-осы бір жол бойына тізіліп жазылған егіз бастауышқа жалғастырылған етістік тұлғасындағы өзара ұйқасты баяндауыштармен бір шумақ өлеңге сыйғыза сөйлетілген балалар тілі - әрі бала тілі - бал тұл, әрі болашақ дана балалар тілі. Қоршаған ортаға алуан сұрақпен қарайтын баланы аң-құстармен, нөсер, бұлт, жаңбырмен сөйлетіп қоймай, жеміс-жидектермен де сөйлетеді ақын.

– Лимон, лимон, қайдан келдің?

– Бау-бақшалы сайдан келдім.

– Алтын түсті қайдан алдың?

– Албыраған айдан алдым.

– Бал шырынды кімнен алдың?

– Күлімдеген күннен алдым.

Күн мен айдан нәр алғанмын,

Адам үшін жаралғанмын.

Баланы денсаулыққа, жалпы адам ағзасында витаминді көбейтуге қажетті кәдімгі лимонмен тілдестіруде үлкен мән бар. «Бұл жеміс неліктен сап-сары екен?» деп ойға қалған балаға сұрақтар қойғызады да, ізінше әр сұраққа тиянақты өз жауаптарымен оны қанағаттандырады. Біздің жақта өспейтініне қарағанда, бұл жемістің күннің көп түсетін жерінде өсетіні түсінікті жайт. Ал ол жер – қай жер? Өлеңмен танысқаннан кейін баланы осы сұрақ мазалауы керек. Ақын мақсаты да – осы.

Ақынның «Ақ қайың» деп аталатын өлеңінде «Лимон» өлеңіндегідей тілдесу жоқ, басынан аяғына дейін шығармашының өзі сөйлейді:

«Әппақ қайың.

Ақ қайың.

Қайнар көзі қуаттың.

Өсіп тұрған

Дап-дайын

Дәріхана сияқты.»

Қайыңның талай емдік қасиеттерін рет-ретімен айтып беру үшін автор алдымен осындай экспозиция-кіріспе мәтін құраған. Асқазаны

қабынғандар көктемде бал шырынын ішетіні, бүрлерінен бүйректі, жаздағы жапырақтарынан ағзаны, қабығынан қарамай жасап қара жараны, қайың жапырақты, сыпырғышымен денені тазартуға болатыны түсінікті, қарапайым тілмен баяндалып келеді де, бірақ өлең түйінін автордың өзі ғана қорытпай, кейіпкерімен қосыла шығарады:

Жапырағы-жалауы,
Қандай әсем-тұлғасы.
Көздің жауын алады,
Жалтыраған сырғасы.

– Мен осындай
Дап-дайын
Өсіп тұрған әптекпін-
Әппақ қайың
Ақ қайың:
«Ексең мені ек!»-

деп тұр. Автор құрғақ баяндаудың ықпалынан гөрі сюжеттің кімнің аузынан айтылғанда ықпалды болатынын ескерген. Ақ халат киген дәріханашы сияқты аппақ сөйлейтін ақ қайыңға қай бала мойын бұрмасын? Өлеңнің осындай шешімі кішіні де, үлкенді де ақ қайыңның қасиетіне бас игізеді.

Шығармашылығын балалар әдебиеті арқылы көрсетіп, кейін біржола қазақ лирикасын дамытуға ат салысқан Қадыр Мырза Әли ақын туралы Мұзафар Әлімбаев жақсы ойлар жазған болатын [19,4]. «Балдырған» журналында табан аудармай 50 жыл қызмет еткен талай жас ақындардың ұстазы әрі сыншысы болып кеткен, алпысыншы жылдардағы балалар поэзиясының көшбасшысының 8 дәлелді ойлары бір ақын шығармалары төңірегінде болғанмен, барлық қазақ балаларының ақындарына арналған. Төменде беріліп отырған талаптармен балалар ақыны және балалар өлеңі қандай болу керек екендігі туралы М. Әлімбаевтың тұжырымдары Мүбәрак ақынның қоржыныныдағы жырларға да шақ, дәл сол қалыпта шыққан. Сонымен:

Біріншісі- *тақырып таңдаудағы тапқырлық*. «Қаукитып күрке тұрғызу бар да, көргеннің көз жауын алып қызықтырардай сәулетті, сәнді сарай орнату бар. Ақын не айтқанымен ғана емес, қалай айтқанымен ақын»;

Екіншісі- өлеңдердің көпшілігінде тартыс болуы. «Жырлардағы жып-жылмағайлық, көз тоқтатар, ой толқытар бедердің жоқтығы жұртты поэзиядан бездіретінін балалар ақындарының баршасы ескеріп жүр дей аламыз ба...»;

Үшіншісі- жас ерекшелігін ескеру. «Балаларға шығарма жазарда олардың ой-өрісі деңгейін, жас ерекшеліктерін ескеру керек деген қағида-әділ талап! Шын ақын, нағыз балалар ақыны әлгі ақиқаттан айнымайды»;

Төртіншісі: өлеңнің тәрбиелік мәні болуы. Алпысыншы жылдар басынан бері бізде, балалар поэзиясында танымдық мәні бар, өмір танытарлық өлең-жырлар төбе көрсете бастайды;

Бесіншісі: балаларға ана тілінің шұрайлылығын, байлығын білдіре жазу. «Титтей балақайлар түсінбей жүрер ме екен?» деп артқа қарайламай, алға көз тігіп осылай батылдық жасағанда ғана, бүлдіршіндерге ана тіліміздің асылдығын, байлығын, оралымдығын таныта аламыз»;

Алтыншысы: бала сұранымына, заманына қарай туындыларды өңдеу. «Мұндай түзетулер таңдамалы жинақтың көркемдік құнын көтере түскен»;

Жетіншісі: бала қаламгерінің өз білімін, танымын жетілдіріп отыруы;

«Ол білмей сөйлемейді. Сондықтан да оның өзі ұстанған берік тенденциясы, көзқарасында өзіндік принципі айқын, табанды»;

Сегізіншісі: балалар ақыны ғана емес, азамат ақын болуы. «...халық тағдырына жаны ашып, жан-жүрек қуатымен жәрдемін аямайтындығымен қайраткер. Осы қайраткерлік қаламға да мол қорек береді».

Осы айтылған талаптар мен пікірлер барлық балалар авторларына қатысы мол қағидалар мен тұжырымдар деуге болады. Өйткені М. Жаманбалинов та «Айнабұлағымен» алпысыншы жылдары балалар әдебиетіне тартылған жебе және тартылған орнына дік түсіп отырған асыл жебе болды.

«Бойында талант жұпары бар ақын» деп бағалайды М. Жаманбалиновты белгілі ақын, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығы және Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты Қадыр Мырза Әли ақынның өзі, – Қазір қазақ балалар әдебиетінде тұрақтап

қалу, өзге жанрға мойын бұрмай, бойындағы бар талант жұпарын бүлдіршіндерге сарқып беру – ерлікке бара-бар іс. Мүбәрак Жаманбалинов – қазақ балалар әдебиетін көркейтуге жан-тәнімен қызмет етіп жүрген, осындай ірі таланттарымыздың бірі. Ол өзінің балалар психологиясын жете зерттей жазған өлеңдерімен бөбектерді ұдайы қуанышқа бөлеп келеді. Бөбек қуанышына жетер не бар?! Жыр толас-тамасын, қуанышын ортаймасын» [13,193].

Ақындардың ақындарға берер сынынан өткір, әділ сын жоқ. «Балалар ақыны болып туу керек» деген теорияшылдардың тұжырымын алға қойып, М. Әлімбаев та, Қадыр Мырза Әли де балаларға қажетті ақындық талант адамзаттың қажетіне жарату үшін тәңірінің асқан шеберлілікпен сомдап жіберетін ерекше қасиеті екендігін саралап, шегелеп айтып отыр.

Орыс балаларының сүйікті жазушысы Михаил Пришвиннің «Балалар әдебиетіне жарарлық кішкентай нәрсе арқылы үлкендерге жазатын қаламгер талантын сынауға болады. Керісінше, бірыңғай, тек балаларға ғана жазатын балалар жазушысының жаман болғаны» деген [2, 228]. Шынтуайтқа келгенде, осы ойдың да дәлелін М. Жаманбалиновтың туындыларынан көреміз. Ол Қ. Мырза Әли ақын сияқты біртуар бала ақыны әрі үлкендерге де ұстаз ақын. Жоғарыда талданған табиғат сабағына татымды жырлардың біразында осындай біртуар таланттық сипаттар жатыр.

«Ақ қайың» өлеңі туған қаламнан «Қайың мен балта», «Қайыңның шағымы», өздерін-өздері таныстыратын «Тырнарлармен» қатар «Тырна мен керік», мейірімді ана торғайлар мен суық торғайларды таныстыру мақсатынан басқа ащы сарказмды «Торғайлар шағымы», «Әлін білмеген әлек» сияқты мазмұнды мысал өлеңдер тууы ақын бойындағы дарындылықтың арқасы.

Педагог ақын ғибратқа толы ойларын сатиралық өлеңдер мен мысал жанрында бүлдіршін балалар жанына жақын жеткізеді, қарапайым тілімен жеткізетіні соншалық – ақынның юмор өлеңдері қарасөз сияқты естіледі, ал мысалдары ақынның бабалар тілімен бала санасына жеткізе айтқан нақыл, даналық сөздеріне саяды. Мысалы, «Үйретті» деген жұмсақ юмормен келетін сатиралық өлеңінде автор ойын бір ғана синтаксистік тұтастықта жеткізеді:

Тіл алғыш бол» деп інісін
Жүреді Сойтал үйретіп,
Інісі жүр оны күн ұзын,
Қол шанамен сүйретіп.

Сойтал – ойдан алынған ат, үлкейгенше енесінен бөлінбейтін қара малдың бір түрі. Сол сияқты: «Мазакбекке мін жетеді, Мойнының кірі екі елі», – деп басталатын мазактама өлеңдегі «Мықыр» «Желкесі шұқыр», «Күждей», «Мұрны біздей», «Керім», «Салпы ерін» дегендей мазактама сөздері әрі халықтық, әрі авторлық қолданымдар. Мазакбектің аузына салып, көрінген досының мінін айтқыштығына орай өлеңнің түйінін ақын: «Бұл қылығын ол «мін» демейді, Ал өзің ше? – десе... үндемейді.» деген сөйлеммен шығарады.

Балаға оқылып берілетін мәтіндер, әсіресе, осындай қағытпа, мазактама өлеңдердің этнолингвистикалық элементтері мәтінді оқушыдан мәнерлеп оқи білу әдістеріне жетік болуды талап етеді. Мұндай мәтіндердің орфографиясынан гөрі оқылуына, яғни орфоэпиясына көп назар аударылуы қажет. Өлеңнің бірінші тармағының өзі мазактап сөйлеу тонын талап етіп тұр. Осы тармақта «*мойнының*», «*кірі екі елі*» тіркесі «*кірекелі*» болып оқылуы мазактау, кекету тонын күшейте түседі. Екінші тармақтағы жолдар буын саны жағынан сәйкеспейді. Сондықтан мәтіннің оқылу әуенімен «*шашы таралмайды*» тіркесін «*шаашы*» немесе «*тара алмайды*» делініп созып оқылуы бала психологиясына әсерлі болмақ.

Астыртын күлкіні ақын емеурінмен, қылжақ балаға өзгелерді мазактау арқылы білдірген. Балаларға бағытталған сатиралық өлеңнің ерекшелігі – диалогта беріліп отырғандай амал-тәсілінің болуына және оқушысын еріксіз жымитатын шығарма шешімінің қызықты аяқталуында. Онда қысқа да нұсқалы «Өзгені кекеткенше, өз мініңді бақыла» деген ғибрат ой тұр. Ақын тілінде жиі көрінетін сөздер мен тіркестерді қайталау әдістері балалардың үздіксіз әрекеттері бейнеледі, сондықтан өлең мазмұны ажарлана түскен. Мазактама жолдармен басталған өлең сөздері міншіл баланы ойландыруға, ұялтуға жеткізген.

Балалар поэзиясының ерекше бір түрі – осындай әзіл – оспак, сын-сықақ өлеңдердің ойнақы да, ой салар, езу тарттырар, жеңіл юморлы күлдіргі түрі. Ақын мұндай өлеңдерді де өндіре жазған ақын.

Мысалы, «Бектің бес міні», «Мазақбекке», «Мамасы да сүймейді», «Есербек», «Көп қарындаш», «Топас», «Тапқыш», «Мықты», «Мақтаншақ», «Ласбай» атты өлеңдерінің аттарының өзі күлкілі етіп алынған. Тапқыш пен мықты сөздерін аталымға лайықтағанда автор оларды тырнақшаға алып жазады. Енді бір кезекте осындай юморлық өлеңдеріне одағайлармен аталымдар береді. Мысалы: «Қап!» «Ұят-ай...», «Аяй, аяй...». Бұл жанрдағы шығармаларынан байқағанымыз - әзіл-сықақпен келетіндері негізінен орта мектеп балаларына арналғандығы. Бектің мінезін жеткізетін *бұршық, папасынан сұрау, көсіліп отыру, тұнжырау, тақтаға шығу, сыбыр қағу, құлақ тосу, ауыз ашу, қыңырлану, дауласу, шалбарының құйрығы тесілу, бір қойып талдыру* сияқты Бектің қимыл-әрекеттерін жеткізетін сөздерге оның аузынан айтылатын «Құлаймын», «Беске айттым», «Қазір жуам мен», «Ә, оны ешкім көрмейді» деген сөздеріне назар салып, Бектің қандай бұзақы қылықты бала екенін оқушысы дәл таниды да, ондай баладан жиренеді. Кез келген сатиралық өлеңдеріне талдау жасай отырып, ақынның айналасын күлкіге батырып жүрген балаларды о жар қылық, ебедейсіз қимылды жеткізетін сөздермен суреттейді. «Қап!» өлеңінде: О жар *құлағы сермейді, Топырлатып жығады, Қарға жықты Балпықты, Орға жықты Сараны, Содан кейін ол «Мықты» сумкасына қарады* делініп келеді.

Қалды да оны сілкіп бір,
Қабак шытып «Қап» деді,
...Көк сияға шылқыпты,
Кітаптары, дәптері.

Мұндағы стильдік ерекшелік ақынның кіші жанрдың өзінде дамытуды қолданғаны, ал автордың менерлегіштік-бейнелегіштік құралдары негізінен, өз лабораториясындағы ерекше жанр – мазмұнды мысал өлеңдерінде кездеседі.

М. Жаманбалинов сан қилы ситуацияны ойдан құрастырып, балаларды еліктіріп әкететін аң-құс, жел-құйын, қаңбақ-өсімдіктер болып келетін кейіпкерлерін өзара жағымды-жағымсыз әрекеттерде, өзара шиеленістерде не тартыс-жарыстарда алып нанымды мазмұн құрайды. Мысал өлеңдердің бастау бөлімінен-ақ байқалатыны - мазмұнының өмірден алынғандығы. Екінші ерекшелігі- бұл жанрда автор бала тілімен сөйлемейді, ақыл-кеңес беретін ұстаз, тәрбиеші,

Бір торғайға тоймайды
Осыны кім ойлайды?

Ақын осымен өлеңін аяқтай салса да, болар еді? Бірақ өйтпейді, моралін мұқату, жазғыру сөздерінсіз-ақ шығарады:

Жауызды жауыз қолдайды,
Әлсізді кім қорғайды?

Торғай образы ақын мысалдарына дейін балаларға арналған мағыналы, мәнді өлеңдерінде де кездеседі. «Бозторғай» деп аталатын, баланың оны «Бозторғай, бозторғай!» деп сүйіспеншілікпен шақырып басталатын өлеңінде кімдер жайлы жырлап тұрғанын торғайлар балаға өз аузымен айтады. «Торғайлар қуанышы» атты өлеңінде тары шашқан балалардың «Қайсысы қайырымды» деп бір шоқып, бір қуаныса қараған жүректері пәк, өздері сияқты секіріп ойнап жүрген торғайлар суреттелген. «Торғай, саған не керек?» деген диалогты мәтінде торғай балапандарына ерекше қамқор ана бейнесінде танымал еді. Ақынның пәктіктің, тазалықтың символы етіп келген торғайы, балаларға етжақын торғайы мысал суреттеуінде осы бейнесінен аумаған.

Самауил Маршактың «Ақымақ тышқан» туралы ертегісіне жауап сияқты жазылған бұл мысалды ертегі деп қалуға да болады. Ақымақ тышқан өз анасының шіңкілдеп естілетін әлди әнінен безініп, жылқыға, сиырға, аюға барады, барлығының даусын мазақ етеді, кит балыққа үндемейді деп кінә тағады, жыланға ысылы, итке ырылы жаман деп, соңында мысыққа тап болып мерт болады. Ал мына мысалда керісінше торғайдың өз балапандарымен бірге басылып шыққан көкектің балапанынан көрген қорлығы баяндалған. Өзге балапандарына ұқсамайтын, олардан төрт есе үлкен құс баласын анасы «батыр балапан болар» деп үміттенеді.

«-Торғайдан да
Бір батыр
Туа қалса, жаман ба?».

Осы шумақта баласын жамандыққа қимайтын ана образы ашылған. «Ерекше балам болады» деп құрақ ұшқан ана торғай кейінірек оның көкекке ұқсап бара жатқанын сезеді. Өзі ұяға жатып алып, қалған балапандарды ысырып жерге түсіріп жіберген көкектен әбден қорыққан ана торғайды сипаттай келе, ақынның кесімді сөзі бұл

шығарманың ертегі емес, өмірдегі жайттарды шегелеп тұрып айту үшін шығарған мысалын айғақтай түседі. Ақын:

«Қорықты деп
Торғайды,
Кіналауға болмайды.
Түбі осындай көкектен
Талай торғай сорлайды», -

деп қорытады.

Мысалға нысан болатын деректерді ақын аталымына, тақырыбына сай етіп, өмірден, адамзат тіршілігінен жинайды, сондықтан да мысал деп аталады. Өмірде, әсіресе саясаттың астарында ара-тұра жаманшылық істер, адам құқығын қорлау кездесіп жатқанда, жекелеген жандарға ғана жақсы, жалпы жұртшылыққа жағымсыз жағдаяттар туындағанда мысал мен фельетонға сүйену жазба әдебиеттің сыншыл реализм деген бағытын қалыптастырып, дамытып әкеткені тарихи шындық.

«М. Жаманбалиновтың «Мақтаншақ», «Өзі кінәлі», «Қара төбеде», «Есербек», «Қоңырау кетті үзіп», «Екі сумка» өлеңдерін сатиралық балладаға жатқызуға болады. Бұл өлеңдер бала іс - әрекетіне құрылуымен, оны лайықты қуатты күлкі нәріне суарылған тілмен бейнелеуімен балалар әдебиетінің шынайы табысына айналған шығармалар деп санар едік. М. Жаманбалинов – балалар сатирасында жолы болған талант.», – деп берілген сыншы бағасына біздің алып-қосарымыз шамалы (13,178).

Мін бар жерде сын бар. Мінсіз өмір, мінсіз адам болмайды. Ал бала тілінде ақыл айта білген М. Жаманбалиновтың кейіпкерлері сатиралық мысал өлеңдерінде өздері бастарынан өткерген оқиғалардың ортан белінде тұрып, оқушысына «Біздей болып қалмаңдар» деп ескерту жасайды. Ол ескертулер балаларды есті ете түссе, үлкендердің естерін жинатады.

Мақтану, іс тындырмай жатып, алдын-ала бөсіп сөйлеу, даңғазалыққа бой алдыру сияқты жат қылықтарды мысал жанрында мінеп, сынау – бұрыннан келе жатқан амал-тәсіл. Осы тақырыпта М. Жаманбалинов он шақты мысал жазыпты.

«Айна мен теке» деп аталатын мысалда «Мақтаншақтық дегенің даңғойлықтың көкесі» деген авторлық түйіндеменің айтылуы жай емес.

«Мендуана мен бала» деген атпен балаларға арналған өлеңінде бөспелеу бала өсіп тұрған мендуанаға тиіседі. Оның қызыл ала гүлдерін жұлып-жұлып, «Мен мендуанамын, уым күшті» дегеніне көнбей, ерегесіп дөңдерін де теріп жеп алады. Білімсіздікпен құр даңғойланудың нәтижесінде, емханада үш күн жатып, жаны әзер аман қалады. «Айна мен теке» мысалында мақтанудың салдарынан ортеке күлкіге айналған:

«Бір ортеке ойнаған,
Өзін көріп айнадан:
– «Жеңем, - деп, - ол текені»,
Сарт еткізді шекені.

Быт-шыт болып жатқан-ды
Көрді дағы мақтанды:
– Сүзісем деп, мықтым, ә,
Күл-талқаның шықты ма?!»

Асыра сілтеудің салдарымен кей адамдардың көздері жұмылып, айналасын бақылай да алмай қалатынын мегзеген бұл мысалдың тәлімдік мәні зор. Осындай бір шығармасы: «Қаңбақ пен дауыл» деп аталады:

«Екпінімнен жел тұрды!-
Деп, бір қаңбақ желпінді.

– Ерегиссем, тоқтаймын,
Дауыл да онда соқпайды...»

Бұдан өткен даңғойлық бола ма? Қаңбақ сияқты өз қолында бір билігі жоқ адамның кейде бөсіп сөйлеуі, өзі кіріптар болып жүрген иесінің жоқ кезінде бола беретінін ақын баяндап жатпай-ақ, қаңбақтың өз сөзімен жеткізеді. Қаңбақтың мақтанын сезіп қалған құйын ылаң сала соғып еді, бас сауғалап қашқан қаңбақ камысқа келіп тіреледі:

«Шықты пәре-пәресі,
...Елірменің бәрі – осы»,-

деп аяқталады өлең. Асқар Тоқмағамбетовтің «Қаңбақ пен бидай» атты мысалындағы бидайменталастырылған қаңбақта мақтаншақтау, әлін білмей әлек болып жүретін адамды суреттегені аян. Мүбәрак мысалында қаңбақтың халі тіпті аянышты, мақтанбай тыныш жат-

са, жанын сақтар еді. Мысалдың түйіні балаларға артық кетпей, құр мақтанбай, ойланып сөйлеуі керектігін білдірсе, үлкендерге: «Қаңбақтың кебінін киіп жүрмеңіз. Әр қадамыңызды ойланып басыңыз!» дегендей ой тастайды. Келесі бір мысалында қаңбақ зулап бара жатып, түбірді мазақ етіп кетеді. Құйыннан, желден қашқанда сол түбірге келетінін ол сезбейді де. «Дос болайық, бұрыл!» деген түбірге: «Дос болсаң кел, жүгір!»-деп мазақтап сөйлейді. «Біреуді қажап күлгенше, өз мініңді білген жөн», – деп қорытады ақын. Жалпы адмгершіліктің, ұстамды, салмақты ойдың қарама-қарсы, осалдыққа әкелетін қайшы күші- осы мақтаншақтықта. Асқан мақтаныш сезімінің жағымдысы да болады. Ол ел ырысына мақтану, отанымен, қазақ елімен мақтану – бұлар рухтық биіктеу негізінде туындайтын мақтаныш сезімдер. Ал қара басын өзгеден артық қойып, өзінің жетістігіне өзі мақтану адами қасиет емес. «Бөспе мұрт» деген мысалда тұрқы осындай, тек жағымсыз мақтанышпен өмір сүретін адамның бейнесін ақын дәл сомдаған. Бейне сомдау үлкен туындыларда да, мысалда да болатынын біз осы шығарма арқылы көз жеткіздік:

Мұрт:

«Сақалдан» ассамІ» деп,
Өсіпті –ай кеп, өсіпті.
«Бет-аузынды басам»деп,
Бөсіпті-ай кеп, бөсіпті.

– Міне, қандай күш бар,ә?-
Деп ауызға жетіпті.
Осы кезде ұстара
Күзепті де кетіпті.

– Босқа бөспе атанба,
Бөсемін деп құрыдың-ғой.

– Жоқ!-депті мұрт,-
Сақалдан,

Әлі де биік тұрмын ғой.

Мысал жазуға нысанды діттеп алу, дәлдеп жазу, жай ғана жазу емес, таза жазу, жазатынын қаза жазу Мүбәрак мысалшының ермегі емес, ерен еңбегі. Мысалда бояма сөз, бейнелі теңеулер аз, бірақ

нысанаға дөп тигізетін предмет табу – сол ақынның бейнелі сөз қаруын танытады. «Тау мен ит» мысал өлеңін алып қарастырайық. Қайдағы бір ит алып таумен таласады. Бұл өлең өмірлік тәжірибенің қорытпасы іспеттес. Қорытылған ой-түсініктен алтын-мыс қорытпасындай асыл мұра туындаған. Артық айтқандық болмас, тауға ит барып, таумен сөйлеспесе де, таудай дарынға өзін теңеп, дардай ат қойып, өзіндік туындылар мен ғылыми еңбектерге автор болып жүргендер аз емес.

Тауға тіке қарап ап,
Абалауын қоймады.
Тау да бұған абалап,
Тұр екен деп ойлады.

Келе жатып аулына
Қуантты оны елес ой:
– Үрісі мына таудың да,
Менен күшті емес қой.

«Қарға да баласын аппағым» деп мақалда айтылғандай, іштен шыққан шығарма болғасын және ол өзгенікі емес, өзінікі болғасын, әркімнің өз шимайы өзіне үлкен дүниедей көрінетіні бар. Бірақ, «Оның оқылуы қалай екен, жұрт қалай қабылдайы?» демей, әрі қарай сылдыр-шатпағын жаза берсе не болмақ? Міне, ақын осы мысалы арқылы мынандай қорытынды жасайды:

«Түйіні сол-ақ,
Ойы олақтың ісі-шолақ».

Енді бір топ мысалдар – жоғарыда талданған мысал нысандарынан да өткен адамдар арасында кездесетін арам ниет, жауыздық әрекеттер жайында болып келеді. Оларға біз: «Түлкі мен қақпан», «Торғай мен көкек», «Шабак пен шортан» сияқты туындыларды жатқыздық.

Түлкіге ұқсап ізін білдірмей ұрлыққа барып, аңқауларды аңқитып, бір-біріне айдап салып, өзі сытылып кететін айлалы адамдар немесе өтірікке жол беретін, адалдықтан ада жандар болады. «Күншіл түлкі» мысал өлеңінде «Менен басқаның барлығы аппақ, менің қыста тоным неге ауыстырылмайды?» деп қоянды күндейтін түлкінің бойындағы күншілдіктен сақтану моралі, «Түлкі мен шаян» туралы суреттемеде аламан жарысқа қатысқан түлкінің шаянды алдап

арқадан қағып, өтірік қылымсып: «Бұл анық рекорд» деген өтірігін ашып, ақын: «Бұл мысалдың кілті: Шаянды бәйгеге қосу-күлкі» деген мораль шығаруы – ақынның қоғамдағы жат қылықты жандарға айтқан қатаң ескертулері. «Түлкі сияқты адамдар өзіне шаң жуытпайды, тіпті өзінің арам пиғылдарына қарсы әрекеттерде де сытылып, аппақ болып шығады» деген ойды автор «Түлкі мен қақпан» деп аталатын мысалында да келтіреді. «Тілі салақтап, ернін бір-екі жалап қап, қораға таман бара берген түлкіні» қақпан шап береді. Қос аяғын бірдей жаралап түседі. Ұрлығына қарсы қойылған қақпанмен түлкіні тлдестіре отырып, ақын салмақты қақпан сөзімен оның әрекетінің артын ашады. Осы кіші-гірім диалог арқылы «Ұрлықтың түбі-қорлық» деген халық мәтелінің мағынасы ашыла түседі. Мысалдағы сөзбен болған қақтығыстың интонациялық мәнерімен жымысқы түлкінің күлкілі күйі әсерлі жеткізіліп тұр:

Түлкі қақпанға:

– Жауыз, мақтанба!

– Мен ақпын,-деді,

– Сен қаптың,-деді,-

Жайыма келе жатқанда.

Қақпан айтты:

– Есіңе ал,

Кімнің сенде несі бар,

Бұқпантайлап,

Түнде сен,

Құс қораға кірмесең?..

50-жылдардан бастап қазақ балалар поэзиясында бала психологиясын, тілін, ой-мақсаттарын жете ұғынған балалар ақындарының қатары толығып, олар жас оқырмандарға түрлі көркем шығармалар ұсынды. Атап айтқанда, С. Бегалин, Ө. Тұрманжанов, М. Әлімбаев, Ә. Табылдиев, Ә. Дүйсенбиев, Қ. Мырзалиев, Қ. Ыдырысов, М. Жаманбалинов, Ж. Кәрбозин, Ә. Табылдиевтер балаларға көптеген кітаптар жазды» деп энциклопедиялық жинаққа енді. Бұл –ұсақ жанрлардың өзінде ақынның өзін одақ көлемінде таныта білуі.

Ертегілер жанры ежелден балалар әдебиетінің еншісі екені белгілі. Осы әдетпен қазіргі кезге дейін балаларға арналған мысалдардың, аңыздардың ара-жігін ажыратпай, аң-құстар араласқан кез кел-

ген шығарманы ертегі деп қабылдау орын алған сияқты. Ақынның әр жылдары басылған жинақтарынан біз осыны байқадық. «Ай мен Күн», «Қорқақтықтың кеселі», «Жұмбақ сыры» аңыз жанрының, « Бір байдың ақшасы мен шақшасы туралы» «Мықтылардың мықтысы» мысал жанрының сипаттарын қамтығанмен, негізінен, балаларға ертегі деген бір ғана аталыммен ұсынылған. Айтары мол, оқиғасы қызық, тәрбиелік те танымдық маңызы айтарлықтай дүниелердің шешімінде кілең танымдық, тәрбиелік мақсат тұрады. Бұл талап - балалар әдебиетіне қойылатын жалпы да міндетті талап. Тәрбиелік мақсат, әсіресе аңыздардың өн бойында: автор баяндауында, суреттеуінде, тіпті кейіпкерлер сөздерінде де көрініс беріп отырса, мысалда түйінделіп, соңында шығарылып отырады. Қорқақтықтың кеселінен көлбақаның тасбақаға айналып кетуі, қызғаншақтықтың кеселінен айдың жұлдыздан, күннен бөлініп, түнгі аспанда жалғыз қалуы ертегідегідей баяндалғанмен, өмірдегі жайттарды болжап, ауыздан ауызға жеткізген аңыздарға келіңкірейді. Ертегі жанрында белгілі персонаждардың бір-бірімен тартысқа түсіп, ең басты кейіпкері төңірегінде оқиғалы сюжет өрбуі қажеттігін ескерсек, бұл шығармаларда аса ширыққан оқиғалар жоқ. Дәулет деген баланың көк темірді билеп, жер жырттып жүрген әкесін ең мықтыға теңеуі («Мықтылардың мықтысы»), айналасындағы жалшыларына сенімсіздікпен, асқан қараулықпен қараған Егізбай деген байды жерлер алдындағы арулау кезінде өн бойынан өзі тыққан шақшасының табылуы («Бір байдың ақшасы мен шақшасы туралы») балаларға түсінікті тілде баяндалған мысал-дастандар. Бұл шығармаларда тартыстан гөрі оқиғаларды салыстыру бар. Адам еңбегін дәріптеп көрсетуді мақсат еткен ақын баланы «өр кеуде толқынды өзенмен, таумен, жер-анамен» тілдестіреді, жер-ана өзі мықты болса, соқамен бауырын жыртқызбас еді, ал соқа болса, «Мені сүйретіп жүрген трактор мықты» дейді. Мысал-дастан соңында тракторды ойлап шығарған адам мықты екендігі трактор атынан жинақталып көрсетіледі де, бұл тракторда отырған кім екен десе, тракторшы баланың өз әкесі болып шығады. Автор әр құбылысты, еңбек құралдарын мысалға ала отырып, әрқайсысының бұл тіршілікте орны бар екендігін көрсетеді.

Балаларға арналған ертегілерде персонаждардың бір-бірімен тіркестіріліп айтылуы ежелден келе жатқан әдіс. Орыс халық

ертегілерінен «Шұбар тауық», «Шалқан», «Бауырсақ», қазақ халық ертегілерінен «Қотыр торғай», «Мақта қыз бен мысық», «Кім күшті?» осы әдіспен шығарылған. Ондағы мақсат - кіші жастағы балалардың психологиясына шақтап, оқиғаларды бірінен соң бірін шатастырмай тізбектеп дұрыс айта білуге баулу. Сана-насы күн сайын жетіліп келе жатқан бүлдіршіндерге қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың өзара байланыстарын білгізе отырып, оларды еске сақтаумен қатар, куммулятивтік (тізбектеу жолымен) әдіс арқылы балалардың байланыстырып сөйлеу тілін жетілдіру де жүзеге асырылады. Қазақ балалар әдебиетінде осы әдіспен балаларға дәл шақтап Әнуэрбек Дүйсенбиев жазған «Бәтеңке, Шұжық, Балқаймақ» мысал-дастаны бар. Осы екі автордың ежелден келе жатқан ертегілер ізімен сюжеттік желіс мысал-дастандардың ертегі болып қабылдануына себеп болған. Ол ұқсастықтар - кейіпкелерінің алдарына сұрақ қойып, жолға шығуы; әрбір персонаждың сұрағына қатысты бірнеше танымдық деректер жинақталуы, айырмашылықтары – М. Дүйсенбиев персонаждарын бірыңғай жансыз бейнелерден алынған да, ал М. Жаманбалиновтың ертегісі «Кім күшті» деп аталатын халық ертегісінің үлгісінде кілең жансыз құбылыстар мен заттардан алынғандығы. Автордың халықтық ертегі сюжетіне орталықтағы типтік бейне – адамды және ол жай адам емес, «Мықтының мықтысын» қосуы мысал-дастанның лейтмотиві, яғни ертегіден ажырататын тың белгісі деп қарай аламыз. Келесі талданғалы отырған қиялдан туған шығарма «Жұмбақ сыры» деп аталады. Қазақ халқының қиял-ғажайып ертегілерінде де, тұрмыс-салт ертегілерінде де жұмбақ шешкізу әдісі қолданылғаны аян. Жұмбақтар, батырлар мен шешен-билер сияқты ақыл иелерін сынау үшін қойылатын шарттар халықтық туындыларда ерекше орын алады, шығарманың шарықтау шегінің ауқымын танытады. Бұл туындыдағы аңызға ұқсас элемент үш жұмбақ сұрақтың шешімін ел ішінен шыққан жас баланың табуында. Аңыз сипатындағы ертегі мазмұны жаугершілік заманнан алынған. Жауласқан екі ел қатар қонады. Кезек-кезек бір-бірін жаулаудан жалыққан бір күндері біреуінің батыры екіншісінің бар малын түгелдей айдап алады. Екінші елден малын сұрай барғандарды сол елдің батыры қонақ етіп, сыйлап, еліне бос қайтарады екен. Келесі бір барғанда, батыр:

«Даналары жолықсын, үш-ақ жұмбақ айтамын, соны қайсысы шешсе, малдары түгелдей қайтарылады» деп шарт қояды:

«...Білімдіге
Айқара
Есік ашық, соны ұқсын.
Кедей болсын,
Бай болсын,
Кәрі болсын,
Жас болсын.
Тек ақылы сай болсын,
Тілемеймін басқасын...

Айтып берсін ол:
Кімдер
Ата-анасы ақылдың?
Бұл екеуін өлтірген
Қанішердің аты кім?»

Қарсы елдің батырының қойған шарты «дауылдай дүйім жұртқа тарайды». Халық көп ізденеді. Ақыл адамнан туады, адам ғана ақылды болып жаратылған, ал әкесі кім? Жұмбақты шешуге даналардың барлығы ат салысады. Анасын тапқанмен, ақылдың атасын таппай ел сенделеді:

«Жұмбақ толық шешілмей,
Айлар өтті тағы да.
Шешпесе, жау көнсін бе?
Айрылады малынан.

Тағы бір ай өткенде,
Жау алдында бір бала
Тұла бойын кек кернеп,
Көзін оқтай тұр қадап.»

Дәл осылай, бір тармақ жолмен ғана суреттелген балаға қызыға да, қызғана да қарап, жас оқырмандары оның жұмбағына тәнті бола алады:

«-Атасы деп ақылдың,
Түсінемін Бірлікті.
Анасы деп ақылдың
Түсінемін Шындықты.» —

деп жауап береді аңыз ертегінің бас қаһарманы. Бірлікке жақ болу, өтіріктен аулақ жүру идеясы бар жұмбақтың әрі қарайғы шешімі осыларға қарсы әрекетпен паралельдей суреттелуі жас қаһарман бейнесін көтере түседі. Бала жұмбақ шешуін жалғастырып:

«Егер бірлік болмаса,
Кім жетеді мерейге?
Екі сұңқар таласса,
Құзғынға жем демей ме?
Егер шындық болмаса,
Кімге кімің сенеді?
Осы екеуін әрқашан
Өтіріктен өледі», -

деп байлам жасайды. Баланың осы сөзінен кейін екі ел керісті тоқтатады. «Бірлік пен шындықтың қасиетін таныған» бала біліміне риза болып батыр бар малын қайтарады. Екі ел тату-тәтті өмір сүреді. Аңыз-ертегі мазмұнына ерекше рең беріп тұрған әдіс баланың шығарма соңында «Бала би» болып атануы. М. Жаманбалинов ел шежіресін жақсы білетін, көкірегіне халықтық шешендік сөздерді сақтап келумен қатар оларды жас ұрпақтың тәрбиесіне өз қаламы арқылы жарата білген қаламгер деуімізге болады. «Әдебиеттегі бұл тәжірибеге ой жүгіртсек, көбіне фольклорлық шығарманың нобайы, сюжеттік сұлбасы сақталғанмен, ақын оны өз ойы, өзіндік концепциясымен жаңаша түрлендіріп, құлпыртып жіберіп отырады» [9, 18] деген ғалым сыншы сөзі осы «Жұмбақ сыры» атты ақынның аңыз сипаттағы ертегісін танытады. Ертегінің халық басынан өткен үлкен тарихты сипаттауы тұрғысында атқаратын маңызы зор және ұлттық сипатты, күдіретті сөзге тоқтайтын ел дәстүрін білдіретін өткір де ұтымды сюжеттік желісі тартымды. Ақынның баяндау, суреттеу тілі бірдей қарапайым да түсінікті, тіпті ара-тұра кездесетін салмақты ой-тұжырымдардың өзі бала тіліне лайықты алынған. Мысалы: *«Бейбітшілік-мол бақыт»*, *«Жауласудың ақыры жеткізбейді мұратқа»*, *«Жеңіл мінез адамды ақылы жоқ демей ме?»*, *«Туады ақыл данадан, ақыл сұрап алмай ма, даналардан бар адам»* ақынның өзі қолданған осындай ой толғаулары оқушысына да қозғау салмай тұра алмайды. Ертегі шешімінде өзі сияқты тұрғыласының «Бала би» атанып шыға келуі оқушысының да ақылды, тәрбиелі болып өсуіне ықпал етеді.

«Даналары жолықсын, үш-ақ жұмбақ айтамын, соны қайсысы шешсе, малдары түгелдей қайтарылады» деп шарт қояды:

«...Білімдіге
Айқара
Есік ашық, соны ұқсын.
Кедей болсын,
Бай болсын,
Кәрі болсын,
Жас болсын.
Тек ақылы сай болсын,
Тілемеймін басқасын...

Айтып берсін ол:
Кімдер
Ата-анасы ақылдың?
Бұл екеуін өлтірген
Қанішердің аты кім?»

Қарсы елдің батырының қойған шарты «дауылдай дүйім жұртқа тарайды». Халық көп ізденеді. Ақыл адамнан туады, адам ғана ақылды болып жаратылған, ал әкесі кім? Жұмбақты шешуге даналардың барлығы ат салысады. Анасын тапқанмен, ақылдың атасын таппай ел сенделеді:

«Жұмбақ толық шешілмей,
Айлар өтті тағы да.
Шешпесе, жау көнсін бе?
Айрылады малынан.

Тағы бір ай өткенде,
Жау алдында бір бала
Тұла бойын кек кернеп,
Көзін оқтай тұр қадап.»

Дәл осылай, бір тармақ жолмен ғана суреттелген балаға қызыға да, қызғана да қарап, жас оқырмандары оның жұмбағына тәнті бола алады:

«-Атасы деп ақылдың,
Түсінемін Бірлікті.
Анасы деп ақылдың
Түсінемін Шындықты.» —

деп жауап береді аңыз ертегінің бас қаһарманы. Бірлікке жақ болу, өтіріктен аулақ жүру идеясы бар жұмбақтың әрі қарайғы шешімі осыларға қарсы әрекетпен паралельдей суреттелуі жас қаһарман бейнесін көтере түседі. Бала жұмбақ шешуін жалғастырып:

«Егер бірлік болмаса,
Кім жетеді мерейге?
Екі сұңқар таласса,
Құзғынға жем демей ме?
Егер шындық болмаса,
Кімге кімің сенеді?
Осы екеуін әрқашан
Өтіріктен өледі», -

деп байлам жасайды. Баланың осы сөзінен кейін екі ел керісті тоқтатады. «Бірлік пен шындықтың қасиетін таныған» бала біліміне риза болып батыр бар малын қайтарады. Екі ел тату-тәтті өмір сүреді. Аңыз-ертегі мазмұнына ерекше рең беріп тұрған әдіс баланың шығарма соңында «Бала би» болып атануы. М. Жаманбалинов ел шежіресін жақсы білетін, көкірегіне халықтық шешендік сөздерді сақтап келумен қатар оларды жас ұрпақтың тәрбиесіне өз қаламы арқылы жарата білген қаламгер деуімізге болады. «Әдебиеттегі бұл тәжірибеге ой жүгіртсек, көбіне фольклорлық шығарманың нобайы, сюжеттік сұлбасы сақталғанмен, ақын оны өз ойы, өзіндік концепциясымен жаңаша түрлендіріп, құлпыртып жіберіп отырады» [9, 18] деген ғалым сыншы сөзі осы «Жұмбақ сыры» атты ақынның аңыз сипаттағы ертегісін танытады. Ертегінің халық басынан өткен үлкен тарихты сипаттауы тұрғысында атқаратын маңызы зор және ұлттық сипатты, күдіретті сөзге тоқтайтын ел дәстүрін білдіретін өткір де ұтымды сюжеттік желісі тартымды. Ақынның баяндау, суреттеу тілі бірдей қарапайым да түсінікті, тіпті ара-тұра кездесетін салмақты ой-тұжырымдардың өзі бала тіліне лайықты алынған. Мысалы: *«Бейбітшілік-мал бақыт»*, *«Жауласудың ақыры әсеткізбейді мұратқа»*, *«Женіл мінет адамды ақылы жоқ демей ме?»*, *«Туады ақыл данадан, ақыл сұрап алмай ма, даналардан бар адам»* ақынның өзі қолданған осындай ой толғаулары оқушысына да қозғау салмай тұра алмайды. Ертегі шешімінде өзі сияқты тұрғыласының «Бала би» атанып шыға келуі оқушысының да ақылды, тәрбиелі болып өсуіне ықпал етеді.

Қазіргі балалар әдебиетінің дамуына негіз болған қазақ халық ертегілерін қай балалар жазушысы болмасын шеттетпей, оқырмандарының жасына шақтап жаңғыртып поэтикалық тілде ұсынып келгені аян. Дәлел ретінде халық ертегілері желісіндегі Ә. Дүйсенбиевтің «Құйыршық», Б. Ысқақовтың «Қарлығаш», М. Жаманбалиновтың «Түйе жылдан қалай құр қалды?» т.б. сияқты прозалық ертегіні поэзияға салу бар да, М. Әлімбаевтің «Алатау бауырайында», «Көк кілем», Қадыр Мырзалиевтің «Ақиқаттың алдында» ертегілері сияқты халық ертегілерін жаңғырта жазу бар. Осы авторлық ертегілерді сараптай отырып, сыншы Е. Ергөбеков [9,22]. балалар ертегілерінің жазылуының қазіргі төрт түрлі жолын көрсетеді. Олардың біріншісі- ауыз әдебиетіндегі ертегі, аңыздың ізімен жырлау, яки, бұрын өлеңмен, қарасөзбен жырланған ертегіні балаға лайықтап поэзия тілінде айтып беру; екіншісі- фольклорлық шығарманың ізімен, жаңаша, жаңғырта жырлау; үшіншісі – ертегі аңыздың көркемдеуші құралдарын кеңінен пайдалана отырып, өзінше тың ертегі-поэма жазу. Ғалымның көрсетіп отырған ертегі типтеріне біз де бірауыздан қосыламыз. Жоғарыдағы тұжырымдарымыздың дәлелдемесі ретінде кәсіби сыншының М. Жаманбалиновтың «Күж жалмауыз және Білек батыр» ертегісін үшінші типтегі ертегіге, «Батыр аға», «Ақын бала» ертегі-дастандар деп, ертегінің төртінші авторлық түріне жатқызғандығын есептеуімізге болады. Ғалым қазіргі авторлық ертегілердің төрт түрлі жолмен жазылуын үлгі етіп ұсынған, оның үшеуі халық ауыз әдебиетімен байланысты туындайтынын айтқан. «Қалай десек те, балалар әдебиеті үшін бұл жат тәжірибе емес. Қайта ауыз әдебиеті асыл қазынасы мен бүгінгі профессионал әдебиет арасына тығыз байланыс орнататын жанды процесс. Демек, жоғарыда аты аталған белгілі ақындарымыздың ел аузындағы сюжетке ертегі, аңыз-поэма жазуы-құптарлық құбылыс. Әдебиетіміздің аға буын өкілдері мұндай тәжірибеге балалар әдебиетін қалыптастыру үшін барса, кейінгі буын қаламгерлер ауыз әдебиетінен үйреністің бұл жолын творчестволық дәстүр тұтты. Дәстүр ретінде осы жолды қалыптастыруды ойлады», - деп қорытынды жасайды балалар әдебиетінің белгілі сыншысы Қ. Ергөбеков [9,14]. Сыншы айтып отырған аға буын ретінде Мүбәрак ақын «Түйе жылдан қалай құр қалды?» ертегісін поэзия тіліне салса, дәстүрге сүйеніп, «Күж жал-

мауыз және Білек батыр» ертегісін ақындық қуатымен балаларды таң-тамаша қыла жырлай алды.

Мүбәрак Жаманбалиновтың ертегі жанрын өрістете жазуына негіз болған бірінші мектеп халық шығармалары болса, екінші мектебі - кеңестік заман тұсындағы орыс әдебиеті классиктерінің еңбектері. «Корней Чуковскийдің «Балапан», «Дәу тарақан», «Шым-шытырығы», Самауил Маршақтың «Бұл не деген жаңғалақ», «Петясы қайсысы, Сережасы қайсысы?», «Жүгі», Сергей Михалковтың «Степа ағасы», дат жазушысы Иенс Сигегордың «Жарық дүниеде Палленің жалғыз өзі», ағылшын жазушысы Лейла Бергтің «Болдырған поезд» деген шығармалары суретті кітапшалардың классикалық үлгілеріне жатады. Өз туындыларымызға біз, міне, осыларды өлшем етіп қарауымыз керек» деген пікірін Қадыр Мырзалиев нұсқаған жол қазақ балалар ақындарын ірілі-ұсақты мазмұнды өлең-ертегілер жазуға жеткізді. Өзінің «Сөз сиқыры» деп атаған ғылыми зерттеме кітабында қазақ әдебиетінде балалар арналған туындылар азайып кеткендігі, кейбір ақынсымақтар балаға арнап жыр жазуды кәсібилену жолына айналдырып, кіші-гірім тақырыптар үлкендерге қажетті жыр жолдарына өту көпірі деп теріс түсінетінін жазған. «Бір салдарға бірнеше себеп» деген мақаласында мектеп оқулықтарына, атап айтқанда, 1-3 сынып оқушыларына арналған «Ана тілі» оқулығына, аты жалпыхалыққа таныла қоймаған тым қарабайыр, арзанқол дүниелер жазып жүрген авторлардың өлеңдері енгізіліп кеткендігін көрсетеді. Тақырып жағынан да, тілі жағынан да құнды бірнеше шығармаларға баға бере келе, «...М. Жаманбалиновтың «Марат пен сауысқаны», Ж. Саиннің «Ақ тауығы», Қ. Мүсіреповтің «Сырласамын анаммен» сияқты тұшырқанып оқыр туындылар тұрғанда, талғамы әлі лайланбаған балдырғандарымызға дәмі жоқ, кенеусіз кітаптарды, шала илеген шалағай шығармаларды тықпалайтындай не басымызға ат теуіпті?» деп күйіне жазыпты [5,359].

М. Жаманбалинов аз сөйлейтін, сындарлы сынға бара бермейтін, айналасына қажетін аңдап байқап, өзінің балаларға арнаған сөз шеберханасынан шықпаған кезінде ең ұсақ жәндіктерге де иін қатысатын мазмұнды өлеңдері мен ертегілерін жазып отырды. Орыс ертегілерінің сұлбасын ақын қазақ әдебиетінде де танытып, бүлдіршіндерді қуантып тастады. Халық ауыз әдебиетінде көктегі

торғай, жердегі құмырсқа, індегі қасқыр, жымдағы түлкі, қуыстағы тиін, уыстағы тышқандар өзара аң-құстар арасында сөйлеседі. «Айболит», «Кірқоймас», «Федоринаның қайғысы» атты Чуковскийдің ертегілерінде міндетті түрде адам – басты образ. Ал Мүбәрак ақынның «Дәрігер аю мен қорқау қасқыр» мысал-ертегісі бір ғана хайуанаттар жайында. Мысал-ертегінің персонаждары қызықты болып келуі балаларға әрі өмірдегі жағдайларды баяндаса, оқиғадан оқиғаларға ұласқан ұласпалы сюжет суреттерді қажет етіп, ертегі ретінде көз алдарына елестетіле қабылдануды мойындатады..

Қазақ балаларының ақын аталары ойлап тапқан аю-дәрігерінің қимыл-әрекеті К. Чуковскийдің дәрігер Айболитінен артық болмаса, кем емес. Аю ертегіде өзінің етжеңдігіне қарамайды, маңғаз, марғау мінезінің бәрінен айрылған, қазақ баласы істепті:

Құстар да әбігер,
Аңдар да әбігер,
Келіпті орманға
Ақ аю – дәрігер.

Тексеріп жүр дейді,
Аң мейлі, құс мейлі,
Ақ шаңқан жейдесі
Үстінен түспейді.

Балалар ойыны іспеттес мысал-ертегінің кіріспесі шапшаң, тез қарқында басталған. Барлық жанға қамқорлықпен жәрдем беретін дәрігер аюдың үстіндегі киімі ертегінің алғашқы, дәуірдегі нұсқасындағыдай ақ халат емес, *«ақ шаңқан жейде»*, қимылы ширақ. *«Жейде»*, *«ақ шаңқан»*, *«бел-жон»*, *«шип»*, *«сырқат»*, *«айқасу»*, *«қамығу»*, *түгімен жұту»*, *«жандры түршігіп»*, *«араны ашылу»*, *«тәбетті тежеу»*, *«құлағы шалу»* сөздері мен тіркестерінен басқа тартымды туынды тілінде бір де бір лексикалық құралдардың бала ұғымына қабылдануы қиын емес. Дәрігер аюдың кімдерге дос екендігі, кімдерді ұнатпайтындығы қысқа әрі нұсқа тілмен жазылған, бір ертегінің ішіне барлық аңдардың аурулары еркін сыйып кеткен.

Белің бе,
Жоның ба?
Сырқаса, кел, - дейді.
Бәрін де,
Бәрін де,
Дәрігер емдейді.

Ертегіде сипаттау, суреттеу аз болса да, балалардың бар назарын ормандағы тосын оқиғаларға (ор қоянның түлкімен айқасып қалуы, бір қойды жалғыз жеген қасқырдың халі) аудару арқылы ақын аңдарды мазалайтын жайттарды ашады. Ертегі өлең мазмұнында «жәтелі құрғырға, болар ма бір шипа» деп өтінген әнші бұлбұлды, «киіктер мүйіз деп тастаған» нәзік елікті, «таңауы дүрбиген ор қоян» делініп суреттелген қоянды емдеген дәрігер жемқор қорқауды қайтарып жібереді.

«Неге қайтарды екен?» деген сұрақты өзінен - өзі туындатып, баланы ойландыруға мәжбүр еткен ақын, оған іле өзі жауап береді:

Қонбайды ем
Ондайға,
Қайтемін жасырып.
Онсыз да араның
Кетіпті ашылып.

Тәбетті онан да
Тежеуің жөн болар.
Қанағат болғанда.
Денсаулық оңалар.

Мәтінді балаларға ауызша оқып жеткізгенде, ертегінің осындай тұстары қорқаудың шыбын жаны шығардағы әрекеті мен дауыстарына салып, оқиғаның шарықтау шегін дауыс күшін пайдалана, өрістете оқыса, ертегінің балаларға қабылдануы ерекшелене түспек. Алдыңғы шумақтағы «сырқаса» сөзі «сырқыраса» деген сөздің өлең тармағына ыңғайластырылып, қысқартылған түрі. Балалар психологиясына тән қозғалыста, шапшандықта бұл сөзді «сырқыраса» деп оқып жіберіп, мағынасын мәтінді оқу үстінде түсіндірсе, бала тіліне жаңа лексикалық қор қосыла түспек.

Мұндай экстроллингвистикалық факторлардың мәтін мұратын жас бұлдіршіндерге жеткізілуінде басты рөл атқаратынын ұмытпау ләзім.

Құлағы шалғанда – ақ
Осылай дегенді,
Қорқауың орманға
Атыла жөнелді.

Мысал-ертегі осымен аяқталады. Ақынның ғибратты ойлары соңғы екі шумақта берілген уақиға шешімінде тұр. Балалар поэзия-

сына тән сипаттар, алдымен, образды дәл сипаттайтын қарапайым тілінен көрінсе, екіншіден, сол тілі арқылы өрілген логикалық байланыста келген тартымды мазмұнда тұратыны белгілі. Ал шығарма мазмұны жинақталмай, яки бір шешіммен күрт аяқталса, баланы ойлантарлық сан алуан сұрақтар пайда болады. Мысал-ертегінің бастапқы мәтнінде осы әдіс ұсталынған. Мазмұн соңында оқиғаның шешімін автор дәл айтпай:

«Еркіңе жіберсе
(Байқадым сөзінді,)
Қоярсың жеп тегі
Сен менің өзімді»-,

деп мысал-өлеңді келте аяқтаған. М. Жаманбалиновтың балаларға арнап жазған дүниелердің тілі жағынан да, мазмұндық желісі жағынан да түзетіп отыратындығын осыдан байқауға болады. Толық талданған жаңа нұсқасында шешім де бар, ал ол шешім шумақтың алдындағы шумақта бала өміріне ғибратын жеткізе берер «қанағат қарын тойдырар» деген мақалдың түйіні жақсы шыққан. Балалардың есіне салып тұрған осы мақалды өздеріне тапқызып, әрі қарай талдату балаларды халықтық сөз мәйегіне үйретеді. Ақын осы жақсы ескерген. Сөздерді, сөз тіркестерін, тіпті мақалдың өзін сәби жүрегіне авторлық суреттеулерінде, баяндауларында сыйымды етіп жеткізіп отырады, сонысымен өзінің ерекше стилін, бала тілін бабалар тілімен байланыстыра түсудегі амал-тәсілдерін айғақтай түседі.

Әрі мысал, әрі ертегі сияқты бұл туындыны Сағи Жиенбаев ертегі деп атаған және оған алғаш талдау жасаған: «Дәрігер аю мен қорқау қасқыр» ертегісі ерекше көрінеді. Шағын да болса, шымыр, етек-жеңі жинақы, тағлымы мол дүние» деп бағалап, шығарманың интонациялық мәнеріне тоқталады.

– Белің бе,
Жоның ба,
Сырқаса, кел, – дейді.
Шипасы қолында,
Сипаса ем,-дейді.
– Тісің бе
Ішің бе?
Сыздаса, кел, – дейді.

Бәрін де,
Бәрін де
Әп-сәтте емдейді.

Әңгімеге ыңғайлы әдемі ырғақ, әуендетіп тұрған ішкі ұйқастар жырға мәнер әрі қарай беріп тұр. Осылай сәтімен табылған жұмсақ мәнер әрі қарай есіліп, көсіліп отырады. Дәрігерге кім келмейді, кімнің балтыры сыздамайды. Бұлбұлдың тамағы, еліктің аяғы, қоянның тұмсығы, түлкінің құйрығы, не керек, бәрі де жазылады, бәрі де сауығады. Тек қомағай қасқырдың жағдайы болыңқырамайды. Оның «ауруы» басқалардан бөлектеу:

Асқазан дегенің
Қорытпай жүр, - дейді,-
Көбірек жегенім
Бойыма сінбейді.

Қалды анау жырада
Бір саулық басталмай.
Жасаңыз бір амал
Тәбетті ашқандай.
Бір күнде жылқыны,
Тәмәмдап шыққандай.
Қоянды, түлкіні
Түгімен жұтқандай...

Қасқырдың бар ауруы – осы – ақ. Аң – құстардың бәрін алалмай, жақсылық жасаған Ақ аю құныққан көкжалды ақырып айдап шығады.

«Қонбайды ем,
Ондайға.
Қайтемін жасырып,
Онсыз да араның
Кетіпті ашылып», -

дейді. Осылай жақсылық пен жамандықтың, адалдық пен арамдықтың қадір-қасиеті әсерлі суреттеледі» [34]. Ақынға ақынның берген бағасын келтіре отырып, бұл шығарманың балаға да үлкен адамға да тартымды мысал бола аларлық туынды екендігіне көз жеткіземіз.

1979 жылы «Жалын» баспасынан жарық көрген «Толқын» атты жинағына балалар ақыны «Қызық ойын», «Бала пілдің қалаға саяха-

ты» атты қызықты ертегілерін жариялапты. Бұл ертегілердің суретті кітапшалар болып шығуына да болар еді. Балаларға ғана қызмет ететін автор баспаханалардан алыста, редакциялық орталықтармен, қаржы бөлінетін мекемелермен байланысқа бара бермейді. Сондықтан да кітапшадағы редакция суретшісі А.Задоржныхтың бір сюжетке салған бір-бір суретіне риза болуына тура келді. Ең негізгі 7000 да-намен кітапшадағы өлеңдер мен ертегілер өз оқырмандарын қуантқан болатын. «Қызық ойын» - андағы екі аяқтылар мен төрт аяқтылардың ойынынан тұрады. Біздіңше, бұл мысал-ертегіде екі аяқтылардан керік (жираф), тырна, дуадақ, қоян, маймыл, горилла, кенгуру, тиін; төрт аяқтылардан бұлан, құлан, піл, аю, бегемот, қасқыр, түлкі, қабылан қатысады. Мысал-ертегіде мазмұн жоқ, бірақ қызық ойын бастағалы жатқандығына бала назарын аудартып, бірнеше аңдардың әрекеттеріне бала тыңдарманын автор ерікті түрде елендете алған. Олар адамдарша өмір сүрмек болады.

«Бір аң мектеп болды,
Бір аң аптек болды.
Бір аң монша болды,
Бір топ дуадақ,
Қаз-қатар тұра қап,
Моншаға қоршау болды»

Ойын десе елендемейтін бала аз. Дәл осы суретті ойша көз алды-на елестетіп суретші қаламы қауымдастықтың сұлбасын сызса, жетіп жатыр, ойын қызғалы тұр. Бұланның сиырға, Жылқының құланға, дәу көтергіш кран болып келген пілдің бау-бақша суаратын кранға да ұқсастырылып алынуы өлеңнің жанды суреттерін тудыра түседі. Назар салсаңыз, сурет те жандана түседі:

«Қояндар қой болып жайылды,
Ал біреуі маймылдың
Құланды ат қып мініп ап,
Жыланды таяққа іліп ап,
«Мал» қайырды
«Шопан» болып айбынды.»

Баланың айналадан көріп жүрген сауыншысы да, машина жүргізуші-шоферы да, қауын салатын қауыншысы да бір мысал-ертегіге еркін сыйғыздырылған, бегемотты машина қылып го-

рилла жүргізуші бегемоттың басына орнығып алады. Ебедейсіз бегемоттың нақты машина бола алмай, батпаққа батып қалуы, «Мен телемұнарамын, тапжылмай тұра аламын» деп керіктің мойнын созып тұра қалуы, тырна оны көре қойып, төбесіне антенна бола қоюы - бәрі-бәрі жас балалардың ойын кезіндегі психологиясын айнытпай көрсетеді. Ал қазақ балаларына онша таныс емес кенгуруды суреттеуде ақын өлеңдегі өлшемді жақсы қолданады:

«Ей, қарандар!
Екі аяқпен адамдай,
Жүре алам!-деп кенгуру,
Қаздиып тұра қалды,
Мойнын бұра қалды.
Сосын тағы елеңдеп,
– Сендерге жеміс терем,- деп,
Қалтаға
Қол сұға қалды.
Өзге аңдардың
Біріне-Шошқашы,
Біріне-
Бақташы,
Біріне-
Аспазшы, деп ат қойды.
Осы кезде орманнан
Бір топ жыртқыш лап қойды...»

Дәл осылай басталғалы тұрған қызық ойынды бұзған жыртқыштардан ақын түлкіні, барысты, қасқырды, қабыланды атайды. Олардың азулы екендігін «Түлкі қоянға, барыс бұланға, қасқыр құланға тап берді, қабылан атылып барып қағып ап, ойыншыл тиінді қақ бөлді» деген жолдармен жеткізеді. Дәл осы жерінде осы мысалертегіні тыңдап отырған баланың өн бойын әлсіз хайуандарға деген аяу сезімі билесе, ол сезім ертегі шешімінде толастап барып жойылады. Өйткені оқиға әрі қарай жалғаспайды, манадан бері суреттелген қызық ойын бала ойынына айналып шыға келеді. Ақынның идеялық мақсатына жеткен тұсы - осы тұс. Жабайы аң - жабайы адам ұқсастырылуы бір шумаққа тоғыстырылған:

Апыр-топыр ұзақ күн,
Көмді азуды, тұяқты,
...Жақсы ойынды бұзатын
Тентек бала сияқты.

Осы аңдардай тентектер біреу емес, бірнешеу. Олар кімдер екендігін табуды автор оқырманы мен жас тыңдаушыларының өздеріне қалдырған. Дидактика жоқ, тартыс арқылы таңырқату, алдарқату бар. Іштей «бұл менмін ғой» деп қабылдағандары түзу жолға өз-өзін салады, мінезін түзеуге көшеді. Нақты ертегіде кіріспе, сюжеттік желі сақталып, кейіпкерлер бейнесі, олардың оқиғаға дейінгі, кейде кейінгі өмірі де беріледі. Бұл шығарманың шешімі және ойдан құрастырылған аңдар ойыны, ойын кезіндегі оның әрқайсысының әрекеттері балаларға мысал боларлық әрекеттер. Яғни, автор балаларды маймылдай жедеғабыл, пысық, пілдей еңбекқор, кенгурудай қамқор, ұйымдастырғыш болуға шақырады, қозғалуы қиын горилла мен бегемот күлкіге айналдырылады. Сондықтан да «Қызық ойынды» ақын қаламынан туған мысал - ертегі деп алуымыз керек.

М. Жаманбалиновтың композициялық құрылымымен толықтай қабылданатын нақты ертегісі – «Бала тілдің қалаға саяхаты» деп аталады.

«Күнделікті тұрмысымызға көз салсақ, үлкендер мен кішілердің қарым-қатынасындағы қалыптасқан жағдайға ой жіберсек, кішілердің жетесі, парасаты мен байыбы жетпей жататын бір қиын мәселесі бар: ол – үлкендердің өздеріне бағышталған қамқор-қайратын жете бағалай білмеуі. Бұл – бір. Екіншіден, үлкендердің, ата-аналардың ұрпағына жұмсаған қажырлы, ұзақ қам-қаракеттерін, үлгілі өмірін өрнекті жырлау біздің поэзиямызда әлі жеткіліксіз. Ірілі-ұсақты оқиғалардың мән-мағынасын күнбе-күн кішкентай азаматтарға тынымсыз түсіндіріп, көркемдік құдіретімен көрсетіп отыру – балалар поэзиясының басты парызы екені бесенеден белгілі тәрізді» (19,13) деп жазады М. Әлімбаев.

Осындай міндетті орындау мақсатында жазылған бұл ертегіде Мүбәрак ақын бала қиялымен бала психологиясын ашуға еңбек еткен. Кішкентай баланың жұлқынып, кірмейтін жерге кіріп, отырмайтын жерде отырып, қол жеткен жердегіні алып, қызығына қанып тұрмайтыны болмайды.

Жеті жасқа келгенше жерден таяқ жейтін баланы елестететін кішкентай пілдің өзі білмейтін «қала» деп аталатын мекенде басынан кешіргені піл көзімен өте қызық баяндалған. Ертегінің кіріспесі, бастамасы жаңаша, бала тілімен ақын жас тыңдаушысын елең еткізіп, ертегі еліне бастайды:

Естігені құлақтың,
Иланбасаң сұрап біл,
Былтыр ма, әлде ертеде,
Білмеймін қай өлкеде,
Бір бала піл болыпты
Жайлаған бай қорықты.

Әрі қарай сәби пілдің ерекше ынталы екендігі, дүниедегі бар қызықты көруге деген қызығушылығы мол портреті сипатталады. Ол бір жаңалық естісе, қайта-қайта қадалып, соны ұғып алғанша сұрай береді. Бір күні ол таудан басқа қияда бір қала бар деп естиді де, соны көруге асығады. Ақын бала пілдің құмарлана, қызыға ынталанған әрекеттерін *«сұрайтын да тыңдайтын, әсте сабыр қылмайтын», «тыңдапты-ай кеп тыңдапты, қалмай пілде ес тіпті», «қақты талай таңдайды, құмары бір қанбайды»* деп сипаттаған. Қалаға келген пілдің бір дамылдамай, ерсілі-қарсылы жүрген адамдарға таңғалуы, таксиге мінгісі келіп, оны басына төңкеріп алуы, орындыққа отырамын деп оны опырып тастағаны, автобусты таудай үй деп қалуы, оған мінемін деп, мұрнымен есігіне қыстырылып, біраз жерге дейін сүйретілгені, соңында іске милиционер келіп араласып, бала пілдің хайуанаттар паркіне жеткізілуі әр баланы баурап алатындай сюжетте жеткізілген. Ертегіге лайықты суреттері жас оқырмандарды еліте түседі. Бала пілдің *«таусылмайтын неғылған адамдар», «басы да, аяғы да жоқ, сырғып, жылжып көшетін, нағыз дәуің осы екен»* деп, адамдар мен автобус туралы ой пішуі тартымды. Таксиді *«мен де мінемін»* деп, елеңдеуі, автобусқа *«ішіне он піл жұтып қоятын бір керемет екен»* деп жақындауға қорыққаны, ізінен *«Жоқ, мен су жүрек емеспін»* деп қайта ұмтылғанда, мұрнының үшімен ілігіп қалып, жұртты қызыққа батырғаны, балалық қылығымен милиционер оны паркке әкелгенде одан әрі қорыққаны суреттелген:

Хайуанаттар паркіне,
Пілді ертіп келді де,

– Достарыңды көр, міне!
Азуы алты қарыстай,
Анау барыс, арыстан.

Бұларды піл көргенде,
Қатып қалды сол жерде.

Ертегінің идеялық мақсаты – достықты, бірлікті мадақтау. Піл өзіне достық қолын ұсынған оқушы баламен жүріп, қала қызықтарын тамашаласа, қамқорлық жасаған милиционердің сөзіне құлақ асып, паркте өз достарының жанында қалады. Өмірдегі баланың іс-әрекетіне, мінез-қылығына құрылған балалар ертегісінің мазмұны байыпты, толық, оқиғалары қызғылықты. Қандай тақырыпта да: ертегі-аңызда, ертегі-мысалда, нақты балалар ертегілерінде болсын, М. Жаманбалинов балалардың психологиялық бітімі мен қабылдау мүмкіндігіне қарата жырлаудың үлгісін анық таныта білді дей аламыз. Оның ертегілерімен арнайы танысып, бірнешеуінің бағасын берген Қ. Ергөбековтің пікіріне толығымен тоқталып, ақынның нақты ертегілерін сыншының дөп басып танығандығына көз жеткізе аламыз: «Ақын творчествосында – ертегінің алар орны айырықша. Ол балаларға көптеген қызықты ертегі жазып қуантқан суреткер. Балалар әдебиетіне фольклордан келген ертегі қызықты жанр үлгісі. Ұлы ақын А.С. Пушкин әрбір ертегіні поэмаға балаған ғой. Қазақ балалар әдебиетінде көптеген ертегі үлгілері бар. Ол ертегілер жазылу мәнері, тәсілі жөнінен қызықты тәжірибелерді еске салады. Мүкең бұл ретте ауыз әдебиетіне шәкірт. Ол ертегінің фольклорлық дәстүрін, образдық сыр-сыйпатын жақсы үйреніп, жете меңгерген ақын. Ол жазған ертегілерге зер салсаңыз, ауыз әдебиеті үлгісінің ізімен жырлаудан, фольклорлық дәстүр негізінде өз бетінше қызық оқиғалы ертегі жазуға дейін жеткенін көресіз. Нақты факті тілінде сөйлер болсақ, «Түйе жылдан қалай құр қалды?» ертегісі халық аңызының ізімен жазылған, ақын прозалық нұсқада өмір сүріп келе жатқан аңызды балаға лайықты тілмен поэзияға айналдырды. Ауыз әдебиеті үлгісінен үйренудің оны творчестволықпен игерудің бұл да бір қарапайым жолы. Ол осы қарапайым үйреністен фольклорлық дәстүрде ірі жинақтау арқылы өз жанынан күрделі ертегі – поэма жазуға дейін қарқындай өсті. Оның жарқын мысалы – «Күж жалмауыз бен Білек батыр» ертегі-поэмасы» [13,178].

Балалар әдебиетінің өзіне тән талаптарын әрдайым ұстануды талап еткен, айналасындағы қаламдас шығармашыларға ақыл-кеңесін аямаған Корней Иванович: «Балаларға арналған поэма әрбір бес-алты тармақ сайын сурет салуды қажетсінгендей қимыл-қозғалысқа толы, қызық-құбылмалы құбылмалы сюжетке құрылуы тиіс», – деп көрсеткен болатын. [16,139].

Ал бұл ертегінің әр бөлімі бірнеше кіші-гірім мультисериалдарға таптырмайтын материал. Ертегі атының өзі балаларды оқуға, экранда тамашалауға шақырып тұр. Түсіндірме сөздікте «күж» сөзі екі түрлі нұсқада берілген. Біріншісінде: «күж» сөзі «жуан, қатты шыққан үн» деп түсіндіріледі, екіншісінде: «күж ~~қара~~» тіркесі «толық, еңгезердей қара күш иесі» күйінде толық мағынасында көрсетілген. Халық ертегілерінде жалмауыз кемпір, дәу персонаждары бұрыннан танымал.

М. Әуезов айтқандай, қазақ ертегілері жалмауыз кемпірсіз құралмағаны аз, жалмауыздар қазақ ертегілерінде жиі ұшырасады және онсыз бір де бір ертегіде қызық болмайды. Сондықтан қазіргі балалар қиялындағы сол жалмауыз кемпір мен дәулерден де еңгезердей М. Жаманбалиновтың Күж жалмауызы ерекше:

Сөз жетпейді қарғауға
Күж дейтұғын бір дәуді.
Бойы биік таудан да,
Таудан бетер мылқау – ды.
Кірпіктері салалы
Қадап қойған құрықтай.
Үңірейген таңауы –
Қос шыңырау құдықтай.

Ертегінің басталуының өзі – тұнып тұрған сурет. Малға, жанға аяусыз болған «алапатты» таныстыру сөзінің өзін балалардың аузын аңқитып тыңдайтындай етіп бастауы автордың бала психологиясын жақсы білгендігі. Ол алапаттың «*Адам біткен баяға аңқып болған заманда, арыстанның аяғы алтау болған заманда*» пайда болғандығы өте тартымды.

Халық ертегілеріндегі бойы бір тұтам, ойы арам жалмауыз кемпірдің орнына дәуге тән белгілері мол, ел естімеген ер кіндікті жалмауыздың келуі қазіргі оқырманы мен көрерменін дәл тауып

отыр. Тек қана бұл шығарманың балалар қуанышына айналдыратын техникалық, режиссерлық көмектері жетіспей тұр. Сәтті туынды Мүбәрак Жаманбалинов сияқты бала жанын түсінетін ақын ойының ұшқырлығы мен тапқырлығы дәлелдей түседі. Ендігі сөз ететініміз - ертегідегі балалардың Білек батыры кім? Әрине, аты айтып тұрғандай білектей ғана батыр бала. «Білек» сөзі қолдың басы мен шынтақтың аралығы. Осы жерде Білектің – батырлық тұлғасы ашылу үшін, халықтың «Құйыршық» атты қиялдық образы қайталанған. Бұл атаудың жаңаша алынғандығы да балаларға образды жақындата түскен. Білек осы ертегідегі образға ұтымды таңдалған атау. Балаларға «Күштің бәрі білекте емей, қайда?» деген ой жинақтатады. Аты Білек, әрі білектей күшті болса, қалайша батыр болмауы керек?

Біздіңше, ертегі басынан – ақ «А» дыбыстарымен келген шумақтың «Б» дыбыстарымен келген шумақпен жалғасуы, ертегі сүйетін балаларды өзіне тартып тұрғандай, «Күж жалмауыз» тіркесінде қатаңға бірыңғай дауыссыз дыбыстар мен ұяңның жалғаста келуі ой тастарлық жайт. Сөз ортасы мен сөз соңында бірыңғай ұяң дыбыстардың қолданылуы орайлы – ақ. «Ж» дыбысы «жауызбын, жеймін, жоямын, жалмаймын» деп өзді-өзінен сөйлеп тұрғандай, көңілге оқылған сайын үрей мен қорқыныш ұялатады. Күж суреті бір де бір сөзін ауыстыруға болмайтын, жалмауыз кейпін оқушысының көз алдына аудармай әкеле салатын төмендегідей мәнерлеу құралдары арқылы береді:

*Қарны – төбе, қампизан,
Аузы ~~сымылған~~ арандай.
Аяқтары талтизан
Бейне томар – бағандай.*

*Жантайғанда, бұққанда,
Бір ауылды жанышқан
Ұртын кере жұтқанда,
Көлдің суын тауысқан.*

Күж жалмауыздың үрлегенде демінен боран лебі есуі, түкірігінің өзімен тұншықтырып тастауы, айқайының өзімен қанша жұртты жайпайтындығы, көмейінен түгімен түйе, пілдер өтіп кететіні, бір табан мал алақанында кететіні, арбадағы адамды арбасымен жал-

майтыны, бір қаланы қарнына «тиеп» алып кете беретіні – бала логикасына сіңімді құбылыстар. Осылайша сурет болып өтіп жатқан адам нанғысыз жағдайларға қарсы барлық батырлардың жиналып, ақылдасып амал таба алмаулары:

«Ел едік қой, ел батыр,
Ебін тауап көрейік.
Қырылғанша тек жатып,
Қарсыласып өлелік,» -

деп шешімге келуі, қазақ халқының бірлігі бар көрсету мақсатын танытса, сол елдің басында отырған ханның қорғаушысы кім екендігі айқындай түсуі. *Жалба – жұмба шекпенді, қотыр есекті, әңгелектей басы бар* Білекке қарама-қарсы елге содыр аталған, *қарын уәзірді* сипаттайды. Бұл персонаждың да затын аты дәлелдеп тұр. Ал оның «батырлық» сипатын автор етістіктерді тиімді қолдану арқылы береді. Ондай етістіктер көсемше, нақ осы шақ тұлғаларымен байланысқан бейнелі тіркестерде келген: Уәзір *«паңданып шатқанды»*, *«Дәу қарын қампиды»* *«дөңмұрын теңкейді»*, *«танауынан шыққан бу аттың жалын желпейді»*, *«күжірейді, кіжінді, жөтелді, қасынды»* делініп оның соғысқа жиналу суреттелсе, соғысқа келе жатқан *«өгіз қарын»*, *«қарын жауыз»*, *«мес қарынның»* өлуге жақындағанға дейінгі әрекеттері нағыз батыр ісіне қайшы суреттеледі.

«Қазақ балалар поэзиясында ертегі-поэманың «Құмырсқалар, аралар – қиыспас дос, құдалар» секілді классикалық үлгісін жасаған ақын марқұм Өтебай Тұрманжанов болса, одан кейінгі асыл нұсқа деп біз Мүбәрак ақынның «Күж жалмауыз бен Білек батыр» ертегісін айта аламыз. Оқиға күрделілігі, образ сомдығы, қосөрім сюжет, қилықилы тартысты «Күж жалмауыз бен Білек батыр» - қазақ балалар әдебиетіндегі сирек құбылысқа бағаларлық жауһар туынды.

Қалайық – қаламайық әңгіме Мүбәрак Жаманбалиновтың поэмаларына қарай ойысты. Қазақ балалар әдебиетінде поэма атануға лайықты шығармалар саны недәуір. Әйтсе де, тікелей балаға арнап жазу жөнінен Ө. Тұрманжанов, Ж. Кәрібозин, М. Жаманбалинов, А. Сопыбеков поэмаларының жөні бір бөлек. Мүкең – бүлдіршіндерге ертегі-поэмамен бірге, өмір шындығына негізделген «Батыр ұстаз», «Ақын бала», «Жақсы ата» секілді оқиғасы шымыр өрілген, тікелей балалар психологиясына негізделген реалистік поэмалардың авторы.

Жинақтап айтсақ, бұл үш поэманың өзіндік ерекшелігі, сипаттары бар. Олар ақын кейіпкерінің бар өмірін қамтып жатпайды. Өмірлік кешудің қызықты, драмалы бір сәтіне назар аударады. Сол бір сәтті балаға бояу көркін келістіре жырлап берсем жеткілікті деп қарайды. Содан соң оқиғаны баяндау үстінде де оқушысын бір сәтке де ұмытпайды. Оқушысын оқиғаға қатыстырып, араластырып отырады. Лирикалық герой өмірінің әр кезеңін бейнелеген соң оқушысымен бір сырласып, бір танысқа айналдырып отырады. Әлгі ерекшеліктерінің үстіне ақын бала тәрбиесі жайындағы ойларын да орайын тауып араластыра айтып өтуді ұмытпайды. Поэма – эпикалық жанр. Ақын оқушыны жалықтырмас үшін шығарманың ырғағын құбылтып, ойнақыландырып, характерлі баяндайды. Мысалы, «Ақын бала» поэмасында авторлық баяндау 7-8 буынмен өрлесе, кейіпкер толғанысы кілт өзгеріліп, 11 буынмен беріледі. Осы ерекшеліктердің қайсысы да автордың балалар психологиясын жіті бағумен бірге жанр айғағы.

Қарап отырсақ, М. Жаманбалинов балалар әдебиетінің шағын жанрынан поэма секілді үлкен жанрына дейін өсе қалыптасады. Оның ішінде біз әңгімелеп үлгермеген жаңылтпаш, жұмбақтар бар. Бар жанр үлгісін бір мақалада тауыса әңгімелеу мүмкін де шарт та емес. Ең бастысы, Жаманбалинов қай жанрда жазбасын, қаламына, оқушысына дәйім адал қарап, ұдайы жеміс берумен келе жатқан ақын.

Әңгіменің қалып-қалсақсы, Мүбәрак Жаманбалинов балалар әдебиетінің зәулім бір бәйтерегі. Оның қаламынан шыққан шығармалар қазақ балалар әдебиетінің табысына айналарына да сеніміз кәміл. Ол бүгін де ерке Ертіс жағасында, әрі кейіпкер, әрі оқушы достарының арасында жыр баптау үстінде» [13,180].

Алғашқы кезде қысқа өлеңдер мен аңыз-ертегілер жазған ақын соңғы жылдары мүлде жаңа, тың тақырыптарға барды. Өмірде болған оқиғалар негізінде үлкен-үлкен толғау-дастандар жазды.

Атақты ақын Иса Байзақов өмірінің бір ғана сәтін бейнелейтін жыр-дастанда он алтыншы халықтың зар-мұңын, өнер-жырында Серікбай мұғалімінің Отан соғысы кезіндегі жан қиярлық ерлігі, елге деген сүйіспеншілігі шабытпен жырланады. Бала жанын тербетіп, батырлық пен бауырлыққа шақырады.

Ақын жоғарыда талдап өткеніміздей, мазмұнды аңыз-ертегілері мен мысал-ертегілерінен гөрі жауһарлы тілдік құралдарын көлемді

ертегілерінде қолданған. «Күж жалмауыз бен Білек батыр» ертегісі – ақынның сыншылар қаламынан бағасын алған, тілі ерекше мәнерлі ертегілерінің бірі. М. Жаманбалиновтың қай ертегісінде болмасын, кейіпкерлері сөйлеуі себепті, мазмұндылары мультфильмдерге сұранып тұр.

2.3 Қаламгердің сөз үнемдеу тәсілдері

Кішкентай оқырмандардың сүйікті машықтары – жұмбақтар ман жаңылтпаштар жазу да қаламгерлердің екінің бірінің қолынан келе бермейді. Ал Жаманбалинов бұл жанрларда нағыз жүйріктерше аяқ тастайды. Алдымен, ақын жұмбағы ойын үрдісіндегі ойын үніне сәйкес. Өйткені жұмбақтың өзі – ойын. Ақын жұмбақтарын көбінесе кілең зат атауларын жасыратын зат есімдегі сөздермен береді.

Бірде орақпын,
Бірде доппын.
Бірде бармын,
Бірде жоқпын.

(Ай)

Енді бірнеше жұмбақтар заттың түр-түсін, дәмін, иісін, сапасын білдіретін жасырады:

Қос құлақты, жүз тісті,
Жүзінен бір із түсті.

(Ара)

Енді бір тобы қимыл-әрекеттерән сипаттай отырып, не екендігін тауып алу талап етіледі.

Өмірі шықпай үйден бір,
Өз үйін өзі сүйреп жүр.

(Тасбақа)

М. Жаманбалиновтың біз қарастырып шыққан 110 жұмбағының ішінен оқушы баланың сөздігін арттыруға шамамен жетпістей есім сөз, отыздай етістік тұлғасындағы сөздер енгізілген деп топшылауға болады. Бейнелілік, образдылық туғызған елу шақты құралдарды есепке ала отырып, біз балаларға арналған поэзиялық құралдардың оқушы тілін көркемдік тұғырына қаншалықты көтеретініне көз жеткіздік.

Жұмбақтарына, шарадаларына қатысты оқушының танымдық білігі арттырылса, жаңылтпаш оқушының дикциясын қалыптайды, дыбыстарды, сөздерді анық, айқын айтуға дағдыландырады. Жұмбақтарында да, жаңылтпаштарында да автор антитеза әдісімен сөздерді антонимдеп жұмсайды.

Ұшты, ұшты,
Кім ұшты?
– Қысқыш ұшты,
Қыш ұшты...
– Қысқыш ұшпас,
Қыш та ұшпас.
Ұшса ұшар,
Құс ұшар.
Қашан қысқыш,
Қыш ұшты?- немесе:

«Ағаны бала ағаламағаны
Бала ағаны бағаламағаны
Әдепті бала бола алмағаны.»

Біз өз зерттеулерімізде ақынның он кітапқа жинақталған туындыларын талдадық. Бұл кітапшаларда балалар поэзиясына тән өлең, тақпақ, ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш, қысқа поэма сияқты барлық шығарма түрлері мол қамтылған. Ал олардың тақырыбы да алуан-алуан болып келіп, тәрбиелік те танымдық мәнімен ерекшеленеді. Ақын қай туындысында болсын, халық ауыз әдебиеті үлгілеріне мол сусындап, үйреніп отырғанын байқатпай қоймайды. Оның балаларға арналған өлең – ертегілерін қарастырғанымызда ауыз әдебиеті үлгілерінен үйренгенін байқаймыз. Мысалы, «Бақа» өлеңінде көреміз.

«Бақа,бақа, балпақ,
Басын неге жалпақ?»-

деген тақпақ жолдары Нүкеңнің мына «Бақасын» оқығанда еріксіз еске түспей қоймайды.

Бақа, бақа, бақ-бақ,
Таңдайлары тақ-тақ,
Бәрі бірдей
Тақпақ
Жатқандай-ақ жаттап.

Бұл, әрине, «бүгінгі күннің бақасы» екеніне ешкім күмән келтіре қоймас. Бүгінгі күннің баласы да «А» мен «Б» әріптерін басқаша үйренеді. Ақын оларды:

«А» дегенің - ана ғой,
Ана деген – дана ғой.
«Б» дегенің – бала ғой,
Жұмсаса анан, бара ғой,-

деп таныстыра келіп, ананың даналығын да, баланың анасының тілін алып жүру керектігін де ескертіп, оқушысын тәрбиелеп кетеді. Балалар әдебиетінің тәрбиелік маңызы деген мәселелер осындай бір шумақ өлең, тақпақтардан да табылып жатады. Тақпақ демекші, балдырғандар бірден жаттап алар тілі жатық, кестесі көркем «Құлыншақ» сияқты жаттамақтар да жұтынып – ақ тұр.

Құлын, Құлын
Құлыншақ,
Желкіндейді
Тұлымшақ.
Маңдайында –
Жұлдызы,
Құйрығында –
Құндызы.

Туған жер табиғат тамашалары да ақынның ажырамас тақырыптарының бірі:

Күркіреді күн, күн....
Терезелер шың-шың.
Жауды жаңбыр топ-топ
Шелек-шелек көп-көп!
Жон арқанды тос, тос!
Күнбағыс, тез өс, өс!

(«Күркіреді күн, күн....»)

Ал үнемі күнге қарап тұратын күнбағысты ақын шәкірттерге әдемі теңейді:

Ұқыптар тараған
Әдемі кекілді.
Ұстазға қараған
Шәкірттер секілді.

(«Күнбағыс»)

Балалар поэзиясының ерекше бір түрі - әзіл – оспақ, сын-сықақ өлеңдердің ойнақы да, ой салар, езу тарттырар, жеңіл юморлы күлдіргі түрі. Ол мұндай өлеңдерді де өндіре жазған ақын. Мысалы:

Тіл алғыш бол!» -деп,
інісін,
Жүреді Сойтал үйретіп,
Інісі жүр оны күнұзын
Қол шанамен сүйретіп...

(«Үйретіп»)

немесе әр класта екі жылдан оқып, сабақ үлгермей жүрген «дәу жігіттің» мақтанышын қараңыз:

Сол қалпымен әркімге
Мақтанады – ау Кәрім де:
Өзіміздің класта,
Жығамын, – деп, – бәрін де!

(«Мықты»)

Кішкентай оқырмандардың сүйікті машықтары – жұмбақтар ман жаңылтпаштар жазу да қаламгерлердің екінің бірінің қолынан келе бермейді. Ал Жаманбалинов бұл жанрларда жүйіріктерше сілтейді. Танысып көрейік:

Қос құлақты, жүз тісті,
Жүзінен бір із түсті.

(Ара)

Өмірі шықпай үйден бір,
Өз үйін өзі сүйреп жүр.

(Тасбақа)

Бірде орақпын,
Бірде доппын.
Бірде бармын,
Бірде жоқпын.

(Ай)

Аталмыш бір томдыққа жазған алғысөзінде белгілі ақын марқұм Сағи Жиенбаев ағамыз былай деген екен: «Мүбәрак Жманабалинов - өлеңнің шағын түрін дамытуда да қыруар еңбек еткен ақын. Жиырмаға тарта жыр жинақтарының бәрінде де баланың тілін сындыратын, ойын ұштайтын, көңіл көкжиегін кеңейтетін ұшқыр да ұтымды дү-

ниелері көп. Жалпы, Мүбәрак Жаманбалинов жырларының өн бойында жақсылық атаулыға деген жан сүйсінісі аңғарылады. Ол ақынның өз жаратылысынан, азаматтық ар-иманынан, үлкен жүрегінен шығып жатса керек.

Өзі де қарапайым, өлеңі де қарапайым барлық уақытты бір қалыпты, әдептен озбайтын сырбаз ақын қазақ жастарын қызықты жырларымен қуанта берсе екен...»

Міне, бүгінде жетпіс жасап отырған жайсаң ағамыз, ұстаз, ақын Мүкеңе игі тілек білдіргенде бұл сөздерге алып-қосарымыз жоқ дегіміз келеді. «Балалар кітапханасы» сериясының бір томдығына жазған алғысөзінде белгілі ақын марқұм Сағи Жиенбаев: «Мүбәрак Жаманбалинов - өлеңнің шағын түрін дамытуда да қыруар еңбек еткен ақын. Жиырмаға тарта жыр жинақтарының бәрінде де баланың тілін сындыратын, ойын ұштайтын, көңіл көкжиегін кеңейтетін ұшқыр да ұтымды дүниелері көп», – деп жазыпты.

Қуырыл, қуырыл, қуырдақ,
Қуырулы қуырда.,
Қуырыл, қуырыл, қуырдақ,
Буырыл, булы қуырдақ.

Осы сияқты «Р» дыбысын қалыпты нормада айтуға жаттықтыратын:

Сөйлесе кідіріңкіреді,
Тілі күрмеліңкіреді.
Тілі күрмеліңкіремесе,
Өзі күлімдеңкіреді.

«Ң» дыбысын анық айтуға бағдарлап, балаға онша таныс емес сөздерді жаңылтпаштарына енгізген.

Таңданғанға таңсық,
Таңданбағанға да таңсық.

Осы дыбыстың туындының өн бойында «р» дыбысымен жалғаса бекітілуін жаңылтпаш ойынына енгізген және жоғарыдағыдай «-ыңқыра», -іңкіре» жұрнақтарымен эмоциясы басым етістіктерді анық айтуға бағыттаған төмендегі жаңылтпаштың құрылымы, тілі тіпті ерекше:

Буырыл бураға қарай бұрыл,
Буырыл бураға қарай бұрын.

Бұраландаңқырап барып,
Бұраландаңқырап барып.
Түрегеліңкіреді.
Түрегеліңкіреп барып,
Түрегеліңкіреп барып,
Тәлтірек теңкірей жөнелді.

«барып» тұлғасын бірыңғай мүшелі тіркестерге дәнекер етіп алған бұл жаңылтпашта басты ой ырғағын туынды етістік жасаған морфологиялық тұлға ашып тұр.

Шығармашылығын мектепте бастағандықтан ба, жоқ әлде өзі ұстаз болғандықтан ба, Мүбәрак бала мінезін, бала тілін жақсы біледі. Олардың не ойлайтынын, оларға өлеңнің қандай түрі екенін дәл басады. Мына кітапта да жас жеткіншектерді желпіндіріп отыратын, көңілін көтеретін, мәз ғылып күлдіретін, ойландыратып, толғандыратын көп өлеңдер бар:

Паровозға қарашы-
Түтіні бұлт бүркеген.
Жалғыз өзі, санашы,
Неше вагон тіркеген.

Поезыңның далада
Зулағаны қызық-ақ.
Бір көшені қаладан
Жөнелгендей үзіп ап...

Көз алдына көркем сурет елестейді. Әсем көріністі қысылып-қымтырылмай, табиғи қалпында өлеңге түсіреді. Артық ауыз сөз де жоқ, өз орнында, өз қызметін атқарып тұр. Жан-жануарға деген бала мейірімі, көзқарасы, албырт адалдығы әдемі бейнеленген. Оқуға да оңай, жаттауға да жеңіл. Балаға керегі де осы ғой» [20,5].

«А» мен «Б», «Ағаш қалам», «Таң қалды», «Үйретті» т.б өлеңдері төрт тармақтан тұратын бір-ақ шумақ өлеңдер. Мазмұнында екі қатар тұрған дыбыстар анасы мен баласы «анасы жұмсаса баласы баруы керек» деген ойды түйіндеуі, ағаш қалам мен автоқаламның салыстырылуы арқылы мақтаншақ ағаш қалам туралы балаларды ойландыруы, қарт анасына «Сен оқушы болғанда партаға қалай сыйдың?» деп танданған бала және сойталдай баланы інісінің сүйретіп жүруі

туралы бір сәттік оқиғаны баланың көз алдына елестетуі ақынның көп сөйлеп жатпай, баланың назарын аударатын ситуацияны дәл таба білудегі шеберлігі. Бұл шығармаларда төрт жолға келелі үлкен әңгіме етерлік сюжет сыйып кеткен.

«Балапан» атты бір балапанның тұрпатына балақанды ұйқастыра салыстыра алып, балапанмен ойнай отырып, бавтор балақанды оқуға шақырады. Өлеңде суреттеу жоқ, сәл ғана сурет бар: ол тары шоқыған балапан, оқу оқыған бала.»Ана», «дана», «бала» сөздері «А» мен «Б» өлеңінде бір мазмұнды жеткізуге жетіп тұрса, «балапан», «балақан», «оқу», «шоқу» білім ұмтылдыру туралы бір идеяны жеткізіп тұрған сөздер. Сөз үнемдеу дегеніміздің-бастапқы тәсілі, біздіңше, сюжетті сөз семантикасына сыйғыздыру тәсілі, немесе автордың семантикасына толық бір мазмұн сыйып тұратындай сөздерді таба білу шеберлігі сөз үнемдеу тәсіліне жатады.

Мүбәрак өлеңдері бөбектердің жас ерекшелігіне қарай бірте – бірте күрделіленіп, өсіп отырады. Әдетте бала өмірі ойыннан басталады ғой. Олар дүниенің бәрін ойын екен деп ойлайды. Мүбәрак балалармен «ойнай» да біледі. Келе – келе орман-тауға апарып, табиғат құбылыстарымен таныстырады. Ол кездегі айтары да басқарак. Қиялын қозғап, қияға жетелейді. Ойландырады.

«Тазалық», «Лағым», «Құлыншақ», «Шофер», «Бес саусақ», «Бір аптада», «Қызық ойын», «Аттас атаулар», «Ұйқасын тап» т.б. шығармаларында балаларды ойнатады, өзі бірге сөз жаттауға жетелейді және сөз жұмбақтарға жауап іздетіп балаларды ойлантады. Жаңа да сөйлеп келе жатқан қыз бала жуындырып жатып қуыршағымен сөйлеседі, ұл балалар кішкене құлыншақпен, лақпен тілдесе алады, балаға автор тіпті машинаға мініп алып, оның бастапқы жүрісінен бастап зырылдаған жүрісіне дейін екпінмен айтылатын ойын-өлең де жазған. Осы өлеңдер арқылы мектепке дейінгі сәбилердің сөздігіне қанша сөз енгізілетініне көз жүгіртейік:

«Шофер»	«Бес саусақ»	«Қызық ойын»	«Бұл қандай құстар»
руль	Бас бармағым! Бақташы бол!	Қауым, колхоз	Бөлеймін ұшсам, Аспанды жырға. Мен болам асқан Сидә құс....тырна

моторым	Қырағы көз Сақ малшы бол	Дуадақ, бұлан, Құлан, піл, шимпанзе, сусиыр,	Болмайды бізді Ешқашан ату Түсім аппак, Атым...Акку
тегіс-бұдыр	Сұқ саусағым Сауыншы бол	Жүк көтергіш кран	Жүрсе де құс боп, Жұмыртқа тауып. Қусаң да «Ұш» деп Ұшпайды ...Тауық
Гүрілде, зулаймын, шұғыл бұр- маймын, айналаны барлаймын, Шоферлар қырағы келеді. Білек түріп ап	Ортаң қолым Орманшы бол! Қорғаншы бол.	Аюдың тұмсығы, Горилла, сусиырдың басына орнығып алды, Қолтырау көпір болды, Жираф телемұнара, Кенгурудың қалтасы, Ойыншыл тиін	Зытады менен Аңдар да үркіп, Жез тұяқ, ерен Қыранмын ...бүркіт Ағаштын бүрін Талшық қып жүрмін. Қар астын үңгіп Үй қылған... Құрмын.
Бидай, арпа артамын	Аты жоғым Аспазшы бол Өз қолыңмен Дәм татсын ел.	Бір топ жыртқыш	Бұғып жатыр көдеде Жұдырықтай .. Бөдене.
Автор атынан түсінікке берілетін сөздер: Жебедей зула, асаудай тула, педальды басып қал. Сабырлы бол! Асықпа!	Шынашағым, Бақшашы бол! Жемісінді Мақтасын ел.		Бір-ақ уыс көлемім. Шыбын-шіркей қорегім. Бау-бакшаны қорғаймын Жұдырықтай ...торғаймын.

		«Әріп қатесі» - ойын -өлдеңі бойынша: Тырмалар-тырналар, Бақша -шақша Балық-халық, Егіз-өгіз, жүрек- күрек арба-арпа, мал-шал	Құста сүт бар дегізген, Балапанын емізген. Есімімді егер шын Білгің келсе... Көгершін.
--	--	--	---

Сызбада «Бес саусақ», «Бұл қандай құстар?» атты өлеңдердің шумақтары толық қамтылды. Ақын қолданған өлең жолдарының бір де бірінде балаға ауыр тиетін сөздер жоқ, алынғаны бүлдіршіннің танымын жетілдіретін тіркестер мен жекелеген сөздер. Автор атынан түсінікке берілетін сөздер курсивпен берілді. «Шофер өлеңінің автор сөзіне дейінгі бөлігі және қалған өлеңдер түгелдей баланың өзі жаттап алып, ойынға сала алатын туындылар. М. Жаманбалинов баланы өз атынан сөйлету арқылы сөзді үнемді жұмсаған және баланың өмірдегі нақты сөзін дәл жеткізе алған. Мұны сөз үнемдеудің екінші тәсіліне жатқызуға болады, «Биыл беске қараймын», «Баға», «Су жүрек емеспін», «Мен орысша білем», «Сурет» өзінің іс-әрекетін өзі суреттеп, өзі баға беруі қарапайым сөздермен жеткізіледі. «Менің әжем» атты өлеңде бала ойы. «Күші ме, күші жоқ,...Тісі ме, тісі жоқ... Көзі түк-түк көрмейді. «Сөзі қызық. Ол айтса, тыңдайды мамам, папам да мықты қорқады одан». Баламен поэзия тілінде қарапайым сөйлесуді құра білген ізденісте, сөз таңдауда не сыр бар? Біздіңше, ол сыр – балаға деген ақын махаббаты.

Поэзияда, диалог талабын ұстану оңай шаруа емес екендігін диалогқа құрылған «Түйме» атты өлеңнен байқауға болады:

- Қадап ал түймені!
- Тауып бер инені.
- Ал, міне, инені!
- Бер енді түймені.

Мә түйме. Егеспе!
Енді өзің сабақта –
Деп, бәрін де Бақтылы
Мамасына лақтырды.

Сөйлесіп отырған қыңыр баланың сөздері ұйқасқа салынған да қойған, автор ойының жаңғырығы өлең ұйқасынан сезіледі. Бір де бір артық сөз, тіпті автордың ескерту, мораль сөзі де жоқ. Осы өлең құрылысына ұқсас, әңгіме жеті жасқа тола қоймаған баланың атынан баяндалатын өлеңі «Су жүрек емеспін» деп аталады. Ауызекі тілде қарапайым сөйлеу тілімен басталған өлең мәтнінде барлық сөйлемдер толымсыз түрде берілген: «Емдеймін» (дәрігер атынан), «Тимеші!» (бала атынан), «Жігіт бол!» (дәріген атынан) айтылған сөздер, тілектер іргелесетін мүшелерінсіз алынып, баланың дәрігер алдында бастапқыда қалай жүрексінетінін білдіріп тұр.

Қолына мақта алды,
Үп-үшкір инесі,
Жылауға шақ қалдым,
Жалындым: «Тимеші!»

«Диалогтік толымсыз жай сөйлемдер оларды қоршаған басқа сөйлемдердің, немесе сол толымсыз сөйлемдер айтылатын жағдайлардың ыңғайына қарай, негізінен екі түрлі болады: контекстік толымсыз сөйлем және ситуациялық толымсыз сөйлем. Бұлай деудің өзі, бір қарағанда, шартты, дегенмен, өзара айырмашылықтары бары даусыз.

Контекстік толымсыз сөйлемдер өзінің атауына сай сол сөйлемді қоршаған, өзі құрамына еніп тұрған контекске байланысты болып келелі, Екінші сөзбен айтқанда, сөйлемнің қандай мүшесі қажет болып, бірақ оның түсіп қалғаны алдыңғы не кейінгі сөйлемнің құрамынан танылады.» деген [11,218] тұжырымға сүйенсек, «Маған тимеші деп жалындым» деген толымды сөйлем өзінен өзі шығып тұр. Поэзия стилінен гөрі мұндай толымсыз сөйлемдер проза стилінде жиі кездеседі, яғни контексте келген толымсыз сөйлем сол контексте тұрып мазмұн құрайды.

Балаға қысқа өлең жазудың бір жолы диалогтік контексте сөйлемдерді толымсыз қолдану. «Ситуациялық толымсыз сөйлемнің жағдайы да бұған біршама ұқсас болғанымен, айталық, әңгімелесудің,

дағдының сипатына, үйреншікті әрекеттің, оқиғаның мазмұны мен мақсатына сай келгенімен, оның өзіндік ерекшелігі көзге түсіп тұрады. Ол өзгешелік, негізінен мынада: контекстік толымсыз сөйлемде оның құрамында жоқ сөйлем мүшесі сол мәтіннің немесе контекстің мазмұнынан белгілі болса, ситуациялық толымсыз сөйлемдегі жоқ сөйлем мүшесінің орны сол оқиғаға байланысты ойды білдіріп тұрған, бірақ дәл сол сәтте айтылмауы мүмкін сөйлемдердің мазмұндарынан анықталады [11,219]. Бұған дәлел жоғарыда талданған «Салақбай», «Түйме» т.б. өлеңдері. Мұндай ситуациялық толымсыз сөйлем ақын жұмбақтарында бар:

Жүргенде - байпаң,
Тұрғанда – маңғаз,
Кеудесі – қайқан,
Мен болам – паң (қаз)

Әріп десең,
Бүйірі тоқ.
Сан десең,
Салмағы жоқ.

(10- 0 сандары)

Жағдаятқа қарай сөйлемді қысқа қолдану автордың мысал өлеңдерінде жиі ұшырасады:

Бір балақан;
– Дәл мынау
Денесі олпы-солпылы,
Деді,-тегі қол пілі.

Тағы ма, әлде, үйреткен,
Түртіп көрсем бүйректен.

«Ақын Мүбәрак Жаманбалинов шығармасының бір мінезі, ол өмір көрінісін көркем өрнектеумен бірге, оны бала психологиясына бейімдеу, бала қабылдауына лайықтауды, образды оқушыға арналған тәлімдік оймен әсемдеуді ұмытпай, үнемі қатар алып, бірге орындап отырады. Ол елеусіз көріністен елеулі ой туғызатын, қарапайым іс-әрекеттен философиялық ой сабақтайтын, оның өзін балғын бөбекке қарапайым айта білетін өнерпаз. Сәби еңбектеп барады. Қай үйде де қайталана беретін табиғи құбылыс. Соны ақын:

Жылжыды ол ептеп,
Барады еңбектеп.
Атам мәз:
Бөбекке,
Бұл да зор еңбек, -деп.

Өлеңдегі көркемдік сапаны «зор еңбек» тіркесі жеткізеді. Қандай ойнақы, ырғақты құрылып тұрған өлең? Етістік пен зат есімді бір тармақта ұйкастырып, әсем ырғақ шығарған. «Еңбек-айтуға оңай болғанымен, балаға ұғындыруы қиын, балалар әдебиетінде қиналыспен игеріліп келе жатқан тақырып. Сол қиын тақырыптың қисынын ақын қалай келтіріп, кілтін қалай табады?» – [9,175] деп жазады Қ. Ергөбеков.

Әлденеше көркемдік шарт жарыса орындалып, бір өлеңде жараса, жымдаса табысып жатыр. Ендеше, бала әрекеттерін әдемі етіп ала біліп, оны көркемдік шартқа айналдыру да ақынның сөз үнемдеумен қатар ой үнемдеуін байқатады.

Ақынның жоғарыда үнемді сөздері талданған «Балапан» мәтіні мынандай:

Сенің атың – балапан,
Оның аты балақан.
Балапандар шоқуда,
Балақандар оқуда.

Осы өлеңнен бірнеше ерекшелік көзге қатар шалынады. Біріншіден, бұл ықшам өлең, шымыр шумақ. Соған қарамастан, ой аяқталған кәдімгі өлең. Екіншіден, сөз үнемдеудің тәуір үлгісі. «Балапан», «Балақан» екі реттен қайталанған. «Сенің атың», «Оның аты» - бұл да қайталау дерлік. Үшіншіден, техникалық жағынан сапалы орындалған өлең. «Сенің атың», «Оның аты» ішкі ұйқасты шымырландыра түссе, «балақан», «балапан», «шоқуда», «оқуда» сыртқы ұйқасты шегендеп ұстап тұр. Төртіншіден, тәрбиелік ой екі құбылыс шендістіріле өте ұтымды жеткізілген. Шынында, балапан тіршілігі – шоқуда, балапан міндеті – оқу ғой. Шеберлік сын дерлік шендестіру, ұқсастыру арқылы жазылған өлеңдердің танымдық сипаты жоғары, тәрбиелік ойы табиғи өріледі. Сондықтан, ондай өлеңдерді ақын даралайтын ерекшеліктің бірінен санау орынды.

Автор – бала психологиясының білгірі – ұстаз – бүлдіршіндерден бастап, балаң – балғындарға дейінгі аралықтағылардың нені керек етіп, қандай туындыларға сусап отырғанын жіті біледі: автор бейсауат – бекер ой айтпайды, айтқаны түгелі дерлік нысанға дөп тиіп, мергенділігін жария еткендей. Ұстаз байыптылығына журналист алғырлығы қосылады да, Мүбәрак туындыларына нәр де, әр де береді. Нағыз балалар ақыны қашанда нақтылықтың, ықшамдылықтың үлгісін көрсетеді..

Тікелей класс ішіндегі шәкірттік өткірлік, білімге құштарлық, болашақ азаматтың біртіндеп, қалыптасу – күрделі де қиын тақырып, бұл деңгейде де ақын оқушылардың ойын дөп басатын сөздер мен бейнелі тіркестерді дәл табады.

Сөз таңдап қолдану мәселесі шығармашының, әсіресе балаларға арнап жазатын шығармашылардың, бірбен-бір зер салатын, ерекше қадағалайтын мәселесі. Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерден бастап жоғары сынып оқушыларына да, жас жеткіншектерге де М. Жаманбалинов тақырып тауып, кез келген туындысын әр жастағы баланың қабылдауына сай етіп жұмсайды.

М. Жаманбалинов балалар әрекеттеріне, балалар ойына шақ әрекет – жағдайларды шебер құрады. «Әжеме таңым бар» атты өленде «Ақылы көзінде тұр», «Ақылы бес қапшық» деген әже сөздеріне таң қалған баланың, «Желкесінен шығыпты» деп аталған өлендегі «Құдай неткен тентек-ті», «Жүз сомды жеп қойыпты», «Жалмауыздың жегені желкесінен шығыпты» деген ауызекі сөйлеу тіліндегі сөздерді тура мәнінде түсініп, толғанған баланың қылықтары сөз болған.

Табиғатты, аң-құстарды алмасын, ақын ерекше бейнелеуге, бедерлеп сипаттауға әуес емес. Олардың әрбірі балалар сахнасынан сөйлеп шыға келетін, не балалар мультфильмдеріне кейіпкер бола алатын, оқи бастасаң, сөйлей жөнелетін дайын персонаждар.

Көркем әдебиет тіліне тән экспрессиялық-эмоциялық сөздер, эстетикалық мәндегі образды қолданыстар, фразеологиялық тіркестер т.б. көріктеуіш тәсілдердің дәстүрлі үлгілерін асқан шеберлікпен қолдана отырып, жеткіншек жастағы балаларға сөз нақышын саралай жеткізген өлеңдері де баршылық. Көркем әдебиет стиліне тән сөздік қоры поэзияға да ортақ. Әдеби тілдің мәдениеті тұрғысынан қарағанда, поэзия тіліне кейбір еркіндік беріледі, өлең жолдарын-

да сөздердің орналасу тәртібі, сөздердің поэтикалық үйлесімі, өлең жалпыға ортақ тілдік нормаларды сақтамауға итермелейді. Мысалы, буын санының ыңғайына орай келемінді-келем, болып-боп қысқартып жұмсау ауызекі тілде бар құбылыс болғандықтан, поэзияда олар акынның кереметіне жұмсалады. Көркем әдебиет тілі әдеби тілдің елеулі, ең басты стильдік тармағына жатады. Оның әдеби тілдің басқа түрлерінен айырмашылығы эмоциялы-экспрессивті әсерлілік қызметіне лайық халық тілінің байлықтарын сөз шеберлерінің талғам елегінен өткізеді. Әдеби тілдің, сөйлеу тілінің стильдік тарамдарының өзара қарым-қатынастарының көбірек бой көрсетіп шоғырланатын жері - көркем әдебиет. Солай болатындықтан әдеби нормалардан жөнді-жөнсіз ауытқулар көркем әдебиетте, әсіресе поэзияда жиі ұшырайды. Әдеби тілге тәнділікті тілдік норма бірізділік тудырады. Әдеби тілде бірізділік болмаса, тіл мәдениетінің берекесі қашып, ұсқынсыз тіл болар еді. Әдеби тіл нормасы - ұлттық тілді қолдануда сұрыпталып өңделген жоғарғы формасы. Тілдік қасиет оның қолдану заңдылықтарынан байқалады.

«Стилистика тілдің қолдану заңдылықтарын зерттейтін ғылым болғандықтан тілдік тәсілдердің дұрыс қолданылу нормасын көздейді. Тілді дұрыс қолдану үшін әдеби норманы жақсы біліп, соған жүгіну қажет. Ал әдеби тіл және әдеби норма тек көркем шығарма тілінің үлгісі негізінде жасалады. Әдеби тіл - тілдің грамматикалық ережесіне сай, практикада тұрақталған, барлық жазу тілінде пайдаланылатын тіл нормасы» деп көрсетеді ғалым М. Серғалиев [11,43].

Тілдік құралдарды дұрыс, ұтымды қолдана білудің өзіндік мәні зор. Тілдік тәсілдерді сұрыптап қолдану заңдылықтары әдетте айтылатын ойдың мазмұнына байланысты. Тіл ойлау жұмысының нәтижелерін сөз арқылы бейнелейді. Көркем шығарманы жасайтын - қаламгер. Шығармадан қаламгердің өзіндік ерекшелігі, шеберлігі, стилі байқалып отырады. Шеберлік мәселесін шығарманың тілінен бөлек алып қарауға болмайды. Шеберлік тілге тікелей қатысты. Жалпыхалықтық тілдік құралдарды балаларға лайықтап сығымдап қолданумен бірге, М. Жаманбалинов өзіндік тілдік қолданыстарға барады. Мысалы, бұлақты «қырдың ерке бұлағы», қыс бітті деудің орнына «Еркін ескен ызғырық тұл қойына тығылды», «Қыс көйлегі жыртылды», «күн жылынды» деудің орнына «Жер кеудесі

жылынды» деген тіркестерді қолданып, оқушы баланың түсінігіне лайық сәуір кезіндегі алғашқы суық қыстың хабары жеткенін сипаттайды. Табиғатты жанды етіп, кейіптеу тәсілімен суреттеу оқиғалы мазмұнды ұнататын балалардың көз алдына соғысты елестететкендей әсер етеді. «Жаңбыр» атты өлеңінде:

*Айбарлы бұлт түйді,
Жерде ойнатты құйынды.
Аспан отпен қол қойып,
Бұлтқа ақырып бұйырды:*

*Суар егін, бақшаны!
Көшедегі бас шаңды!
Бұлт бұйрықтан аспады-
Жаңбыр жауа бастады.*

Мәтінде оқушы балаға түсініксіздеу болып қалмау үшін «отпен қол қойып» деген тіркестің түсінігін жеткізу керек. Әрі қарай бұлттың тілін ала салып, егін, бақшаны суғарып жерді қарық қылған жаңбырға балалар дән риза болады. Жаңбыр бұл жерде айтқан тілді бірден алатын балаға да ұқсайды. Осындай авторлық қолданымдар табиғатты адамға ұқсатып жібереді. Осы «Жаңбыр» өлеңі сияқты «Найзағай үнін қағып ап», «Ертісте», «Жомарттығы-ай даламның», қыс туралы «Пісіп тұрған қарбыздай», «Аяз», «Шығыр», «Жас қарағай» сияқты туындыларындағы қолданымдарды кестеге салып көрейік.

Сөздер		Сөз тіркестері		Перифраздар	
Хал-қ	Автор-қ	Халықтық	Авторлық	Халықтық	Авторлық
аяз дала жомарт	<i>үрлесін</i>	Қара күз Әппақ алап Қызыл шоқтай итмұрын	<i>Спортшы баладай жас қарағай</i>	Қоян киді ақ тұлып	<i>Жас терек, жапырағын лақтырып, ашынды</i>
найзағай бұлт			<i>Жел лүп етсе Ол дайын Бұйрық күткен баладай</i>	Оралды —ау қарттық бұлты, Таялды- ау тықыр көп тіске	

			Жүз бұралып шайқалып жатты- гады қарағай	
	сырбаз- дап		Тал тағынды ақ желек	
құр ағаш			Қыста ағаш басында пісіп тұрған қарбыздай (құрлар)	
			Аяз сырбаздап қойғандай әдемі мұрын	
шығыр				Бел мен бейнеттен құтылды бір
			Еңкейсе омыртқасы сықыр- лайтын (шығыр)	Шықты енді пенсияға бүкір шығыр
өр мінезді, өр пішін (Ергіс)			Жалғыз өзі бір ауыл, Жалғыз өзі бір көше	Ертіс күлім қағады, Ширатыла тербеліп
жомарт дала			Жауқазын дәм татырды, Роза да шақырды	Бәрінен де бал алдым, жомарт- тығы-ай даламның

Көрініп тұрғандай, сөз образдарды ақын «сияқты», «секілді», «ұқсаған» сияқты шылаулармен, не олардың жасырын тұрған түрлерімен жеткізеді. Табиғаттың барша құбылыстарында - далада, қырда, Ертісте, Арқада жан да, тіл де бар сияқты беріледі. «Қандай әсем, керілген, Қазақстан Арқасы!»

Көк оранып көктемде,
Құлпырады алуан.
Күз думаны жеткенде,
Болады ерен балуан.

Сонда:

«Жаса Арқа» деп,
Қол соғады шартарап.
Қасқиып Арқа тұрады,
Миллиард пұтты арқалап.

Дала Арқасы – адам бейнесінде. Көп еңбек етіп, жеңісіне мәз болған адамға Отан риза. «Қасқиған» сөзі өзінің экспрессивтілік реңкімен Арқаны биікке көтеріп тұр.

Балаларға арналған поэзия стилінде сөздің ықшам қолданылуын балалардың Мүбәрак аталары ертегі жанрында да ерекше ұстанады. Мысалы, Күж жалмауызды он айдай іздеген мес қарынның сапарын әп-сәтте баяндап шығады, бүгінгі күнмен қарама-қайшы етіп қолданған әдіс балаларды оқиға мазмұнына жетелей түседі:

Көк аспаннан атылған,
Самолеттер жоқ онда,
Жердегіні жапырған
Пулеметтер жоқ онда
Тау-теңізді сапырған
Бомбалар да жоқ онда
Сонда-дағы мына қол
Салды әлек көп адамға

Ертегідегі оқиғадан алшақ осындай шегініс және дәу қарын бастаған қолдың жол бойы егінді жайпап, табын малды тапап, керуен кездесе тонап кетуі, алтыншы ай деген де үш бас жыланға қырандарды жегізіп, «Мен жолшыбай ерлік еттім» мақтануы, онымен қоймай, бақшашы шалды шоқпарымен бір ұрып, беті-жүзіне қан жау-

дыруы, сөйтіп содырланып жүргенде өзі іздеген Күж жалмауыздың үстіне шығып кеткенін байқамай қалуы балаларды әр түрлі көңіл-күйге түсіреді. Жаманшылық ісінің өзіне мақтанған қарын Күждің үстіне тұрып: «Күж келсе бүгін бір, танытар ем көкесін!» - дейді. Дәл осы сурет экраннан көрінсе, қай жастағы бала да шат-шадыман болар еді. Жетінші күні ажалдың өзіне жақындап қалғанын білмеген қарын таңғажайып көлге, қарағай ағашқа, сұрапыл дауылға тап болып, шексіз, шетсіз орманда үш күн адасады. Соның өзінде өгіз қарның:

Анда-санда желпініп,
- Таппадық!- деп кіжінді.
Өйтпегенде ендігі
Құртар едім Күжінді.

М. Жаманбалиновтың тапқыр ойы алапатқа ойы қарсы шыққан содыр қарынды күлкілі жағдайда өлімші халге жеткізеді де, дәл осындай сапарға қорықпай шыққан Білек баланың кішіпейілдігі мен ақылдығын дәріптейді. Оған ақыл берген қарияның арқасында бөбек Білек алапат дәуді жеңіп шығады. Балалар қиялының ересек адамдарға қарағанда әлдеқайда ауқымды, айналадағы сырлы дүниеге сенгіш келетінін педагог ақын анық түсінеді. Бөбектің Білек батыр деген аты оқушысына бақ, бірлік, беріктіктің символындай. Білектің ойланып істеген ісі, өзі кіші болса да, үлкеннің ақылындай.

Жинақтап айтқанда, балалардың сүйікті ақынына айналған М. Жаманбалиновтың тақпақтары, мазмұнды өлеңдері кейіпкерлерінің қызықты персонажына құрылғандығы, тартымды қиялға құрылған поэмаларындағы кейіпкерлерінің сөзі жаттап алуға ыңғайлы, қай-қайсысына да шұбалаңқы бос суреті жоқ, толымды шумақтар мен балаға татымды ойлар.

Кез келген ақын творчествосында әдебиет теориясы шешуші рөл атқарауы мүмкін. Ал, балалар әдебиетінің теориясынан, яғни, ерекше сипаты мен табиғатынан, көңілмен түсінуден гөрі көзбен көріп, қолмен ұстауды тілейтін бұлтарыс-қалтарысынан бейхабар кез-келген талантты ақынның балаларға арнап жақсы өлең жазуы екіталай... Тіпті, талантты ақындардың өздері де кей ретте балалар поэзиясының бірегей қасиеттерін жете сезінбеудің салдарынан не онда, не мұнда жоқ дүбәрә дүниелер жазғанын аңғармайды десек жаңылыспаймыз. Олардың таланттан мақұрым еместігіне үлкендерге

жазған өлеңдерінің балаларға жазған өлеңдерінен әлдеқайда сәтті шығуы, сөз саптаудағы ұсынылатын нақтылығы, ара-кідік байқалатын ақындық тапқырлығы дәлел бола алады. Амал не, тым жақсы ой кейде өз адресін, кейде берілу формасын таппай, өлең авторына реніш білдіруге мәжбүр етеді.

«Мүбәрак Жаманбалинов – баланы байлық тұтқан, оның қуанышын бақыт көрген балажанды ақын. Алғашқы творчестволық жолынан күні бүгінгіге дейін балаға жазудан бір таңбаған діті берік қалам иесі. Арман ақынды алдаған жоқ. өз алдына бір әулет болып құрылған қазақ балалар әдебиетінде Мүбәрак Жаманбалиновтай жыры баламен бауырласып, етенелесіп кеткен ақын сирек. Ол, бұл ретте Өтебай Тұрманжанов, Мұзафар Әлімбаев, Жақан Смақов, Жәнібек Кәрбозин, Әнуарбек Дүйсенбиев, Қадыр Мырзалиев, Қастек Баянбаев, Адырбек Сопыбековтердің қатарында тіпті, бірыңғай балаларға жазған аталған топтың ішінде өз жыр – жиһазымен оқшаулау орынға ие» деп жазған сыншы-ғалым пікіріне қуана қосыламыз.

III тарау ЕРТІС СЫРЛАРЫ

3.1 Ерлер жайлы аңыз-дастандары

Ертіс ауданы Чкалов селосының сегізжылдық Октябрь мектебінің жас ұстазы Серікбай Мүткенов Ұлы Отан соғысына қатысып, ауданға қайтып келуге тағдыр жазбаған. Ертіс ауданының тарихы ең көне мектеп – №1 Ертіс орта мектебі. 1923-24 оқу жылдары бастапқыда бастауыштық білім беру мектебі жетіжылдық орта мектебіне айналған. Октябрь революциясының 10 жылдығына орай жетіжылдық Ертіс орта мектебі кедей жастар мектебі (орысшасы ШКМ) болып жаңғыртылады және өздеріне жақын елді мекендердегі мектептердің бастауыштық және орта білім беруді жетілдіру орталығына айналдырылып, сол кездегі Ертіс, Железинка және Краснокутскі (қазіргі Ақтоғай) аудандарының жастарының алғашқы еңбек жолдарын ұштауға ерекше ықпал етеді. 30 жылдардың бас кезінде Ертіс ауданы Ынтымақ аулындағы бастауыш мектептің меңгерушісі болған, педагогтық еңбегі үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған Алшынов Нығманның өмірбаяны жазылған деректі материалда [48, 121]. Серікбай Мүткеновтің сол мектептің екінші мұғалімі болғандығы айтылады. Ертіс орталығына жақын болған бұл мектептің кейін Октябрь мектебі болып аталуы да кеңестік заманның саясаты. Кіндік қаны Ақтоғай мекенінде тамған Серікбай Мүткеновтің мұғалім бола жүріп, майданға шақырылуы, жауға қарсы талай соғыстың жойқын күшіне, артынан аңызға айналған естеліктер қалуы балалар ақыны әрі 70-жылдары екі ауданға бірдей журналист болып жүрген жазушыны толғантпай қоймайды. Мүбәрак Жаманбалиновтың алғашқы поэмаларының бірі ретінде «Ұстаз туралы дастанын» атаймыз.

«Мейірім шуағы» деп атаған зерттеу еңбегінде Құлбек Ергөбеков Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазылған Қасым Аманжоловтың «Сырттан», Қабдыкәрім Ыдырысовтың «Отты күндерде», Жұбан Молдағалиевтің «Қызыл галстук», Қалижан Бекхожиннің «Қамбар ағай» атты сұрапыл соғыстағы балалар тағдыры жырланған поэмаларды талдай отыра, олардағы бала психологиясына сәйкеспейтін

тұстарды ашып көрсеткен. «...осынау шығармалардың кемшілігі қандай?» деген сұраққа «Біріншіден, көрнекті ақындарымыз оқушылырды балалар екенін ұмытып кете ме, үш поэманың да бастауы толғаныстан тұрады. Ол жалпы толғаныс бір есептен поэманың ішкі оқиғасымен тікелей қабысып жатпағандықтан, оқушы көңілін негізгі текстен, басты арнадан бұрады. Демек, поэмалар бастауындағы кіріспе толғаныста оқушы психологиясы ескерілмейді. Егер, сол кіріспе формасы тосын, оқушысын елітіп тарта жөнгерліктей болса, бір сәрі. Мұның өзі белгілі дәрежеде, шығарманың композициялық бітіміне әсер етерлік формалық ізденісті қажет етеді. Екіншіден, оқиға екпінімен отырып, кейбір жеке жолдар, тіпті тұтас шумақтың көркемдігін ақындарымыз төмендетіп алады...

Үшіншіден, авторлық баяндау мен бала характері қабыспай шығарманың бөлек-салақ күй кешетіні бар. Төртіншіден, бала характерін ашуға септеспейтін міндетсіз баяндаулар кездесіп отырады» [9, 42] деген сын талаптарын сараптайды. Сол сияқты балалар әдебиетіне қандай шығармаларды жатқызу қажеттігін сөз ете келе, сыншы келесі үш автордың шығармаларына тоқталып, оларды «балалар әдебиетінің талабын жақсы білетін тәжірибелі авторлар» деп бағалайды. Автор зерттеуінде мұғалімдер тақырыбын жырлаған ақындарды өзара салыстырады. Сол үшеудің бірі – Мүбәрак Жаман-балиновты және оның бастапқыда «поэма» айдарымен жарияланған «Батыр ұстаз» дастанын ерекше бөліп көрсеткені зерттеушінің балалар әдебиеті жанрларын қойылатын қатаң талаптарды ескеруі. Нұрсұлтан Әлімқұловтың «Мұғалімін» поэма дегеннен гөрі, өлең-очерк деуге болады, Сейіл Боранбаевтың «Өшпеген от» поэмасы ...тосындау оқиғаға құрылған...былай да көлемді шығарма емес...» деген пікірлерін білдіреді.

Осылай сыншы бағасын алған балалар қаламгерінің «Батыр ұстаз» дастанының мазмұн желісіне назар аударып көрелік. Шығарма «поэма» деген аталымымен ақынның шығармалар жинақтарына да, жеке кітапша болып та енгізіліп келеді. Оның 1972 жылы балалар мен жастар әдебиетінің бас редакциясы «Жазушы» баспасынан шығарылған алғашқы жеке жарияланымы мен кейін 1974 жылы осы баспадан «Балғын күндей балақан» деген атпен жарияланған жинақ кітапшадағы поэма мәтінін салыстырғанда, автор екінші басылымына аз да болса, поэмаға жаңа өн бергенін байқадық.

Ақын поэмасының кіріспе бөлімін баланы батыр тұлғасына бірден қарататындай етіп бастаған. Ол оқушысымен талай ертегіні бірге тыңдап, сыр шертісіп жүргендей.

Ал, балақан, балақан,
Сырласайық тағы да.
Өтіпті бір нар адам
Бағы-бағы, бағыда.

Осылай айт деп бір мықты(ға)
Ертегі айт деп қалайсың.
Ал сен мынау шындықты
Ертегіге балайсың.

Мазмұнды шығарманың өн бойында, басынан аяғына дейін шендестіру (параллельдеу) әдісі жиі ұшырасады. Батырлық ісімен аты аңызға айналған Мүткеновтің қысқа ғұмырын бір поэма сюжетіне сыйғыза білген ақын оның образын өмірінің әр сәтінде де ертегі кейіпкеріндей сипаттап берген. Қысқаша қаратпа кіріспеден кейін тоғыз шумақпен автор нар адамның, яғни селодан шыққан Серікбайдың, портретін балаға тікелей әсер ете, оқушы баламен сұхбаттасып отырғандай етіп жазған. «Арыстаннан айбатты өр ағаң» деп балаға кейіпкерін жақындатып алады да:

«Ол кім дейсің, кім дейсің?
Бәлкім, әзір білмейсің.
Айтып берсем, кім дейсің?
Жарқыраған нұр дейсің.»,-

деп, таңғажайып бір батырдың тұлғасын аша бастайды. Батырды таныстырып отырған ақын ақылман қария сияқты. Кейіпкерінің әр өмір сәтіне назар аударта отырып, жас тыңдарманына өмірдің мәні туралы түсіндіре сипаттайды. «Анадан батыр болып ешкім тумайды, болашақ батырды өмірдің өзі шындайды» деген ой тастап алып, өмірдің біркелкі еместігін дауылға шендестіреді де, ал сол дауылға қарсы тұра білген қыранның қанатын қатайтқан сол дауылы көп өмір мазмұны екенін жырлайды. Сондай қыранға ұқсас Серікбай бала шағынан кемелермен жарысқанын, ұлы Ертісті сүйіп өскен оны өзен өзіндей өршіл ғып өсіргенін гипербола тәсілімен жеткізген. Алғашқы жолдардағыдай нар тұлға мұғалімнің бейнесі ауыз әдебиетінің

эпикалық туындыларындағы алып батырлар сияқты әсірелей бейнеленуі оқушыларын елендете түседі, яғни олардың көңілінде «Әрі қарай не болар екен?» деген сұрақтар туындатады.

Балалар әдебиетіне оқиғаның өзгермелі болуы тән болса, Мүкең ол әдістен танбаған. Жалынды, өр тұлғалы кейіпкері шығарманың екінші бөлімінде мейірімді мұғалім, үшінші бөлімінде майдан алабындағы мұғалім жауынгер, төртінші бөлімінде жер ананы жаудан сақтап тұрған, жауына айбарлы жауынгер ұстаз, бесінші бөлімінде жекпе-жекке дайын қайратты жауынгер, отанның адал патриоты. Осы бөлімде ақын оқушыларынан хат алады. Хат мәтінінен тоғыздағы Ғалымның өгіз жегіп үйренгені, үлкендердің орнына оқушылардың соқамен жер жыртып жүргені, сөйте тұра балалықтары тарқамай, арасында: «Аға, сіздің зеңбіректің оғы танк оя ма?» деген хат жолдарын оқып, мұғалім окоп ішінде отырып жымияды. Үш парақ хатты оқып, оқушыларымен сабақта отырғандай сағынышты күй-қалыпта отырғанында, мұғалімнің дәл жанынан бір снаряд жарылады.

«Жау қолында қалмаған,
Жаудың сырын білсін бе?
Жүрген жерін жалмаған
Жауыз сырын білсінбе?»

Осы экспозициядан жау қолында жүрген Алик сынды орыс баласының соғыс алабындағы жағдайын суреттеген алтыншы бөлім басталады. Жасыл терегі жайқалған, бақшасында түрлі гүл өскен мектептің бүгін қазір фашистердің мекеніне айналғандығы, кезінде шоколадты қомсынатын баланың сырқаттанып қалған әжесіне тоғайдан қос уыс жуа әкеле жатқан жадыраңқы күйі суреттеледі. Бірақ өкінішке орай досы Петя деревняның бар үлкенін атып болып, бүгін жау оғы қарттарға бұрылғанын жеткізеді. Екі бала үлкендерше кеңесіп, әжелері қораға жасырған автоматты естеріне түсіргені баяндалады. Жетінші бөлімде селодан жаудың қуылғаны, қуанышты бала-шаға, ту тіккен солдатты сүйіп жатқан қарт ана суреттелген. Бірақ мұғалімнің көзі қолдарында автомат, сұлап жатқан екі балаға түседі, «Отан үшін, бала үшін!» деп тағы жауға аттанады.

Қайдан қисын көзі оның,
Бұл балауса өрімді.

Оған сәби өзінің
Шәкірті боп көрінді.

Қазақ батырының құрыш тауларды қалай жапырғанын суреттеген сегізінші бөлім жас оқырманның көз алдына сұрапыл соғысты айнадай қылып сипаттайды. Зеңбірегін жедел оқтап, жаудың есін жидырмай, асқан қырағылығымен, мергендігімен атыста шеберлік танытқан, қарсыласын жеңіп тынған бас кейіпкер – Серікбай Мүткенов екендігі оларды қуантады. Осыны мақсат еткен ақын оқушысына батырдың келесі атыста оққа ұшқанын айтпасқа шарасы қалмағынын жеткізеді.

Снарядтың сол заңы-
Кім жұмсасма, екі етпеу.
Шақар жаудың ол және
Өзінен де тентектеу.

Мұғалімнің ол бірде
Дәл жанынан жарылды.
Сол сұрапыл сөндірген,
Кеудедегі жалынды.

Поэма осымен аяқталып қалмай, автордың отансүйгіштікке тәрбиелейтін шумақтарымен жалғасқан. Соңғы тоғызыншы бөлімде соңғы соғыс шебінде шейіт болған қас батырдың аты ешуақытта өлмегендігін, оның аты өзі азат еткен көк Днепр жағасындағы Ризино селосындағы оның қабіріне орыс балалары гүл апарып қойып жүргенін, ал кәрі Ертістің жағасындағы батыр туған ауылы «Чкалов селосы» деп аталатынын, тұрған көшесі, туған мектебі Серікбай Мүткенов атында екендігі баяндалады. Ескеретін жайт: поэма мазмұны лирикалық геройдың баяндау тілімен жазылғанымен, бірыңғай баяндау емесігі. Бұл ерекшелікті сыншы Қ. Ергөбек дұрыс бағалаған: «Жоғарыда сөз болған екі туындымен салыстырғанда М. Жаманбалиевтың «Батыр ұстаз» поэмасының жетістікті, ерекшелікті көп ұнамды сипаттары бар. Бала психологиясына жетік ақын кейіпкерінің өмірін ұзын-сонар баяндаудан тартынған. Ол характерлі баяндауды меңгерген. Тіпті поэманың бастауындағы:

Өтті бір ер ағаң
Ертеде емес, ол кеше

Серікбайды білмесең,
Тек сол үшін, сол үшін,
Өтемейсің онда сен,
Ұстазыңның борышын.

(М. Жаманбалиев. «Батыр ұстаз», «Жазушы» 1972, 5-бет) – деген жолдардың өзі қарапайым бола тұра оқушысын елітіп, тартып отырған жоқ па?! Әрі қарай Серікбай өмірі жалаң баяндалар ма екен деп күдіктенесің. Жоқ, ақын лирикалық геройдың бала шағын әңгімелесе де, әйтпесе ерлік ісін көрсетсе де, оқушысымен сырласа отырып жеткізуді ұмытпайды. Тағы бір сәтімен табылған тәсіл лирикалық герой – Серікбай ұстаз. Демек, лирикалық герой ойымен де балалар өмірі, адамгершілік, тәрбие мәселелеріне қайырылып, соғып отыруға ақынның мүмкіндігі бар. Осы сәтті де ақын тиімді пайдалана білген.» «Батыр ұстаз» деген аталыммен жеке кітап болып басылған поэма мәтінін ақын араға екі жыл салмай, өңдегені байқалады. Ол өңдеу кейіпкерінің батыр тұлғасын ертегі батырларындай сомдау мақсатынан туындаған сияқты.

«Өтіпті бір өр ағаң,
Арыстаннан айбатты.
Ерлігімен сол адам
Сүйсіндірген аймақты.

Өткен екен нар ағаң,
Ертеде емес, ол-кеше.
Қаһары –қыс, бораған
Өрттей жанған ерлесе.»

Шығарманы біз шартты түрде тоғыз бөлікке бөліп отырмыз, бұл бөлініс жалпы мәтіннің мазмұнын құраған тоғыз күрделі синтаксистік тұтастыққа негізделді. «Күрделі синтаксистік тұтастық – жеке сөйлемдерге қарағанда, ойдың дамуын неғұрлым толық бере алатын, мағыналық және синтаксистік жағынан өзара тығыз байланысқан сөйлемдердің тобы. Сөйлем сөздердің тіркесуі арқылы біршама аяқталған ойды білдірсе, күрделі синтаксистік тұтастық сөйлемдердің тіркесуі арқылы аяқталған ойды білдіреді.

Егер шартты түрде шығарманың композициялық схемасын сызып көрсету керек десек, былай болып шығар еді: сөйлем-

күрделі синтаксистік тұтастық- тарау- бөлім- аяқталған шығарма» [11, 212]. Осы анықтамаға сүйене отырып, поэма желісімен тоғыз синтаксистік тұтастық шығарылды. Мұндай тұтастықтарды поэзия тілінде Р. Сыздық «шоғырлар» деп атайды. Шумақты төрт тармақтан тұратын бір тұтастық деп те қабылдауға болады. Бірақ – бұл да шартты, егер ол шумақ тек суреттеу, не оқиғаға кіріспе, не оқиға бөлігі болуы мүмкін. Ал оқушысын тамсандырып, оқиға барысына жетелеп, қандырып тұратын күрделі синтаксистік тұтастықтар шығарма тарауын, бөлімді және аяқталған шығарманың мазмұнды, мағыналы бөліктері. Осындай бөліктер ақын поэмасында құрылымдық бірліктер болып табылады.

Мүбәрак ақынның тағы бір табысы әр құрылымдық бөліктің ара жігінде лирикалық геройдың – ақынның баланы құр мазмұн желісіне қанықтырумен қатар, сол шоғырларда болған оқиғаға қатысты кейіпкер бейнесін беруге және автордың кейіпкері болған жерлердегі жағдайларға қатысты қосымша өз ойларын жеткізуге қызмет ететін ойталқылардың қолданылуы.

«Кім болса да анадан
Батыр болып тумайды.
Сүйсе өмірді әр адам
Өмір соны шындайды.»

«Қоштасуға *ет жүрек*,
Қимайды, еттең, қимайды.
Жауға деген кек үдеп,
От кеудеге сыймайды.»

«Оқ пен оты майданның
Шым болат қып шындапты.
Енді ол тіпті *айбарлы*,
Енді ол тіпті *сымбатты*.»

«Қалай төзіп мазаққа,
Тап татарсың арыңды?

Әне! Жалғыз қазаққа,
Алты фашист жабылды.»

«Жоқ, біз оған сенбелік,
Қас батырлар өлмейді.
Жүрек отты мәңгілік,
Жүрек отты сөнбейді.

Ұстаз тірі жерінде,
Сол қалпында ол әлі.
Байқадың ба, сенің де
Кеудеңе кеп орнады.»

Батыр бейнесін ашатын бейнелеуіш құралдар осындай ақынның ойтолғақтарында да, жалпы суреттеулерінде де тұнып тұр. Жеті тараудан, тоғыз күрделі синтаксистік тұтастықты бөлімнен тұратын поэмадағы суреттеулер мен баяндау мәтіндерінен стилистикалық троптар мен фигуралардан мынандай қолданымдарды байқаймыз:

1. Теңеулер: *құды бір жас арыстан, қаршығадігі аттылды, тығыршықтай қазақ, жұдырығы батпандай, жұдырықтай жүрек, күншуақтай балалар, нұрдай, күндей, бейне бір жай тасы, тасқынындай тасман, қызыл тудай қырымызы, лашын құстың көзіндей, қақ қайыңның безіндей, найзағайлы жауындай, жойқын бір алауға ұқсайды, жұдырықтай жүрек, үлкен адамдай, құмырсқадай өрген жау, күн шуақтай;*

2. Эпитеттер: *өр ағаң, арыстаннан айбатты, жүректі сабаз, өрт сабаз, ет жүректі, жарқаралын нұр, күркіреген күн, жауға қара түндей, жалқын күн, әсем қыр күзі, шәкірттердің нұр жүзі, кеудесінде қызу дем, жылы сөз, ауыр ой, сұмдық соғыс, шым болат, отты қарашық, ерлердің мектебі, майдан алабы, сабаз жүректі, сабаз өрт жауынгер, бұлттан қалың түтіндер, жапанның ну орманы, мың-мың қыс-жаз көрген төбелер, алты күндей айқасты, көк ала бұлт анталап, жаралы өзен, мөлдір, ыстық моншақтар, сұсты фашист, жұмбақ мерген, айбарлы зеңбірек, шақар жау, өзінен де тентектеу жау, қас батырлар, алау толқын;*

3. Жалпыхалықтық және авторлық ауыстырулар: а) Метафоралары- *окоп (класы), көк терек (неміс), жай тасы (қазақ), қыран, от*

кеуде, нұр, күн, түн, ұлан, жер ана, майданның оты, кеудедегі жылды «салғынышты): құрыш тау, жүрек оты;

ә) Метонимиялары – *сабыз*, қарашығы (*көзі*), құндақ (*).* Шеңгелдеу, арам *тұжығын*, өтті сұрапыл (*соғыс*), жапан (*дала*), *молшықтар* (*көз жасы*), *жендет*, *жауыздар*, *жасыл желек*;

4. Перифразалары: *Өзен тасқынындай тасыған өршіл, жауға деген кек үдеп от кеудеге сыймайды, өмір шыңдайды, қанатын қатайтады, жағада ойық салу, толқынмен бірге толқуды, кемелермен жарысты, өршіл боп өсті, қорымбейімім бір ине түйреп өтті жүректі, осы бір ой жүзіне тарам-тарам жол салып, шым болат қып шыңдапты, кеудеңе кеп орнады;*

5. Символ: *дауыл, ине;*

6. Экспрессивті-эмоционалды сөздер мен тіркестер: *бомбалардың дүмпуі, тұлғеметтің зіркілі, аспанды торлады, анталап, ойран салу, дамылда, жүрген жерін жалмаған, фашистерлің мекені, демеу, мәртебе, зырлап келу, түйрелеп кетеді, жайрату, жасқанба, сойқын, шөкті;*

7. Фразеологиялық тіркесімдер: *Кірттік қақпау, бір нүктені көздеу, ажалға бас имеу, м қақ маңдайдан тебу, қабағын қас түйю, арды таптатпау, жан сауға сұрау, қимылына көз ілеспейді, орып түсті, қапыда кетпеу, дөп тию, бет-ауызды қан жабу, бір күліп, бір мақтану, сәтті қалт жібермеу, қабағын шыту, жамбасқа салу, жан шығу, күлге айналды, таңба түскен жоқ әлі, дауда тұр, қабақ түйю, жер тепкілеу, ашьян өлмеу, түсіне де енбеу, жүрек тулады, жандары жай табу, жыбырлап өтті, От құшты, жар салды ерін де, қабағын тас түйю, арқаға қағу, егесте шынығу, әлек салу, жүрегінде дақ қалды, тұла бойы өрт болып, басын ию, жүрегін пәрелеу, жаны ашиды, жерді жалмап барады, жер қапты, құралайды көзге ату.*

8. **Синоним:** *атқан, шапқан. өрттесен; талықты қырған, талаған, күн өтті қорқа, жасқана, ту желбіреп, алаула;*

9. **Қайталамалар:** *Айтпайым деп айтып ба; Кім атқаны не керек, кім атса да дөп атты; О, керемет, керемет; Атысы, соның атысы; Табылды ма, табылды; Мергендік-ау, шын мерген; Батыр туған жер осы, Батыр өскен жер осы.*

Тілімізде троптардың, фигуралардың түр-түрін қолдану көркем поэзия тілінде көзге түседі. Балаларға арнап жазылған шығармада

әр сөз бен тіркес мағыналық жағынан түсініксіз болмауы назарда ұсталынады. Балалар туындыларына сын айтқанда кейбір сыншылар әдебиеттің кеңес дәуірінде балаларға метафоралардың, метонимия, синекдохалық қолданымдардың мүлде қажет еместігін дәлелдеуге тырысқан. Әрине, бұл бүлдіршіндерге арналған әдеби жанрлардың қалыптасу кезеңіндегі сыңар жақты пікірлердің бірі болып қалды. Десек тағы, мектепке дейінгі кезең балаларына арналған өлеңдерге қарапайымдық қажет те болды. Ал поэма жанрының тілі бояусыз болса, бала сезіміне қалайша әсер етпек? Ақын М. Жаманбалинов өзінің суреткерлік шеберлігін толығымен пайдаланған. Бастауыш және орта мектеп оқушыларына тәлімдік ықпалы зор «Батыр ұстаз» поэмасы – балалар да, үлкендер де сүйсіне оқитын шығармалар қатарынан танылды. «Бала талғамы нәзік қой. Белгілі бір өмірлік материал формасы табылып берілмесе. Оқымай қоя салуы мүмкін. Мүбәрак лирикалық герой өмірінің әрбір кезеңін бейнелеген соң оқушысымен бір сырласып, бір тынысқа айналдырып отырады.

«Өскен екен Серікбай,
Сол талдарды ат қылып.
Шаңғы тепті жалықпай,
Қырларында жаттығып»

сияқты жолдар әрі кейіпкердің жас шағы, әрі бүгінгі балаға да айтылған ғибратты ой.

Автор бірде майдан ерлігін баяндай жөнеледі. Кейіпкер кім? Ол жағын ақын бүркемелей әдейі ашпай тұрады:

– Пай, пай!
Мына қазақ кім?
Бәлкім, өзің ұға алдың.
Ал білмесең, ғажап бұл -
Өзіміздің мұғалім.
– немесе,
Оған дейін дамылда,
Оған дейін бір ауық.
Келген туған ауылдан,
Хатты оқи тұрайық,-

деп оқушысын селт еткізіп қызықтырып, ойландырып отырады. Асылы, мұның баршасы ақындардың характерлі баяндау (өлеңдегі)

мәнерін меңгергендігінің айғағы», – деп жазған сыншы сөзі [9, 42] ақынның баланың ойын жетілдіріп, қабылдауына ыңғайлы шығарма жазғандығын дәлелдейді. Жоғарыда санамаланып көрсетілген мәнерлеуіш-бейнелеуіш құралдардың дені жалпыхалыққа түсінікті, ауыз әдебиетінен бері әдебиетте қолданылып келген қолданымдары, арасында ақынның өзі ойлап тапқан образды сөздері мен тіркестері де бар. Олардың ішінде танкіні *құрыш тасты*, немісті *көк терек*, батырды *майданның оты*, кеудедегі жалынды «сағынышты»; *құрыш тау*, *жүрек оты* деп ауыстырудың авторлық түрлерін жасағаны, *майданның оты*, *кеудедегі жалын (сағыныш)*, *жүрек оты сияқты* эпитетті метафораларды шығаруы Жаманбалиновтың сөздің қажеттілерін таңдай алып, жетпеген тұста өзіндік ізденіске баруын айғақтайды.

Орыс әдебиетінде поэма жанрында елеулі дәрежеде көріне алған Сергей Михалков балаға тәрбиелік тағылымы мол дүниелердің оқылуына көңіл аударған: «Балалар өздерін тәрбиеленушімін деп сезінбеуі керек. Тәрбие өнерінің бір ерекшелігі - өзінің елеусіз болып қалуында ғой. Менің ертегім өлімсіреген өсиетпен емес, бейнелі образ бен оқиға қақтығыстары арқылы терең педагогтік ойды арқалауға тиіс еді, қоғамның саналы тәртіпке деген қақылығын бекітіп, бассыздықтың қандай да көрінісіне болсын қарсы шығуы керек-тін», – деп жазған да [8,356], ертегі-поэмаларының өмір ағымындағы реалистік жағдайларды сипаттауға, жаманшылық әрекеттерге қарсы тұрып, жақсы істерді шынайы жазуға ден қойып жүргендігін білдірген.

Жинақтап айтқанда, Мүбәрак Жаманбалинов бас кейіпкерінің отанына адал мұғалімдік қызметін жауынгер бола жүріп атқарғандығын қоғам азаматының тұлғасын ашатын тілдік құралдарымен (*өр ағаң, арыстаннан айбатты, жүректі сабаз, өрт сабаз, ет жүректі жеткізді*), сұм соғыстың сипатына байланысты сөздің алуан жарқылын (*алты күндей айқасты, көк ала бұлт анталап, жаралы өзен, мөлдір, ыстық моншақтар, сұсты фашист, жұмбақ мерген, айбарлы зеңбірек, шақар жау т.б.*) орнымен, балаларды батырлыққа, батылдыққа ұмтылдырды. Сонымен қатар қазақ әдеби тілінің бар байлығын пайдаланып құрылған 12 перифразды сұлу тіркестерін, халықтық және авторлық фразеологизмдерін біз ақынның ізденісі мен сөз мағыналарына қырағылығынан туған шеберлік деп тани аламыз.

3.2 Нарықта налымаған ақын сөзі

Қаламгерлердің ішінде ел - жұртының сүйіспеншілігіне ие болғандары - шын бақыттылар. Халқы ақынын, өзіне жақын жазушысын қалай таниды? Көкіректен, жүректен шыққан сөздеріне тамсанып, айтқан ойының адалдығына, көзінің көрегендігіне, сөзі мен сезімінің айқындылығына қарай сол қаламгерге жақын тұратын жандар көбейе бермек.

Көпшілік халық құптаған ақын-жазушының беті ашық, айтатынын дер кезінде айта алатын, алыстағыны шалатын сұңқар не бүркіттей қырағы да айбарлы, тек шындықты ғана жанына алатын, көздеген жеріне дөп баратын тұлпар аттай жүйрік, жер тебілген мінезі асау келеді.

Бір қарағанда, ой жетегінде «ақырын жүріп, анық басатын» жуас ақындар да бар. С. Дөнентаев, Б. Майлин сияқты шығармашыларымыз осылардың қатарына жатқызылады. Ал сыр мінез, салқын қанды Сәкенді, буырқанған, бусанған Ілиясты, сезімтал лирик Мағжанды, ақиық ақын да әр саладағы қоғам қамқоршылары Міржақып, Ахмет, Жүсіпбек Аймауытовтарды заманы жуасытты, шындықты айтып шырқырағандары үшін темір торға қамады, бұғаулады, белдерінен басып иліктіргісі келді. Бірақ олардың шығармалары сүйген халқының жадында сақталып, бүгінгі тәуелсіз елдің ұрпағына сол күйінде жетіп отыр.

90-жылдары Тәуелсіздік шапағы көрініп, арайланған таңмен бүкіл Қазақстанға тарағанмен, жер-жерлерге бірден орныға қойған жоқ. Тарихқа «Нарықтық экономика» деп аталатын қысыл-таяң кезең келіп орнықты. Халық күйзелді. Қалтасы қалындар ғана жұмысын тоқтатапай, мекемелерді, бұрынғы үкімет тарапынан қаржыландырып тұрған балабақша, клуб, кітапханаларды өздерінің жеке меншігіне айналдырып, тағам дүкендерінен басқалары қаңырап қалды. Ала қапты саудагерлер пайда болды.

«Тәуелсіз мемлекетіміз аяғын тәй-тәй басқанға дейінгі алғашқы жылдардың аласапыранында Ертіс ауданының да қыруар байлығы ұстампаздың қолында, тістемпаздың аузында кетті. Ебін тапқандар екі асады.

Соры қайнағандар – жергілікті адал еңбеккерлер болды», – деп жазды бұл жайында халқының мұңын мұндаған М. Жаманбалинов [48,329].

Шабыт келмей мен өлең жаза алмаймын,
Шабыт келсе, байыған базардаймын.
Шабыт менің қайраулы қаруымдай,
Қазынамды қайраусыз қаза алмаймын .

1999 жылы жетпіс бес жасқа келер алдында ақын жыр жүйрігіне мінеді. Өйткені 1989-жылдан осы аралыққа дейін ақын күйініште жүрген еді.

Қалғығаным соңғы бір есімдегі,
Ол кезде мен алпыстың бесінде едім.
Бесеуінде жетпістің қайта ояндым,
Марғаулықты мұншама кешірет кім? -

деп алды да, оқырмандарынан кешірім сұрағандай болады. Аудандық «Ертіс нұры» газетінің редакторы кеңшарлардың, ауылдардың шаруашылық жағдайларына, аудандық аурухана, балалар үйі, мектеп, балабақша жағдайларының мүшкіл халіне ара түседі. Дені орыс тілді ауылдардың, кең де жайлы кеңшарының тұралап тұрмай жатқан тілін көтерудің жолдарын талмай іздейді. Қолынан келгені газет беттеріне «Жуас түйе жүндеуге жақсы», «Совхоз қалай тоналды?», «Келімсектердің кесірі», «Шалағай шарттың шатағы» т.б. мақалаларын жазып, елінің еңсесінің түспеуіне атсалысады.

«Алаңға сал, атыңды, жалаңға сал,
Қанша аңқау болсаң да, алаңғасар.
Енді ұйықтасаң, ояну кәдік саған,
Адам емес, шайтан боп жаралмасаң.

Алаңдайтын жөнің бар алаңдасаң,
Енді атыңды, ақыным, жалаңға сал!
Соңғы бәйге бұл бәйге:
Өзіңнен көр.

Бұл жолы сен ұзаққа шаба алмасаң», – деп толғанады..

Қоғамдағы келеңсіз жағдайлар күйініш болып, ақын бойына қызу қан пайда болғанын, «күйініштің зобалаңы бойды кернегендіктен,

басындағы ой толқыны тіліне маржан болып оралғандығын» толғайды. «Соңғы бәйге» деп атаған осы өлеңінде ақын жетпіс бесінде аталы сөз айтуға бойдағы қуатын сарқа жұмсайтынын, жыр бәйгесінен атын тартып тұрмайтынын білдіреді. «Жыр қазынасы» өлеңі де жыр бәйгесіне түскен, жаңа заманның жаңаша түлеген, қолына дырау қамшысы бар ат үстіндегі жаңа заман ақынын елестетеді. Ол «өлең-жырдың тереңге көмілген» жауһарын іздейді:

«Жеткізбейді тереңдік тынымдасаң,
Жетерсің тек аянбай бұрғыласаң.
Ақындықтың тұлпары
Оңайлықпен
Мінгізбейді қайтадан бір құласаң.»

Кеңес заманы келмеске кетіп, өтпелі дәуірде нарық қыспағын көрген ақын *«оқ сөзімен біреуді жараласа, қара албасты күншілдікке қор болғанын, өрт өсекке қарсы тұру үшін екі елі емес, аузына төрт елі қақпақ қойғанын»* айтады. Нарық тұсында бір аттап, артына он қараған өз күйін рельстен шығар-шықпас доңғалаққа теңейді де:

«Қайта жолға шығуың неғайбыл-ау.
Рельстен бір тайса, доңғалағың»,-

деп, қоғам алдындағы ақын міндетінің үлкен екенін бейнелейді.

Ақындық талант – табиғаттың баға жетпес сыйы, жаратқанның кез келген адамға бере бермейтін қасиеті. Жыр қазынасын қаза билуде үлкен жігер, ерен еңбек керек. Ақын оны жақсы түсінеді, шабытына қамшы салады:

«Жетпіс өлшеп бір-ақ кес жыр жазарда,
Балқытпасаң болаттай ми-қазанда.
Бір қайнауы ішінде дегендерің,
Майлап берсең өтпейді бұл заманда.
Жақсы жырмен бақытты, нәсіптісің,
Лебізіңнен отты леп есіп тұрсын.
Құлқын бітеп тастаған құлақтарға,-
Жарып кірсін сөздерің, тесіп кірсін.»

Рухани қазынаның тереңіне бойламаған, жалпы руханиятың тамырынан сусындамаған адамдардың іздегені ақша, байлық екенін ақын бір-ақ жолда білдіріп тұр. Тәуелсіздікпен қатар өмірге бе-

реке кіргізіп дін келді. Жетпіс жастан сексенге аяқ басқанда ақын «Парыз» деген өлең жазады. Өлеңін бес парыздың біріне балайды. *«Жазушыға-жазу заң, жазуы-намазы, жайнаған ақ жайнамасы-ақ қағазы, жазғандары-бес парыздың бірі»*. Ақын «намазы қаза болу» деген дін тәртібіне қатысты тіркесті де сәтті пайдаланып, шынайы ақындық өнердің суреттемесін береді. Өлеңнің 7 тармақты алынып, шалыс ұйқасқа құрылуы, алға қойған ақындық мақсаттың айқара ашық айтылуы оқырмандарына М. Жаманбалиновты өзі айтқан «мәрттік күндеріне» қайтадан оралтқандай әсер қалдырады. Замандастары сияқты сәждеге бас қоя алмайтынын ақын былай жеткізеді:

«Қаза болса намазым,
Жазықтымын, қарызбын.
Мен үшін де жазғаным,
Біреуі бес парыздың.

Бес парыздың ішінде,
Бұл парызың-бас парыз.
Жетпіс бестің күшіне,
Бағынбай тұр басқаңыз.

Бір кезде Шөже Кемпірбайға қасиетті өлеңді «Кеудемнен көкала үйрек көлбеп ұшты» деген жолдармен жеткізген болса, жаңа заманның қария ақыны құдай берген өнерді құдай алдында орындайтын басты парызы санайды. Осы тақырып келесі шығармаларында да жалғасқан. «Ой» өлеңінде кілең жазумен өтіп бара жатқан қасірет пен қасиетке толы өмірі туралы ойға шомады. *«Қарттық келді, енді өзің үшін гибадат қыл, намаз оқы! Біреу үшін жазып келгендерің саған иман болмайды!»* деген бір ойымен оған қарама-қарсы екінші ойы арпалысқанын сипаттайды:

«Сорға жығып сорлы ойың жылытады,
Аталы сөз кеудеңде гүл атады.
Жалған ойым жазғырып жәбірлесе,
Енді бір ой көңілді жұбатады.

– Қаламыңмен қайратты, қанаттысың,
Қаламыңмен қалықтар талап құсың.
Берерінді халқыңа бермей кетсең,
Жаратқанның алдында жауаптысың.»

Мүбәрак ақынның тұстасы, осы ақын сияқты «жүрегінің қанымен қағаз жазып», жан-тәнімен халқын қолдай сөйлейтін авар халқының ақыны Фазиль Искандер бір журналистпен болған сұхбатында: «Мен өлеңді қашан, қалай жазам деп жүрмеймін. Өлең-жыр піскен уақытында өзі мені іздеп табады» деген еді. «Ал сіз құдайға сенесіз бе? Құдай барма осы?» деп сұрағанда, «Әзірге құдайға бір де бір құлшылық жасаған емеспін. Бірақ барлығына шәк келтірмеймін. Маған жыр дауылдатып келген уақытта маған бір белгісіз күштің ықпал, әсері бар екенін сеземін» деген еді. М. Жаманбалиновтың тоқырау жылдарынан кейін туған аталы сөзді көптеген жырлары осындай бір табиғаттың бізге беймағұлым күшімен келгендей. «Жыр қазынасы» «Парыз» өлеңдерінен кейін «Ой», «Ақын мұрасы», «Көзім көрмей барады», «Ақыл» деп аталған өлеңдері мен «Ақын мен әкім» деп аталатын дастаны жыр жазбай кеткен жылдарының орнын толтырған, ақындық табиғатынан сыр таратқан ойлы да талантты туындылар.

Ақын жайын арқала,

Ақын адам таниды.

Ақындыққа жан-тәні

Жақын адам таниды.

Асыл сөзді жадына,

Көп түйгендер таниды.

«Ақын сөзі-қазына»

Деп түйгендер таниды.

Алдыңғы өлеңдерінде Мүбәрак ақын бұл ақындық өнердің шабыт сияқты бір белгісін «қайраулы құрғалы», «ақындық тұлпарманго», ақындықтың өзін «майданда сыналатын жарымгерге», «қаламды найза қылып алсаңы шыққан», «өнер атты қанатты тұлпар мінген» адамға теңейді; «елінің жарығы, елінің жалыны, жаны бағу» деп ақын сөзінің өткірлігін жеткізеді, халық ішінде елеусіз жүргенмен, ол «қарапайым халықтың тіл-күректен алтынды қазып алатын азама-ты», «шын ақын аруақты ақын», «бірлік пен шындық үшін жүрегінің қанымен жазатын ақын» және «Ақынның бір сыры-тұлпардың тұяғында, бір сыры-сұңқардың қанатында». Көрініп тұрғандай, табиғатынан дарын туған ақынның бейнесі эпитетті метафоралар-

мен, жай және күрделене алынған перифраздармен, тіпті авторлық нақыл сөзбен де ажарландырыла жеткізілген. Асыл сөзді ақын ғана нағыз ақын. Ақынға сөздерін халқы жадында асыл қазынадай сақтап ұстаса, қадірлесе сол алланың берген үлкен сыйы, бақыты. Қарап отырсақ, ақын шабыты уақытты таңдап барып ұсталатын қасиетті құрал. Ауылда тұратын, алмағайып кезеңдегі дүние таршылығын (ол қолдан жасалған: ақшаның ауысуы, үкіметте товар айналымының тоқтап қалуы, жаппай жұмыссыздықтың белең алуы т.б.) көзбен көріп, мүжіліп бара жатқан тұрғындардың тұрмысына қолдан берер көмегі жоқ дәрменсіз ақынға шабыт қайдан келсін? М.Жаманбалинов жоғарыда талданған шығармаларын елдің тұрмыс-жағдайы көтеріле бастаған тұста, Қазақстанның көк байрағы еркін желбірей түскен шағында туған шабыттың әсерінен жазған. Осындай бір өлеңі тәуелсіз Қазақстанның жаңа басшыларына арналады. Ақын таза жүрегімен шаруашылықты жаңадан құрып, дамытуда аудан басшысының көтеретін жүгін бірге көтерісетін идея танытады. Ауыртпалықты азаматтықпен көзқараста зерделеген, өзінің бас қамын ойламай, ел қамын ойлаған әкімді ақын жақтайды, дастанды «Ақын мен әкім» деп атауы да сондықтан. Шығарманың кіріспесі бірден әкім мен аталы нақылы бар ақынды салыстыра басталады. Бірінші шумақтағы негізгі идея Абылайдың жанында кеңесшісі болған Бұхар жырауды еске салғандай. Екеуінің дәм-тұзының жарасқанын қалайтынын ақын ашық айтады. Екінші шумақта қазіргі заман әкімдерінің ауыр жұмысы, ел билеудің әкім үшін ұтымды да, кейде ұтымсыз кереғар жақтары, кедергілері болатындығын тыңдаушысына құптатады.

Ақын қандай, әкім кім білемісің,
Екі басқа болады біледі ішің.
Екеуі де арбаның арасына
Сәйгүліктей жаралған бір елі үшін.

Ақынға, әкімге де биік баға беріп алады да, ақын хан сарайында талай ақындар ханға ақылмен қорған болып келгенін, ақындық пен әкімдік шын қолдасқанда елі тура жолға шығатынын, әкім сеніміне кіретін ақын шын аруақты ақын болуын, «жарты әлемді билеген Шыңғыс хан да Майқы бидің алдында бас иген деген негізгі» ойларын жүйелеп, құр кеуде қағатын ақынды дәріптемейтінін, өзін құр көкке көтере мақтаған ақынға сеніп қалатын әкімдер де бар екендігін 8 шумақ бойы жалындата былай деп жырға қосады.

«Әкімнің де бар шығар,
Болады да.
Білімдісі, олағы, шолағы да.
Бірі саған қараса, адам ғой деп,
Екіншісі төнеді жоғарыдан.

Бірі ақынның жарығын қызғанады,
Қызғанғаны тілдессең, сызданады.
Әрқайсынан әр түрлі із қалады,
Сызданғаннан жүрегің мұзданады.

Мына әкімге табынсам, табынайын,
Сый-құрметі жыр үшін бәрі дайын.
Әкесіндей Бұқарды қастерлеген
Сол деп білем бүгінгі Абылайың.»

Ақын – қоғамның тынысы, тіршілігінің куәгері, жақсы өмірде жайнай түседі, қиыншылықта күйікке күйеді, күйіктен аман қалғандары, шыдап шыққандары ел билеушісіне дем береді, күйікті бірдей көтергендері нағыз ақын, әкімге жақын ақын болмақ.

Толғау 19 шумақтан тұрады. Айтыстарда халқынан мың мәртебе алғыс алса да, әкіміне жақпағандықтан ақындықтан қол үзген жыр тарландарын еске салады толғау авторы. Ал байлыққа құныққан, шайлығына ақындықты нәпақа табудың жолына айналдырып жүрген, әкімнің шоқтығын өтірік көтеріп жүрген ақындар қаншама? М. Жаманбалиновтың әр шумағында артық сөзсіз бір-бір ой айтылады. *Дәм-тұзы жездасқан (1); елі үшін арбаға жегілген (2); ауылдары аралас қонған; қолдасқанда, біреуі екеу, екеуі сегіз болған (3); құрмалдайым халық азаматы-аруақты ақынмен (4) дос болған; даналықтан нәр алған, екі аяғын тең басатын (5) әкімдерді; Абылай сияқты (6), Әмір Темірдің Керменесіндей (7) әкімді; аңқылдақ ақынды сәйгүлікке мінгізген (8), содырлардың шоқпарынан сақтап қалатын (9) әкімді ақын жақтайтынын, ондай әкімнің билікке, қазіргі заманға қажет екендігін толғана жазады. Ал жыр сарайдың маңайын ластаған (10), жырсымағы аяқ астында қалған (11), әкім шоқтығын көтерген (12) ақынды қаламайтынын, ақын шабыты оң қабат танытқан (13), өнерді дәріптейтін әкімге бағыттталатынын айқара ашып берген. Жоғарыда берілген тұжырымымызда ақынның*

өз толғауының жалын - қуатын курсивпен берілген ақынның өз сөздерінің нақыштарымен беріп отырмыз. Ақындық өнер мен әкімнің орасан зор еңбегіне баға беру үшін автор өз суреттеуінде, төмендегі курсивпен берілген тіркестерді қоса есептегенде, 16 эпитетті, теңеулі тіркестер қолданған. Бұған көз жеткізе түселік:

«Әкімдер де бұны айқын аңғарады,
Аңғарғанның тартады оң қабағы.
Оң қабақтың отынан ұшығандыған
Ақын *шабыт* шақырып толғанады.»

Қандай тамаша ой! Шалқар шабыт шақыруға, шынайы өлең туғызуға қоғамның арқа сүйер тұлғаларының тылсым күшінің, ықпалының имандай ашық бейнесі-осы.

Жол қалдырып өшпестей мәңгілікке,
Ер-тұрманын берсең бер, сай қылып бер.
О заманда *аңқылдақ ақындарын*
Солар демеп мінгізген *сәйгүлікке*
Жүрегінде жалынды от барынан,
Тілін кейде ақынның шоқ қарыған.
Сонда оларды әкімдер қорғап қалған,
Содырттардың сойыл мен шоқпарынан.

Тәуелсіздік туын жоғары көтеріп, биік те таза рухпен рухтандырып ұстай алатындар – ісіне елбасшысы президентіміздей адал әкімдер мен оны рухани жыр байлығымен сусындататын ақындар, яғни халық қамын ойлайтындар.

«Ақшам» деген атпен облыс орталығындағы бас баспадан шығарылған жыр жинағына енген осы өлеңдер мен толғауларға тоқтала отырып, байқағанымыз – шығарма текстологиясында кетіп қалған аздаған грамматикалық ауытқулардың болуы. Көрсөқыр ақын мен көрсөқыр әкім турасындағы ойды ашатын мына мәтіндегі қателіктер дастанның негізгі идеясына нұқсан келтіріп тұр. Біз сондықтан «Ақындықпен шоқтығын көтергенге сенгендер де әр кезде әкім болған» деп түзету енгіздік. Бұрынғысы «Ақындықтың шоқтығын көтергенде, сенгендер де әр кезде ақын болған» болатын.

Жинақтап айтқанда, баланың тілін ұққан, сырын ұққан бұрыннан танымал балалар ақыны Мүбәрак Жаманбалинов өзінің толысқан,

кемеріне жеткен шағында бойына қуат берген ақындық өнер туралы осындай да ақындық сыр ақтарған.

Елімізге тәуелсіздік орнап, сөз бостандығына жол ашылғандығы ақынның тарихи мұрадан көңіліне түйгендерін жаздыруға әкелді. Тарихта еңселі орны бар тұлғаларды тарих көмбесіне жауып тастауға тырысқан сонау кеңес жылдарында ел аузында Ертіс бойынан шыққан Түгел, Жазы, Қошқарбай сияқты батырлардың ата аталып жүрген. Сол қысымды кезеңде де еліне қалқан болған ерлер жайлы Мүбәрак Жаманбалинов мол деректер жинастырып. «Түгел батырдың елімен қоштасуы» деген өлең жазды. Өзімен қаламдас жерлес журналист Айтжан Бәделхановпен бірлесіп шығарған «Түгел батыр» деп аталатын жинақта [46] батырдың ата-тегін, ұрпақтарын тарататын шежіре берілген. Ақын тарихшы болмаса да, өзі өмір сүретін ортаның тарихын кейінгі ұрпаққа жеткізуді парызым деп санаған. Бұл кішігірім қойын кітапшаға ұқсас кішкентай жинақ «Түгел батыр мен Қаракөз сұлу», «Өнер алды-қызыл тіл» және «Түгел батырдың әйгілі ұрпақтары. Шежіре» бөлімдерінен тұрады. Жинақтың негізгі атына «Тарихи аңыздар, шешендік толғаулар, шежіре – деректер» деп қосалқы ат берілуі авторлардың және оны шығарушы Түгел батыр ұрпақтарының басты мақсаттары оқушыларға ата-бабаларының санадан өшіріле бастаған аттарын кері оралту, өңірден шыққан бишешендердің сөздерінің қадірін түсіндіру болған. Байқағанымыз – кітапша 1994 жылы Мүбәрак Жаманбалиновтың аудан тарапынан шығарған «Сөз сүйектен өтеді» кітабының [45] толықтырылған түрі. Оның 1998 жылы Павлодар облысының құрылғандығына 60 жыл толуына байланысты қайта басылғандығы және суреттермен безендірілуі аруақты тұлғалар алдында авторлардың азаматтық парыздарын орындағандығының белгісі.

Қос автордың екеуінің де кеңестік дәуірдегі «Қызыл ту» газетіне тілшілік міндеттерін атқарған жылдарының жемісі ретінде жұртшылық қолына тиіп отырған бұл кітапшаның құндылығын бөліп айтпасқа болмайды. Қай елді мекендерде болмасын, сол жердегі тұрғындардың ардақ тұтқан қадірлілері болады. Мысалы, өзіміз туып өскен жерімізде әрбір үй қазан көтеріп, той-домалақ болғанда, о дүниелік болғандарының артынан үшін, жетісін, қырқын бергенде, «құдайдың құтты күні» деп жұмалық шелпек таратқанда, «Батасын

алайық, құранын оқытайық», – деп, біздің нағашымыз Жаманбай атамызды ат-арба жектіріп, әкеліп отыратын. Бір күні 2-3 үй айттық шалып, дастархандары қатар келіп қалса, үлкен үйлер кезек бермей қоятын. Ал үлкен үйлер не қоштасу рәсімдері қатар келіп қалса атамыз, қатарынан 2-3 үйге арнап барып, құран кәде жасайтын. Сол Жаманбай атамыздың өзін-өзі ұстауы, елге сол кеңестің дінді басып ұстаған кезінің өзінде ерекше еді. Ол кісінің жан адаммен ашылып сөйлеспейтінін, сөйлесе тек қана діни кітаптардан оқығандарын айтатынын, елден бөлек ашық аспанда күнге қыздырынып, өз ауласында төбе-төбе үйілген шөп үстінде жататынын, бес мезгіл намазының бірін қаза жібермей, қолынан дәрет алатын шәугімін тастамайтынын білетінбіз. Бірақ аулымызда бұрынғы ғасырдың қалған үлкендері болмаса, ешбір қалған отағасылары мұндай діни тәрбие – тәртіпті ұстанбайтын. Мүбәрак ақынның дінді сыйлайтыны, бірақ бес парызды ұстануға батылы жетпейтіні діннің заң-ережелерінің тамыры тереңдігінде болуы керек. Әкесінің молда болғандығы, соның кесірінен туған жерден қашқақтап, бөтен елді отбасымен көше кезуі, болашақ ақынның өз ғұмырын кеңестің берік қақпанында кешуі бүгін намаз орнына - өлеңін ақ жайнамаз қылып, аруақты адамдардың зираттарын кездіріп, бастарына дұға оқытып, бастарына белгі қойғызуға әкелді. Осы ойларды түйіндей отырып, ауылымдағы молда нағашымының өміріне шегініс жасамасқа болмайды. Мүбәрак ақын атына сай «қайырлы», «құтты» болып, әруақтарға меһрибан суын ішкізбей тұра алмады. Қанжығасына байланған ақындық дарынын белгісіз бір ие бергенін біледі. Сол ие туралы сыр айтатын көріпкелдерге де сенеді. Мен 1997 жылы қаңтар айында институт ректоры Тасболат Қасенұлы Шаяхметовтың тапсырмасымен Алматыға іс-сапарға бардым. Қайтып келе жатқанда жолда кешкі ондар шамасында Үштөбе стансасынан бет-әлпеті түрік халқына ұқсас, жуандау, етжеңді қара кісі келіп, астыңғы орынға орналасты. Жанымызда шуылдап жастар келе жатқан. Ораза іші болатын. Поезд жүрісімен бірнеше жолаушы әйелдер кезек-кезек әлгі кісіге келіп жолыға бастады. Бір баласына ішірткі жазғызып алды, біреулері бата алып жатты. Мен де қызық көріп төменге түсіп, «Кім боласыз?» деген сұрақты тікесінен қоя салып едім, сарнай ала жөнелді. 10 шақты шумаққа құрған өлеңмен таныстыруын мүдірмей, жанымыздағы шуылдақтарға естірте айтқанда, үнімен,

асқан рухты жігерімен айналаны басып тастады, «Енді ұйықтауымыз керек, мен екіде Жаңғызтөбеден түсемін» деді. Сол өлең жолдарынан ұққандарым: «руы Найман, Талдықорған облысының Абай атындағы ауылдан, ескерткіші ауылына кіре берісте тұрған ақын Сара рухына сыйынады, бірнеше елдерді аралаған, бірнеше періште әруақтарға құран оқып, әулие-әмбиелердің басында түнеген, 16 жасынан бастап алланың берген қуатымен халқына ем-дом жасаумен келеді, азан шақырып қойған аты да - Қуат, байлық қумайды, барған жерінен бір кішкене кілемше алуға тырысады, өйткені ол кілемшеде ел тарихы тұрады.» Бұл қызыққа нанар-нанбасымды білмей, ол кісі түсер алдында: «Мен Павлодардан едім, біздің жаққа жолыңыз түспеді ме?» деп сұрадым. Асығыс жинала беріп; «Неге түспесін, түсті, сіздер жақта болғанмын, тағы да барамын» деді де,- жаныңызда ауру адам келе жатыр, оны оятып алмайық, вагонның түкпірінде қолына домбыра ұстаған бір емшісімақ отыр, ондайлар қазір көп» деді. Мен де қоймай: «Біздің жақтағы қай емшілерді бағалайсыз?» деп едім,- Сіздерде домбырамен емдейтін Құркөлде бір емші мықты, екінші Үміт апа және алақанымен ауруды жұлып алатын Гүлбәтима апа, қалғандары өтірік бақсы-балгерлер» деді. «Көзіңіз қанталап тұр, ештеңе етпейді, қағазға көп қарапсыз» деп ерекше бір шапшаңдықпен маған да ескерту жасап тастады. «Мені Қуат бақсы деп сұраңыз, ел бағамды беріп жатқан болар» деп қоштасып, түсіп қалды. Таң атты, шынында да, көрші орында аяғына операция жасатқан кісі келе жатыр екен. Перронда арқасында домбырасы бар адамды да байқадым. Ең тамашасы әлгі жолаушы бақсымыз менің әкемнің үйінің орнында отырған, ағам Қабиденнің үйінде де болған екен. Өйткені ондаған жыл бойы, сал болып жатқан аурулы қызы бар болатын. Үмітті қарап отырып, жеңгеміздің Үміт апайға сенбей жүргенін білдірген екен. Бұдан да өткен тамашасы – жүзге шығар жылы сәждаға соңғы рет бас қою үстінде дүниеден өткен нағашы атамыздың үйін көріп тұрып та ол кісі үлкен ескерту жасаған. «Дүниеде ақ жолымен өткен бабаларыңның үйіне шошқа баққан орысты отырғызғандарың не? Ақ таяғы төбеде қыстырулы қалыпты», – деп ол кісі туралы айтса, «Ауылдарыңда 50 үйлі найман отырсындар, еліңе қондырған қыдыры бар, аты әйгілі болған бақсыларың ұстаған қобыз иесіз, бір төбеде көмулі жатыр, соны табындар» дейді. Ауылдағы қазіргі көзкөргендер

Әбдрахман мұғалімнің тұқымы селдіреп, жаман суға салынғаны, әкелерінің аты өшіп, балалары көшіп кеткенін, соның аталары бақсы болған деген дерек бар екендігін айтады. «Ау соның үйінде тұрған, соған жақын тұрған бәленшеке-бәленшекелер жынданып ауырып еді ғой, Әбдрахманның әйелі Гүлжамал тағы басқа ұстама болған» деген сөздерді гөй-гөйлетеді. Гөй-гөй әңгіме сонымен аяқталады. Бірақ сыр жасырған осы туған ауылымда тылсым деректер әлі көп, соны жинастыратын тарихшы азамат, не Мүкеңдей журналист жоқ. Әкеміздің арғы атасы – Маңдай, бергі әкесі – Майкөл мыңғыртып мал айдаған бай болған, бір ғана дерек: олардың мүрделері өз жерінде көмілмей, іште қалғандығы. «Іш» дегенгіміз не деп сұрадым Мүкеңнен. «Күннің көзі оң жақтан шығады. Оны сырт деп атайды. «Іш» деп оған қарама-қарсы жақты айтады. Іш жақ – солтүстік жақ, яғни қазіргі Новосибирь, Алтай жағы.» Мен қатты ойға кеттім. Сұрастыра келе Ертіс өзені бойының оң жағындағы менің ауылым да, сол жағында отырған Мүкеңнің ауылдары да Новосибирь жерімен ұштасып жатады екен. Аудан тарихын зерттеген кітап иесінің тағы да бір айтқаны 1928 жылы қазақ болыстарының байлары деп танылғандардың аздаған малдарын тәркілеп, жер аударғанда, оларды іш жақтағы бір аралдың ортасында қамап ұстады деген айғақты әңгімеге қатысты деректер. Шешемнің айтуымен осы өзеннің бойында «Болай» деп аталатын ойпаң жер болған. Оның көлемі аумақты, ой болғанда кең қора сияқты, малдың тұяғымен тапталған әден ойыққан жер екен. Атамыз Майкөлдің мал басын түгендегенде, оларды осы ойға қамалап түсіріп, саналатын болған. Болай ойы толса, малдың басы толық, толмаса, іздестіре бастайды екен. Осындай малдың қызығымен дәулетін асырған арғы атамыз айдалып барған жерін автор жинақтаған деректен біліп отырмыз. Ол «Озеро Чаны» деп аталатын Новосибирь ауданының Чистозер ауданында үлкен көл екен. Көлдің ортасында арал болған. Ол аралда қағаз жасайтын заводта 400-500 қазақ отбасылары тұтқын ретінде тегін жұмыс істеген. Уақит деген бір ақсақалдың айтуы бойынша, осы аралдағы қазақтарды босатып алуға сегіз арба көлікке мініп, қару-жарақтары бар сегіз адам іздеп барғанда, сол мекеннің басшылары «Қолдарында колхоздан қашқандарды қайтару керектігін растайтын қағаздарың жоқ» деп, ол қағазы болмағандықтан іздеушілерді аралға жібермей, кері қайтарған. «Бұл оқиға 1932 жылдың жазы

делінеді. Әрине, ол кезде сіздердің аталарың дүниеден өтіп те кеткен болар.», - деді 84 жастағы Мүкең. 1935 жылы әкеміздің көзі тірісінде қудалауға түскені, үлкен ұлы Сейсенбайдың 7-ші кластан мектептен шығарылуы «аталары кулак болды, іштегі аралға айдалған» деген дерекке байланысты еді.

Қазір дүние өзгерді. Ата-бабалардың өткен қиян-кескі жолдарына баға беріп қарайтын болдық. Олардың ұрпақтары аман қалғандары енді ғана зардап шеккендердің денелері қалған жерлерін іздестіріп, табылғандарына ескерткіш орнатып жатыр.

1958-91 жылдар аралығында тілшілік қызметін М. Жаманбалинов Ертіс, Железинка және Ақтоғай аудандары тарапынан жүргізеді. Сол жылдары қаншама ақсақалдармен, тарих илеуінде жүрген жандармен пікірлеседі. «Ертісім-әйгілі ауданым» деген жинағының «Аудан тарихы беттерінен» деген бөлімінде автор 1920-30 жылдар аралығындағы тарихтан хабар беріп: «Бұл кезде Ертіс ауданының территориясы қазіргіден үш еседей кең және оның жерінде 11 болыс болатын» деген дерек келтіреді. Омбы губерниясынан Семей губерниясына берілгенде, шекараның ұлттық құрамы ескерілмей қате бөлінгендігі жергілікті халықтың жоғарғы орындарға шағым беруіне әкеліп соқты. Бұл жөнінде Ертіс ауданының Майкөл, Қызылағаш, Мұздықөл және Тереңкөл болыстары атынан өкілдік алып, В.И. Ленинге жолданған жеделхаттың астына Арынғазин, Байзақов, Загиров, Нуркин дегендер қол қойған. Мұнда Қызылағаш болысы деп ат қойған Байзақов өзіміздің атақты суырып-салма жерлес ақынымыз Иса Байзақов екендігі дау тудырмаса керек. Өйткені бұл болыста ол кезде ел қамын жеген, белсенділігімен көзге түсіп жүрген басқа Байзақов болған жоқ» деп жазады кітап авторы [50]. (Кім біледі, округ билеушілері байын бай, болысын болыс деп қағазбен қаттап, жер аударылғандардың есімдерін анықтамаларды қалдырған да шығар. Майкөл атамыздың атбегі, балуан батыр болғаны туралы әңгіме бар. Ал өз әкеміздің тегі «Жандау» деп жазылып, атаның аты аталмай, зираты әлі күнге дейін белгісіз келе жатқандығында үлкен сыр жатқаны айдан анық. Сонда әкеміздің жанға дауа еткені көкжал биеден тараған тұқым – жалғыз аты, колхоздың шаруашылығынан қалған масақтан тартып отыратын ұн, орыстардың артынан жинайтын табиғи буылдық - картоп және Ертіс тоғайынан жиналатын мал асырайтын шөбі болыпты.

Өзі колхозға кіре алмаған, төнген аштықтан, соғыс салған зардаптан бір аллаға деген сеніммен ғана аман қалып отырған. Бұл біздің ауылдың, бір әулеттің басындағы жылдар салған іздердің табы міне бүгін қария Мүкеңдер еске алатын тарих болып қалған.

Қазір облыс тарихының беттерін Ертіс ауданы бойынша ғана ашқанмен, қатты қағазсыз-ақ журналистік қызметті жан аямай атқарған М. Кәрімұлы және А. Бәделханұлының архивінде, сол сияқты облыстың басқа қарт журналистерінің жазбаларында, өзге де аудандардың деректі материалдары баршылық. «Әйгілі аудан-Ертісім» кітабының бірінші томында біз сөз етпек болып отырған Түгел батыр, оның ұлдары Байсерке абыз бен Тайпақ әулие туралы тағы басқа, Жазы, Лепес, Қажым, Байболат батырлар, кезіндегі әйгілі Қуат Ырысбекұлы, Жолдыбай, Мәди, Пәуеден, Боқаш, Иса бақсы, Құдайберген, Қабек ақындар туралы деректер айтылса, келесі екінші кітабында материал-деректер Ақтоғай, Железинка аудандарынан шыққан Бармақ, Аманжол, Өмір батырлар туралы аңыз әңгімелер және ақын, әнші, композитор, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері, Қазақстан Композиторлар Одағының мүшесі Естай Беркімбаев, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Әуелбек селосының тумасы Қабдыкәрім Ыдырысов, ақын-композитор Қимдиден Нығмановтар туралы өмір деректер берілген.

Ендігі жерде тарихшы, қайраткер М. Жаманбалиновтың қайратты қаламы ел мұрасына бағытталған. Жастарға патриоттық тәрбие беретін, құйма құлақ қарттардың аузынан жиналған бұл рухани мұраларды тақырып бойынша да, кеңінен таралған елді мекендері бойынша да топтауға лайық. Қалай етсек те, жүрегінде туған еліне деген сүйіспеншілігі сақталған әрбір жастың бойында «Біздің жердің батырлары», «Біздің елдің ақындары» не «Біздің қарттарымыздың аңыздары» деп ауыз толтырып айтарлық мақтаныш сезімін тудыратын дерек материалдар да қаламгердің ерен еңбекқорлығын дәлелдей түседі. Ұлағатты ғұмырын мұғалімдіктен бастаған Мүбәрак қария қазір де елінің жастарын, заманның керітартпа масылдарын жазба жүзінде тәрбиелеуші ұстазы іспеттес.

«Түгел батыр және оның ұрпақтары жайлы» [46] 120 беттік кішкене ғана кітаптан ұрпақ бойына туған жерге деген қаншама сүйіспеншілік орнығатынына шүбә келтіруге болмайды. Авторлар-

дың елді мекендердегі Қорғанкөл, Найза, Қармола, Жазы төбе, Қалмақ моласы, Мойнақ ауылы, Мойнақкөлі, Жалаулы деген жер атауларының тарихын ашып жазуы, Сарыарқада ту тіккен Абылайдың осы солтүстік аймақта болып, найзасын қадап кеткендігі, Бөгенбай батырдың келіп жасақ жинағаны, елді жоңғардан қорғауға қатысқан Мойнақ батыр, Жазы батырлардың ғұмыр кешкен жерлерінде аттары қалғанын дәлелдей отырып, Ертіс, Ақтоғай аудандарынан жиырма шақты батырлардың есімдерін айқындағаны - тәлімді іс-шара.

«Түгел батыр мен Қаракөз сұлу» деп аталатын кітапша тарауының құндылығы – батырдың атына қатысты оқиғалар барысындағы аңыздардың жинақталып, тәлімдік, тәрбиелік мағынада ұсынылғандығы. Ақсақалдардың естерінде сақталған әңгімелері мен шежірелеріне сүйене отырып, автор Ертіс ауданының Көкшетау облысымен шектесетін «Сілеті» кеңшарының ерекше табиғаты аясында атақты байлардың жайлаулары болғандығын, сол жерлерді қытайлықтардан қашып қалмақтар жайлағаны айтылады. Ертіс бойындағы орыс отаршыларынан, Сілеті жанындағы Тұздықөл бойын қалмақтардан тазарту үшін қазақ батырлары биікке ту тігіп қол жинайды. Қалмақпен болған соғыста Түгел батырдың інісі Жазы зеңбіректің оғына ұшады. Жастарға сол Түгелдің інісі Жазыны жерлеген жер Жазы төбесі аталғандығы, Жалау тігілген жер Жалаулы аталғандығы әсерлі, туған жердің тарихынан сыр шертетін аңыздар ұрпақтан-ұрпаққа жете бермек. Жоңғарларға қарсы жорықтарға дүркін-дүркін шығып, «Жуантөбе» деп аталатын жерден қарауыл қарап елін жаудан қорғаған Түгел батырдың қалмақ бегінің қызы Қаракөзге үйленуі де бір тарихи жырға негіз боларлық. Батырдың бағасын ұстап тұратын оның асыл жары болады десек, қалмақ қызы Қаракөздің атына сәйкес затының асылдығы аңыз әңгімеде әдемі ашылған. Ақылды әйелге тән салмақтылық, сөзінде тұрушылық, туған елге деген асқан махаббат, ерді бағалай білушілік, терең ой, байыпты байлам сөз – бәрі-бәрі әңгімеде нанымды сипатталған. «Қызды алсаң, тектіден ал» деген халықтық нақылдың тағылымдық мағынасы осы аңыздан байқалады. «Түгел батыр» туралы дастан да болған дейді М. Жаманбалинов, - мен тек оның атымен толғап, «Түгелдің ел-жұртымен қоштасуы» деген арнау өлең жаздым.»

М. Жаманбалинов пен А. Бәделханов сияқты қос саңлақ журналистің ізденуімен жинақталған жоғарыда талданған Түгел батыр туралы аңыздардың бірінде өзінің әрбір қимылына сақ, әккі батыр қарауылдап жүретін Жуантөбе жанындағы ауылдың бір зымиян әйелінің қолынан қаза тапқаны айтылған. Қалмақтарға алтынға сатылған әйел батыр демалуға үйге кірген кезінде, ерттеулі тұрған атының үзеңгісіне у жағып кетеді. Атқа қонып төбеге қарай аттанған батыр уланғанын біліп, келген үйіне қайта оралған екен. Өзінің өтініші бойынша осы төбеге жерленіпті. «Ер туған жеріне, ит тойған жеріне» деген мақалдың тәрбиелік мәні осы аңызда ашылады. Білім іздеп жер жүзін аралаған әулие Мәшһүр Жүсіп те Түгел батырдай, оның жары Қарашаштай туған жеріне, толысып өскен жеріне оралып, өз кесенесін өзі даярлағаны да тегін емес. Әулиелі, киелі жандардың аттары аңызға айналуы осыдан деп білеміз. Бұл жайттарды ақын жаны түсінген, аңыздармен қатар болашақ ұрпағына сол ата-жұртымен соңғы қоштасу сөздерін де жыр тілімен жеткізген.

Өзі арнау деп атаған 16 шумақтан тұратын жырдың бастапқы 3 шумағы мен соңғы 3 шумағы нақты арнау, ортасындағы 10 шумағы Түгел батырдың монологы. Ол монологтағы негізгі ой туған елге, жерге деген махаббат пен батыр аузынан ұрпаққа айтылған өсиет және қапыда қиылып бара жатқан өмірге айтылған батырлық наз.

Бір батырдан қапыда айрылғанға,
Қамықпандар, ағайын қайғырмандар.
Одан дағы, татитын мың батырға
Бірлік атты батырдан айрылмандар.

Бұлдыр өмір кешпедім сағымдайын,
Жанып өттім лапылдап жалындайын.
Лапылдаған жалыным сөнер болса,
Жуантөбе басында дамылдайын.

Ақынның, бүгінгі еліне аянбай еңбек етіп жүрген батыл ақынның, батыр атынан халыққа арнау сөз айтуына хақысы бар. Түгел бабасы екі ғасыр бұрынғы елін жоңғарлардан қорғаған болса, ақын ел ішінен жинаған аңыздары мен өзі жазған жыр-дастандары арқылы өз оқырмандарын бүгінгі өмірдегі рухани шөлден қорғайды:

«Жалынамын, Аллаға жалынамын,
Қайғы бұлты халқыма дарымағын.

Тірлігімде қорғаған қайран елім,
Жебеп жүрсін әрқашан аруағым.»

Батырын осылайша сөйлетіп, еңсесін көтертіп, ескерткіш орнатуға ат салысқан және осы арнау жырымен оны бүгінгі ұрпақтарымен тілдестірген ақында арман жоқ. Ақынды, халқымызды армандарына жеткізген теңдік, бостандық, ой бостандығы және сөз бостандығы деп білеміз.

Қойын кітапша реуішті жинақтың келесі бөлімі «Түгер батырдың әйгілі ұрпақтары» деп аталады. Бұл бөлімге Түгел батырдың балалары Байсерке абыздың, қалмақ қызы Қаракөзден туған Таймас әулие, Көптұр қажы, Мәлік шешен, Жүніс пен Қажакат, Шаймерден Оразалы ұлы, Саралбай Жанбаев бүгінгі ұрпақтар жалғасы туралы анықтамалықтар берілген.

Ертіс ауданы халқының енді бір мақтаныш ететіні ауданнан батырлар-мен қатар аттары ділмәрлықтарымен шыққан, жалпы қазаққа әйгілі шешендердің, көріпкел әулиелерінің болуы. Осы кітапшада олардың ішінен Түгел батырға туыстық қатысы барларының айтқан толғаулары, шешендік сөздері мен бірқакпай айтыстары берілген. Атап айтқанда, Байсеркенің қазақтың шешендерінің бірі екендігі зерттеушілер мен халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушылардың еңбектерінде белгілі болғанымен, осы Ертіс өңіріне байланыстылығы белгісіз болып келіп еді. Енді авторлар шежіре бойынша туыстық байланыстарын дәлелдей отырып, Түгел батырдың балалары Байсерке мен Таймасты, сонымен қатар кейінгі ұрпақтарына қатысты Мәлік шешенді, Марғуа шешенді анықтаған. Олар өздерін қанша мұқатпақ болған бай-болыстардың әрекеттеріне көнбей, оларды сөзбен қағытып, өз дегендеріне жеткендігін жинақтап жазған. Осы кітапты жан қалтасына салып жүріп оқыған жастың өмірдің қызығын қызықтауға, қиыншылығын көтере білуге тәрбиеленері анық.«Жақсы, ұлағатты толғауды халық кімнен естісе, ол соның сөзі деп ұққан сияқты. Баспа және газет сияқты жазба деректердің жоқ кезінде кімнің қайда не айтқанын ажырату мүмкін болмаған ғой. ...Демек, толғауларда ортақ тақырып қайталанып келуі заңды құбылыс. Оның басталуы кімнен шыққанын тап басып айту қиын. Қай шешен болсын халықтың өзегін өртейтін көкейкесті мәселесін айту үшін ой толғайды ғой. Сол ойды басқадан алып, сабақтап шиыршық атқыза шымыр аяқтайтын сәттер

де кездеседі» деп, авторлар Байсерке толғауларын қайдан алынғанын, қай жылдардан бастап халық игілігіне ұстала бастағандығын дұрыс ескерткен. Ең маңыздысы абыздың Түгел батырдың ұрпағы болып шыққандығы. Байсеркенің абыз аталуыан орай Ақан деген аты да бар екен. Осы халқы қойған аттарымен Байсеркенің атағы көптеген жерлерге дейін жайылған. Жиырма шақты абыз туралы аңыз-әңгімелер, он сегіз толғау жыр үлгілерін оқырмандарға жете таныстыруда қарт журналистер еңбектерін аямаған. Бұрыннан бар рухани дүниені қариялар аузынан жинаған жаңаша деректі әңгімелермен де толтырған. Екі ғасыр аралығындағы халық аузындағы ауызша толғау жыр үлгілерін бүгіндері аттары аңызға айнала бастаған жергілікті жұртшылықтың арқа сүйеген, дуалы ауызды айтқыштарының берідегі әңгімелеріне алып келгендіктері Ертіс елі адамдарының құйма құлақ, ашық көкіректі жандарға толы болғандығының айғағы. Солардың бірегейі – Мүбәрак Жаманбалиновтың өзі белгілі шежіреші адамдардан жазып алған. Көкшетау облысы, Уәлиханов ауданы, Чапаев совхозының тұрғыны Мақай сері (1880-194-75), Ертіс ауданы, Северный совхозынан Тасыбайдың Қайыржаны, Ертіс ауданы, «Жаңа дәуір» колхозынан Есмағамбеттің Әбдіғалымы және «Сілеті» совхозынан Жүнісов Хамзалармен болған кездесулер аттары өше жаздаған өнер саңлақтарына арнайы ас беріліп, бастарына ескерткіш қоюға дейін жеткізді.

Ең маңыздысы - тастай қылып, жинақталған ауызша әдеби үлгілердің сақталып, бүгіндері өз елінде, өз жерінде балалардың жүрегіне туған жерге деген сүйіспеншілігін орнықтыра түсе алатынында. Алдыңғы толқын ағалар жинаған асыл сөздердің мән-мағыналары, мына дүниеде жаратылысы өзгеше адамдардың өмірнамаларымен таныстыру, олардың өмірге байланысты өзіндік көзқарастары мен қатынас-әрекеттерін пайымдау, сараптау ерекшеліктерінің өзі – бүгінгі ұрпаққа ғанибет тәрбие. Мысалы, Түгелдің асқан сүйіспеншілікпен жар еткен қалмақ қызы мұсылманшылықты қабылдай отыра күйеуінің сертін бұзғандығына ренішпен туған жеріне қайтып кетеді. «Ал менде қалған перзенттеріңе жүрегің ауырмай ма? Батырдың соңғы әрі салмақты сауалы осы болды. Қайтып бара жатып, артынан Түгелдің іздеп келе жатқанын сезіп, желмаясын тұсап қойып, орта жолда күтіп жатады. Қоштасу кезінде айтқан соңғы сөздерінің өзінде көріпкел

әйелдің сұңғыла білімділігін, сүйген құлына бір жаратқанның берген қадір-қасиетін жеткізетін ойлар жатыр:

– Ал менде қалған перзенттеріңе жүрегіңіз ауырмай ма? Батырдың әрі салмақты сауалы осы болды.

Ауырғанда қандай! Соларды өзіңе аманат етіп тапсырып кетейін деп тостым ғой... Егер көріпкелдігім алдамаса, бұл перзенттеріме даритын қасиеттерді айтайын. Аңқоймасым... бұл есім оған тегін берілмеген, ол әрі аңшы, саяткер, еті тірі батырлау болмақ. Шуағым күннің шуағындай рахатты тыныш өмір сүреді. Құт иесі болады. Ал Таймасым... Міне, сенің абыройыңды көтеретін, мақтанышыңа айналатын ұлың сол болады. Менен ауысатын көріпкелдік, емшілік қасиет соған қонады. Ол тіпті сасымаған өлікке жан салатын болуы мүмкін. Менің екінші елім болған қазақ халқына сол халықтың бір батыры - өзіңе сыйлап қалдырған асылдарым осылар», - деген екен. Ертістіктер әулие деп таныған Таймастың таң қалдырған әрекеті-қамшысын үйіріп жүріп адам жанын бойына оралтуы туралы аңыз. Ертіс өңіріндегі «Салқын көл» деп аталатын егістік алқаптың ортасында Таймас әулиенің зиратын көтеруге ықпал еткен және оның басына Майқоңыр аулында тұратын шырақшы Мағау ақсақал арқылы тілек тілеушілер барып тұратындығын халық есіне салып, олады марапаттауға негіз болғандардың ішінде Мүкең де болған.

Қарап отырсаңыз, әулиелік еткен, қажылық жолын ұстанған, мұсылман адамдар өздерінің қарым-қатынас жасайтын адамдарын өздері таңдайтын сияқты. Мешіттерде діннің бар ережелерін біліп, Мұхаммед ғаллейссаламның айтқандары мен ұстанған жолын тұтынатын діндарлар, өздерін нағыз мұсылмандар деп есептеген. Сонымен қатар олар мұсылмандыққа қарсы жын-сайтандардың бар екендігін мойындай отырып, сол жын-сайтандарды қуалап емдейтін емшілерді, бақсы-балгерлерді қабылдамайды. «Алла жаратушы, оның жалғыз хабаршысы Мұхаммед ғаллейссаламды ғана қабылдайтын олар бұл фәни дүние тазалық жолын ұстау үшін, алла алдында бес парызыңды орындауды ұсынады. Шығармашылықпен айналысатын өнер адамдарының қай-қайсысы болмасын жаман әдеттерден аулақ болып, хақтың таза жолын ұстанды. XV-XVIII ғғ. ақын-жырауларымыз, бертінде Махамбет, Дулат, Ыбырай, Абай, Шәкәрімдер, алашорда арыстары Мағжан, Ахмет, Дулаттар, тіпті кеңестің жалынды сөзін

айта жүруге мәжбүр болған, ішкі тазалығымен есімдері қайта оралған Сәкен, Бейімбет, Ілиястардың туындыларында әулие адамдардың есімдері айтылмай кеткен емес. Қасиетті аққу құсты жыр еткен Сәкен, Молықбайды қобызында зарлатқан Ілияс т.б. сияқты шынайы халықтың тың образдар жасаған қаламгерлер өте көп. Байсерке абыз халықтан шыққан білімділерге жақын болғанын мына толғау үзіндісінен байқаймыз:

...Анық көзі көрмесе,
Сөзге ермейді онды адам.
Ақсақал болсаң ауылда
Өз бетіңмен қонбаған
Ердің ері сол болар
Өзін өзі қинаған.
Бұл сөзімді жек көрмес
Ақылы бар миы адам.
Жақсы адамның белгісі-
Сөзі шықпас шашау ғап.
Негізі жаман жасықты
Қайтадан болмас жасауға.
Білімсіздердің сөздері-
Салғандай құрық асауға.
Білімдінің белгісі-
Басыңды ел ғып қосарға.
Наданменен сөйлессең,
Жол тапассың қашарға.

Өзін сенімнің адамы деп есептейтін Мүбәрак Жаманбалинов Байсерке абыз айтқандай қатысатын адамдарын өзіне бауыр тарта білетін сыңайлы. «Әйгілі менің – Ертісім» кітабының «Ақ жолында алланың» атты бөліміне [49,231] 89 қажыны және 11 қажылар әулетіне анықтама береді. Жүзге тарта тізімді автор Ертіс ауданының моллалары мен ақсақалдарының қатысуымен жүйелеген. Бұл тізім әрі қарай 15 молданың атымен жалғасқан да, ол тізім басына 1837-16 жылдар аралығында өмір сүрген Тәңірбергенұлы Тәтенай қазіреттің атынан басталады. Өзін намаз оқымаса да, әрдайым таза ұстап, салауаттылық жолында күнде дене жаттығуларын жасап жүретін Мүбәрак ақын Тәтенай қазіреттің Ақтоғай ауданындағы Исабек ишаннан және

Тиыштыбай деген қазіреттен бата алғандығын тегін келтірмеген. «Ба-таменен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер» сияқты мақалдың шындығы кейін еліне қамқор емші болған Тәтенай қазіреттің Исабек ишанға тоқпақ жалды торы айғырды тарту етіп тұрғанында алған батасы: «Мынау әкелгенің жылқының қожасы екен, ал енді сен діннің қожасы болғайсың»; Құрман атасының ұрпағы Тиыштыбай:

«-Алла сені жарылғасын, қолдасын,
Залымдық пен зұлымдықтан қорғасын.
Әулие-әмбие, Қызыр жүріп қасында,
Періштелер болсын сенің жолдасың!
Алдыңнан пәлекет пен пәле қашсын,
Лә, иләхә- илолла дін мұсылман,
Алланың бес парызы болсын басшың.»,-

деп тілек қосқан.

«Осы бата қабыл болғандай, Тәтенай қазіреттің алдынан жын-шайтан қашып отырады екен. Талай-талай есі ауысқан, аяқ қолын бай-лап әкелген сырқаттылар есіктен кіре бергенде-ақ, есін жинап алатын болған. Ұйықтап жатқан кезінде періштелер түсіне кіріп, сырқатты қалай емдеудің жолын айтып кетеді екен.

Тәтенай қазіреттің мәйіті қазіргі Тоқта ауылының сыртындағы қорымға жерленген. 1996 жылы қазіреттің қабірі қоршалып, басына күмбез орнатылды» деп жазады автор [49, 238].

«Түгел батыр және оның ұрпақтары» кітабына елдің басына төн-ген қиын-қыстау кездерінде халыққа көмекке келген әулие адамдар-дың бүгін де ұрпақтары да елге жанашырлық етіп, қазақстанның белді қызметтерінде жүргені айтылады. Солардың бірі - Сағалбай Жанбаев, Омбы облысы Қаратал аулында туған, 1930 жылдан қазақ жеріне кел-геннен Омбы педучилищесінің түлегі партия, совет қызметіне ауы-сады, 1939 жылы Ақмола, 1948-54 жылдары Қостанай, 1954 жылы Қызылорда қалаларында облыс хатшысы қызметтерін атқарған. Осылай кеңеске қызмет ете жүре әділдігімен, сөзге шешендігімен ел жақсыларын қасына жиған, жамандарын шенеп өткен; Түгел батырдың атақты ұрпақтарының бірі -Ертіс орта мектебінің түлегі, кейін аудандық, сонан соң Торғай, Жамбыл облыстық, облатком тарағасының жауапты қызметтерін атқарған Кеңес Әубәкіровті, Түгел батырдың ұлы Төбеттен тараған ұрпағы Әлмұхан әншінің ұрпағы,

спорт шебері, балуан, Бүкілодақтық, тіпті халықаралық жарыстарға қатысып жүлде алған Қобыланды Шәкіровті таныстырады. Әрине, «Жақсыдан жақсы туады», «Тай аунаған жерінде түк қалады» деген асыл сөздердің мағынасы осымен ашылғандай. Кеңес Әубәкіров 1996 жылы Түгел батыр мен Байсерке абыздың аруақтарына ас беріп, бастарын көтерген. Оның баба ісіне адалдығы інілерін, үш баласын, олардан туған жиендерінің бастарын біріктіріп, шаруашылық тұралап қалған жылдардан кейін, өзінің қартайғанына қарамастан, Ақмола облысынан егістік жер алуы, ол істі жалғастырып отырған күйеу балалары, жиендеріне ақылшы, кеңесші болып отырғандығы. Ол жерді «Түгел» фирмасы деп атауы. «Жақсы адамның жақсыменен ісі болады» демекші, М. Жаманбалиновтың қаламы осы Ертіс ауданының Сілеті совхозының ұлы Кеңеске арнаған арнау өлеңі тегін тумаған. Арнаудың иманы таза адамға, аруақ қолдаған адамға, аруақты ақынның жүрегінен шыққаны көңілге қонымды. Үзіндісін алуға келмейді, тұтас ой, тұтас сезім төгіліп тұрған туынды:

«Еңіреп өткен ер Түгел
Көшпелі елдің көсемі.
Болаттай бекем бекіген
Ері еді елдің деседі...
Бақ қонып, Қыдыр дарыған
Арнадан асқан байлығы.
Семсерін сертке жаныған
Алатау сынды айбыны.

Арқалап өткен арманын
Еліне іздеп шуақты.
Сол бабаның аруағы
Өзіңе қонған сияқты.

Алыптың ауыр салмағы
Сол бабаңның жаны ізгі.
Қасиетті қара шаңырағы
Өзінде қалған тәрізді.
Халқыңның айбар-қорғаны
Қамқоры болған әр үйдің.

Түгелдің қандай болғанын
Өзіңе қарап танымын.

Қыранға мақсат-аспандау,
Асқарды биік мекендеп...
Қалаймын биік асқар тау
Аласармаса екен деп.

Өзіндей ерлер-асқарым,
Өзіндейлермен сүйікті ел.
Елімнің ашық аспаны
Өзіндейлермен биіктер».

Ата аруағын ардақтағандар жеке бас қамын емес, елге пана болған ұмытылып кеткен есімдерді ел есіне оралтуды көздегенін құптайды ақын жаны. Сондықтан да оның қаламынан осындай өлең туған. Өлеңнің біркелкі ұйқасқа, бірдей тармақ санына құрылмауы бағасын түсіріп тұрған жоқ. Бірінші шумақ ерікті ұйқасты сегіз тармақты келген де, елден шыққан батыр тұлғасы суреттелген. Ол көшпелілердің көсемі, бақ қонып қыдыр дарыған, арнасынан асқан байлығы бар елін қорғаған, айбыны Алатаудай еді, семсерімен серт байласатын еді. Осындай ердің ұрпағының бойынан ақын Түгел батырдың бойындағы қасиеттерді байқағанын айтады. Ол қандай қасиеттер еді? Олар: ізгілік, қамқорлық, қара шаңырақты ұстаушы, мінездегі ішкі-сыртқы жаудан сақтай білетін айбарлық. «Сен Түгелдей бүгінгі қырансың. Қыранға аспандау, яғни биікке ұшу ғана жарасады» деген ақын ойлары ата жолына кір келтірмейтіндердің арада әлі бар екендігін ескерту мақсатында жастарды дәл осы бейнедегі образдай патриоттыққа, елге деген ерекше сүйіспеншілікке мегзейді.

Жинақтап айтқанда, М. Жаманбалинов-қазақ жұртшылығының әлеуметтік тұрмысын түзеуге ат салысқан жаны жайсаң, рухы мықты тұлғаларды тани алған, халқының әр кезеңдегі тарихынан тәрбиелік мәні бар жайттарды жадына ұстап, қаламымен қағаз бетіне түсіріп, бүгінгі ұрпаққа рухани азық боларлық дүниелер ұсынумен келеді.

3.3 Ақын туындыларының заманауи тәрбиелік ықпалы

Халықтың ғасырлар бойы ауызша жасаған көркемсөз өнерінде ананың нәрестеге, атаның балаға, әженің немереге ең асыл дүниесіндей аманат қалдырған мол мұрасы бар. Ол – түн ұйқысын төрт бөлген анаың ыстық махаббатқа толы әлдиі, балдырғанның, балдай тіліне оралған тәтті тақпағы, думаны мол ойын баласының өлеңдері. Тіл мәдениеті талаптарының қалыптағы үлгісін танытқан, бүлдіршінді үлкендермен табыстырған, сөйтіп бірінің ой-сезімін сәбидей пәктікке шақырған, бірінің жан дүниесін әдемілікке, шаттыққа бөлеген осы жырларды туғызған табиғат құдіретіне таң қалмасқа болмайды [1,3].

«Бесік жырынан» басталатын балғындар өлеңінің әйтеуір бір құдіреті бар. Соған қарағанда, ән-өлең бала бойына ана сүтімен бірге таралатыны болу керек. Әйтпесе, бөбекті өлеңмен, қалай ұйықтатып, өлеңмен қалай оята алады? Дүниеден хабары жоқ, бесікте жатқан сәбиді өз ырқына көндіріп, өз дегенін істететін- өлеңнен артық керемет бола ма?

Бөбектерге арнап өлең жазудың қиындығы да осындай болса керек. Өйткені ол барлық жырдың нәрі, барлық жырдың басы.

Қазақ балалар поэзиясының тағдыры ауыр да аянышты болды. Халық жыры мен қазіргі жырдың арасы ондаған жылдар бойы үзіліп қалды. Халық басына түскен қиямет кезең не бір сұңғыла ақындарымыздан айырды. Ел – ел болғалы сусындап келген асыл маржандарымыз жеті есіктің ар жағына тығылып, көзімізден бір-бір ұшты» [2,3] – деп Мүбәрак Жаманбалиновтың шығармашылығына талдау жасар алдында қатты толғаныпты, ақынның алғашқы жинағына пікір жазған белгілі зерттеуші, ақын Сағи Жиенбаев.

Осы еңбекте Мүбәрак Жаманбалиновтың жас кезінде балаларға арнап жазған мысал өлеңдері мен қартайған шағында үлкендерге арнап жазған әзіл-сықақ, шымшыма шығармаларына, жанрлық түріне қарай тілдік элементтерін салыстыра талдау арқылы, сараптама жасауды жөн көрдік. Мысалы, ақын балаға да мысал өлең жазды, үлкенге де мысал өлең жазды.

Тақырыбы бір, жастары алшак, жандары бөлек жандарға ақын не дейді тындап көрелік, сөз қолданым мәдениетінің үлгілеріне де назар аударалық:

Мұрт

«Сақалдан ассам!» деп,
Бөсіпті-ай кеп бөсіпті.

– Міне, қандай күш бар, ә? –

– Деп ауызға да жетіпті.

Осы кезде ұстара
Күзепті де кетіпті.

– Босқа бөспе атанба,
Бөсемін деп құрыдың ғой.

– Жоқ! –депті мұрт,-

Сақалдан

Әлі биік тұрмын ғой.

«Бөспе мұрт» деп аталатын бұл өлеңінде кішкентай мұрттың ұзын сақалға жетем деп тыраштануын балаларға оңай түсіндіруге болады. Мысалға тән оқиғасы бар өлеңде дегеніне жете алмаса да, мұрт мақтануын қоймайды. Моралі: орынсыз мақтану - құр далбасалық. Ал үлкендерге ақын осындай мысалдарымен қатар төрт жол шымшыма шумағымен-ақ өмірде көрген, сезген сәттеріне баға береді, ағалық туралықпен ыңғайсыз эпизодтарды мін таға сынайды.

Жан еді іс пен сөзге олақ тіпті,

Ақылы да, ойы да шолақ тіпті.

– Бүгін неге елірді сонша,- десем,

Үйіне бір дөкейді қонақ қыпты.

(«Қонақ»)

Қисық ауыз бөскенде қызыңқырап,

Жиынның шырқын біраз бұзыңқырап,

Шарадай көздер жайнап шыға келді,

Едірейе қалды да ұзын құлақ.

(«Қисық ауыз»)

Бірінші өлеңде ісі де, сөзі де олақ адамның аяқ астынан сөзшең бола қалуы ақынды ғана емес, айналасындағылардың бәрін тандандыратыны белгілі жайт. Соны сезген жұрт іштей күле қарап кете беретіні де бар, ал ақын сондайлардың өмірде жиілеп бара жатқанын кешіре алмайды. Оның бейнесін «іс пен сөзге олақ», «ақылы да, ойы да шолақ» деп келген күрделі эпитеттеріне «тіпті» күшейткіш үстеуді

қайталай қолдануы арқылы сорақыландыра суреттейді. Үшінші тармақта ақынның «еліру», төртінші тармақта «дөкей» сөздерін экспрессивті реңкімен алуы сол жағымпаздың құбылу себебін нық ашқан. Төрт тармақ бір шумақ өлең төрт аяғымен тең тұр. Идеясында ащы мысқыл, әрбір тармақ мағынасында ойға батырар мазмұн бар. Осындағы рабайсыз сөз қолданымдар «елірді», «бір дөкей», «бөскенде», «едірейе қалу», «қисық ауыз», «Едірейе қалу» сияқты. «Дөкейдің» жергілікті диалектизм екендігі белгілі, солай бола тұра бұл сөз жалпыхалықтық тілге мансабы жоғары деген бейнелі әдеби қолданымға айналғанына аз болған жоқ, ал қалған сөз тіркестері ащы мысқылды экспрессивті қолданымдар болуымен ашып тұр.

Үлкенге бағытталған өлеңде ақынның айтпақ ойына сүйеу, мәтін идеясына кілт болып тұрған сөз тіркестері тыңдарманына күлкілі образдарды елестетеді. Олар - осы «қисық ауыз», «шарадай көздер», «едірейе қалған ұзын құлақ». Бүтіннің орнына бөлшекті алып суреттеу, яғни синекдохалау тәсілі поэтика стилінде ежелден бар. Ал мысқыл өлеңде қария ақынның жиын тойда жиі байқалып кеткен кешірімсіз жайтты осы тәсілмен түйрей суреттеуі тым әсерлі. Сол тойдың қонақтарына ащы да болса - сабақ, өз адамдарын дәл тауып жатқан сөз тіркестері - сабау қамшыдай. Моралі: «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді». Сол сияқты «Ағаш қалам» деп аталатын бір шумақ мысал өлең де әліне қарамай, өзін ерекше санаған адамға айтылған мықты сын:

– Автоқалам сорлы ғой,
Немен жүрек жалғайды?
Мынау мені айт, соңымнан
Сиясауыт қалмайды.

Өз әлін білмей тұрып, өзгеге күлген адам бойындағы кемшілікке ағаш қаламды мысал етіп алу ақын тапқырлығы, жансыз құралдар бір-бір адамның табиғи қалпын білдіреді де, риясыз езу тартқызады. Өлең көлемі, мазмұны жағынан балаға айтылғандай, дегенмен, қазіргі баладан гөрі дәл осы өлең үлкендердің үлесіне тиесілі. Бір оқығанда, қарапайым әрекеттен хабар беретін сияқты болғанмен, бір-ақ күнде сынып, жарамсыз болып қалатын қаламның мақтана сөйлеуі қарабасының бір-ақ күндік қамын ғана ойлайтын қауқары аз байғұс жанды елестетеді.

Енді ақынның қарттық шағында жазған «Түңілесің» деп аталатын өлеңін талдап көрелік. Мәтіні:

Зұлымдық бір жұлқынса жай жатпайды,
Іштегі «ит өлігін» байқатпайды.

Адамды арсыз ауыз қаппас та еді,
Біреулер бұғып жатып айтақтайды.

Дәуірдің қастерлесе ұлы көшін,
Таппайды ұлы көштен кім үлесін?

Дауа жоқ, құтырғанға,
Құтырған ғой,

Қасына ергендерден түңілесің.

Өлең идеясы «адамды бұзатын заманы, заманына қарай адамы» дегенді білдіреді. «Іштегі ит өлігін» байқатпайтын зұлымдық» иесі, «арсыз ауыз», «құтырған» кеіпкер – нарық қыспағынан құтылып шығып, «дәуірдің ұлы көшінен» пайдасын алып жүрген жан. Оны дәл осы жемқорлыққа үйреткендер –айналасындағылар» деген ақын түйіні, «Дауа жоқ, құтырғанға, құтырған ғой, қасына ергендерден түңілесің» деген ой толғағы – ақынның қоғамдағы жайсыз жағдайға қатысты жан айқайы. Әрине, «құтырған» деген лексикалық құрал өмірдегі қадірлі қарт ақынның аузынан айтылатын да сөз емес, сөз әдебіне жатпайтын сөз. Ақын сол «құтырған» сөзін жаман адамға «портрет» ете, алмастыра қолданып, омонимдес әрі көріктеуіш сөз ретінде алуы өлеңдегі пақыр бейнені одан сайын сорақыландыра түскен. Тақырыбының өзі айтып тұрғанындай, ақынның осы өлеңді жазуына әсер еткен экстралингвистикалық факторлар- қоғамдағы өзгерістің, атап айтқанда, нарықтың ақын көңіліне әсері; өзін сол қоғам қайраткері ретінде жауапты сезінуі; айналасында тұрғындардың жай-күйлерінің кете бастауы жанын дегбірсіздендіргені. «Зұлымдық бір жұлқынса жай жатпайды», «адамды арсыз ауыз қаппас та еді», «біреулер бұғып жатып айтақтайды» деп ақын шындықты ашық айтқан. Бұл - мысал емес, туралай турап суреттеу. Осындағы аллитерациялы (бірыңғай дауысты), ассонансты (бірыңғай дауыссыз) үйлесімді ырғақ жасаған дыбыстар ақынның сыздаған жүрегінің үнін естірткендей.

Жалпы адамзат өмірінде кездесетін зұлымдық жайттардың айқайлап келмейтінін, әркім өзіне қатысты қауіпті өзі сезуі қажеттігін

кайталай қолдануы арқылы сорақыландыра суреттейді. Үшінші тармақта ақынның «еліру», төртінші тармақта «дөкей» сөздерін экспрессивті реңкімен алуы сол жағымпаздың құбылу себебін нық ашқан. Төрт тармақ бір шумақ өлең төрт аяғымен тең тұр. Идеясында ащы мысқыл, әрбір тармақ мағынасында ойға батырар мазмұн бар. Осындағы рабайсыз сөз қолданымдар «елірді», «бір дөкей», «бөскенде», «едірейе қалу», «қисық ауыз», «Едірейе қалу» сияқты. «Дөкейдің» жергілікті диалектизм екендігі белгілі, солай бола тұра бұл сөз жалпыхалықтық тілге мансабы жоғары деген бейнелі әдеби қолданымға айналғанына аз болған жоқ, ал қалған сөз тіркестері ащы мысқылды экспрессивті қолданымдар болуымен ашып тұр.

Үлкенге бағытталған өлеңде ақынның айтпақ ойына сүйеу, мәтін идеясына кілт болып тұрған сөз тіркестері тыңдарманына күлкілі образдарды елестетеді. Олар - осы «қисық ауыз», «шарадай көздер», «едірейе қалған ұзын құлақ». Бүтіннің орнына бөлшекті алып суреттеу, яғни синекдохалау тәсілі поэтика стилінде ежелден бар. Ал мысқыл өлеңде қария ақынның жиын тойда жиі байқалып кеткен кешірімсіз жайтты осы тәсілмен түйрей суреттеуі тым әсерлі. Сол тойдың қонақтарына ащы да болса - сабақ, өз адамдарын дәл тауып жатқан сөз тіркестері - сабау қамшыдай. Моралі: «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді». Сол сияқты «Ағаш қалам» деп аталатын бір шумақ мысал өлең де әліне қарамай, өзін ерекше санаған адамға айтылған мықты сын:

– Автоқалам сорлы ғой,
Немен жүрек жалғайды?
Мынау мені айт, соңымнан
Сиясауыт қалмайды.

Өз әлін білмей тұрып, өзгеге күлген адам бойындағы кемшілікке ағаш қаламды мысал етіп алу ақын тапқырлығы, жансыз құралдар бір-бір адамның табиғи қалпын білдіреді де, риясыз езу тартқызады. Өлең көлемі, мазмұны жағынан балаға айтылғандай, дегенмен, қазіргі баладан гөрі дәл осы өлең үлкендердің үлесіне тиесілі. Бір оқығанда, қарапайым әрекеттен хабар беретін сияқты болғанмен, бір-ақ күнде сынып, жарамсыз болып қалатын қаламның мақтана сөйлеуі қарабасының бір-ақ күндік қамын ғана ойлайтын қауқары аз байғұс жанды елестетеді.

Енді ақынның қарттық шағында жазған «Түңілесің» деп аталатын өлеңін талдап көрелік. Мәтіні:

Зұлымдық бір жұлқынса жай жатпайды,
Іштегі «ит өлігін» байқатпайды.

Адамды арсыз ауыз қаппас та еді,
Біреулер бұғып жатып айтақтайды.

Дәуірдің қастерлесе ұлы көшін,
Таппайды ұлы көштен кім үлесін?

Дауа жоқ, құтырғанға,
Құтырған ғой,

Қасына ергендерден түңілесің.

Өлең идеясы «адамды бұзатын заманы, заманына қарай адамы» дегенді білдіреді. «Іштегі ит өлігін» байқатпайтын зұлымдық» иесі, «арсыз ауыз», «құтырған» кейіпкер – нарық қыспағынан құтылып шығып, «дәуірдің ұлы көшінен» пайдасын алып жүрген жан. Оны дәл осы жемқорлыққа үйреткендер – айналасындағылар» деген ақын түйіні, «Дауа жоқ, құтырғанға, құтырған ғой, қасына ергендерден түңілесің» деген ой толғағы – ақынның қоғамдағы жайсыз жағдайға қатысты жан айқайы. Әрине, «құтырған» деген лексикалық құрал өмірдегі қадірлі қарт ақынның аузынан айтылатын да сөз емес, сөз әдебіне жатпайтын сөз. Ақын сол «құтырған» сөзін жаман адамға «портрет» ете, алмастыра қолданып, омонимдес әрі көріктеуіш сөз ретінде алуы өлеңдегі пақыр бейнені одан сайын сорақыландыра түскен. Тақырыбының өзі айтып тұрғанындай, ақынның осы өлеңді жазуына әсер еткен экстралингвистикалық факторлар – қоғамдағы өзгерістің, атап айтқанда, нарықтың ақын көңіліне әсері; өзін сол қоғам қайраткері ретінде жауапты сезінуі; айналасында тұрғындардың жай-күйлерінің кете бастауы жанын дегбірсіздендіргені. «Зұлымдық бір жұлқынса жай жатпайды», «адамды арсыз ауыз қаппас та еді», «біреулер бұғып жатып айтақтайды» деп ақын шындықты ашық айтқан. Бұл – мысал емес, туралай турап суреттеу. Осындағы аллитерациялы (бірыңғай дауысты), ассонансты (бірыңғай дауыссыз) үйлесімді ырғақ жасаған дыбыстар ақынның сыздаған жүрегінің үнін естірткендей.

Жалпы адамзат өмірінде кездесетін зұлымдық жайттардың айқайлап келмейтінін, әркім өзіне қатысты қауіпті өзі сезуі қажеттігін

М.Жаманбалинов мысал өлеңдерінде сәтті сипаттайды. Мысалдың тәрбиелік ықпалының ұтқырлығын ақын ерте кезде үлкендерге арнап жазған туындыларында жақсы пайдаланған. Осындай бір шығармаларының бірі «Қайың мен балта» деп аталады:

– Бәрің де шошыған,
Айбалтаң осы ма?
Деп қайың тіл қатты,
Бәйтерек досына.
– Байқа, эне,
Байқа!
Біресе басын шалқайта,
Біресе
Төсін қайқайта,
Жерге дейін иілтіп,
Асығып жатыр,
Аяғыма бас ұрып жатыр.

Аққайың осылай деп,
Рахат тауып жатты.
Ақ балта басын иіп,
Оның тамырын шауып жатты.

Айтпас ем бұл жайында,
Мейлі: шапты, бас иді?
Ашық ауыз қайыңға
Жаның бірақ ашиды.

Мысал жанры жазыла бастаған кезеңнен-ақ негізінен жан-жануарлардың түр-түріне адам бойында ұшырасатын теріс әрекеттер балама түрде салыстырыла суреттелетін. Жоғарыда жансыз заттардың, ағаштардың адам әрекеттерін суреттей берілуі бұл шығармалардың үлкендерге арналғандығын, талдауды, мағынасын терең түсінуді қажет ететін мысалдар екендігін байқатады. Ақын өмірде жиі кездесіп жататын жайттарды зерделі көкірекпен байқап, демократия сынды көтермейтін тұста мысалға алған да, оқушысын ойға салған да қойған. Соңғы мысал өлеңнің жазылған кезі жетпісінші жылдар, ал алдыңғы «Түңілу» атты өлеңінің қай кезеңде жазылғанын тақырыбы айтып тұр. Шығармалардың мазмұны мен

тілінде мезгілдік арақашықтық және ақын мен қоғам арасындағы сол өзгеріс кезеңдеріне қатысты байланыс байқалады. Ақынның өз қоғамының жанашыры, жаршысы болуы дегеніміз – осы.

Ғұмыры педагогтықпен келе жатқан (бастапқыда балаларға - мұғалім, қазір ауылдастарына – ақылшы) Мүбәрак ақын балалар арасында кездесетін жат мінез-құлықтарды жеңіл де қарапайым тілмен жазған «Қызғаншақ сиыр», «Есек пен түйе», «Дәрігер аю мен қорқау қасқыр» т.б. мысал өлеңдерінде сипаттайды.

Өзендегі суаттан
Сиыр ұрттай бастады.
Жанындағы лақты,
Бір ұшырып тастады.

Лақ та ауызын тұр ашып,
Сиыр да тұр, кетпейді.
Тегі ойлады:
Мына – су
Өзіме де жетпейді.

Беріліп отырған шығарма балалар психологиясын дәл жеткізіп, «балғын гүлдей балақандарын» лажсыз ойландырады. Ақынның уәжді етіліп сипатталған оқиғасы нақты мысалдық тәсіл. Ақын балаларды өзіндік талдауға ынталандыратын, ойландыратын туындылар жазуға өте шебер. «Әтештің бағалауында» атты мысалда «Мен сияқты күндіз бақырмайсың, Түнде шақырмайсың, шықпайтын бір даусың, мылқаусың. Адам орындық сияқты үстіңе отырып алған» деп жылқыны сөккен әтештің сөздерін шешуді, «Әупілдек» туралы мысал өлеңінде «Жөн-жосықсыз мақтану-әупілдек болу емес пе? деп ойландыруы, «Пингвин», «Таң қалды» деген тақырыппен жазылған мысалдарында балаларды ақын спортшы болуға (пингвин сияқты суықта шынығуға), арманшыл болуға (жылқыны есекпен, мысықты жолбарыспен, шыбынды сонамен, торғайды қарғамен, қарға балапанын бүркітпен, бүркітті самолетпен салыстыруға) шақыруы М. Жаманбалиновтың балалар тәрбиесіне қосқан өзіндік үлесін танытатын шығармалары. Қай тақырыпты кімге бағыттап жазатынын ақын алдын-ала ойластыра алады. Балаға арнаған мысалын бала ойымен - балаң оймен, үлкенге арнаған мысалын аталық, ақсақалдық дана оймен, жұртшылықты мәдениеттілікке тәрбиелей жазады.

«Түбір мен қаңбақ» атты мысалында зулап, гуілдеп домалап бара жатқан қаңбаққа «Дос болайық, бұрыл!» деп күле қараған түбірге қаңбақ «Дос болсаң, кел жүгір!» деп өзін мазақ етеді. «Сағыз» атты мысалда күйсеп тұрған өгізді көріп, Русик деген бала: «Бұл сағыз неге шайнайды?» күледі. «Өзі кінәлі» атты мысал өлеңде қасқыр болып ойнаған Аяңбекті қоян Марат самайдан бір-ақ соғып құлатады, құлатып қана қоймай жылатып та алады. Осы шығармалардың шешімінде: «Әлін білмеген әлек болады!», «Өз мініңді білгейсің, сонда өзгеге күлмейсің!» делініп келген мысал жанрына тән баланы бұлжытпай орындауға бастайтын мықты-мықты мораль бар. Ақынның үлкендерге тәлімгерлік, балаларға байыпты, көреген ата көзімен айтылатын ескертпелері бар мысалдары қазіргі қоғамға қажетті тартымды тәрбиелік құралдар, тек қана оқушылары бұл шығармалардағы өз орнында, өз моралінде тұрған әрбір сөз бен сөз тіркестерін өз мағынасында түсіне қабылдауы керек. Адал жүректі ақынның әр сөзі балаға да, үлкеншеге де ем бола алады. Сыншы-әдебиетші Б. Сарбаев: «Әдебиетте, әсіресе балалар әдебиетінде, алғашқы қадамның орны бөлек. Алғашқы қадамның сәттілігі жақсы жоралғыдай, ақынға қанат бітіреді, ал сәтсіз қадам – құлап қалып, беті қайтқан бөбектің қайта жүруге көптеп дауаламайтыны сияқты сыр сездіреді» деп жазуы бекер емес, М.Жаманбалинов айтулы педагог шығармашылар мен ғалымдарша, өмірін балаларға тәрбиелік жыр кітаптарын жазуға арнап келеді.

Адамның өз болмысын тануға ұмтылысына көмектесіп, тереңде жатқан талап тілегін, қабілеттерін дамыту, сол арқылы өмір сүру үшін рухани күш беру – қазіргі білімнің де, шығармашылардың да басты мақсаты. Адам баласының сөйлеу кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармалықтың нәтижесі. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қоймай өз әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізбек. М. Жаманбалиновтың талданған туындыларынан заманауи тәрбиелік ықпалын «ВЕН» диаграммасына салсақ, мынандай қорытынды шықпақ:



Тоқсан жасқа жол тартқан шығармашы «Ертіс» атты елді мекенінде нағыз педагогша күй кешіп, қазіргі үлкендерге арналған ақыл-кеңестер түрінде мысалдар мен сатиралық шығармалар жазу шабытында. «Болашақ үшін қызмет ететіндер бос белбеу, болбыр болмауы тиіс. Ал, балалар жазушылары – болашақтың қамын ойлаушылар, әлі жарық дүниеге келмегендердің өздеріне жақсылық дарытушылар. Ендеше олардың сөздері шынайы, шырынды болғай!» деп тілесек, жерлес ақынымыз М. Жаманбалиновқа тілейік. Ақынның терең оймен жазылған жоғарыдағы мысалдары мен сатиралық сынсықақ өлеңдері әр жолымен жанға дауа, замана дертіне ем бола алады және оқырманына тәрбиелік ықпалы зор..

ТҮЙІН СӨЗ

Қазақ әдеби тілінің тарихы жазылып, оның белгілі авторлары [1,4,5] ұлан-ғайыр әдеби дәуірлер тілін зерттеп бергені, бұл пәннің қазақ филологиясының зерттеу нысанына айналғаны, тіпті арнайы лингвистикалық пән ретінде жоғарғы оқу орындарында оқытыла бастағаны белгілі. Әдебиетті оқыту әдістемесіне тілдік талдау жүргізу айтулы классикалық туындылардың айшықты тілін көрсетуге, автордың белгілі образдарды, табиғат пен құбылысты, жалпы кеіпкерлерінің хал-күйін суреттеудегі шеберліктерін ашуға құрылып, әдеби оқулықтарда жекелеген шығармаларға әдеби талдаулар жүргізіліп, соңында ұсынылатын. Мектеп оқулықтарында, орта және арнаулы білім беретін оқу орындарындағы оқулықтарда таныстырылатын тақырыптарға қатысты тапсырмалар берілу кейінгі кездерде көп орныға бастады. Ондағы мақсат автордың сол тақырып бойынша көздеген идеясын ашуда қандай тілдік құралдарды қолданғандығын ашу, сонымен қатар оқушы тілін автор сөзіне назар қоя отырып, жан-жақты дамыту.

Біз зерттеу нысаны етіп жергілікті ақын және республика, жақын ТМД елдеріне танымал Мүбәрак Жаманбалиновтың өмір жолына, қасиетті қаламынан туған барлық шығармаларына шамамыз барынша зерделеп, талдау лингвистикалық жүргізудегі мақсатымыз — шығармашының балалараға арнап жыр шығаруда өзіндік әдіс-тәсілдері бар екендігін айқындау және ғұмыр кезеңдеріне қарай ақынның балалармен қатар үлкендер қабылдаған ірірек жанрларға да барғандығын дәлелдеу.

Ақынның өмірі бір өзінікі емес, халқының басынан тұтастай өткізген тыныс-демі, тіршілігімен қоса алынуы керек.. «Айнабұлақ» деп аталатын алғашқы жинағынан бастап, Мүбәрак Жаманбалинов туа жаратылған балалар ақыны екенін көрсетті. Халық жырларындай қысқа да қарапайым, нақты да жеңіл, көңілді, көркем дүниелер жасады. Балажанды, сәби жүректі сабырлы ақын аз жазса да, балдырғандардың көп оқитын, сүйікті сырласы болды, сонымен қатар ақын қазақ халқының тарихи өміріндегі кезеңдердің сырларын бүккен аңыз-дастандар, шежіре әңгімелер жинастырып, олардың негізінде ғибраты мол өз дастандарын жазды, өзі өмір сүріп жатқан

өңірдегі рухани әлеуметтік жетістіктерді сараптап, артқы ұрпаққа тарихи шежіре кітаптар сыйлап отыр.

Осы уақытқа дейін қандай шығармаларды балалардың сүйіп оқитыны туралы әр түрлі пікірлер айтылып келді. Тақырып алуандылығы, көлемінің талапқа сай болуы, идеяның бала қиялын шарықтатындай болуы, кейіпкерлерінің бала жасына сай алынуы, тілінің түсінікті жазылуы т.б. Бірақ кейінгі зерттеулерде қазіргі балалардың ойынан шығатын тақырыптар мен образдар бар ма, бар болса оларды сахнада, не киноға шығарып сөйлету қажеттілігі туындамақ керек. Осы орайда заман өзгерген сайын ақынның таңдаған тақырыбы да, тілі де өзгерістерге толы болмақ. М. Жаманбалинов шығармашылығы өз бағасын осы орайда алуы тиіс. Балалар поэзиясын жанрға бөліп тілін талдау әлі аз қарастырылғандығы, ал жеке автор тілін алу мүлде жоқтығы осы еңбекке негіз болды да, ақын шығармаларына жанрлық тұрғыда талдаулар жасалды.

Зерттеу жұмысының мақсатына орай М. Жаманбалиновтың балаларға арнап жазған жырларын балалардың жас ерекшеліктеріне қарата топтастырылып, әр жастағы бала психологиясына түсінікті жеткізілген сөз құралдарына сараптама жасалды. Мақсатқа сай қойылған мынандай міндеттер жүзеге асырылды: алдымен М. Жаманбалиновтың балалар әдебиетіне тән әлемдік аренада ұсталынатын тілдік талаптарды қалай ұстанғаны айқындалды, екіншіден, бала тіліне лайықтап автордың арнай, сұрай арнай айтылған жырларында ақын бала тілімен қалай сөйлейтіні көрнекті өлеңдері арқылы дәлелденді; үшіншіден, балаға балдай жаққан бала тілден ақынның мысал өлеңдері, ертегі түрлері, дастан тілі арқылы ғибраты мол баба тілі деңгейіне көтерілу динамикасы жасалды, яғни, сатиралық әзіл оспақтары мен мысал, ертегілері балаға қарата қалай берілгендігі ойды балаша жеткізу құралдары бойынша сарапталса, үлкендер арасындағы кемістіктерді түйрей айтқан мысалдары мен қағытпа, әзіл-сықақтарының тілі бүгінгі қария ақынның көңіл көзімен, заманды реттеу құралдары тұрғысында зерделенді;

Бала қиялына әсер ететін кейіпкерлер образын қалай бейнелеуде ақын қолданған тіл құралдары, мектепке дейінгі және бастауыш сынып балаларына диалогты, монологты тілін дәл беру жолымен шығарма мазмұнының тартымдылығын жасап тұрған тілдік құбы-

лыстарды көрсету сияқты мақсатымызды «М. Жаманбалиновтың сөз үнемдеу тәсілдері» тарауында орындауға тырыстық. «Балаға жыр жазу оңай емес. Бала жырларының бапкері бағалануы керек болса, ұзақ жылдар табан аудармай бір жақты еңбек еткен және бала талғамының өсуіне қарай еңбек еткен М. Жаманбалинов бағалануы керек» Біздің айтпағымыз осы. Өйткені, балалар поэзиясының тіліне тән қарапайым сөйлеу тілі М. Жаманбалинов стилінен анық байқалады.

Мүбәрак Жаманбалиновтың бүгінгі балаларға айтар өсиет сөздері әлі де көп. Қай жастағы балаға болсын мораль айтарда ол жеткілікті өз тілімен емес, баланы ойлантатын халықтық нақыл сөзбен және өзіндік ойталқымен жеткізеді. Кейде оны тікелей айтпай, жанамалай айтады, не шешуін баланың өзіне қалдырады. Оның шалдуар, тынымсыз кейіпкерлері тілімен де, өлеңнің интонациялық мәнерінен де байқалады. Ақын бала психологиясына дәлме-дәл келетін ой-болжамдарды айта білген, сондықтан да тақырыптары да, сөз-образдары да мәңгілік.

Балалар әдебиетінің алғашқы оқулығын жазған автор Шеген Ахметов балаларға арналған дүниелерге қойылатын талаптарын ескерумен қатар, қазірге дейін тұғырынан түспеген М. Әлімбаев балаға жыр арнаған бала тілді ақындарға жаңа талаптар қоя білді. Осы теориялық әрі дидактикалық ұстанымдар біз талдап шыққан тақырыптарға негіз болып отырды.

Кез келген тілдік материалды оқып-үйренудің теориялық та, практикалық та мәні өте зор. Мәтін талдау алдымен, лингвистикалық ой-өрісті өсіретінін айта кету керек. Кейінгі жылдарға дейін тілді функционалдық тұрғыдан балалар поэзиясына тілдік зерттеу жүргізуге көңіл бөлінбей келді. Екінші жағынан, тілдің даму процесіндегі, қазақ тілінің кең қолданыста бола алмаған жайларының орын алғаны да рас. Ал балалар әдебиетінде еңбек еткен Мүбәрак ақын сияқты тарландардың еңбегі еленбеуі жайында сыншы Қ. Ергөбеков: «Бізде дейміз заманымыздың ұлы ақыны А. Твардовский Октябрь революциясына дейін орыс әдебиетінде - әдебиеттің бұл саласымен әйелдер айналысқанын айта келіп: «Детская поэзия была заведома прикладной и нашла общелитературный счет», – деп жазады (А. Твардовский Шығармалары. 5-том. 169-бет). Бұл дәстүрге бай орыс әдебиетіндегі

жағдай. Ал, қазақ балалар әдебиеті тағдыры ше? Бізде балалар әдебиетінде көпке дейін ықылас төмен болғаны мәлім. Тіпті, қазіргі күннің өзінде балалар әдебиеті бағалана бермейді. Сондай жағдайда әдеби ортада жырақ жүрген талапкер жастың жолы бола қою қиын еді. Мүбәрак сынды бөбектер үшін туған шынайы балалар ақынның кейінгі жылдары (1971-82 жылдары) творчестводан іргесін аулақ салып, қалам тартпай кетуінің сыры да балалар әдебиетіне назардың төмендігінен болса керек. Кешікті дегенімізбен, Мүбәрак Жаманбалинов әдебиетке, көп талапкердей жүре қалыптаспай, шираған, піскен, тіпті дайын күйінде келген»-дейді .

Дәл қазіргідей, бұған дейінгі кезендермен салыстырғанда, көп жанрлы көркем әдебиет туындылары, балаларға арналған дүниелер, түрлі баспасөз материалдары, әр саладағы ғылым, публицистикалық еңбектер дүниеге келіп жатқанда, ондағы тілдік құралдардың қолданылуы қандай дәрежеде екенін айтуға әбден болады, демек, мұндай зерттеулер оқырмандарды да сөзді талғап қолдануға үйретеді деп ойлаймыз.

1960 жылдардан бергі балаларға арналған әдеби шығармаларды бөліп зерделесек, балдырғандардың сөйлеу тіл ерекшелігі, жас шамасына лайық мінез сипатын ашатын көркемдік бояулар кең қамтыла бастағанын көреміз. Атап айтқанда, М. Әлімбаевтың іс-әрекет арқылы ой түйіндеуге мән беруі,

Қ. Мырзалиевтің танымдық пайымдауға көңіл аударуы, Ә. Дүйсенбиевтің балаларды көбінесе өз ортасында суреттеуі, Қ. Баянбаевтың балдырғандар әлеміне үлкендерді қатыстыруы, тағы басқа ізденістер балалар поэзиясының көп тарамдылығын көрсетеді. Ал, балалар қаламгері Мүбәрак Жаманбалинов өлеңдері жөнінде қаламгерлер, зерттеушілер [2,9,10,12,14,19,24,31,34] балдырған психологиясын дәл ашатын көркемдік суреттермен ерекшеленетінін айтады. Біздің қосатымыз-ақын таңдап алған әрбір кейіпкер психологиясына оның өз түсінігі, танымы, лирикалық қаларман ретіндегі өз мінез-құлықтары оқушысымен қабыса тіл табысып жатады. Бұл — оның туа біткен балажандық қасиеті.

Белгілі журналист, ақын, Ертіс ауданының тумасы, қазіргі жаңғырған заманымызға сай қалалық «Шалқар» газетінің редакто-

ры Ғалымбек Жұматов, облыстық «Сарыарқа самалы» газетінде бас хатшы қызметінде жүргенінде 75 жастағы Мүкең жайында «Шабьты шалқар шағында» деп баға берді. «Мүбәрак Жаманбалинов шау тартқан шағына қарамастан қатардағы журналист, тілші сапында секілді. «Ертіс ауданында пәлендей оқиға болыпты, тез хабарын беріп жіберіңіз» деп жатамыз. Ағамыз да «бұлардың қалай» демейді, айтылған уақытта, аталған жерде мақала жазады да жібереді. Бұл, міне, ежелден қалыптасқан елгезектік, еңбеккерлік, өзіне тән жинақылықтың белгісі.

Байқап отырсақ, Мүкең оқырманына 20-ға жуық жыр жинақтары мен зерттеу кітаптарын беріпті. Сонау 50-ші жылдардағы «Айнабұлақ» жинағынан бастап ақын бір басты тақырып – балалар жырынан айныған жоқ. «Ертіс лебі» мен биыл баспаға ұсынып отырған «Ақшам» жинақтарында ересектерге жыр арнаса, соңғы кезде Ертіс өңірінің тарихына байланысты 4-5 зерттеу кітап жазды. Осы жұмыстарымен айналыса отырып, шығармашылығының басты тақырыбынан ауытқыған емес.

М. Жаманбалиновтың шығармашылығының үлкен бір қыры – журналистік еңбегі дер едік. Республикамыздың түкпір-түкпірінде «Қазақ тілі» ұйымдары құрылмай жатып, облыстық «Қызыл ту» («Сарыарқа самалы») газеті беттерінде ана тіліміздің өзекті мәселелері, мектеп мәселелері тұрғысында мақалалар жазды. Ол үш партия тарапынан сын да естіді. Бірақ сол сынның негізсіз екендігін өмір көрсетті. «Қазақ тілі» қоғамы өмірге келісімен Мүкең тілдің аясын кеңейту мәселесімен тікелей айналысты. Міне, бұл ақынның ел азаматы ретіндегі патриоттық позициясы еді», – деп жазады да, қатардағы тың журналистің қайраткер мінезін ісімен дәлелдегенін атап көрсетеді. Жастардың тәрбиесін ғана емес, жас мемлекетіміздің қамына ерекше назар аударатынын сол жастар алдында сөйлеген сөзімен дәлелдейді.

– Қазақтың кең байтақ даласына көз алартушылар көп. Олардың киял пікірлерін де естіп жүрміз. Осы аймақта сан ғасырлар бойы ата-бабаларымыз найзаның ұшы, білектің күшімен қорғап келгенін дәлелдейтін тарихи шындықты көбірек жазып, батыр бабаларымызға белгі соғып отырсақ, өзгелер батып сөз айта алмайды. Сондықтан

соңғы кездегі басты шығармашылық бағытым - елдің елдігін танытатын тақырыптар болып отыр,- деген екен сонда заманы үшін шырқыраған қайраткер ақын.

Ұшқыр қаламды педагог, журналист ақынның терең зердеде қамтылған объективті жағдайларды қышқылдау мысал тілімен жеткізгенін, қоғамда кездеспей тұрмайтын тұрмыс тауқыметтеріне табақтас бола тұрып, үндемей қалай алмайтынын тура арнай айтқан тақпақ сөздерімен, сатиралық шымшымаларымен шымбайға батыра алғандығын, елге мұра жинақтарымен көрінгендігін біз аппақ көңілді балалар ақынының сүбелі еңбегі деп таныдық.

М. Жаманбалинов – бүлдіршін сәбимен де, ақылды, байсалды жанына жақын жандармен де пікірлесе, жақындаса жыр жазған, әлі де жаза беретін шынайы талант иесі.

ры Ғалымбек Жұматов, облыстық «Сарыарқа самалы» газетінде бас хатшы қызметінде жүргенінде 75 жастағы Мүкең жайында «Шабьты шалқар шағында» деп баға берді. «Мүбәрак Жаманбалинов шау тартқан шағына қарамастан қатардағы журналист, тілші сапында секілді. «Ертіс ауданында пәлендей оқиға болыпты, тез хабарын беріп жіберіңіз» деп жатамыз. Ағамыз да «бұлардың қалай» демейді, айтылған уақытта, аталған жерде мақала жазады да жібереді. Бұл, міне, ежелден қалыптасқан елгезектік, еңбеккерлік, өзіне тән жинақылықтың белгісі.

Байқап отырсақ, Мүкең оқырманына 20-ға жуық жыр жинақтары мен зерттеу кітаптарын беріпті. Сонау 50-ші жылдардағы «Айнабұлақ» жинағынан бастап ақын бір басты тақырып – балалар жырынан айныған жоқ. «Ертіс лебі» мен биыл баспаға ұсынып отырған «Ақшам» жинақтарында ересектерге жыр арнаса, соңғы кезде Ертіс өңірінің тарихына байланысты 4-5 зерттеу кітап жазды. Осы жұмыстарымен айналыса отырып, шығармашылығының басты тақырыбынан ауытқыған емес.

М. Жаманбалиновтың шығармашылығының үлкен бір қыры – журналистік еңбегі дер едік. Республикамыздың түкпір-түкпірінде «Қазақ тілі» ұйымдары құрылмай жатып, облыстық «Қызыл ту» («Сарыарқа самалы») газеті беттерінде ана тіліміздің өзекті мәселелері, мектеп мәселелері тұрғысында мақалалар жазды. Ол үш партия тарапынан сын да естіді. Бірақ сол сынның негізсіз екендігін өмір көрсетті. «Қазақ тілі» қоғамы өмірге келісімен Мүкең тілдің аясын кеңейту мәселесімен тікелей айналысты. Міне, бұл ақынның ел азаматы ретіндегі патриоттық позициясы еді», – деп жазады да, қатардағы тың журналистің қайраткер мінезін ісімен дәлелдегенін атап көрсетеді. Жастардың тәрбиесін ғана емес, жас мемлекетіміздің қамына ерекше назар аударатынын сол жастар алдында сөйлеген сөзімен дәлелдейді.

– Қазақтың кең байтақ даласына көз алартушылар көп. Олардың киял пікірлерін де естіп жүрміз. Осы аймақта сан ғасырлар бойы ата-бабаларымыз найзаның ұшы, білектің күшімен қорғап келгенін дәлелдейтін тарихи шындықты көбірек жазып, батыр бабаларымызға белгі соғып отырсақ, өзгелер батып сөз айта алмайды. Сондықтан

соңғы кездегі басты шығармашылық бағытым - елдің елдігін танытатын тақырыптар болып отыр,- деген екен сонда заманы үшін шырқыраған қайраткер ақын.

Ұшқыр қаламды педагог, журналист ақынның терең зердеде қамтылған объективті жағдайларды қышқылдау мысал тілімен жеткізгенін, қоғамда кездеспей тұрмайтын тұрмыс тауқыметтеріне табақтас бола тұрып, үндемей қалай алмайтынын тура арнай айтқан тақпақ сөздерімен, сатиралық шымшымаларымен шымбайға батыра алғандығын, елге мұра жинақтарымен көрінгендігін біз аппақ көңілді балалар ақынының сүбелі еңбегі деп таныдық.

М. Жаманбалинов – бүлдіршін сәбимен де, ақылды, байсалды жанына жақын жандармен де пікірлесе, жақындаса жыр жазған, әлі де жаза беретін шынайы талант иесі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әуезов М. Зерттеулер мен сындар. – Алматы: Жазушы, 1983.-400 б
2. Әлімбаев М. Көңіл күнделігінен. «Жалын» баспасы, 1980
3. Қирабаев С. Әдебиет және дәуір талабы. – Алматы: Жазушы, 1976.-300б.
4. Қирабаев С. Өнер өрісі. – Алматы: Жазушы, 1971.- 263 б.
5. Қабдолов З. Жебе. – Алматы: Жазушы, 1983.- 328 б.
6. Сариев Ш. 1960-1970 жылдардағы қазақ лирикасы. Көркемдік ізденістер. Автореферат. – Алматы, 1993.- 17 б.
7. Сөзстан. 4 – кітап. – Алматы: Жалын, 1986- 250 б.
8. Сөзстан. 7 кітап. - Алматы: Жалын, 1986. -499 б.
9. Ергөбеков Қ. Мейірім шуағы. - Алматы: Жазушы, 1985.- 83 б.
10. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар.- Астана: Таным, 2003.-355 б.
11. Мырзатай Серғалиев. Стилистика негіздері. Астана,2006.
12. Қ. Мырзалиев Сөз сиқыры. - Алматы: Жалын, 1982.-312 б.
13. Мүбәрак Жаманбалинов. Ақшам. Эко, 1999.
14. Қазақ совет балалар жазушылары. – Алматы: Жалын, 1987.- 190 б.
15. Жұмаханов Т. Қазақстан балалар энциклопедиясы. – Алматы: Аруна, 2006.-224 б.
16. А.Ивич. Воспитание поколений. Детская литература. Москва,1964. Сказки-заповеди. Корней Чуковский.
17. Ақ сандық, көк сандық. - Алматы: Жазушы, 1988.-80 б.
18. Сарбалаев Б. Бала бақытының жыршылары. – Алматы: Жалын,1989.54 б.
19. Қазақ балалар әдебиетінің кітапханасы. М. Жаманбалинов, Ә. Дүйсенбиев:Өлеңдер, ертегілер. - Алматы: Балауса, 1986.
20. Қазақбалаларәдебиетініңкітапханасы.–ҚадырМырза.Қастек Баянбай. Алматы.Балауса, 1993.
21. К.И. Чуковский. Сочинение в 2-х томах. М., 1990.

22. Дүйсенбиев Ә. Балалар поэзиясының көркемдік өрісі. Хабаршы, филология сериясы. – Алматы: № 2 (92), 2006- 75 б.
23. Нұғыбаева К. Детская литература Казахстана 1970-80 гг. (Развитие, нравственная проблематика, язык) Автореферат, Алматы, 1984.
24. Қапасова Б. Қазақ әдебиетіндегі балалар лирикасы. – Астана: 2000.-119 б.
25. Бакраденова А.Б. Кітап-білім бұлағы. (Балалармен көркем мәтін оқу), НФП, ЭКО.1999.
26. Бакраденова А.Б. «Поэзиялық шығармаларға лингвистикалық, стилистикалық талдау» әдістемелік оқу құралы. Павлодар 2003. – 86 бет
27. Детские писатели Казахстана. Журнал «Детская литература». М.,1985г.
28. Қазақ балалар ақындарының поэмалары. Құрастырған Қажыбаева Г.
29. Балаларға арналған хрестоматиялық жинақтар I,2,3-томдар Құрастырған, дайындаған Қапасова Б.Қ.
30. Үйіміз – ортақ, жырымыз – ортақ. Жыр жинағы. Алматы, 1979.
31. Сағи Жиенбаев. Сәтті қадам. Қазақ балалар кітапханасы. Алғы сөз.
32. Сағи Жиенбаев. Қиялды қозғап, көңілді тербер. Қазақ балалар әдебиеті. Алматы, 1986.
33. Табылдиев Ә. Халық тағылымы. Жаңылтпаш, санамақ, жұмбақ, мақал-мәтел, терме. – Алматы: қазақ университеті, 1992.-188 б.
34. Ермек Өтетілеуов. Ақын-ұстаз. «Қазақ әдебиеті» газеті. 1994ж. 26 тамыз)
35. Балақаев М.Б. Қазақ тілінің сөз мәдениеті.-Алматы, 1971.
36. Әдеби терминдер мен ұғымдар энциклопедиясы. Ана тілі: Алматы, 1996.
37. Жаманбалинов. Айна бұлақ. Жазушы: Алматы, 1956.
38. М.Жаманбалинов. Кішкене достар. Жазушы: Алматы, 1962.
39. М.Жаманбалинов. Ертiс лебi. Жазушы: Алматы, 1963

40. М.Жаманбалинов. Балғын гүлдей балақан.-Жазушы: Алматы,1974
41. М.Жаманбалинов. Толқын. –Жалын: Алматы,1979.
42. М.Жаманбалинов. Ашық күн.-Жалын: Алматы,1984.
43. Мубарак Жаманбалинов. Дятель-врач. Стихи. Жалын:Алматы,1985
44. Мубарак Жаманбалинов. Солнечный день. Жалын:Алматы,1987.
45. Сөз сүйектен өтеді. НФП, ЭКО:Павлодар, 1994.
46. М.Жаманбалинов. Түгел батыр. НФФ,ЭКО. 1998.
47. М.Жаманбалинов. Әйгілі аудан-Ертісім. I т. НФП,ЭКО: Павлодар,1998.
48. М. Жаманбалинов. Жауқазын. НФФ,ЭКО: Павлодар,2001.
49. М. Жаманбалинов. Әйгілі менің–Ертісім.II т. НФП, ЭКО: Павлодар2002.
50. М. Жаманбалинов. Аштық азабы. НФФ, Павлодар.2004.
51. М. Жаманбалинов. Әйгілі аудан-Ертісім. (Толықтырылып басылуы. ЭКО,2008ж.687бет.

МАЗМҰНЫ

БАСТАМА	3
I тарау	
ҰСТАЗ АҚЫН	8
1.1 Өмірдерек	8
1.2 Толассыз жырлар, педагог жылдар	15
II тарау	
БАЛАЛАРҒА ЖЫР-ШАШУ	29
2.1 Бала тілді, бал тілді туындылар.....	29
2.2 Ақын өлеңдерінің түрі мен тілі туралы	43
2.3 Қаламгердің сөз үнемдеу тәсілдері	117
III тарау	
ЕРТІС СЫРЛАРЫ	136
3.1 Ерлер жайлы аңыз-дастандары.....	136
3.2 Нарықта налымаған ақын сөзі	147
3.3 Ақын туындыларының заманауи тәрбиелік ықпалы	170
ТҮЙІН СӨЗ.....	178
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	184

Алтын Бақраденова

МУБӘРАК ЖАМАНБАЛИНОВ

(Өмірі, шығармашылығы, тілдік ерекшеліктері)

Монография

05.02.2009 ж. басуға қол қойылды.

Көлемі 60x84/16. Қаріп түрі KZ Times. Офсеттік басылым.

Шартты баспа табағы 10,9. Есептік баспа табағы 8,8.

«ЭКО» ЖШС-та басылған. Таралымы 500 дана.

Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар қ., 29 Ноябрь к., 2,

Тел.: 32-16-08



**Бақраденова
Алтын
Бақраденқызы**

**Педагогика ғылымдарының
кандидаты, доцент,
ПМПИ профессоры**

Павлодар облысы, Григорьевка (Жаңақала) аулында 1952 жылы дүниеге келген. Орта мектеп бітірісімен, С.М.Киров ат-ғы ҚазМУ-дың қазақ филологиясы факультетіне түсіп, 1974 жылы аяқтаған.

1976-93жж. І. Жансүгіров ат-ғы Талдықорған педагогика институтында мектепке дейінгі методика, практикалық қазақ тілі кафедраларында аға оқытушы болып істейді.

1989-1992 жж. Ы.Алтынсарин ат-ғы ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасында оқып, 1993 жылы кандидаттық диссертация қорғаған. 1994-2003 жж.

С.Торайғыров ат-ғы ПМПИ-дің қазақ тілі, қазақ тілі және оны оқыту әдістемесі, кейін ПМУ-дің қазақ филологиясы кафедраларында доцент қызметін атқарады. 2001 жылы

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, Жоғары аттестациялық комиссия шешімімен доцент лауазымына ие болды. 2004 жылдан бастап ПМПИ-дің қазақ тілі және

әдебиеті кафедрасы профессоры. Қазақ тілін оқыту, көркем шығарма тіліне лингвистикалық талдауға арналған 4 оқу-әдістемелік құралы, 60-қа тарта ғылыми-зерттеу

мақалаларының авторы.